Этот внутренний индивидуализированный процесс интеграции с системой педагогического образования понимается нами как конструктивное разрешение вышеуказанных насущных проблем (в культуре). С этой точки зрения, будущий педагог-музыкант обязан владеть методикой преподавания специального инструмента (домбры).

Исходя из характера и специфики учебно-познавательной музыкальной деятельности будущих специалистов по дисциплине «Основной музыкальный инструмент – домбра» по овладению определенными изучаемым материалами, активизирующую роль в обучении могут играть и методы обучения. В этом случае необходимо отметить, что в дидактике выделяются различные классификации методов обучения. Наиболее целесообразной является классификация, предложенная И.Я.Лернером: а) объяснительно – иллюстративный или информационно – рецептивный (рецепция - восприятие); рассказ, лекция, объяснение, работа с учебником,

демонстрация картин, кино и диафильмов и т.д.; б) репродуктивный: воспроизведение действий по применению знаний на практике, деятельность по алгоритму, программирование; в) проблемное изложение изучаемого материала; г) частично – поисковый, или эвристический метод; д) исследовательский метод, когда учащимся дается познавательная задача, которую они решают самостоятельно, подбирая для этого необходимые и пользуясь помощью учителя [2].

Ю.К.Бабанский подразделил многообразие методов на три основные группы: а) методы организации и осуществления учебно-познавательной деятельности; б) методы стимулирования и мотивации учебно-познавательной деятельности; в) методы контроля и самоконтроля за эффективностью учебно-познавательной деятельности [3, с.144]. В нашем случае, наиболее практичной представляется классификация Б.Н.Есеева, который исходил из того, что если методы обучения выступают как способы организации и активизации упорядоченной учебной деятельности и могут быть подразделены на группы: а) методы приобретения новых знаний; б) методы формирования умений и навыков по применению знаний на практике; в) методы проверки и оценки знаний, умений и навыков [4, с.187].

В связи с изложенным представляется целесообразным выделить специфические (невербальные) методы работы со студентами: метод, ориентированный на осознание и закрепление в сознании студента результатов первоначального эмоционального восприятия содержания художественно-исполнительского образа и возникающих на его основе специализированных (музыкальных) знаний; метод интегрирования знаний (общепедагогических и специализированных) возникающих при восприятии эмоционально-чувственного содержания художественно-исполнительского образа; метод, способствующий развитию эмоции в получении удовлетворения в познании искусства; метод воздействующий на развитие глубоко личностного, эмоционального восприятия и осознания первоначальных (положительных) впечатлений, возникающих при восприятии музыкального произведения; метод, совершенствующий механизм воздействия эмоции сопереживания студента; метод, связанный с оценкой полноценности и творческих занятий, возникших при непосредственном восприятии художественно-исполнительского образа.

Формирование эмоционально–ценностных отношений к музыкально-исполнительскому специализированному педагогическому знанию, с одной стороны, дает возможность позитивного выхода из когнитивного диссонанса, с другой – стимулирует становление личного педагогического кредо будущего учителя» - считает В.В.Краевский [5, с.6].

Далее в контексте данного исследования мы остановим внимание на функциональную образовательную музыкально-исполнительскую подготовку будущего педагога-музыканта по дисциплине «Основной музыкальный инструмент – домбра».

В педагогике музыкального образования можно основываясь на мнении

Д.Б.Кабалевского отметить: «Я стремился найти такие принципы, методы и приемы, которые помогли бы увлечь детей, заинтересовать их музыкой, приблизить к ним это прекрасное искусство, таящее в себе неизмеримые возможности духовного обогащения человека» [6, с.6]. Учитывая то, что деятельность педагога – музыканта многогранна и многовелика, поэтому можно сказать словами П.Халабузарь, что «...профессия учителя музыки – одна из самых сложных..., которая требует от специалиста универсальности, ибо помимо знаний в области методики вокально – хоровой работы с детьми, учитель музыки должен хорошо владеть инструментом, быть широко образованным человеком не только в области музыки, но и других искусств. Он должен уметь образно и доступно изложить школьникам важнейшие закономерности музыкального искусства, ...любить детей и музыку, уметь общаться с классом, творчески относиться к процессу музыкального воспитания» [7, с.137]. Эта точка зрения обязывает будущего учителя музыки владеть творчески игрой на музыкальном инструменте, и в частности на домбре.

В контексте нашего исследования активизации учебно-познавательной деятельности будущего специалиста может и программа «Мурагер» разработанная А.И.Раимбергеновым. Автор отмечает «возродить знания народной культуры через традиционные формы миропонимания, мышления, ...сознание, которое должно быть подключено к тем вековым музыкальным психологическим, социальным реалиям, вне которых оно не существует» [8, с.93]. Поэтому в плане подбора музыкального материала по дисциплине «основной музыкальный инструмент – домбра» руководителю педагогу-музыканту следует обратить внимание будущих специалистов студентов на техническое овладение индивидуальной игрой на инструменте (домбра) и коллективного исполнительства. Освоению технической игры на музыкальном инструменте кюев великих композиторов способствуют содержательные характеристики вербального изложения основы кюев. Отработка приемов и методов разучивания известных музыкальных кюев некогда существовавшая в «устной слуховой домбровой школе», а сейчас по нотным записям, требует кропотливой методико-исполнительской деятельности руководителя оркестра писал Б.Гизатов «Все... народные композиторы являются представителями разной школы и направления, обладают разной манерой игры. И кюи своих предков Л.Мухитов исполнял с замечательным совершенством и передавал своим ученикам без нот, в живом звучании, в форме «устной» народной традиции. Это народная живая исполнительская передача кюев от домбриста к домбристу, характерная казахской домбровой музыке, существовала в течении многих веков. Такой народный метод наглядно развивал музыкальную память, фразировку, аппликатуру и исполнительское мастерство музыканта кюйшы» [9, с.45].

Таким образом, методика обучения игры известных кюев народных композиторов Курмангазы, Даулеткерей, Казангапа, Тоттимбета, Дины и многих других композиторов современности по дисциплине «Основной

музыкальный инструмент – домбра» с одной стороны, приобщая студентов к познанию лучших достижений композиторов Казахстана, с другой - заметно активизирует их учебно-познавательную и музыкальную деятельность будущих педагогов-музыкантов.

Список литературы:

1. Дикаев Е.С. Обучение детей с особыми образовательными потребностями //Искусство и образование, 2007. - №1 (45).- с.33
2. Лернер И.Я. Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории: Пособие для учителей. - М.: Просвещение, 1982. - 191 с.
3. Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. – М., 1989. – С.57.
4. Еңсепов Ж.Ж. Ұлттық белгіміз – домбыра өнерінің тәлімдік орны. // Педагогика музыкального образования: поиски и перспективы развития: Сб. научных статей. / Сост. А.Момбек. – Алматы, 2007. – 238 с.
5. Краевский В.В. Общие основы педагогики: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – 3-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 256 с.
6. Кабалевский Д.Б. Педагогические размышления. – М.: Просвещение, 1986. -142с.
7. Халабузарь П., Попов В., Добровольская Н. Методика музыкального воспитания – М.: Музыка, 1989. – 175 с.
8. Райымбергенов А.И. Традиционные методы музыкального воспитания в современной казахской общеобразовательной школе. // Музыкальное образование в Казахстане: учебное пособие. / Сост. Р.Р. Джердималиева, А.А. Момбек, З.Р. Ахметова. – Алматы, 2006. – С. 92-95.
9. Гизатов Б.Г. Музыкальное образование в Казахстане. - Алма-Ата: Мектеп, 1975. - 80 с.

ӘОЖ: 370.1

ДАУЫС ҚОЮДАҒЫ ВОКАЛДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Елеуов С.Е.

Өнертану ғылымдарының доценті, ҚР мәдениет қайраткері,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
E-mail: altinsan@list.ru

Резюме

В статье рассматриваются цели и задачи вокальной подготовки студентов, которые заключаются в изучении приемов вокального дыхания, основ звуковедения, кантилены голоса в сочетании с сохранением чистоты интонации.

Summary

The article deals with the purpose and objectives of vocal training of students, which are to study the methods of vocal breathing, the basics of sound, cantilena voice in combination with the preservation of purity of intonation.

Адам баласының сөз өнерінен кейінгі ең ұлы өнері ол - әншілік өнер. Өлемдік музыканың атасы да әншілік өнер. Әншілік өнердің де мыңдаған вокалдік жаттығулары бар.

Адам баласының ойлау қабілеті мен сөйлеу қабілеті қалыптасқаннан кейінгі бірінші меңгерген өнері - әншілік өнер. Қаншама музыкалық аспаптар болғанымен адамға ең қажетті, ең жүрегіне жақыны, адамның өз дауысы.

Себебі, шыр етіп дүниеге келгеннен кейінгі естейтіні анаңның әлдейі. Содан бастап ән сенімен өмір бойы бірге болып, қара жер қойнауына да сені ән шығарып салады (Абай). Әрине, екiнiң бiрi әншi болмайды. Әншiлiк мыңнан, миллионнан бiреудiң маңдайына жазылған жаратқанның сыйы [1].

Академиялық әншiлiк өнер болмаған заманда әншiлердiң бәрi ұлттық үлгiде ән салған. Олар өз ұлтының тiл ерекшелiгiне байланысты сол ұлттың ғана әншiсi болған. Олардың ән салу үлгiсiн халықтық немесе ұлттық әншiлiк манерасы деп атайды. Еуропада католиктер мен христиандардың шiркеулерiнде дiни уағызды хор мен орындау пайда болған соң, вокалдiк музыкада кантата, оратория, опера жанрлары пайда болған соң, академиялық әншiлiк өнерде бiрте-бiрте дами бастады. Әншiлердi оқытып олардың дауысын арнаулы жаттығулармен академиялық манерада айтқызуға үйреттi. Әншiлердiң дауыс диапазонының екi октаваға дейiн кеңейуi, олардың орындау техникасы аспаптық дәрежеге жетуiне байланысты композиторлар оратория, кантата, опера жанрындағы вокалдiк партияларды күрделендiре түстi. Арнаулы дайындықпен дауысы қойылмаған әншiлер опералық партия айталмайтын болды. Мiне бұл адам баласының ойлап тапқан ұлы өнерi опера мен академиялық әншiлiк өнердiң тууы едi. Академиялық әншiлiк өнер адамзатқа ортақ ұлы өнер!

Сонау XVI ғасырдың аяғы XVII ғасырдың басынан бастап академиялық әншiлердi дайындайтын вокалдiк педагогика пайда болды. Сол педагогтар шәкiрттерiнiң даусын қою үшiн сан түрлi вокалдiк жаттығулар шығарып, ол жаттығулар ұрпақтан- ұрпаққа ауысып бiздiң заманымызға жеттi. Вокалдiк жаттығулар да халық әндерi сияқты белгiлi бiр авторы жоқ. Вокалдiк жаттығулар да халық әндерi сияқты сан өзгерiске түстi. Себебi, әр педагог белгiлi бiр жаттығуды өз еркiнше шәкiртiнiң дауыс мүмкiндiгiне ыңғайлап өзгертедi. Ол шәкiрт өзi педагог болғанда, сол жаттығуды өз бетiнше ол да өзгертедi. Сондықтан да вокалдiк жаттығулардың авторлары халық әндерiндей белгiсiз. Вокалдiк жаттығулар бүкiл әлемдiк әншiлiк өнердiң ортақ қазынасы [2].

Вокалдiк жаттығуларды диатоникалық гамма жаттығулары, арпеджио жаттығулары, хроматикалық гамма жаттығулары, контелина, портаменто, филировка жаттығулары, мелизм тобындағы - трель, форшлаг, группетто жаттығулары және арлас жаттығулары деп топқа бөлдiм. Дауыс қоюдағы вокалдiк жаттығулардың ең басты қызметi мен мақсаты - әншiлiктiң қажеттi техникалық әдiстемелерiн жеттiк меңгеру үшiн, әншiлiк тыныс алудың әдiстерi мен түрлерiн меңгеру, дауыстың созылмалылығын (контелина), жұмсақтығын, дауыстың екпiндiлiгiн меңгеру, интонация тазалығын сақтау, дауыспен форте және пианоны, дыбысты филировка жасауды, трельдi, стакаттоны еркiн меңгеруге, жоғары дауыстарға колоратураны меңгеруге, дауыс тембрiн байытып сәндеуге, дауыс күшiн барлық регистрда бiркелкiлеуге, дауыс диапазонын мүмкiндiгiнше екi октаваға жеткiзуге, дауыс төзiмдiлiгiн арттырып профессиональдiк қабiлеттiлiгiн жоғары деңгейге көтеру, ритмдi сезiнiп қатаң сақтауға

дағдыландыру т.б. әдістемелерге жас әншіні жаттықтыру.

Ал, әншіні шығарманы көркемдеп айтуға, дикцияны, фразировканы, сөз анықтығын меңгеруге, сахана мәдениетіне, артистизмге, шығармадағы бейнені сомдауға басты құрал ол вокализдер, әндер, романстар, ариялар болып табылады

Диатоникалық гамма жаттығулары. Диатоника – гректің diatonikos – тоннан- тонға ауысу деген сөзінен алынған. Диатоникалық гамма – әуеннің (мелодияның) жоғары-төмен кез-келген бір диатоникалық ладтағы қозғалысы. Диатоникалық дыбыс қатары негізгі тондардан – до, ре, ми, фа, соль, ля, си тұратын, альтерация белгісі жоқ натуральдік гамма. Диатоникалық гаммалар дауыс қоюдың алғашқы жаттығулары болып табылады.

Гамма жаттығулары дауыс екпінін, созылмалылығын игеруге, регисторларды біркелкілеуге, дауыс диапазонын кеңейтуге, вокалдік тыныс алуды меңгеруге ,интонацияны тұрақтандыруға тәрбиелеуге кеңінен қолданылады.

Бір октавалық, екі октавалық гаммаларды аспапта ойнағандай дауыспен орындау үшін әншіге алдымен 2, 3, 4, 5 - ноталар топтамасынан тұратын жаттығуларды меңгеру керек. №1-2 жаттығуларды жабық ерінде айтып, оқушының резонаторды сезіну, әншілік тыныс алуын үйренуге , дауысты «оятуға» мүмкіндік беру керек. Содан кейін осы жаттығуларды және 3, 4, 5 – жаттығуларды дауысты дыбысқа жай екпінде асықпай айтқызу керек. Осы жаттығуларды меңгерген соң келесі жаттығуларды бірте-бірте тездетіп айтуға кірісуге болады. 3, 5 - жаттығулар жоғарыдан басталатындықтан 1-ші нотаға атаканы өте дәл әрі таза жасау керек. Тынысты төмен алып жоғары позицияны түсірмей төменгі ноталарды біркелкі орындау керек. Алғашқы кезде гаммаларды жоғары-төмен толық дауыспен ешқандай нюанссыз вокалдік тынысты тереңге алып дауыстың біркелілігін сақтау керек. Жаттығуларды толық меңгергеннен кейін нюанстар жасауға болады. Оқушы гамма жаттығуларын орындаған кезде фортопианода оны толық сүйемелдемей, тек аккорд түрінде сүйемелдеу қажет. Сонда оқушы жаттығуды таза айтуға дағдыланады. Тональності сезінуге жаттығады. Жаттығуларға екпін (темп) туралы белгілер қойылмаған .Е кпінді педагог өзінің қалауымен қолданады.

Арпеджио жаттығулары. Арпеджио атауы италияның – *agreggio* (арпеджио) – деген сөзінен алынған. Аккордты Арфа аспабында ойнағандай орындау деген мағынаны береді. Арпеджиода аккордтар, дыбыстар бір мезгілде емес, кезекпе-кезек бірінен кейін бірі орындалады. Негізінен төменнен жоғары қарай жиі қолданады.

Вокалдік педагогикада Арпеджио жаттығуларының алатын орны ерекше. Арпеджио жаттығуларын алғашқыда асықпай жай екпінде (*legato*) орындау қажет.Арпеджиода ноталарды бір-бірінен үзбей, портаменто жасамай, бір нотадан келесіге дәл ауысу қажет. Арпеджио жаттығулары әсіресе дауыс диапазонын кеңейтуге, дауыс жылдамдығын жетілдіруге,

регистрларды тегістеуге, дауыстың майдалығы мен жұмсақтығын жетілдіруге, интервалдардың интонациялық дәлдігін қалыптастыруға, лигато, стакатто әдістемелерін меңгеруге кең түрде қолданылады. Жаттығулардың 30-шы нөмірінен 56-ға дейінгілері

Арпеджио жаттығулары. Бұл жаттығулар мажорлық 3 дыбыстан басталып бірте-бірте диапазон, ритм, әуендік (мелодиялық) жағынан күрделене береді. Жаттығуларда екпіндік (темпо) белгі қойылмаған. Педагог оқушының жаттығуды игеруіне қарай екпінді тездетеді. Қарапайым жаттығудан күрделі жаттығуға ауысуда әр оқушының дауыс мүмкіндігіне қарай педагог өзі шешеді.

Вокалдік педагогикада вокализдің алатын орны ерекше. Вокализдер академиялық әншілерді дайындау кезінде оқу бағдарламасында бірінші курстан бастап соңғы курсқа дейін қолданыста болуы қажет. Себебі вокализ әншінің даусын қою кезеңінде дауыс қыздыру, дауыс жетілдіру, дауыс шынықтыру жаттығулары мен поэзиялық тексті бар вокалдік шығармалар, әндер, романстар. Ариялардың арасын жалғастыратын алтын көпірі іспетті. Вокалдік жаттығулардан кейін, педагог оқушысына вокализдерді орындатады. Себебі, вокализдер дауыс қоюға арналған жаттығулардың күрделенген бір түрі. Вокализдің ән мен романс тәрізді мелодиясы (әуені) болады. Бұл да музыкалық шығармаға жатады. Бірақ, вокализ нотаның атымен сольфеджио түрінде, көбінесе дауысты «А», «О» дыбыстарымен орындалады. Вокализдің атқаратын міндеті – дауыстың диапазонын кеңейту, дауыс техникасын шыңдау, интонация тазалығын сақтау, екпінмен созылмалығын жетілдіру, көркемдік орындаушылықты меңгеру тәрізді тағы басқа әншілік өнердің қыр-сырын меңгеруге жас әншіні тәрбиелеу.

Вокализ атауы латынның *Vocalis* – дауысты деген сөзінен алынған.

Әншілерге арналған вокализдер, аспапта ойнаушыларға арналған этюдтер тәрізді әншінің орындаушылық техникасын жетілдіруге арналған. Дауыс қоюға арналған вокализдердің ең көрнекті авторлары – Маркизи, Рубини, Пановка, Конконе, Абт, Ваккай, Бардоньи, Риччи, Аспелуна, Лютген, Варламов, Глинка т.б. педагог, әнші-композиторлар. Вокализдердің концерттік түрлері де бар. Ол вокализдердің көркемдік дәрежесі жоғары классикалық музыкалық шығармалар қатарына жатады. Әнші даусына арналған концерттік вокализдер М.Равелдің «Хабанерасы», С.Рахманиновтың «Вокализі», Р.Галиэрдің «Дауыспен оркестрге арналған концерті», С. Прокофьевтің «Сөзсіз бес мелодиясы», т.б. көпке танымал шығармалар. Концерттік вокализдер негізінен дауысты «А» дыбысымен немесе бірақ сөзбен орындалады. Мысалы В.А.Моцарттың дауысқа арналған «Alleluia» шығармасы бір ғана. «Аллелуя» деген сөзбен орындалады [3].

Қазақ композиторлары да концерттік вокализдер жазған. Олар - С.Мұхаметжановтың «Дауысқа арналған концерті», Е.Рахмадиев «Вокализ», т.б. Ал, қазақтың халық әндерінде фольклорлік жырлар мен термелерде вокализдер ежелден кең түрде қолданады [4].

Әншілердің даусын жаттықтыруға арналған жаттығулар мен вокализдер

он жетінші ғасырда Италияндық вокалдық педагогтарымен композиторлардың, кастрат - әншілердің творчествасында бастау алды. Олар: Порпора, Амадори, Реди, Този, Бернакки, Маркези, Фарнелли, Гвиданни, Котумаччи, Мантуоли, Лео, Мартини т.б. [5].

Бұл композитор - әнші, педагогтардың кейбіреуінің вокалдық жаттығуларымен вокализдерін вокалдік педагог композитор – Виктория Риччи батыс Еуропаның кітапханаларынан тауып, оған фортепианоның сүйемелдеу партиясын жазған. Сол вокализдер жинағын алғаш рет 1912-жылы Лондон қаласында вокалдік педагог Джозеф Вильямс бастырып шығарған. Содан бері бұл вокализдер жинағы Еуропа елдеріне және Россияға тараған.

Мен сол жинақтан алып, осы оқу құралына итальян композиторларының 17-18 ғасырлардағы жазылған вокализдерін кіргізіп отырмын. Себебі, бұл вокализдер өзінің стильдік және музыкалық терең мағыналығымен, қарапайымдылығымен, түсініктілігімен Италияның ескі вокалдік мектебінің алғашқы қалыптасу кезеңіндегі озық үлгілерімен ерекшеленеді. Бұл вокализдер әншілерді оқыту кезеңінің бастапқы курстарында қолдануға қажетті оқу құралы. Өйткені, вокализдердің диапазондары шағын, ритмдік күрделілігі де шамалы, әуендері де жағымды. Вокалдік техниканың алғашқы қадамдарын меңгеруге, интонациалық тазалыққа, форшлаг, группетта, трельдерді меңгеруге тәрбиелеуге таптырмайтын материал. Бұл жинаққа вокалдік педагогтардың әншілер тәрбиелеудегі жиі қолданатын авторлары – Франц Абттың, Гаэтена Зейдлердің, Джузеппе Конконенің, Генрих Пановканың таңдамалы вокализдерде кеңінен кіргізілді. Бұл вокализдер бір жарым ғасыр уақыт бойы әншілер тәрбиелеуде ерекше маңызға ие болып келеді [6].

Дауыс қоюға арналған вокализдерді Кеңес одағы көлемінде музыка училищесі мен консерваториядағы ән бөлімінің оқу бағдарламасына кіргізу мәселесі 1940 жылы Москвада өткен бүкіл одақтық вокалдік педагогтар конференциясында бір – екі педагог қозғаса, ал 1949-1954 жылдары өткен бүкіл одақтық конференциясында вокализді оқу бағдарламасына міндетті түрде кіргізуге шешім қабылданды. Жас әншілерді тәрбиелеудегі вокализдің маңызы туралы белгілі педагогтар өз тәжірибелері мен бөлісті. Қазақ халық әндерінде, термелерінде, жырларда, жоқтауларда, бақсылардың науқасты емдеу зікірінде – «Аха-хай», «Ги-ги-гай», «Ди-ди-дау», «Ха-лә-ләй», «А-хау», «Ей-ей-ей», «Ай-ай-ай», «Ох-ох-ох» деген дауысты және дауыссыз дыбыстарды қосып әннің басында немесе қайырмасында ұзақ вокализдер қолдану өте жиі кездеседі. Қазақтың вокалдік фольклерінде вокализдің алатын орны өте ерекше. Әсіресе вокализдер халық әндерімен халық композиторларының әндерінде өте жиі қолданылады. Сөзім дәлелді болу үшін, өзім білетін әндердің ішіндегі вокализдері бар әндерді атап өтейін. Халық әндері – «Кербез сұлу», «Дайдидау», «Көгөкөк», «Аңшының әні», «Сұржекей», «Шәпибаяу», «Қызыл бидай», «Балқурай», «Назқоңыр», «Жиырма бес», «Әуілдек», т.б. Халық композиторларының әндері – Біржанның әні – «Жамбас сипар», Үкілі Ыбрайдың әндері – «Гәкку», «Юран-

ай», Ақан Серінің әні – «Сұршақыз», Естайдың әні – «Сандуғаш», Майраның әні «Майра», Кененнің әндері – «Көкшолақ», «Бозторғай», «Қайран елім қайда?», Жаяу Мұсаның әні – «Ақсиса», «Ақылбайдың әні», «Молдабайдың әні», «Ағашаяқтың әні», «Исаның термесі» тізе берсең жалғаса береді. Бұл әндер қазақ ән өнерінің нағыз інжу – маржандары. Ал, Қазақстан композиторлары – А. Жұбанов, М.Төлебаев, Е. Бруссиловский, Л.Хамиди, Н.Тілендиев, Ә.Еспаев, С.Мұхаметжанов, Е.Рахмадиев, Х.Мусин, Е.Хасанғалиев, Т.Базарбаев, Ш.Қалдаяқов, Ә.Бейсеуов т.б. сазгерлердің көптеген әндерінде вокализдер кеңінен пайдаланады. Қазақ академиялық әншілік өнерінің қалыптасуына байланысты профессионал композиторлар әншілердің дауыс мүмкіндігіне орай, әсіресе сопрано дауысты әншілерге арналған колоратуралық вокализдерді кеңінен қолданып, әншілердің дауыс техникасын және диапазонын көрсетуге мол мүмкіндік туғызды. Ол әндер – Г.Бруссиловскийдің «Қос қарлығаш», М.Ержановтың «Қуанамын», Л.Хамидидің «Бұл-бұл», «Жаулауым бақша жайнаған», «Қазақ вальсі», М.Төлебаевтің «Ақмарал сұлу еркем-ай», Е.Рахмадиевтің «Әнші бақыты», Н.Тілендиевтің «Ақшағала», «Кел еркем Алатауыма», «Жансәулем», С.Мұхаметжановтың «Көктем», т.б. әндері қазақ әншілерін өнер көгіне жұлдыз болып жарқырауына жол ашқан мәңгі өлмес туындылар [7].

Әдебиеттер тізімі:

1. Коррадетти Ирис. О мастерстве вокалиста. Сборник статей «Вопросы вокальной педагогики. –Москва: Музыка. -1976.
2. Голубев П. Советы молодым педагогам вокалистам. -Москва, -1956.
3. Бейсембеков А. «Вокальдік жаттығулар мен вокализдердің дауыс берудегі маңызы». – Семей: «Талант», -2012.
4. «Гаухар тас». Әншілік өнерге арналған хрестоматия. 1-ші том. –Алматы: Өнер. -2009.
5. «Сұршақыз». Әншілік өнерге арналған хрестоматия. 2-ші том. –Алматы: Өнер. 2010.
6. Затаевич А. Қазақ халқының 1000 әні. –Москва: Музыка. 1963.
7. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.
8. Кочнева, И., Яковлева, А. Вокальный словарь. –Ленинград: Музыка. 1986.

ӘОЖ: 372.3

ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТЕГІ МУЗЫКА САБАҒЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Ельжанов Д.Н.,

Педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
E-mail: eljan_77@mail.ru

Сәрсенбай А.

5В010600-«Музыкалық білім» мамандығының 3-курс студенті

Резюме

В статье рассматривается феномен «образованного человека». Согласно современным требованиям, современная школа не ограничивается подготовкой

«образованного человека», то есть развитием личности, обладающей знаниями, навыками и способностями, она так же целенаправленно занимается подготовкой «умного, хорошо развитого человека, готового изменить жизнь».

Summary

The article deals with the phenomenon of "educated person". According to modern requirements, the modern school is not limited to the preparation of "educated person", that is, the development of a person with knowledge, skills and abilities, as well as purposefully engaged in the preparation of "smart, well-developed person, ready to change lives."

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың биылғы «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз - белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар»- деген.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру барысында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу – тәрбие ісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық іскерлігін дамытуды, музыка пәні мұғалімінің іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады [1].

Жаңартылған бағдарлама бойынша білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда төмендегі дағдыларды оқушы бойында қалыптастыру барысындағы негізгі міндеттер:

- білімді функционалдылықпен және шығармашылықпен қолдану;
 - сын тұрғысынан ойлау;
 - зерттеу жұмысын жүргізу;
 - коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану;
 - топпен және жеке жұмыс жасай білу;
- Дәстүрлі білім беру мен салыстырғанда жаңартылған білім беру

бағдарламасы бойынша жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтатын болсақ, пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі, Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы, бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі, оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастырылуы, оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру, оқушының білім алу үдерісіне белсене қатысуы. Осы ерекшеліктерді жүзеге асыру барысында оқушы алған білімін өмірде қолдана отырып, жахандану жағдайында өз өмірін құра алатын тұлға қалыптастыру басты мақсат болып есептеледі. Жаңартылған бағдарламаның тиімділігі де осында [2].

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі – оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Кәсіби құзіреттілік маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама. Мұғалімнің кәсіби жетіліп отыруы, педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуы деп санаймыз.

«Ұстаз қандай болса қоғамы сондай» деген бұлжымас заңдылық қай қоғамда да көкейкесті. Сондықтан да бүгінгі күннің өзекті мәселесі – педагогтердің құзіреттілігін үздіксіз дамыту. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие-білім беру үрдісін модельдей алатын, тәрбие беру және білім берудің жеке технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру – өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзыретті мұғалім мекептің тәрбие-білім беру процесінде шығармашыл оқушылардың қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктерінің іске асуына ықпал жасайды [3].

Мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді

және қолдана біледі;

Мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан алған әсерлем өте көп. Ондағы жүргізілген тиімді әдіс-тәсілдер - педагогтардың оқытудың әмбебап үлгісін және тиімді әдістер жүйесін қолданып, оқушыларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, оқуға жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарауына көмектесетін сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына;
- жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен жүйесіне;
- оқу бағдарламасының және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен рәсімделуіне;
- білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді меңгеруге.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау [4].

«Музыка» пәні бойынша білім беру бағдарламасы жеке тұлғаның өзінің пікір-сезімдерін білдіру ортасы және қарым-қатынас жасаудың ерекше нысаны ретінде адамның рухани өсуіне және мына жылдам өзгеріп, жаһанданып жатқан әлемде бір-бірін терең түсінуге мол мүмкіндік береді. Адамның өз музыкалық ойларын зерттеу және дамыту сияқты музыкалық дағдыларын дамыту шығармашылық тұрғыдан және жеке тұлға ретінде дамуға жол аша отырып, олар адамдардың құндылықтары мен қасиеттерін түрлі тұрғыдан қарастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, музыкалық білім пәнге тән дағдыларды, білім мен түсінікті дамытып кеңейтуге септігін тигізеді.

Музыка адамның жеке тұлғалық қасиеттерін білдіруге мүмкіндік беретін бірден-бір тиімді құрал мен қарым-қатынас тілі. «Музыка» пәні оқушының шығармашылық қабілеттерін, музыкалық мәдениетін, эмоционалды-сезімдік аясын, музыкалық-есту және бейнелі көркем қиял-елестерін қалыптастыруға бағытталған. «Музыка» пәнінің мазмұны халық музыкасы (қазақ халық

музыкасы және өзге халықтардың музыкалық фольклоры), классикалық және эстрадалық музыка, музыкалық сауаттылық, музыкалық аспаптарда ойнау (музицирование) сияқты шығармашылық әрекеттерден тұрады. Бағдарлама қазақ халқының музыкалық фольклорының жауһарларымен, қазіргі қазақстандық өнерімен таныстыра отырып, ұлттық сана-сезімді, патриоттық сезімді, өз ұлтының мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сабақта оқушылар адами құндылықтарды қазақ халқының дәстүрлі музыкалық өнерін, еліміздегі халықтар музыкасын, және әлемдік классикалық музыка арқылы білетін болады.

Музыка тәрбиесін ұйымдастыратын негізгі тұлға музыка мұғалімі, ұстазы, оқытушысы болғандықтан, ол өзінің музыканы – педагогиканы тандап алған мамандығының шебері болуға ұмтылатын, музыканың әдіс-тәсілдерімен қаруланған, музыкалық аспаптардың бірін меңгерген маман, яғни өнер иесі болу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. –Алматы: Қазақ университеті. -2014. -145 бет.
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016.
3. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауы //Егемен Қазақстан, 2012.
4. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, - Астана, 2010.

ӘОЖ 371.37045

БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ МАМАНДАРЫНЫҢ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІН КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МӘНІ

Маханбет Е.Т.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы,

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

Исаев А.И., аға оқытушы

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

E-mail: abdi.kz.2014@mail.ru

Резюме

В данной статье раскрывается суть подготовки будущих специалистов физической культуры к профессиональной трудовой деятельности.

Summary

This article reveals the essence of training future specialists of physical culture to professional work.

Еліміздегі қазіргі кездегі өзгерістер, экономиканы дамытудағы стратегиялық жаңа бағдар мен әлеуметтік даму қарқыны білім беру жүйесіне,

кәсіби мамандарды қалыптастыруға зор талап қояды. Қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың күшеюіне байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды қажет етеді.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» педагогикалық қоғамдастықтың алдында ауқымды міндет тұрғандығы, яғни білім берудің жаңа моделін құрып, оны сынақтан өткізу, тәжірибеге енгізудің негізгі принциптері көрсетілген. Тұжырымдамада мамандар даярлау жүйесінде білім берудің сапасын қамтамасыз етуде жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру қажеттілігі айтылған [1].

Дене мәдениеті – қоғамдық құбылыс ретінде пайда болу, қалыптасуы және дамуы, құрылу ерекшеліктері мен қызмет ету жүйесі жайлы өзінің заңдылықтары бар ғылым. Бұл теорияны біліп, меңгеру өскелең ұрпаққа осы заманғы өмір талабы принциптеріне сай дене тәрбиесін жүргізуге дұрыс бағыт береді. Бұл теорияны оқып, үйрену барысында келесі міндеттерді анықтап алу керек: денені тәрбиелеу жүйесінің пайда болу себептері, оның мәні және қоғам өмірінде алатын орны, дене мәдениетінің тарихи даму сипаты, таптық қоғамдағы дене тәрбиесінің мақсаты, қоғамның материалдық өмірі, еңбек қызметінің сипаты мен мазмұны, әскери іс, ғылымның жетістіктері, саясаттың ықпалы т.б.

Бұл әсер етуші күштердің дене мәдениетіне бір-бірінен бөлінбей, керсінше күрделі, өзара қарым-қатынаста ықпал ететінін білу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне жатады. Дене мәдениетінің мәнін түсіну үшін болашақ маман алдымен оның мағыналық мазмұнын анықтап алуы қажет. Дене мәдениетіне тән қасиет қоғам өмірінде адамның дене күштерін барлық уақытта өмірге қажетті арнайы қозғалыс дағдыларын, жылдамдық, икемділік, төзімділік сияқты дене сапаларын, әдіс-тәсіл шеберлігін дамыту үшін пайдаланып келген және пайдалана береді. Дене мәдениетінің бұл мағыналық ерекшеліктері дене тәрбиесіне салыстырмалы дербес тәрбие түрі ретінде білуге мүмкіндік береді [2].

Адамның денесін жетілдірудің жалпы заңдылықтарын ашу үшін жаратылыстану және қоғамдық ғылымдары, жекелеген ғылымдар физиология, биохимия, жалпы педагогика және спорттық педагогика, таңдап алған спорт түрлері әдістемелері және т.б. пәндердің мәліметтері кең ауқымда қолданылады. Дене мәдениеті теориясының жоғарыда аталған тектес пәндермен байланысын терең зерттеп, оқып, үйрену арқылы педагогика ғылымы бола тұрып, оларды оқыту және тәрбиелеудің заңдылықтарын ашу үшін, жаратылыстану ғылымдарының мәліметтерін қандай мақсатта пайдаланатынын білген маңызды. Дене тәрбиесі жүйесі қоғамның басқа экономика, мәдениет, саясат сияқты маңызды салаларымен тығыз байланыста. Ол үшін педагогика ғылымдары жүйесіндегі дене мәдениеті теориясының алатын орнының маңызын білу үшін оның ішінде жалпы педагогикамен олардың байланыстарын нақты көз алдына елестету қажет. Дене мәдениеті жүйесінің толық сипаттамасы дене мәдениеті теориясының барлық тақырыптарында арнаулы теориялық және спорттық

педагогикалық пәндер арқылы айқындалады. Қоғамдық құбылыс ретінде дене мәдениетінің пайда болуы мен бастапқы дамуы халықтардың тұрмысы мен санасына байланыста белгілі мақсатты шешу болды. Мыңдаған жылдар бойы адам баласы күш, шыдамдылық, жылдамдық, икемділік және ептілікте аңдармен, жануарлармен күш сынасқан. Бұл сайыстарда табысқа бүкіл аңшылар тобынан жан-жақты дене дайындығы жақсы дамыған, батыл адамдар ғана жеңіске жете алатын болған. Найза, тас, таяқша лақтыру арқылы және тағы басқа еңбек құралдарын пайдалану арқылы адам қозғалыс дағдыларын игерді. Адамның мұндай қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеру нәтижесінде келе-келе оның кәсіби қызметіне айналады. Алайда, өндіріспен күнделікті тіршілік адамдарының шынығуды қажет етуіне, дене мәдениетінің қалыптасып, одан әрі дамуына ықпалын тигізеді [3].

Адам бір нәрсеге үнемі жаттығып, үйренуге саналы түрде баруы қажет болды, сонымен бірге еңбек ету барысында пайдаланылатын еңбек құралдарын тиімді меңгеру үшін алдын-ала қажетті қимылға тән дене дайындығының маңызын түсінді. Осы қажеттіліктердің маңызын түсіне келе адамдар еңбек етуден тыс уақыттарында тіршілікке қажетті қимыл-қозғалыс жаттығуларын қайталап отырған. Осы кезден бастап бұл қимыл-қозғалыстар дене жаттығуларына айналып, арнайы шұғылдануды бастаған. Дене жаттығуларының жәрдемімен адамдардың өздеріне нақты еңбек дағдыларын алатындай мүмкіндіктің бар екеніне көзі жетті, осылайша денені шынықтыру, яғни қажетті дене жаттығуларымен шұғылдану адамның материалдық құндылықтарды игеруіне белгілі дәрежеде әсер етті. Еңбек барысындағы қимыл-қозғалыстардың дене жаттығуларына айналуы, оның адамға әсер ету ауқымын өлшеусіз кеңейтті, сонымен қатар денені жан-жақты жетілдіру мүмкіндігін туғызды. Сөйтіп, еңбек құралын дайындау және оны қолданудағы жинақталған тәжірибе дене жаттығуларының пайда болуының дәлелді себептеріне айналды [4].

Ғылыми тұрғыдан алғанда, адам қызметінің бірде-бір түрі биологиялық жағынан тұқым қуаламайды, дене мәдениетіндегі тәрбие жетістігі тек қана жаттығуларды көп қайталау нәтижесінде игеріледі, адам игілігіне айналады.

Дене мәдениетінің мақсаттары мен міндеттерінің өздері дене тәрбиесінің негізгі құралы дене жаттығуларының өзгеруіне әсерін тигізді. Мысалы, кейбір жаттығулардың орындалу түрлері өзгеріп жатса, енді біреулері жойылып, орнына жаңасы пайда болып жатады. Бұл өзгерістер екі себепке байланысты, яғни біріншіден қоғамның материалдық өмірінің даму кезеңдерінде адамның үйлестіктегі қозғалыс дағдыларының талап етілуі, жаттығулардың жаңа жүйесінің пайда болуы, екіншіден, дене мәдениетін зерттейтін ғылымның дамуы адамның қозғалыс қызметіндегі заңдылықтарды тереңірек ұғынуы, бұрын соңды адам өмірінде кездеспеген жаттығуларды жасауы, адамға жағымды әсер ететін тиімді құралдарды іздестіруі жатады [5].

Қазіргі кездегі дене тәрбиесінің мақсаты – оқушының индивидуалды, жеке дене мәдениетінің жоғары деңгейін салауатты, белсенді өмір салтының элементі ретінде жүйелі түрде дене шынықтыру мен спортпен айналысу арқылы қалыптастыру. Дене тәрбиесінің міндеттерінің арасында, бұған дейін

кездескендермен қатар, мектеп оқушысының өмір мен әрекеттің өзгеретін жағдайларына тез физикалық және психикалық бейімделуіне қабілетін дамыту, осыған байланысты сапалық қасиеттерді қалыптастыруда негіз болып табылатын және белсенді өмірлік позицияның орнығу шарты болып табылатын төзімділік, мақсаттылық, ерлік, еңбекқорлық, белсенділік секілді және т.б. қасиеттерді тәрбиелеуді атауға болады.

Әртүрлі қимылдардан қандайда бір жаттығу орындауда әдетте балалар оларды шешудің ең жақсы жолдарын іздеп табады, іс-әрекеттер варианттарын таңдап алады да салыстырады, оларды іске асырудың реттілігі мен құралдарын жоспарлайды (бұл ішкі жұмыс әсіресе дене тәрбиесі сабақтарында ерекше көрнекі байқалады). Бала өз іс-әрекетінің «қадамдарын» неғұрлым көбірек жорамалдай алатын болса және олардың әр алуан варианттарын неғұрлым мұқият салыстыра алатын болса, ол жаттығудың нақты орындалуын соғұрлым ойдағыдай бақылайтын болады. Дене іс-әрекетіне, сондай-ақ оның басқа да бірқатар ерекшеліктеріне (мысалы, іс жүзінде жаттығу беру, бағалау) бақылау жасау және өзін-өзі бақылау қажеттігі бастауыш сынып оқушыларында дене іс-әрекетін өздігінен, іштей жоспарлау және орындау қабілетінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды [6].

Өзін-өзі тәрбиелеу негізінде өзін-өзі жетілдіруде, дене сапаларын дамытуда, денсаулықты нығайтуда, шынығуда, дене сымбатын жетілдіруде, әртүрлі әлеуметтік белсенділік көрсетуге деген ішкі қажеттілік жатыр.

Дене іс-әрекетінің маңызды талаптарының бірі - балалар өздерінің жасағандары мен іс-әрекеттерінің әділдігін кең көлемде негіздеуде. Мұндай негіздеудің көптеген тәсілдерін дене тәрбиесі мұғалімі көрсетіп береді. Пайымдау үлгілерін ажырата білу қажеттігі мен ол үлгілерді жасауға өздігінен денелік іс-әрекет жасау бастауыш сынып оқушыларының өзінің ойы мен іс-әрекетін бейне бір сырттан қарап, бағалау іскерлігін қалыптастыруды көздейді. Бұл іскерлік рефлексия негізінде маңызды қасиет ретінде жатады, ол өз пайымдаулары мен қылықтарын олардың түпкі ойлауы және іс-әрекет шарттарына сәйкес келуі тұрғысынан ақылдыда әділетті талдауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда білімгерлердің өз беттерімен кәсіби білімін жетілдіруінің маңыздылығы мынаған келіп саяды: жоғары орындарында оқыған кезінде олар сыни ойлауды, кәсіби міндеттерін шешудің жаңа да тың тәсілдерін табуды үйренулері керек, ғылыми ақпарат тасқынында бағыттарын анықтай білуі тиіс. Кәсіби білімді өз беттерімен жетілдіруін басқаруға тек оқу тобы мен мамандандырудың оқытушылары ғана қатысып қоймайды. Сонымен қоса, осынау процесс білімгерлердің кәсіпті таңдауымен, кәсіби қызығушылығымен, педагогикалық қызметке бейімділігімен, өз бетімен білімін жетілдіруге талпынысымен, басқаша айтқанда, білімгер тұлғасын жан-жақты зерттеу негізінде жүзеге асырылады.

Бұл жоғары мектеп процесінде болашақ дене мәдениеті мамандарының кәсіби теориялық негізін айқындап, оның практикалық маңыздылығын тиімді пайдалану болды.

Сонымен, дене шынықтыру сабақтарының негізгі мазмұны дене

тәрбиесі алдына қойылған негізгі міндеттерді шешу ғана емес, теориялық және әдістемелік-нұсқаулық білім, білік дағдыны қалыптастыру арқылы сол міндеттерді шешуге қажетті базалық негіз құру. Ескеретін жағдай, аталған білім, білік және дағдыларды қолдану әр жаттығушының өзінің тұлғалық мүмкіндігі мен қабілеті туралы білімге негізделуі қажет, яғни дене тәрбиесі сабақтары арқылы оқушылардың даму динамикасы анықталуы шарт.

Өз беттерімен кәсіби білімін жетілдірудің туындауында “идеалдың” орны үлкен. Белгілі болғанындай, тек білімгерлердің үштен бірінің ғана бапкер идеалы болып шықты. Олардың көп бөлігі үнемі өз бетімен жұмыс жасайды, өз беттерімен кәсіби білімін жетілдіреді. Кәсіби білімін өз беттерімен жетілдіруінің маңызды шарты – жоғары оқу орындарындағы оқу кезеңінде білімгерлердің үздіксіз практикасының ұйымдастырылуы маңызды болып табылады. Тек білімгерлердің практикалық қызметінде кездесетін міндеттермен, жағдайлармен үнемі бетпе-бет келіп отыруы ғана, олардың біртіндеп өз беттерімен кәсіби білімін жетілдіруіне әсерін тигізбекші. Өз беттерімен кәсіби білімін жетілдіру – білімгердің өз бетімен жұмыс істеуінің маңызын ұғынуының және үлкен ой еңбегінің нәтижесі, бұл негізгі кәсіптік пәндерді оқығанда және күрделі жағдайларды шешу кезінде, іскерлік ойындарының оқу процесіне қосылуымен ынталандырылады (педагогика, спорт психологиясы, дене тәрбиесі мен спорттық жаттығу негіздерінің, дене шынықтыру қозғалысын ұйымдастыру мен басқарудың, спорт физиологиясының, спорттық медицинаның және мамандану теориясы). Білімгерлердің өз беттерімен кәсіби білімін жетілдіруге қосылуын тежейтін негізгі жағдайлардың бірі – бұлардың еңбек қызметіне психологиялық даярлығының жоқтығы. Бүгінгі күні дене шынықтыру мамандығы бойынша білімгерлердің басым көпшілігі психологиялық жағынан еңбек қызметіне әлі де дайын емес, өйткені олар үшін ең бастысы – спорттық шеберлігін жетілдіруді алдыңғы орынға қояды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Химия мектепте. № 3, - 2011. -16 б.
2. Матвеев А.П. Теория и методика физической культуры. -Москва: ФиС, 1991.
3. Аманбаев Р.Р., Қалдыбаев М.К. Дене тәрбиелеу мәдениеті және спорт ілімі мен методикасының түсініктері. -Алматы, 1992.
4. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы және практикасы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2004.-304б.
5. Мұхамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-III, 2006. 166 б.
6. Тілеулов Э.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы. 2003.

ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС САПАЛАРЫН ДАМУ

Маханбет Е.Т.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

Қойшыбаев А.Б.

Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

E-mail: arman_8304@mail.ru

Резюме

В данной статье раскрываются лучшие качества и возможности подрастающего поколения, показана роль физического воспитания, в том числе национальных игр, в воспитании нравственного, здорового, закаленного подрастающего поколения. Далее представлены возможности развития двигательных качеств подростков через физические упражнения.

Summary

This article reveals the best qualities and opportunities of the younger generation, the role of physical education, including the national games, in the education of the younger generation as a moral, healthy, hardened person. Therefore, it was announced the development of motor qualities of adolescents through exercise.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты бөлімінде **бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.** Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды – деп көрсеткен.

Елбасымыздың «Спортта мінез-құлық, мәдениет қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар-ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан дене тәрбиесімен шұғылданған адам бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Мен мұны өз тәжірибемнен білемін», - деуі тарих сахнасының төрінен спорт қозғалысының өзіндік орны бар екендігін делелдейді [1].

Бүгінгі таңда жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын дене жаттығуларының жаңа технологиясымен дамыту және ұлттық, жалпы адамзаттық құндылық қағидалары арқылы зерттеу – туындап отырған негізгі мәселелердің бірі. Жеке тұлғаны дамытуда дене тәрбиесі жаттығуларымен

ұлттық ойындардың маңызы өте зор. Қоғамымыз жасөспірімдердің салауатты өмір сүруіне, денсаулығына қамқорлық жасауға мейлінше мүдделі. Қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, жасөспірімдердің дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста айқындау қажеттігі зерттеу тақырыбымыздың маңызын айқындайды. Дене шынықтыру қозғалысы, дене тәрбиесінің қазіргі заманға сай жүйесі салауатты өмір салтын жүргізуге, жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуға, олардың жұмыс қабілеттілігін, Отанды қорғауға дайындығын күшейтуге, жоғары өнегелі қасиеттерді, ұлттық рух сергектігін, күш-жігер мен төзімділікті қалыптастыруға, дені сау және жарқын жас ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндігінше жағдай жасауға үнделген. Бүгінгі жастар жан-жақты білімді ғана емес, сондай-ақ рухани сұлу, денсаулығы мықты, шыныққан болуы керек. Себебі, жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуі, қоғамда тіршілік етуі қимыл іс-әрекеттер барысында жүзеге асады. Бұл іс-әрекеттерді жүзеге асыруда дене тәрбиесіндегі жаттығулардың орны ерекше. Жасөспірімдердің психикалық даму барысында спорттық жаттығулардың тәрбиелік маңызы бүгінгі таңдағы тәлім-тәрбие психологиясының көкейкесті мәселелерінің бірі және де ойын жаттығулары барысында жасөспірімдердің жеке тұлғасымен ой-өрісі дамиды және айналасын қоршаған табиғат құбылыстарымен таныс болады. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік даярлығының дәрежесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Біз халқымыздың тарихи болмысы, өзге ұлттан ерекшелігі, ұлттық салт-дәстүрі, ұлттық мәдениетке бай халықпыз. Біз үшін осылардың ең қажеттісі, ардақтысы өзгелерден ерекше ұлттық ойындар. Кез-келген ұлт мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде тән сұлулығы, дене тәрбиесі, спорттық ойындардың ерекше маңызы бар. Ұлттық ойындардың өзгелерден ерекшелігі, олар дүние жүзіндегі мәдениетке қосқан әр халықтың өзіндік үлесі деп айта аламыз. Қазіргі таңда спорт әлеміне таралған ойындардың барлығы өз бастамасын ұлттық спорттан таралғаны бәрімізге белгілі. Біздің бұл зерттеуімізде жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс сапаларына және дене тәрбиесі үдерісіндегі жаттығуларға үлкен мән берілу қажеттілігі туындап отыр. Жасөспірімдер жеке тұлғасын өзін-өзі тәрбиелеуі мен өзін-өзі жетілдіру үдерісіне айналдыру, дене мүмкіндіктерін қалыптастыру бүгінгі таңда өзекті мәселе. Бұл жасөспірімдердің дене жаттығуларына жария және шынайы қарым-қатынасы арасындағы сезімдерін туындатып, олардың рухани, патриоттық сезімдерін қалыптастыруға өз әсерін тигізеді. Жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын ұлттық ойындар арқылы да дамыту бүгінгі таңда өте қажет, сондықтан көптеген ғалымдарымыз жасөспірімдердің

қимыл-қозғалыс дағдыларын спорттық жаттығулар арқылы тәрбиелеу мәселелерін ғылыми зерттеулерінде атап көрсеткен: М.Таникеев, Ж.К.Оңалбек, Қ.Т.Жанабаев, Е.Мұхитдинов, А.Қарақов, Қ.Б.Бөлесев, т.б. [2, 3, 4].

Қимыл-қозғалыс әрекетіндегі көптеген жаттығулар жасөспірімдерді жан-жақты дамытып қана қоймай, рухани адамгершілік сипаттары мен мәдени құндылықтарын өзара ішкі бірлікте денсаулық сақтау межесіне жету мақсатын көздеген. Жасөспірімдердің денесін шынықтыру мен ақыл-ойының жетілуіне әсер етеді. Сондай-ақ бала ойын жаттығулары арқылы құрбыларымен қарым-қатынас жасау нәтижесінде жеке басының қасиеттерін дамыту мүмкіндігіне ие болады. Дене шынықтыру сабақтарында қимыл-қозғалыс ойындарын пайдалану қажеттілігін орыс ғалымы П.Ф.Лесгафт қолдайды. Орыс ғалымының пікірінше жасөспірімдерге ауыр жаттығуларды берудің орнына табиғи қимыл-қозғалыс ойындарын пайдалану маңызды деп есептейді. «Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді» деген сөзін қабылдай отырып, жасөспірімдердің дене тәрбиесі сабағына қимыл-қозғалыстан тұратын ұлттық ойындарды енгізу тиімділігін көруге болады. Белгілі орыс ғалымы А.А.Гужаловский өзінің «Развитие двигательных качеств у школьников» атты еңбегінде балалар мен жасөспірімдердің қимыл-әрекеттерінің дамуының төрт түрін атап көрсетеді: бала дамуының жоғары қарқыны; субмаксималды қарқыны; бірқалыпты дамуымен жәй даму кезеңдері. Ғалымдарымыздың мұндай көз қарастарына негізделі отырып, жасөспірімдердің жоғары жетістікке жету үшін жасалған іс-әрекеттердің әсері жоғары қарқынмен дамыған кезеңге тура келеді және олар мұндай жетістікті ұзақ уақыт бойы сақтай алады. Себебі дене жаттығулары күш жұмсау арқылы, жүгіріп ойнайтын болғандықтан денені жылдамдыққа, дененің жұмыс қабілеттілігін арттырады және де айналаны дұрыс бағдарлай білуге үйретумен жүйріктікке тәрбиелейді. Жасөспірімдердің қимыл-әрекеттерін зерттеу барысында анықталғандай оқушылар дене тәрбиесі үдерісіне ұлттық ойындарды қосып отыратыны белгілі. Қимыл-қозғалыс туралы белгілі ғалым М.Жұмабаев «Адам қанша жас болса соншалықты қозғалысты қажет етеді, себебі дені сау тұлға тыныштықты қаламайды. Олар шаршауды білмейді, дене тек қимылдық әрекеттерде болады» деп көрсетеді [5].

Ал, неміс ғалымы В.Зигер «Дене тәрбиесі біздің негізгі қоғамдық құбылысымыз, ол біздің мәдениетіміздің құрамдас бір бөлігі ретінде берілген тәрбие, біз жеке тұлғаны жетілдірудің әлеуметтік тарапына және де денедегі қозғалыстың жан-жақты дамуына мән беруіміз керек» деп атап көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстанның дәстүрлерінің қайта жаңарып даму кезеңінде жастарға өз халқының төл дене мәдениетін біліп, оны жақсы көруіне мүмкіндік туды. Бірақ, Қазақстандықтарға тән евразиялық рух бұрынғыша қозғаушы күш болып табылады, яғни дене тәрбиесі мен спортқа халықаралық мүддедегі қызығушылықпен қатынасады, бұл ұғым біздің елдің спортшыларына халықаралық чемпионаттарда, спартакиадаларда және

олимпиада ойындарында еліміздің абыройын қорғап, жаңа биік жетістіктерге жетулеріне жәрдемдеседі. Биік жетістіктерге жету үшін сөрелік бастау алаңы, мектеп, дене тәрбиесі сабағы, яғни оларды оқытып, үйрету және ұлттық тәрбиелеу аспектілері үзіліссіз үндеседі. Бұрынғыша дене тәрбиесі пәні мұғалімдерін сапалы дайындау мәселесі өзектілігін жойған жоқ, ғылыми-педагогикалық салада Қазақстан Республикасында дене мәдениетінен білім беруді әдістемелік қамтамасыздандырудың мазмұнын іріктеу және құрылымдылығының ұтымды тәсілдерін белсене іздеу жүріп жатыр.

Мысалы, Түркістан қаласында дене тәрбиесі бойынша мектептің оқу үдерісіне жаттығу тәсілдерін ендіру бойынша педагогикалық ғылыми тәжірибе жұмыстары ұйымдастырылған, атап айтқанда: спорт түрлері бойынша спорттық сыныптар ұйымдастыру. Бұл аталған сыныптардың оқушыларының ғылыми- зерттеу жұмыстары көрсеткендей әдеттегі типтік бағдарламамен шұғылданатын балалармен салыстырғанда дене дайындығы мен дене дамуы деңгейінің елеулі өскенін байқаймыз. Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның ұлттық көзқарасын қалыптастыру оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. Сондықтан ұлттық тәрбиенің жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуінде мәні терең, мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор.

Білім беру процесін жанаша ұйымдастыру оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бүгінгі философтар мен педагог ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде. Соңғы жылдары оқу-тәрбие процесіне жасөспірімдердің ұлттық көзқарасын дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі елімізде болып жатқан өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді [6].

Қорыта айтқанда қазіргі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлау біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады. Кейінгі жылдары жасөспірімдердің ұлттық тәрбиесіне байланысты Мемлекет пен Білім Министрлігі тарапынан бір қатар құжаттар, заңдар тұжырымдамалар жарық көрді. Оларда тәрбиенің мазмұнын, принциптерін, мақсаты мен міндеттерін қайта қарастырып, түбегейлі жаңашалау қажеттілігі көрсетіледі. Тәрбиені жаңартудағы себеп, жеткіншек – жастардың дүние танымын, сана-сезімін, мінез-кұлқын ұлттық тәлім-тәрбие негізінде, нақтырақ айтсақ, эстетикалық, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халық ауыз-әдебиетінің, музыкасының, сәндік қолданбалы өнерінің үлгілері арқылы қалыптастыру. Дене тәрбиесі мен спорттың маңыздылығы, сауықтыру құралдары мен денені жаттықтыру және дене жүктемелері артуда, ал бұл бағыттағы қозғалыс белсенділігінің көлемі, құралдары, әдістері мен технологиясында алға басушылық жоқ. Мұның айғағы – мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дене

тәрбиесінің қажетті деңгейдегі денсаулық пен дене даярлығын қамтамасыз ете алмайтын тиімсіздігі. Аптасына екі ретпен шектелген дене тәрбиесі сабағындағы оқушылардың қозғалыс қызметі көлемінің жеткіліксіздігі, яғни дене тәрбиесінің басқа ұйымдасқан формалары оқушыларды түгел қамти алмайтыны, ал олардың өз беттерінше шұғылдануы бұқаралық сипат алмауы кері әсерін тигізуде. Бұл туындап отырған жағдайларға байланысты алдымызда дене тәрбиесінің, дене тәрбиесі мен спорттық даярлықтың зор мүмкіндіктерін барынша максималды асыру міндеттері, яғни дене тәрбиесінің құндылықтарын іске асырудың қызметтік процестері ретінде денсаулықты сақтау және денсаулықты дамыту (денсаулықты қалыптастыру) технологиялары тұр. Бұл жауапты миссияны орындау үшін жалпы білім беру мектептеріндегі барлық дене тәрбиесі мен спорт жүйелері жаңа мақсаттар мен міндеттерге лайықты жаңа деңгейге көтерілуі тиіс. Өскелең ұрпақ дене тәрбиесінің мақсаты - салауатты өмір бейнесінде белсенді және ұзақ мерзімде іске асырылатын құндылық жүйелері ретінде жеке тұлғаның, дене және рухани тәрбиесі негіздерін қалыптастыру, денсаулықтың сарқылмас қорларын арттыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан, 14.12.2012.
2. Таникеев М. Теория и практика взаимовлияния национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане. Дисс...д.п.н. – Алматы, 1998. – 254б.
3. Оңалбек Ж.К. Дене тәрбиесі мен спорттың жеке адамдар арасында ұлттық қарым-қатынастарды дамытудағы орны. Дисс...п.ғ.к. – Алматы, 1999. – 137б.
4. Жаңабаев Қ.Т. Балалар үйінде дене тәрбиесінде ойындарды пайдаланудың педагогикалық шарттары. – Алматы, 2005. – 87б.
5. Мұхиддинов Е. Использование казахских народных игр в физическом воспитании учащихся. Дисс...к.п.н.: – Алматы, 2001. – 141б.
6. Қарақов А. Студенттердің дене тәрбиесінде күрестің ұлттық түрлерін пайдалану. Дисс...п.ғ.к.: – Алматы, 1999.- 151 б.

ӘОЖ 372.8:378

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Нарықбай Р.Т.

Аға оқытушы

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

Қалиев Н.Қ.

Аға оқытушы

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

Резюме

В этой научной статье мы рассматривали некоторые проблемы развития инклюзивного образования детей с ограниченными возможностями и пути их решения,

оперируя важнейшим достоянием человека: свобода и права личности, защита прав и свобод, социальная поддержка, механизмы их реализации в конституционно-правовом свете и международных документах о правах человека.

Summary

In this scientific article we considered some problems of development of inclusive education of children with disabilities and ways to solve them, operating with the most important human dignity: freedom and rights of the individual, protection of rights and freedom, social support, mechanisms for their implementation in the constitutional and legal light and international human rights instruments.

Оқу-тәрбие үдерісінің сипатты үнемі үйлесімді ауысып отыратын қызмет жағдайындағы аймақта педагогикалық ғылымды іс-жүзінде қолданылуы бойынша шынайы асырылады. Оқытушының (жаттықтырушының) студенттермен кәсіби қарым-қатынасы баламасы жоқ, үнемі пайда болатын және оңды шешімі табылатын, педагогикалық күтпеген жағдайларды белгілі бір, тізбегі болып табылады. Бір педагогикалық жағдай екіншісіне қарағанда ұқсас болмайды. Іс жүзінде барлық уақытта бұл күтпеген жағдайдан жол тауып, табысты шұғудың өз ерекшеліктері болады [1].

Педагогикалық күтпеген жағдай белгілі бір уақыт аралығындағы педагогикалық жүйенің шынайы жағдайы ретінде түсіндіріледі. Педагогикалық күтпеген жағдай стандартты және стандартты емес, педагогтық сапалы ұғынуымен немесе сапалы түрде түсінбеуінен болуы мүмкін.

Сапалы түрде тәртіп - дағдыға айналған, күнделікті қайталанып, өзінен-өзі түсінікті мақсаттың орындалуының қамтамасыз ететін стандартты жағдай. Мысалы, педагог аудиторияға кіріп оқу тобымен автоматты түрде сәлемдеседі, сол секілді автоматты түрде тыныштық сақталуын күтеді немесе оның сақталуын талап етеді. Студенттердің күрделі бақылау жұмысы, жаттығу алдында дайындық күйіне келтіру, жарыс алдындағы күштеу жағдайын түсіру қажеттіліктері туындауымен ғана байланысты, яғни оқытылып, үйрететін тақырып бойынша өзекті психологиялық мәселелерді еркін, талдап, талқылауға көшу секілді әртүрлі сәлемдесу болады [2].

Дегенмен күтпеген педагогикалық жағдайлардың барлығының бірдей шешімін табу оңай емес. Стандартты емес күтпеген жағдайлар аяқ астынан пайда болады және одан шығу жолы қарапайым түрде анықталады.

Стандартты емес педагогикалық күтпеген жағдайды педагогтың сапалы түрде ұғыну шешімі анықталмаған жағдайға, яғни пайда болған келесі мәселені анықтауға әкеледі. Шешімін табу жағдайы-бұл үйлеспеушілік, айналасындағы қарым-қатынастың қызметінде «үйлеспеушілік» жағдайы, туындаған оқу үдерісінің мақсаттары мен оларға жету мүмкіндіктері арасындағы келіспеушілік. Педагог күтпеген жағдайға ұшырағанда, ол оны талдау нысанына айналдыруға мәжбүр болады, яғни бұл жағдайды туындатқан себептерді айқындауға, оның сипатын анықтауға және қатынасты тәртіпке келтірудің ыңғайлы жолдарын табуға талпынады.

Педагогикалық қызмет сансыз көп стандартты және стандартты емес проблемалы жағдайларды сапалы түрде мақсатты бағытта шешу үдерісі болып табылады. Алайда педагогикалық күтпеген жағдайдың туындаған күрделі мәселесін түсініп оны шешуге мақсатты бағытта әрекет жасауды бастайды, мұнда педагогикалық күтпеген жағдайдың туындаған мәселесі белгілі жағдайларымен және шешуге мүмкін жолдардың педагогикалық міндетке айналады [3].

Тәртіп бойынша педагогикалық міндеттердің негізінде тараптардың арасындағы қатынастар жүйесі мыналар болып табылады:

1. Педагог-студент;
2. Педагог-студент-студенттер;
3. Педагог-студент-студенттер, күтпеген жағдайдың басқа қатысушылары.

Тараптар арасындағы қатынас мінез-құлық, іс әрекет деңгейінде, сол күтілген деңгейде көрінуі мүмкін. Педагогикалық міндет күтілген және тараптардың іс-әрекеті арасында келіспеушілік болғанда пайда болады.

Осындай бейнеде, педагогикалық міндет - бұл шешім шарты белгіленген педагогикалық күтпеген жағдайда туындаған өзекті мәселе. Педагогикалық міндет - бұл бірінші кезекте педагогикалық жүйенің қызмет етуі және басқарылуындағы келіспеушілік.

Атап айтқанда жүйенің қандай элементтеріне байланысты келіспеушілік туындады, осыған орай педагогикалық міндеттің келесі түрлері айқындалды:

1. Студенттің іс әрекеті және педагогтың күткен жағдайы арасындағы келіспеушілікті сипаттайтын міндеттер. Мысалы, педагог студентті тек басқаларға ғана емес, өзіне де талап қоя білетін тұлға ретінде көргісі келеді. Студенттің бұл күтілген талапқа қайшы келетін іс-әрекеті педагогтан мұндай мінез-құлықтың іс әрекет түрінің себебін талдай білу және туындаған жағдайға бара-бар тәрбиелік әсер етуді тандай білу талап етілетін проблемалық күтілмеген жағдайды тудырады.

2. Педагог іс әрекеті мен студенттің күткен жағдайы арасындағы келіспеушілікті сипаттайтын міндеттер. Студенттер педагогқа білім саласының білікті маманы, жеке тұлғалық дау туындаған жағдайды дұрыс шешетін абыройлы төреші ретінде қарайды. Олар педагогтан өзі, өз іс-әрекеттері, қабілеттері, жетістіктері және т.б. туралы білуге талаптанады [4].

Егер студенттердің күткен нәтижесі мен педагог іс-әрекеті арасында келіспеушілік туындаса, онда педагогтан үлкен икемділік және өз іс-әрекетінің стратегиясын қайта құруға сын көзбен қараушылық талап етілетін күтілмеген жағдай туындайды.

Педагогикалық мәселелерді шешудің міндетті құрауыштары педагогикалық туындаған жағдайдың бастапқы қалпы болып табылады, яғни міндеттердің шарты және оның соңғы қалпына қажетті үлгі-міндеттерді шешу. Педагогикалық міндеттердің нысаны студенттердің білімі, олардың жеке тұлғалық-іскерлік сапасы, топтық қызығушылық мүдделері, топтағы өз орнын айқындауы, яғни оқыту үдерісінде өзгеріске ұшыраған барлық жеке

және топтық сипаттамалары болуы мүмкін.

Оқытушының педагогикалық міндеттерді шеше білуі оның кәсіби деңгейін көрсететін педагогикалық шеберлігінің негізгі құраушысы. Педагогикалық міндеттер педагогпен, сол секілді студенттермен арнайы немесе спонтандық (сыртқы емес, ішкі себептермен пайда болған), яғни олардың таңдауынсыз және тілегіне байланысты емес пайда болып, туындауы мүмкін. Педагогикалық күтпеген жағдайлардың педагогикалық міндетке айналу мүмкіндігі, әртүрлілігі көп қырлы болып келеді [5].

Мысалы, оқу күні басталды. Кешіккен студент аудиторияға кіреді - енді бұл педагогикалық күтпеген жағдай, яғни педагог бұдан шығудың ұтымды жолын табуы тиіс.

Оқытушы үй тапсырмасын тексереді. Екі студенттің үй жұмыстары дайындалмаған - бұл да күтпеген жағдай. Педагогтың сабақты түсіндіру барысында аудитория бойынша хат беріледі – осындай жағдайларға байланысты айырмашылығы бар күтпеген жағдай. Педагогикалық күтпеген жағдай – бұл барлық уақытта дау тудыра бермейді, бірақ тәртібі мен іс жүзіндегі туындаған жағдай арасында қайшылықтар болады.

Педагогтың шеберлігі туындаған жағдайда педагогикалық міндетке айналдыра білуімен қорытындыланады, егер оның пікірі бойынша, қажет деп тапса, пайда болған жағдайды туындаған қатынасты алға қойылған мақсатқа жақындатып құруға бағыттау қажет. Егер педагог оны байқамаса туындаған жағдай міндетке айналмауы мүмкін. Егер оқытушы пайда болған жағдайға қатты реакция берсе, ол пайда болған қайшылықтың дұрыс шешімін табудың орнына одан әрі ұшықтырып жібереді.

Осындай бейнеде, күтілмей туындаған жағдай мақсатты бағыттағы педагогикалық қызмет, жағдайында ғана міндетке айналады (туындаған жағдай мақсат-міндет). Міндеттің дұрыс тиімділігі оқытушының (жаттықтырушының) тәжірибесіне, біліміне, оның қабілетіне, педагогикалық әдістерді меңгеруіне байланысты бірнеше шешімі болуы мүмкін.

Педагогикада мұндай міндеттердің бірнеше түрлерін бөліп қарау қабылданған: оперативті, тәсілдік және стратегиялық.

Оперативті міндеттерге студенттердің қысқы уақыт аралығында тікелей өзара әрекеттестік үдерісіндегі іс әрекет, қатынасын тікелей өзгертуді өзіне мақсат етіп қойылған міндеттер жатады.

Тәсілдік міндеттерді шешу барысында студенттердің мінез-құлқы, іс әрекетін түзету және қалыптастыру жолы бойынша елеулі алға жылжу алдын ала қарастырылады.

Стратегиялық міндеттің ұзақ уақыттық тәрбиелік әсер ету барысында студенттердің жеке тұлғалық сапаларында елеулі өзгерістер ендіру, мінез-құлқы, іс әрекетінде қалаған арманға жетудің мақсаты болады.

Педагогикалық міндеттердің маңыздыларының бірі қатынастық (коммуникативтік) міндет болып табылады, өйткені педагогикалық қызмет бүтіндей, туындаған педагогикалық күтпеген жекелеген жағдайларда қарым-қатынаста құрылады. Педагогикалық міндеттерді шешу жолдарын анықтауда

пайдаланылуы педагогикалық қарым-қатынас жасаушы жақтар арасындағы қайшылықты қалпына келтіру мүмкіндігін туғызатын қатынастық (коммуникативтік) құралдарды іздестіру қарастырылады.

Осыған байланысты кейде педагогикалық қызмет осы міндеттерге сәйкес өзгеріп, дамып отыратын және педагогикалық өзара әрекеттестікті ұйымдастыруды қарастыратын қатынастық міндеттерді шешудің ұзын қатары ретінде ұсынылуы мүмкін. Алайда мұндай тәсіл педагог қызметін қарым-қатынасқа әкеледі, яғни бұл түр үлкен маңызға ие және ол мұндай қызметті құраушылардың бірі болып табылады.

Көптеген оқытушылар қатынастық міндеттерді педагогикалық үдерістің міндетті компоненті ретінде жете түсінбейді, алайда іс жүзіндегі қызметі барысында үнемі және жете ұғынбай оларды шешеді. Қатынастық міндеттер педагогикалық өзара әрекеттестіктің аспаптық құраушысы болып табылады.

Қатынастық міндеттерді шешумен байланысты қатынастық қызметтен басқа оқытушы қызметінің құрамына диагностикалық, жобалау, конструктивтік және т.б. түрлері кіретіні белгілі. Оларды жүзеге асыру өз шешімін талап ететін, белгілі бір педагогикалық жағдайды жасайтын, басқа шарттар мен жағдайды үйлестіруге негізделген педагогикалық туындаған жағдайлар мен педагогикалық міндеттерді шешумен байланысты.

Педагогикалық міндеттерді шешу әдістері. Әрбір педагогикалық әдіс педагогтан бірнеше мүмкін болатын нұсқауларды алдын ала ойланып таңдауды талап етеді. Мұндай іс әрекетке қойылатын негізгі талап, орындалуы педагогикалық әсер етудің немесе өзара әрекеттестіктің жоспарланған нәтижесіне сәйкес мақсатқа жетуге бағыттылығы болып табылады. Педагогикалық әсер етудің мақсатына жету үдерісі, яғни оған оқушылар қатыстырылған нақты педагогикалық күтпеген жағдайларда, педагогтың нақты қызметі барысында іске асырылады.

Оқушыларға педагогикалық әсер етудің жолдарын таңдау тек оның қойылған мақсатына ғана тәуелді емес, сонымен бірге педагогикалық міндеттерді шешудің нақты жағдайларына, педагогикалық міндеттерді шешуде оқытушыдан талап етілетін жұмыстарындағы тәжірибесіне, яғни тікелей немесе кедергі жасайтын объективті қозғаушы күштерге байланысты болады.

Педагогикалық міндеттерді шешуде оқытушының педагогикалық мақсаттарына жету шарттары келесідей:

- оқушылардың ерекшеліктерін ұғына білу, туындаған жағдайға қатысты денсаулық жағдайы, қалыптасқан білім, біліктілік, деңгейі;
- оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруы;
- оқу-тәрбие үдерісінің материалдық қамтамасыздандырылуы;
- оқушылар арасындағы педагогикалық өзара әрекеттестікті құрудағы оқытушының кәсіби біліктілік деңгейі.

Педагогикалық міндеттерді талдай келіп, оқытушы бәрінен бұрын қойылған мақсат пен оның орындалу мүмкіндігі жағдайының ара қатынасын белгілейді. Қойылған мақсат пен оны орындау ара қатынасын анықтау дұрыс

шешім қабылдай білу негізінде жатыр. Қандай да бір педагогикалық міндетті шешудің қажеттілігі абсолюттік бірдей проблемалы педагогикалық күтпеген жағдаяттардың болуы мүмкін емес, яғни мұндай ара қатынасты анықтау әртүрлі вариантта іске асырылады. Мұндай міндеттердің әрқайсысын шешуде оқытушы осы педагогикалық жағдайдағы шешуге міндеті, оның көмегімен шешуге болатын кейбір құралдарын табуға тиіс. Бұл құрал - іздеп отырған нысан болып табылады, ал оны анықтауға қойылатын талап міндетті шешу жағдайы ретінде тұжырымдалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.: Педагогика, 1989. -192с.
2. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001.– 272с.
3. Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Методическое пособие. – М.: Народное образование, 1996. – 160с.
4. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования / М. В. Кларин. – Рига: Эксперимент, 1995. –176с.
5. The effects of subtle misinformation in news headlines. Ecker, Ullrich K. H.; Lewandowsky, Stephan; Chang, Ee Pin; Pillai, Rekha Journal of Experimental Psychology: Applied, Vol 20(4), Dec 2014, 323-335.

ӘОЖ 372.3

АРНАЙЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ҚИЫНДЫҚТАР

Шлекеева М.С.

Кентау политехникалық колледжі,
ағылшын тілі мұғалімі, Кентау, Қазақстан
shlmoldir82@mail.ru

Резюме

В этой статье рассматривается эффективность и особенности технологии многоуровневого обучения иностранному языку.

Summary

This work considered the superiorities and differences using editing-level technologies in teaching English.

Бүгінде халықаралық қатынастардың күшеюі мен шет тілін меңгерген білікті кадрлардың қажеттілігіне байланысты тек әдіскер, педагогтар мен психологтардың тарапынан ғана емес, сонымен қатар, қоғам тарапынан да шет тілін ерте жастан оқытуға деген қызығушылықтың артқаны айтпасақ та аян.

Соңғы жылдары Қазақстанның білім беру стандарттары көптеген өзгерістер мен жағымды жаңалықтарға толы болды. Соның ішінде шет тілін ерте жастан оқыту – баланың дүниеге келген кезден бастап мектепке

барғанға дейінгі интуитивті-тәжірибелік негізде оқыту. Бұл мәселе қоғамда екі тарапты көзқарас тудырды. Алайда, мен бұл бағдарламаны түбегейлі қолдап, және бұл келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін игі бастама деп білемін.

Арнайы оқу ордаларында шет тілі мамандарының көптеген қиындықтарға тап болу мәселесі жайлы көптеген ғалымдар мен педагогтар кейде ескермейтіні бар. Себебі ондағы атмосфера, студентке шет тілін белгілі бір деңгейде игертіп, қалыпты бір коммуникацияға түсе алатындай нәтиже күтуі, кейде қапа етеді. Аудиториядағы студенттердің білім деңгейінің әртүрлілігі шет тілін игертуде көптеген қиындықтар тудыртады. Бұлай айтуымыздың бірнеше себептерін айтап өткім келеді:

1. Арнайы орта білім беру табалдырығын аттағандар – мектептің тестілеу әдісінен қауқары жетпей, білімінің әлсіздігінен келгендер (ҰБТ);
2. Ағылшын тілі деңгейі – өте әлсіз (тіпті әліпбиін білмейтіндері де бар);
3. Ауыл мен қала студенттерінің бір аудиторияда шет тілін оқытудың қарамақайшылығы;

Бұл жастағы оқушы немесе студенттердің басым бөлігі саналы түрде шет тілін үйренуді әлі сезіне қоймайды. Себебі, оған алдағы өмірлік тәжірибеде шет тілінің маңыздылығы қызық емес. Ал, жоғары оқу ордаларына келгенде, шет тілін игере алмай, ақылы қосымша үйірмелерге баратыны тағы бар. Сондықтан, ең алдымен студентке шет тілін саналы, қажеттілік негізінде түсіндіру жүргізіп, содан соң оның икемділігі мен мүмкіндігіне қарай оқытуды жөн деп білеміз. Осы орайда «Егер білім саналы түрде берілмесе, ол берік әрі тиянақты қабылданбайды. Саналы түрде меңгерілген білім мен тиянақты қабылдау бір-бірімен тығыз байланысты. Алайда ең шешуші принцип – білімнің саналылығы» [1, 97 б.] деп атап кеткен С. Қожахметовтың керемет қанатты сөзін есімізге түсіргім келеді. Ғалым білім алуды ең алдымен саналы түрде қабылдауы, білім саналылығы мен оқушы ісінің барлық түрін байланыстыра қарастырғандығында. Және де, көптеген ұстаздардың әлі де дәстүрлі сабақ беру әдісінен алшақтай алмауында. Бұлай дейтініміз, көптеген ұстаздар, сабақ барысында кітаппен оқыту, оны жаздыру, бір адамға дауыстатып оқыту секілді әдістерді қолдана отырып, басқа студенттермен жұмыс жасауды ұмытып, аудиториядағы білім алу процесі бәсеңдеп, пәнге деген қызығушылық жоғалуында. Осы тұста Л.Н. Толстойдың мына пікірі еске түседі: «Бір жаман не жақсы әдіс болмайды, әдістің кемшілігі тек бір әдіске сүйенгендігінде» [2].

Енді бір топтағы ағылшын тілі сабағындағы процесті қарастырсақ:

Студенттердің жалпы саны	Қаладан келгендер	Ауданнан келгендер	Ауылды округтан келгендер
24	8	4	12
Ағылшын тілін меңгеру деңгейі	<i>elementary</i>	<i>Beginner-elementary</i>	<i>Beginner</i>

Сабақ барысындағы белсенділік көрсеткіші	<i>Өте жоғары</i>	<i>Салыстырмалы: орта-әлсіз</i>	<i>Әлсіз</i>
Тақырыпты игеру; Қосымша тапсырмалар	<i>Жоғары</i>	<i>Орта</i>	<i>Әлсіз. Қосымша тапсырмалар, деңгейіне сай жаттығулар беру</i>

Жоғарыда көрсетілген кестеге назар аударатын болсақ, аудиториядағы студенттердің шет тілінің базалық деңгейінің әртүрлілігін байқаймыз, және бұл педагог үшін үлкен жауапкершілік пен жоғары дидактикалық шеберлікті талап етеді. Себебі, сабақ барысында жоспармен берілген тақырыптан бөлек, аудиториядағы әлсіз студенттермен арнайы, қосымша тапсырмалар беру арқылы, оның үлгерімдік қабілетін арттыруды көздеу қажет. Ал, арнайы мектептерде, мысалы: қазақ-түрік колледжі, Назарбаев зияткерлік мектептері, Дарын мектептері оқушылары мен студенттерін алып қарайтын болсақ, ондағы аудиториядағы шет тілі үлгерім деңгейі дерлік бірдей. Егер бірі әлсіз болса, ол студент өзі саналы түрде ақылы қосымша оқиды, себебі сол оқу ордасының стандарты соны талап етеді. Осы қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды болдырмау үшін, ең алдымен педагогтың тіл деңгейінің жетік болуы, оның компетенциялық жағының жоғарылығы, үлкен жауапкершілікпен білімді тәрбиемен ұштастыра отырып беруді көздеу қажет. Себебі, бұл жастағы балалар әлі де тәрбиені қажет ететін жаста болады.

Өз тәжірибем барысында шет тілін колледж студенттеріне игерту барысындағы тап болған қиындықтарды шешу үшін мынадай ұсыныстар мен шешімдерді ұсынамын:

1. Студент білім деңгейін анықтап, оларды екі топқа бөліп оқыту, себебі, сабақ барысында, тілдік білімінің әлсіздігі арқасында бала одан сайын жасқаншақ, ұялшақ болуы мүмкін;

2. Педагогтардың сабақтан соң студенттерге қосымша тегін сабақ беру қажеттілігі;

3. Көптеген аудио, видео тындалымдар мен киноларды көрсету қажет;

4. Шет тілдік орта қалыптастыру үшін көптеген шаралар өткізу;

5. Белгілі уақыт өткен соң екіге бөлген топ студенттері арасында үздіксіз бағалау үшін тест, бақылау жұмыстарын жүргізілуі қажет;

6. Және ең соңғысы, әрі маңыздысы мектептегі шет тілі ұстаздарының білім деңгейін көтеру.

Колледж ауыз толтырып айтарлықтай соңғы үлгідегі техникалармен жабдықталған. Соның арқасында педагогтар сабақ барысында тілді немесе арнайы пәндерді игертуде көптеген тиімді әдістер мен тәсілдерді қолданады. Ақпараттық технология көмегімен, студенттерге жасанды шет тіл меңгерген

орта жасай отырып, олардың есіту, көру арқылы тілдік деңгейін жоғарылатуды көздейді. Жаңа сабаққа презентациялар, картотека, аудио мен видеолар көрсету, яғни визуалды көрсетілім жасап, үлгерімін көтеріп, коммуникациялық қарым-қатынас жасайтын білікті қалыптастыруға көмек ету. Енді өзімнің сабақ барысындағы ақпараттық технологияның көмегі арқылы қолданатын әдістер мен технологиялармен бөлісем:

1. Жұптасып жұмыс істеу – group work: өте тиімді және нәтижелі әдістердің бірі болып, бұл студенттердің әртүрлі деңгейлік қабілеттерін бір жерге түйіп, ұялшақ және әлсіз студенттердің өзіне деген сенімін арттырады. Әсіресе, learn vocabulary, who is clever, My favorite profession ойындары студентті ұйымшылдыққа, бір-бірінің пікірін қолдап, құрметтеуге баулыды.

2. Рөлдік /іскерлік/ ойын-мұнда студенттер, өздері оқыған көркем мәтіндегі образдарды немесе кинолардағы персонаждарды сомдауы арқылы жүзеге асады. Мұнда студенттер әрқайсысы жеке-жеке шығады.

3. Дискуссия - студенттерге берген тапсырмалардан актуалды сұрақ туындатып, дискуссия жасау және олардың өз ойларын еркін айтуға дағдылау болып табылады.

4. Дебаттар – студенттердің өз позициясында ұстануды, сенімділік, көпшілік арасында сөйлеуге қабілет тудыруға көмек етеді.

Қорытындылай айтарым, әр дәуір баласы сол дәуір нәтижесі болмақ. Сондықтан, сіз және біз болып өскелең ұрпаққа саналы да, сапалы білім берсек, келешекте ұстаған білімінің нәтижесінде әлемнің кез-келген нүктесінде тілдік барерсіз, өзінің қанатын кеңге жаяры сөзсіз. Әр педагог, әр ата-ана баласы үшін қажетті білім мен соған сай ортаны жасап беретін болса, сіз бен біздің болашағымыз жарқын болары хақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ещанова Г. Сұлтанбек Қожахметовтың жеке тұлғаның дамуына бағытталған ой-пікірлері // Қазақстан жоғары мектебі. – №1. – 96-99 б.
2. Толстой Л. Н. Педагогические сочинения. -М. 1989.

УДК 371.13:78 075.8

ВОЗМОЖНОСТИ ВОКАЛЬНОГО ИСКУССТВА В ФОРМИРОВАНИИ АРТИСТИЗМА УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ НА ЗАНЯТИЯХ «ПОСТАНОВКА ГОЛОСА»

Юсупова А.А.

МВА, старший преподаватель
КНК имени Курмангазы, Алматы, Казахстан
E-mail: adalyat809@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада болашақ музыка мұғалімдерінің вокалдық өнер әдістері мен ән айтудың көркемдік дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның психикалық процестерін дамытуға жәрдемдесу, өз ойын білдіру қабілеті, жоғары дәрежелі еркіндік пен жеке

орындаушылық стилі қалыптастыру сұрағы қаралады.

Summary

The article deals with the formation of artistic skills of singing in future music teachers by methods and techniques of vocal art that contribute to the development of mental processes of a person, ability to express themselves, a high degree of freedom and individual style of performance.

В контексте решения задач, направленных на формирование и развитие образованной, творческой и конкурентоспособной личности, происходит переосмысление педагогических ценностей и возникает необходимость поиска новых методов развития личности, способствующих раскрытию творческого потенциала студентов. Следовательно, одной из актуальных проблем, которая связана с музыкальным образованием является проблема развития артистизма учителя музыки [1].

Феномен артистизма привлекает внимание различных ученых, занимающихся проблемами философии, эстетики, психологии, педагогики и педагогики музыкального образования в том числе.

Артистизм в эстетике и искусствознании рассматривается как особое выразительное качество, проявляющее себя в разных видах и жанрах искусства. Предметом анализа становится многогранность понятия «артистизм», его разнообразные эстетические профили: от доминирования виртуозности, игрового начала, импровизации до утверждения ценности сиюминутного переживания, способности парадоксального снятия антиномической напряженности элементов художественной формы, обнаружения граней внутреннего, скрытого артистизма произведения [2].

Философы осмысливают вариации артистического начала как важнейшую онтологическую составляющую искусства, порождающую «смысл поверх смысла», вносящую новое измерение в художественное содержание. Б.М. Берштейн отмечает, что особенности проявления артистизма исследованы как в классическом искусстве, так и в приемах неклассической выразительности, в особых формах жизнетворчества, в разных художественных течениях и стилях, на материале живописи, литературы, архитектуры, рекламы, истории костюма, музыки [2].

Становление традиций перевоплощения прослеживаются в мемуарах выдающихся певцов: Ф.Шаляпина, М.Максаковой, А.Неждановой, Л.Собинова, Н.Обуховой, С.Лемешева, И. Архиповой, Г.Вишневской, Е.Нестеренко, В.Атлантова, П.Доминго, Д.Вальденго, М.Мелани и т.п.

Проблема формирования артистизма занимает весьма существенное место в системе К.С.Станиславского. К.С.Станиславский настойчиво подчеркивает естественный, органичный характер сценического самочувствия. «К удивлению, то, что так хорошо нам известно, что в подлинной жизни происходит естественно, само собой, то бесследно исчезает или уродуется лишь только артист выходит на подмостки. Нужна большая работа...для того, чтобы вернуть на сцену то, что в жизни так

нормально для каждого человека» [2]

Первая ступень в овладении искусством актера заключается, по утверждению К.С.Станиславского, в умении привести себя на сцене в «правильное, почти совершенно естественное человеческое самочувствие», вопреки всем условностям сценического представления. Это «правильное, естественное» самочувствие актера К.С.Станиславский называет творческим (сценическим) самочувствием и одной из наиболее важных составляющих артистизма [3].

Поскольку педагогическая деятельность является одной из сложнейших областей человеческого труда, то данный феномен необходим и важен для учителя любой специальности. В особой мере он находит отражение в деятельности преподавателя музыки. О.А.Апраксина отмечает, что артистизм учителя – не мечта, а насущная потребность доступная тому, кто действительно желает развивать в себе это качество. [5]

Известно, что формирование артистических навыков пения способствует развитию психических процессов личности, способности к самовыражению, к высокой степени свободы и индивидуального стиля исполнения, а главное – дает ему почувствовать себя полноценным вокалистом - исполнителем. Следовательно, одной из главных принципов в отечественной вокальной школе пения является воспитание не просто исполнителей, а самостоятельных певцов, всесторонне развитых личностей, творческих индивидуальностей. И осуществлять данный процесс необходимо с учетом индивидуальных особенностей мужского и женского организма, принимая во внимание анатомо-физиологические особенности строения голосового аппарата и т.д.

Артистизм достаточно прочно связан с такими компонентами, как владение голосом, мимикой, жестикуляцией. Однако их наличие не делает педагога истинно артистичным. У артистизма должна быть внутренняя основа в виде духовного содержания, нравственных убеждений, носителями которых является учитель [6].

Обращая внимание на сам процесс формирования артистических навыков пения у будущих учителей музыки необходимо исследовать вопросы становления самой вокальной педагогики в системе художественного образования. Вокальное искусство есть специфическая форма художественно-музыкального искусства и как вид музыкального исполнения, основано на мастерстве владения певческим голосом. Пение – важнейшее проявление человеческой природы, потому что оно представляет собой выражение чувства, страстей, работы воображения, мыслей, тесно связанное с анатомической и духовной структурой человека. Артистическое, пение (исполнение), как академическое, требует освоения многих технических знаний, упражнений, метода и стиля, которые можно приобрести в ходе профессионального обучения. Следовательно, недостаточно просто петь, нужно уметь петь, чтобы служить искусству и сохранить голос. Иными словами, человеческий голос создает музыкальный

инструмент, превращает гортань, дыхательную систему и резонаторы в гармоничное целое, которое может породить музыкальный звук, соответствующий эстетическим и акустическим законам.

Акустические аспекты характеризуют физическую природу звука. Постепенно развиваясь, пение становится предметом особого искусства. Для пения как искусства необходимы правильная, натуральная постановка голоса и техническое вокальное развитие. Пение позволяет исполняющему лицу свободно передавать художественный замысел вокального произведения, не делая над голосом слишком больших усилий, не утомляя его приёмами, противными его натуре.

«Вокальное исполнение музыки голосом, - по мнению В.П.Морозова, - способность голоса выражать музыкальные мысли, способ передачи посредством певческого голоса идейно-образного содержания музыкального произведения, усиленная по выразительности речь, характеризует классическую постановку голоса» [7].

В современных условиях процесс формирования артистических навыков пения будущих учителей-музыки в основном базируется на совокупности выработанных многими годами методах и приемах классических вокальных школ. История вокального искусства и педагогики подтверждает ведущую определяющую роль художественных, эстетических принципов, устремлений, установок вокальной музыки в становлении и развитии исполнительских приемов вокальной техники, следовательно, и принципов вокальной педагогики. Систематизация вокально-педагогического обучения позволяет определить этапы становления вокальной педагогики, которая являясь прикладной дисциплиной, преследует исключительно образовательные и воспитательные цели, в частности, процесса формирования артистических навыков пения у будущих учителей музыки.

Исходя из того, что артистические навыки пения – это вполне закономерное явление в деятельности учителя музыки и обязательное условие, как результат исполнительского творчества, яркое проявление в концертно-исполнительской деятельности достоверно отражающее суть его исполнительского мастерства. Следовательно, что данное профессиональное качество проявляется у учителей музыки в разной степени и зависит от индивидуальных особенностей личности.

Таким образом, процесс формирования артистических навыков пения у будущих учителей музыки характеризуется дуальной направленностью. С одной стороны, работа всех частей голосового аппарата, а также развитием мышц, участвующих в процессе голосообразования. С другой, – исполнительскими, основанными на его психофизическом состоянии. Другими словами, первая сторона работы над сформированностью артистических навыков пения у будущего учителя музыки есть процесс *технического* освоения навыков «нахождения голоса», связанный с установлением правильного певческого режима, с развитием двигательных навыков, которые впоследствии автоматизируются и дают возможность

поющему полностью переключить свое внимание с технической стороны процесса голосообразования на выполнение определенных художественных задач. К ним можно отнести такие навыки, связанные с правильным функционированием голосового аппарата и отдельных его частей в процессе пения как: дыхание, свободное голосообразование, точное интонирование мелодии, артикуляция. Вторая - *исполнительские навыки*, отражающие онтологическую составляющую искусства, порождающую «смысл поверх смысла», вносящую новое измерение в художественное содержание. К данной группе относят навыки, связанные с исполнительской культурой – практическим овладением звукообразования, характерными для различных стилей классической вокальной музыки, особенности произношения поэтического текста музыкальных произведений, создание художественного образа, перевоплощения.

По мнению К.С.Станиславского: «Артисту, глубоко ушедшему в творческие задачи, нет времени заниматься собою как личностью и своим волнением» [4, с. 44].

Следует отметить, что методы и приемы вокальных занятий, направленных на формирование артистических навыков пения выражены тоже в двух направлениях. К первым относят методы прямого, «локального» воздействия. В основе данных методов лежат установки, способствующие переключению сознания студента на конкретную задачу, с целью воспроизведения определенного мышечного воздействия на функцию какой-либо части голосового аппарата. Примерами методов прямого воздействия являются советы обучающимся «вдохнуть глубже», «опустить гортань», «поднять мягкое небо», «уложить язык» и т.п. Ко *второй* относят методы косвенного воздействия. Под влиянием данных методов правильное функционирование какой-либо части голосового аппарата обучающегося достигается путем обращения к ней через «посредников». Например, совет «зевнуть», адресованный обучающемуся, нацелен на обеспечение его гортани свободного и комфортного положения. По мнению В.П.Морозова, методы косвенного воздействия на голосовой аппарат (и особенно работу гортани) имеют явное преимущество перед методами прямого воздействия. Это связано с тем, что косвенные методы оказывают воздействие не только на ту часть голосового аппарата, на которую они направлены, но и на другие части, способствуя организации и подготовке к процессу звукообразования не только одной части, но и всего голосового аппарата в целом [7, с. 217].

Методы, направленные на активизацию у обучающихся, эмоционально-образного мышления («представь, как будто...») также относят к группе методов косвенного воздействия. Выбор методов в процессе формирования артистических навыков пения у будущих учителей музыки необходимо соотносить с учетом типа личности, к которому принадлежит обучающийся. Академик И.П.Павлов в своих исследованиях указывает на два типа личности (в соответствии с двумя типами высшей нервной деятельности): художественный и мыслительный [8].

Художественный тип личности характеризуется эмоционально-образным восприятием внешнего мира, в то время как мыслительному типу свойственно рациональное восприятие окружающей действительности. Так, при работе с обучающимися, мыслительного типа личности предпочтительно использование методов прямого воздействия, а с обучающимися художественного типа – методов косвенного воздействия.

Также необходимо отметить, что сформированность овладения артистическими навыками пения будущего учителя музыки зависит от специфики строения физиологии пения и вокальной техники, как:

- а) физиолого-акустический;
- б) психологический;
- в) технический;
- г) эстетический, уровни фонации.

Указанные уровни фонации отражены в соответствующих дисциплинах:

- а) физиология фонации;
- б) психология пения;
- в) вокальная техника;
- г) эстетика вокала.

Общеизвестно, что специфика физиологии фонации и психология пения составляют научно-методологическую базу общей теории вокального искусства. Вокальная техника и эстетика вокала составят в теоретическом плане собственно эстетическую концепцию вокального искусства, в практическом же плане - живое вокальное исполнительское искусство. Вокальная педагогика должна опираться на общую теорию вокального искусства, понимаемую как синтез всех параметров. Наиболее разработаны в теоретическом и экспериментальном плане физиология пения и вокальная техника, существующая в преемственности живых вокальных традиций великих национальных школ (итальянской, немецкой, французской, русской, казахской и т. д.).

Следует признать, что вокально-педагогическая система, основанная на развитии чувства прекрасного у человека, благотворно влияет на развитие творящего, организующего жизнь начала. Поэтому важно отметить, что в процессе профессиональной подготовки будущих учителей музыки следует обратить внимание на выработку сензитивной стороны (эмоциональные переживания) во время слушания и исполнения вокальной музыки, ее образного содержания, артистично передать те чувства и мысли, которые хотел донести до нас композитор. Именно это сторона вокально-педагогической деятельности позволит развить эмоциональность будущего специалиста, способствуя формированию у него артистических навыков пения в частности, формирует его артистизм в целом. Формирование артистических способностей у обучающихся является хорошей возможностью раскрыть творческого потенциала и воспитать творчески направленную нацеленность на достижение высоких результатов в вокально-сценической деятельности. С помощью выработанных навыков артистизма

будущий учитель музыки может добиться больших высот в профессиональной вокальной артистической деятельности. Следует признать, что выработка навыков артистизма есть процесс проявления творческого начала человека. Поэтому одной из главных традиций в отечественной вокальной школе пения является воспитание не просто исполнителей, но и самостоятельных певцов, всесторонне развитых личностей, творческих индивидуальностей.

Поскольку артистизм представляет совокупность целого комплекса взаимосвязанных структурных компонентов: психофизического, эмоционально-эстетического, художественно-логического составляющих основу вокально-исполнительской деятельности рассмотрим его составляющие элементы, отраженного в соответствии с разработанной нами структурно-компонентной модели.

Основу *мотивационно-личностного* компонента составляют психофизические элементы:

- психические процессы: внимание, наблюдательность, воображение, аффективная память;
- физические данные: владение своим организмом, дыханием, силой и тембром голоса, дикцией, мимикой, пантомимикой.

Все эти содержательные элементы данного компонента обеспечивают коммуникативно-мотивационные действия учителя музыки.

Содержательно-операциональный компонент связан с экспрессивными сторонами личности музыканта, с его эмоционально-эстетический, его сенсорным опытом. Поэтому наиболее важным является способность к управлению своим эмоциональным состоянием, творческим самочувствием. В силу этого учителю музыки необходимо пропускать все явления исполнительского процесса через свой «эмоциональный фильтр», быть эмоционально воспринимающим человеком и перестраивать собственные эмоционально-эстетические состояния, владеть чувством внутренней толерантности.

Художественно-творческий компонент связан с процессами художественно-логических навыков и связан со способностью педагога-вокалиста логически выстраивать систему коммуникативных действий, подвергать ее анализу и корректировке. Поскольку все вышеперечисленные составляющие элементы данного феномена, интегрируя, реализуются при активной, творческой концертно-исполнительской деятельности основанном на профессионально-личностное качество, как навыки овладения своим творческим самочувствием, психофизическим состоянием, то это требует наличия интеллектуальных составляющих: как эмпатия и рефлексия театральное мышление, импровизационность в поведении, способности к перевоплощению.

Таким образом, артистизм – это качество музыканта-исполнителя, которое представляет собой системное образование, включающее такие компоненты как: понимание содержания произведения, музыкальную

память, воображение, эмоциональную активность, осмысления замысла композитора, а формирование артистических навыков пения у будущего учителя музыки - это есть целостная система личностных качеств, способствующая свободному самовыражению и художественному перевоплощению в успешной концертно-исполнительской деятельности.

Список литературы:

1. Семенихина М.Л. Введение диссертации (часть автореферата) на тему «Профессиональная подготовка учителя музыки на основе личностно-ориентированного подхода в условиях педагогического колледжа» – 2005. – 172 с.
2. Хлебникова О.В. «Развитие артистизма у подростка на занятиях по вокалу в ДШИ (метод.разработка) – 19.11.12.
3. Станиславский К.С. Работа актера над собой – М., 1888
4. Станиславский К.С. Об искусстве театра: Избранное. - М.: ВТО, 1982. - 510 с.
5. Апраксина О.А. От составителя // Музыкальное воспитание в школе: Сб. статей. Вып. 17/ Сост. О.А.Апраксина. - М.: Музыка, 1986
6. Грищенко М.Г. Формирование артистизма у художественных руководителей хореографических коллективов в вузах культуры и искусств / автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата пед.наук
7. Морозов В. П. Искусство резонансного пения. Основы резонансной теории и техники. – Изд-во: Редакционно-издательский отдел, Издательский отдел Института психологии РАН, 2002.
8. Павлов И.П. Об уме вообще, о русском уме в частности. — М.: АСТ, 2014. — 320 с.
9. Абдуллин Э.Б. Методологическая культура педагога - музыканта. Учебное пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. - Москва: Академия, 2002.-272 с.
10. Майковская Л.С. Артистизм педагога-музыканта как необходимое условие формирования этнокультурной толерантности у школьников // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств, 2008. – №1. – С. 181-185.
11. Вальденго Д. «Я пел с Тосканини» - 1987, Москва
12. Менабени А.Г. «Методика обучения сольному пению».Москва «Просвещение» 1987. Издательство «Просвещение», 1987. 93 - страниц 47 – 70]
13. Плужников К.И. Механика пения /К.И. Плужников – СПб.: Композиторв. 2004. - 88 с.
14. Дмитриев Л.Б. Основы вокальной методики [Текст] / Л.Б. Дмитриев. – М.: Музыка, 2007. – 368 с.
15. Варламов А.Е. Полная школа пения: учебное пособие, 3-е изд. СПб.: 2008 - 120 с
16. Марио Мелани «Поговорим немного о вокале» Алматы «Формат» 2003
17. Доливо А., Певец и песня. - Москва, 1948

МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДА МУЗЫКАЛЫҚ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

Юсупова А.А.

Ғылыми жетекші, МВА, аға оқытушы, Құрманғазы атындағы ҚҰК
Алматы, Қазақстан

E-mail: adalyat809@mail.ru

Мәуленов Қ.А.

Құрманғазы атындағы ҚҰК

5В010600 «Музыкалық білім» мамандығының 4 курс студенті

Алматы, Қазақстан

E-mail.ru: kidir_koja@mail.ru

Резюме

В статье рассматриваются проблемы развития музыкальной памяти школьников, которые постоянно поднимается в печати. На сегодняшний день вопросы теории и методики ее развития на занятиях музыки в школе мало исследованы и научно не достаточно обоснованы, что и определило актуальность данной статьи.

Summary

The article deals with the problems of the development of musical memory of schoolchildren, which is constantly raised in the press. To date, the issues of theory and methodology of its development in the classroom of music at school little studied and not scientifically justified, which determined the relevance of this article.

Есте сақтау мәселелері, атап айтқанда, музыкалық есте сақтау мәселелері бірнеше ғасырлар бойы көптеген ғалымдардың, драматургтер, режиссерлар, барлық мамандықтардың музыканттары, мұғалімдердің назарында болды. Есте сақтау, кез-келген басқа когнитивтік психикалық процесс сияқты белгілі бір сипаттамаларға ие. Жадтың негізгі сипаттамалары: көлемі, еске түсіру жылдамдығы, шығарманы ойнаудағы сенімділік, есте сақтаудың ұзақтылығы, сақталған ақпаратты пайдалануға дайындық.

Есте сақтау - ақпаратты сақтау және сақтау мүмкіндігін сипаттайтын жадтың ең маңызды сипаттамасы. Шығарма ойнау жылдамдығы тұлғаның өзінің іс жүзінде қолданатын ақпаратты пайдалану қабілетін сипаттайды. Әдетте, кез-келген мәселені немесе тапсырманы шешу үшін, адам есінде сақталған ақпаратқа жүгінеді. Музыкалық жады - музыкалық материалды тану және ойнау мүмкіндігі. Музыканы есте сақтау барысында музыкалық жадтың барлық негізгі түрлері жұмыс жасайды: қозғалыс, эмоция, көру, есту, логика. Олардың қайсысы маңызды рөл атқаратыны - музыканттың өзіндік жеке қабілеттеріне байланысты. Музыкалық жадта маңызды орын алатын есту жады, эмоциялық жады. Музыканы ойнағанда, қозғалыстық жады да маңызды рөлді атқарады (қозғалыстың реттілігін есте сақтау), көру (ноталық тексті есте сақтау), және музыкалық шығарма құрылымының логикасын есте

сақтауға көмектесетін сөздік - логикалық жады. Көптеген жағдайларда музыканы есте сақтаудың ең маңызды ресурсы есту болып табылады, содан кейін маңыздылығына қарай тактілік және қозғалыстық жады. Феноменнің мәнін түсіндіргеннен кейін ғалымдар оның дамуына қатысты сұрақтарға көңіл бөлген.

Римский-Корсаков жазғандай, музыкалық жад бізге табиғатпен берілген және оны жетілдіру қиынға соғады. Дегенмен, академиялық қоғамдастықтың көпшілігі адамның музыкалық жады басқа да жады секілді дамытуға болады деген тұжырымға келген, және үнемі пайдалану кезінде оң нәтиже беретін тиімді әдістері де бар.

Алматы қаласы, М. Базарбаев атындағы №138 мектеп-гимназиясында педагогикалық тәжірибеден өту кезінде, музыкалық колледжде және консерваторияда алған тәжірибем негізінде, музыкалық сабақтарда музыкалық жадты дамытудың кейбір әдістерін қолдандым.

Тәжірибе ойын формасы ретінде әдіс-тәсілдерді қолдану балалар арасында үлкен қызығушылық тудырып, әуенді немесе музыкалық үзіндіді жылдам есте сақтауға мүмкіндік туғызатынын көрсетті. Айта кетер болсақ, ән айтудың, сондай-ақ музыкалық және көру жадыларының дамуы, айқындық принципін қолдану арқылы айтарлықтай жеңілдетуге ықпал етеді. Осы мақсатта біз музыка сабақтарында: дыбыстардың реттілік кестесі (кестеде көрсетілген дыбысты орындау), ырғақ, фортепианолық пернетақта, ноталардың атауы бар карталар пайдаландық. Мысалы, музыка сабағында «Саяхатта» Музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған Ә. Дүйсенбиев әнін үйрендік.

Көрікті кең өлке,
Қойны мол береке.
Жаз күні мына біз,
Саяхат құрамыз.

Қайырмасы:

Ұлы Отан анамыз,
Бақытты баламыз,
Бақытты боламыз.

Ән қарапайым 1-шумақ, 1-қайырмадан тұрады. Бұл әнді үйрену және оны жылдам есте сақтау үшін келесі қадамдарды жасадық:

1. «Ритмикалық суретті қайталау». Барлық балалар үшін ритмикалық үлгілері бар алдын-ала дайындалған карталар - бұл нота сызығы жоқ, әр түрлі ұзақтықтағы ноталар. Әр оқушыға бір картадан беріледі. Оқушылар ортаға кезекпен шығып, қолдарындағы суретте берілген ритмді қол шапалақ арқылы орындайды. Жүргізуші картаны жауып қойған соң, қалған оқушылар соны жатқа қол шапалақ арқылы орындаулары тиіс. Бұл тапсырма есте сақтауды ғана емес, ритмді сезінуді де дамытады.

2. «Ритмикалық бейне». Біз әрбір оқушыға қарапайым бір әуеннен береміз, оны тыңдатамыз, сосын оқушылар жатқа оның ритмін соғуы тиіс. Егер бір оқушы оны орындай алмай қалса, онда ол өз кезегін жіберіп алады,

содан кейін оған басқа әуен беріледі. Оқытушы әр оқушы қалай орындап жатқанын бақылайды, және осы арқылы оқушыға артылатын жүктеменің дәрежесін анықтайды.

3. «Нотаның биіктігі». Тапсырмаға кіріспес бұрын әрбір қатысушыға 8-нотасы бар (бір октава) карта беріледі. Әр нота бір биіктік. Оқытушы бір әуен ойнайды, ал оқушылар әуеннің нотасын және қандай биіктікте екенін карта арқылы көрсетеді.

4. «Музыкалық сурет». Оқытушы әр нотаны суреттейтін бірнеше кейіпкерді таңдайды, содан кейін берілген әуен ойналып, балалардың назарын әр объектіге аударады. Сосын әр объектіні жеке-жеке қайталап, содан кейін бүкіл суретті қайталау міндеті жүктеледі.

5. «Әуенді тап». Оқытушы балаларға таныс емес бірнеше әуен таңдайды да, оларға реттік нөмір бойынша әуенді тыңдатады. Содан кейін, осы әуендердің үзіндісінен балалар музыкалық нөмірді анықтауы керек.

Б.Теплов «ішкі есту қабілеті» жоғары деңгейде дамыған адамдар тек көзбен қабылдаудан кейін «ішкі есту қабілеті» «көзімен есту» қабілетіне ауысып, ноталық текстті көріп-есту арқылы қабылдай алатынын орнатқан.

«Ішкі тыңдауды» дамыту үшін біз П.Вайстың оқыту әдісіне бет бұрдық. Ішкі тыңдау, адамның жадындағы музыканы елестету қабілеті екені белгілі, оны өзінің қиялында тыңдау, қобалжу, оны орындамай, тыңдамай, музыканы жадында орындау.

Сабақтарды жүргізудің негізгі шарты - екі талапты қанағаттандыру: сабақтар қызықты болуы керек, эмоциялық мазмұнға толы, ал әрбір сабақ, әрбір тапсырма белгілі бір әдістемелік мақсатқа бағынышты болуы керек. Әдістемеге сәйкес, ішкі есту мен музыкалық естуді дамыту бойынша жұмыстар жүргізу, жеке дыбыстарды қабылдау мен көбейтуден бастау ұсынылады [1].

Кейбір балалар көрсетілген дыбысты дәл айта алмайды, яғни биік немесе төмен айтады. Бұл музыкалық естудің болмауына байланысты емес, қарапайым ән айту тәжірибесінің жоқтығынан, өзін тыңдай алмау және дауысын басқара алмағандықтан. Оқушы әрқашан айта алатын және қалыпты тесситураға келтіре алатын дыбыстың биіктігін табу қажет. Ең басынан бастап, сыныпта таза, жәй ән айтуды қамтамасыз етіңіз. Мұны істеу үшін балалардың топтарда және жалғыз ән айтуын ұйымдастыру ұсынылады. Ән айтуды топтастыру келесі үлгіде құрастырылады: бірінші жақсы айтатындар, келесі жақсы және орташа айтатындар, одан кейін барлығын қатар бойынша немесе парта бойынша айтқызу т.с.с.[2].

Мұғалім алдында музыкалық нөмірді нотамен үйрету барысында кездесетін маңызды міндеттердің бірі - оқушылардың ішкі тыңдауын белсендендіру. Алдымен «іштей» музыкалық нөмірді бірнеше рет айту керек, содан кейін тізбекті түрде бір-бірден айтқызу, ал келесі кезең - бұл нөмірді басқаларға үлгі бола алатындай үздік оқушыға айтқызу, содан кейін бүкіл сыныппен дауыстап және «іштей», «ойша» кезекпен айтқызу керек. Бұл кезектілік ішкі естудің дамуына көмектеседі, таза интонацияға ықпал етеді. Және де музыкалық және көру жадыларын дамытады [3].

Осылайша, музыкалық жады - әр түрлі жадылардың жиынтығын ұсынады. Жұмыстың әртүрлі кезеңдері есте сақтауға әртүрлі тәсілдерді қажет етеді және музыкалық шығарманы үйрену тәсілдеріне қатысты әртүрлі әдістерді пайдалану жұмыста жақсы анықтама нүктесі ретінде қызмет ете алады. Ескере кетсек, ерікті немесе еріксіз жады баланың жеке ерекшеліктеріне де байланысты болуы мүмкін, сондай-ақ оған ақыл-ой немесе көркемдік бастаманың үстемдігі жатады. Есте сақтаудың жоғарғы деңгейі музыкалық шығарманы ойша бірнеше рет ойнау, музыкалық-естулік көріністің деңгейінде қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абдуллин Э.Б. Теория и методика музыкального образования: Учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений. –М.: Прометей, 1997. - 18 б.
2. Бьюзен Т. Усовершенствуйте свою память. - М.: «Попурри», 2003. - 219 с.
3. Теплов Б. М. Психология музыкальных способностей. -М. -Л.: АПН РСФСР, 1947. - 355 с.

УДК 372.87

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В МЕТОДИКЕ МУЗЫКАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ

Юсупова А.А.

Научный руководитель, МВА, старший преподаватель
КНК имени Курмангазы, Алматы, Казахстан
E-mail: adalyat809@mail.ru

Мухаметшина Ф.Ф.

Студентка 4 курса специальности 5В010600 «Музыкальное образование»
КНК имени Курмангазы, Алматы, Казахстан
E-mail.ru: farida_25.94@mail.ru

Түйіндеме

Бұл мақалада музыка сабақтарында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір формалары мен әдістері талқыланады, атап айтқанда, К. Орфтың жоба әдісінің элементтері мен негізгі музыка жасау.

Summary

The article deals with some forms and methods of using innovative technologies at music lesson, in particular, elements of a method of the project and elementary playing music of Carl Orff.

Современное образование выдвигает новую систему требований, направленных на формирование и развитие образованной, творческой, компетентной и конкурентноспособной личности, способной жить в динамично развивающейся среде. Новая система обучения предполагает постоянное обновление, ставит задачи не только глубокого значения возрастной, педагогической психологии, педагогики, владения методикой обучения и воспитания, но и творческого отношения к работе, умение понять внутренний мир ребенка.

Нам, будущим учителям музыки, необходимо владеть новыми образовательными технологиями и современными методиками, для того, чтобы внедрить их в образовательный процесс, так как без внедрения новизны инновации не может развиваться ни одна наука, в том числе и музыкальное образование.

Наша основная задача – помогать детям получать новые знания, используя современные информационные технологии и эффективные методы обучения, а также уметь сформировать у ученика информационную компетентность, развивать у учащихся любознательность, познавательный и творческий интерес.

За период прохождения педагогической практики в школе, меня изначально занимали вопросы как сделать уроки более эмоциональными, интересными и запоминающимися. Особое влияние на меня оказала пассивная педагогическая практика, задача которой заключалась в посещении учебных занятий и знакомство с учебной деятельностью. Преподаватели делились с нами наработанным опытом работы, различными методами развития музыкальных способностей детей младшего школьного возраста.

На четвертом курсе, в период проведения уроков в качестве учителя музыки, основываясь на полученные знания, мы решили использовать новые методы и формы для развития эмоциональной сферы ребенка, способствующие формированию и воспитанию гармоничной личности.

В условиях введения обновленной программы обучения младших школьников на уроке музыки большая роль отводится самостоятельными навыкам и умениям работать с различными источниками информации: книгами, учебниками, справочниками, энциклопедиями, словарями (в том числе на электронных носителях, таких как: CD, DVD, флешкарта ресурсами сети Интернет; самостоятельный поиск, извлечение, систематизация, анализ и отбор необходимой информации [6].

Из множества образовательных программ по урокам музыки выбор остановился на технологии метода проекта. Метод проекта – это организация обучения, при которой учащиеся приобретают знания в процессе планирования и выполнения практических заданий-проектов. Применительно к уроку музыки, проект – это специально организованный учителем и самостоятельно выполняемый обучающимися комплекс действий, завершающихся созданием творческого продукта [6].

Проект ценен тем, что в ходе его выполнения, школьники учатся самостоятельно приобретать знания, получать опыт познавательной, учебной и исследовательской деятельности. При защите проектов учащиеся приобретают навыки выбора, учатся работать в коллективе, применяют полученные знания при изучении других предметов.

Например, согласно учебного плана, мы разработали тему урока «Путешествие в мир музыки». Предварительно детям было дано задание подготовить небольшие сообщения о строении и особенностях различных

инструментов. Класс был поделен на несколько команд, соответственно группам симфонического оркестра: струнные, деревянные и медные духовые, ударные. Каждый ученик рассказывал о выбранном им музыкальном инструменте, затем ребята из других команд задавали интересующие их вопросы. Для закрепления данного материала был использован видеоролик – развивающий мультфильм для детей из серии «Видеть музыку», в котором главные персонажи попадают в «страну музыки», и знакомятся с её жителями – различными музыкальными инструментами входящими в состав оркестра [7].

С помощью информационных технологий, появляется возможность ввести в изучение темы компьютерные музыкальные программы, которые не только позволяют слушать музыку в качественной записи, просматривать фрагменты произведений видеозаписи, но и дают доступ к большому блоку информации, связанной с миром искусства: живопись, музыка, литература, народные промыслы. Так, на уроке мы учимся делать презентации, дети учатся делать слайды, собирать необходимую информацию, учатся рисовать, находят аудио-видеоматериалы. Мы живем в век стремительного развития технологии, поэтому, следует отметить, что дети в наше время хорошо ориентируются в компьютерах [6].

Нельзя забывать, что важной составляющей уроков музыки является живая музыка и ее ничем нельзя заменить. Для инсценирования песни мы используем игровые моменты, ребятам очень нравится перевоплощаться в другой образ. С этой целью мы использовали некоторые методы из системы обучения Карла Орфа [2].

Инсценирование песен помогают развить различные творческие умения детей в восприятии, сочинении, исполнении, импровизации, размышлении о музыке. (Например, песня «Если добрый ты» из м/ф «День рождения кота Леопольда», написанная Б. Савельевым и А. Хайтом.)

Методика Карла Орфа построена на обучении элементарному музицированию – игре на музыкальном инструменте, речевых упражнениях, сочетания музыки с танцем. Элементарное музицирование, по мнению К. Орфа, является той формой обучения, которая позволяет играть многопланово: играть на инструментах и играть с элементами музыки: ритмом, тембром, динамикой, фактурой и т.д., играть друг с другом, разыгрывая сюжеты песен, и играть вместе, создавая ту неповторимую атмосферу общения, в которой всем комфортно и радостно [2].

Таким образом, применение инновационных технологий и методов обучения нам необходимы, так они развивают аналитическое мышление, саморазвитие и самосовершенствование. Современный педагог должен сам учиться на протяжении всей своей профессиональной деятельности совершенствовать свое мастерство, так как учитель не просто передает имеющиеся у него знания, а обучает детей мыслить, рассуждать, отстаивать свое мнение и уважать мнение других людей, используя знания, полученные на занятиях в школе.

Список литературы:

1. Сергеева Г.П. Актуальные проблемы преподавания музыки в образовательных учреждениях, -М., 2010.
2. Белобородова В.К. Методика музыкального образования. -М.: Академия, 2002.
3. Усов М.В. Вопросы музыкальной педагогики. Выпуск 10. -М.: Музыка, 1991.
4. Смирнова Е.О. Проблема общения ребенка и взрослого в работах Л.С.Выготского и М.И.Лисиной. //«Вопросы психологии», 1996.
5. Интернет и музыкальное образование школьников // Искусство и образование. -2000. – №1. – с.45-50
6. Штепа В. Компьютерные обучающие программы на уроках музыки в 5-7 классах // Компьютер в школе и семье. -К., 1999. –№3. С.33-37.
7. <https://www.youtube.com/watch?v=TuuVNOmM1Zc>

ӘОЖ 796.8

СПОРТТЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІН СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ақылбек Ж.Н.

Шымкент университетінің аға оқытушысы, Шымкент қаласы, Қазақстан

E-mail: janar_8175@mail.ru

Резюме

В статье рассматриваются проблемы контроля и оценки физических возможностей человека в целях получения спортивных достижений, даются соответствующие рекомендации и делаются необходимые заключения и выводы.

Summary

The literary boiled, that had been investigated, aim to choose do and on the basis of that business does a necessity to works of experience conclusion.

Іс-тәжірибеде спорттық қабілеттерді өлшеу үшін сынақтар кешені қолданылады, олар спорттық өлшеудің сенімділік жан – жақтылық дұрыстық талаптарына сәйкес келуі тиіс. (Бигуш, 1982; Сергиенко, 2000).

Сынақтың сенімділігі – сәйкес сынақ жұмысының дәлдігі туралы мәлімет беретін нәтижелер тұрақтылығы, егер сынақ көмегімен өлшеудің өзгеріссіз нәтижелері алынса онда ол сенімді деп есептеледі. Сынақ, сенімділігінің мәні оның көмегімен басқа да бақылау жаттығуларының немесе зерттелетін белгілердің өзара байланысын сипаттайтын шама туралы талқылауға түзету ендіруге болатындығынан көрінеді.

Сынақтың дұрыстығы – бұл қызықтыратын белгіні сипаттайтын өлшем мен сынақ арасындағы байланыстың көрсеткіші. Сынақтың дұрыстығы оның сенімділігі туралы, яғни оның көмегімен аталған қабілетті қаншалықты дәл өлшеуге болатынын көрсетеді. Бұл өлшемді спортқа жарамдылық мәселесін шешуде және спорттың жеке мәселелерін зерттегенде қолданады.

Сынақтың жан-жақтылығы – бұл сынақ нәтижелерінің зерттеушінің жеке сапаларынан тәуелсіз болу деңгейі. Сынақтың жан-жақтылығы түрлі зерттеушілердің, түрлі зерттеушілермен сынақ бағдарламаларын

жүргізгендегі тұрақты нәтижелермен сипатталады. Дәлірек айтсақ, сынақтың жан-жақтылығы – бұл өлшеу құралдары мен өлшеу әдістерінің дәлдігі.

Спорттық бағдар, спорттық мамандық таңдау және спорттық іріктеу мақсатында жасалған сынақ пен сынақ бағдарламалары мына салаптарға сай болуы тиіс.

- жаңадан бастаған спортшылар үшін лайықты әрі қызықты болуы тиіс;
- спорт залдары мен стадион жағдайларында тәжірибелік қолдануға қолайлы болуы тиіс;
- Аталған қабілетті өлшеу бойынша міндеттерді өте тез шешуді қамтамасыз ету;
- Субъективті факторлар ықпалына қарамастан тұрақты нәтижелер алу (ауа райы жағдайлары, жарықтандыру, жаттықтырушы, т.б.);
- Жеке көрсеткіштермен салыстыру үшін баға кестелерін қолдану.

Спорттық іріктеуде жалпы және арнайы қабілеттерді өлшеуді ұйымдастыру жеке және топтық әдістермен жүргізіледі. Өлшегенде белгіленген ережелер мен әдістерді басшылыққа алады, ол спорттық қабілеттердің құрамдас бөліктерін сенімді анықтап, оларды арнайы кесте бойынша бағалауға мүмкіндік береді.

Дене қабілеттерін өлшеу, жалпы және арнайы спорт қабілеттерін өлшеу үшін түрлі сынақтар мен қарапайым құралдар пайдаланылады. Әрине, бұл өлшеулер дұрыстық сынағынан өткен және спорттық іріктеуде қабілеттерді өлшеу үшін ұсынылады.

Жүргізілген нәтижелері спорттық дарындылықты спорттағы жоғары жетістіктерді қамтамасыз ететін қабілеттердің үйлесімі ретінде қарастыруға болатынын дәлелдеді. Жаттықтыру мен жарыс ықпалдары қозғалыс, дене және психикалық қабілет қасиеттерін дамытады. Қасиеттердің мәнін түсінуге деген амал ең алдымен заманауи спорт талаптарына негізделген, себебі В.Келлер (1995) мен В.Плотов (1997) жарыс жағдайында адамның қимыл дене және психикалық әлеуеті талаптарын зерттеуге болатынын дәлелдеді. Демек қасиеттердің мазмұнын анықтайтын белгілер туралы ақпарат қажет, яғни спорттық дарындылықтың негізі болып табылады. Бұндай ақпарат спортпен айналысудың бастапқы сатысынан бастап жоғары жетістіктерге жету сатысына дейінгі жас ерекшеліктер ауқымын қамтиды. Қазіргі кезде спорттың алуан түрлеріндегі нәтижелердегі морфологиялық, физиологиялық, психофизиологиялық, және басқа да белгілерінің ықпалы туралы жеткілікті ақпараттар мен спорттық табысқа кепіл болатын көптеген өлшемдердің генетикалық негізі туралы мәліметтер бар. Мәселені ары қарай зерттеу өзара байланысқан көптеген құрамдас бөліктердің белгілі бір құрылымдарын қамтитын дамушы жүйе ретіндегі спорттық дарындылықты зерттеу талап етеді. Бұндай зерттеу барысында алынған мәліметтер спорттық дарындылық өлшемдерінің мазмұнын жасауға түбегейлі ықпал етуі мүмкін, яғни мұнда құрылымды зерттеуді жалпы және арнайы спорттық дайындық ретінде қарастыру қажет. Мәселені осылай қоюға байланысты спорт түрлерінен спорттық дарындылықтың жас ерекшеліктері құрылымын зерттеу

бойынша зерттеулер ұйымдастырылды.

Зерттеу бағдарламасына дене қабілеттерінің деңгейін сипаттайтын белгілер өлшемдері (педагогикалық өлшемдер) жүйке жүйесі мен типтік топтардың негізгі қасиеттерін бейнелейтін психофизиологиялық көрсеткіштер (психофизиологиялық өлшемдер) мен антропометрикалық белгілер (соматометрикалық өлшемдер) ендіріледі. Есебі мен талдау көптік, детерминация көмегімен (пайызбен) жүргізіліп, әрбір өлшемнің спорттық нәтижелерге жалпы және таңдаулы ықпалдары бағаланды. Мысал ретінде спорттық жылдамдық – күш түріндегі спорттық дарындылықтың жас ерекшелігі құрылымын зерттеу бойынша мәліметтерді келтіреміз (жеңілатлетикалық секірулер) Зерттеу нәтижелері жас спортшы қыздарда алғашқы дайындық кезеңінде спорттық нәтижеге дене қабілеттерінің даму деңгейі көбірек ықпал ететінін көрсетті. Мұндағы жаттықтыру ықпалының әсері өте жоғары, ал жоғары жетістіктер сатысында спорт нәтижесі көп жағдайда жүйке жүйесінің жағдайына байланысты болады. Егер спорт нәтижелеріне биологиялық белгілер әсерін кешенді қарастырсақ (соматометриялық және психофизиологиялық, онда оның бастапқы және жоғары жетістіктер сатысындағы маңызды ролін айта кеткен жөн 40,0 және 49,3%). Біршама өзгереді мәліметтер жас спортшылар көрсеткішін талдауда алынды. Ұлдардағы спорттық дайындықтың алғашқы екі сатысындағы биологиялық белгілердің спорт нәтижелеріне күшті ықпал еткені байқалды. Сонымен, зерттеу негізінен генетикалық негізделген биологиялық белгілер ықпалдары спорттық дарындылық құрылымында жоғары екенін және жас, жыныстық айырмашылықтары болатынын көрсетті. Демек, спорттық дарындылықты кешенді зерттеу дайындықтың түрлі сатыларындағы спорттық іріктеудің өлшемдерінің мазмұнын әзірлеуге арналған ақпараттарды алуға мүмкіндік беріп, сондай-ақ спорттық іріктеудің негізгі міндеттерінің бірі – бұл біріншіден, алғашқы дайындық сатысындағы жалпы спорттық дарындылық деңгейін, екіншіден, тереңдетілген спорттық мамандану сатысындағы арнайы дарындық деңгейін анықтау мен бағалауға мүмкіндік береді. Жалпы спорттық дайындылық құрылымын зерттеу бойынша нақты міндеттер қоямыз, атап айтқанда: Жалпы спорттық дарындылық барлық спорт түрлері өкілдерінің қызметін талдау мен жарыс және жаттықтырудың заманауи талаптары негізінде зерттелуі мүмкін. Үлкен жаттықтыру жүктемелері мен одан кейінгі күшті шапшаң қалпына келтіру жоғары дәрежелі спортшыға тән. Бұл зор денсаулықты, жоғары жұмыс қабілеті деңгейін талап етеді, дене қабілетінің даму деңгейімен анықталады. Дененің құрылым ерекшелігін, соматотипін және дене бітімін зерттеудің маңыздылығын айта кету қажет. Көптеген спорт түрлеріндегі спорт нәтижесі қимыл қабілетін дамытудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін тиісті қимыл үйлесімін бұлшық ет сезімталдығын кеңістікті бағдарлауын және басқа қасиеттерінің дамуын талап ететін жаттығуларды орындау сапасымен анықталады. Жарыс әрекеті жүйке жүйесі мен көңіл-күй тұрақтылығына, спорттық стресс жағдайында өз сезімін басқару іскерлігіне қойылатын

жоғары талаптарды ұсынады.

Спорттық дайындылық спортта жоғары жетістіктерге жетуге арналған қимыл, дене және психикалық қабілеттерді барынша дамытуға көмектесетін қасиеттерін үйлестіру ретінде қарастырылады. Спорттық дарындылықты зерттеу тұрақты жоғары спорт нәтижелерін қамтамасыз ететін өзара байланысқан құрамдас бөліктердің көпшілігі мен белгілі бір құрылымы бар өзгермелі жүйе ретінде қарастыруды ұсынады. Балалар мен жасөспірімдердің спорт дайындығының алғашқы сатысындағы жалпы спорттық дарындылықты қимыл және дене қабілеттерін сынау көмегімен, сондай-ақ соматикалық даму мен көңіл-күй тұрақтылығын бағалау үшін педагогикалық бақылау, сауалнама, сұрақ-жауап әдістерін анықтауға болады. 2.2. Спорттағы қабілеттілік пен дарындылықты зерттеудің жүйелік амалы. Спорттық қабілет пен дарындылықты қасиеті мен ерекшеліктері негізінен оны құрайтын бөліктердің ішкі табиғатына байланысты біртұтас жүйе ретінде қарастыруға болады. Біртұтас дамуды, оның бөлшектерінің өзара байланысы мен өзара әрекеттерінің зерттелуі ақиқатты танудың негізгі принциптері болып табылады. Бұл принцип биологиялық және әлеуметтік нысандарды зерттеудегі кешенді амалды жасауда көрініс тапты. Кешенді зерттеу бірінғай бағдарлама бойынша жұмыс істейтін түрлі мамандардың жұмысы мен ортақ мақсатқа жету үшін біріккен жұмыстарды үйлестіруді ұйымдастыруды қарастырады. Нысанды зерттеудегі мұндай амалдар спорттық дарындылықты өзара байланысты элементтер көпшілігі бар жүйе ретінде қарастыру қажет. Спорттық дарындылықты кешенді зерттеу оны нысан ретінде нысанды ілімі тану түрінің бірі – жалпы жүйе ілімін зерттеу деп қабылдауға мүмкіндік береді. Бүтінді зерттеуді түрлі деңгейлерде жүргізуге болады. Біз спорт дарындылығы мәселелерін ағза деңгейінде зерттеуді дұрыс санап, мұндағы дарындылық пен қабілетті спорттағы басқа деңгейлерде зерттеуді жоққа шығармаймыз. Спорттық дарындылық жүйесін мына сызба бойынша көрсетуге болады. Бүтін ағза органдар жүйесі – органдар, ұлпалар жасушалық немесе жасушалық емес ұлпалар элементтері.

Жүйелік амал барлық құбылыстар мен заттарды белгілі бір құрылымы (ұйымдастыру) бар жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл белгіленген бүтіннің ерекшелігін, оның қасиеттері мен өзгешеліктерін анықтағанда оны құрайтын элементтердің өзара байланысы мен өзара әрекеті әдістерін қарастыратын бүтіннің ішкі пішіні, яғни құрылымы бар екенін білдіреді. Мұндағы құрылымды зерттеу оны тарихи тұрғыдан яғни шығу тегі мен дамуын тануды қарастырады. Оның құрылымдық – бөлшектік талдау негізіндегі жүйесі туралы ақпараттарды алу оның қызмет ету әдістерін зерттеуге яғни оны өзгермелі жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Тарихи тұрғыдан жүйені талдау екі бағытта қарастырылады: генетикалық, болжамдық. Демек, жүйені бұлай зерттеуде көпшілік бөлшектер і арасындағы қатынаспен және байланыспен анықталады, жүйенің интегративтік қасиеттерін бүтін ретінде белгілейді. Яғни, кез келген жүйенің өзіне ғана тән, аталған бүтіннің процестері мен барлық бөліктерін

үйлестіретін интегралдық факторлары бар. Бүтінді зерттеу бөліктердің өзара әрекеті, қатынас пен байланыс жүйе түзуші байланыс, сабақтастық құрылымы, бүгіннің құрылымы мен оның құрамдас бөлшектердің тәртібі ретіндегі сәттерді қарастыратын құрылымдық талдау көмегімен атқарылады. Математикалық әдістердің маңызы зор, оларды қолдану жүйенің шығу тегі мен дамуын табысты зерттеуге, сондай-ақ адамның өмірлік іс-әрекеттері саласында оның ішінде спорттық салада маңызды тәжірибелік мәні бар болжам жасауға мүмкіндік береді. Жүйке жүйесінің айрықша қасиеттері адамның психикалық процестерінің өзгерістерін сипаттайтын темпераменттің физиологиялық негізі болып табылады. әр бір темпераментке мінез-құлықтарындағы өз ерекшеліктері, қоршаған ортаға деген реакциясы, т.б. тән. Холерикалық темперамент (жүйке жүйесінің түрі бойынша әлсіз) – күрескер, тез көтеріледі. Ол үшін іс-әрекет пен мазасыздануда айналымдық тән.

Ол жұмысқа барынша беріліп, айналысады, күші тасып, кедергіні бағындыруға дайын, шынында да мақсатқа жету жолында кедергілер мен қиындықтарды бағындырады. Ал күші таусылғанда онда құлдырау болады, себебі ол түгел жұмыс атқарғанға дейін тез шаршайды. Холериктің ерік жігері тұрақсыз. Ол сонымен қатар тез ашуланады, өз әрекетін үлкен күш түсірумен атқарады. Сангвинистикалық темперамент жүйке процестері жақсы меңгерілген, қозғалмалы, күшті тұрақты түр. Бұл талапқа сай, дені сау, өмірге құштар қоғам мүшесі, бірақ ол өз қабілетін қызықты істерге, яғни үнемі қозу жағдайында көрсетеді. Сангвиник қозғалуға бейім, өзгермелі әрекет жағдайларына тез бейімделеді, айналасындағылармен сөйлескенде қысылмайды. Ұжымда бұл тип көңілді, өз ісін жақсы басқарып, қызыға атқарады. Сезімі тез туындап, тез ауысады, ол нерв әрекеттерінің тез ауысуын көрсетеді. Қауіпті жағдайларда ашуын тез басады. Әдетте оптимист жүйке әрекеттерінің тез қозғалысы ақыл – ойының икемділігіне көмектесіп, зейінін тез аударып, жаңасын тез меңгереді. Флегматикалық темперамент қозу мен тежелуінің барынша тұрақты әрекетімен, жүйке әрекеттерінің қозғалыс қатыстығымен сипатталады. Бұлар – салмақты, ұстамды адамдар табанды және төзімді еңбекқор. Жүйке әрекеттерінің тұрақтылығы мен олардың инерттілігі арасында флегматиктер күрделі жағдайларда да салмақтылығын сақтайды. Күшті тежелуі мен тұрақтылығына қарай флегматик қозу барысында өз еркін бағындыра алады. ол ұсақ – түйекке араласпайды, сондықтан ұзақ және әдістік күш түсіріп, біркелкі күш жұмсауды қажет ететін жұмысты орындай алады. И.Павлов бұл түрдің үлкен төзімділігін атап өтті. Үлкен жұмыс атқарғаннан кейін де флегматиктер жүйке жүйесі үшін біршама ауыр, бірақ жүйке әрекеттерінің үлкен қозғалысын талап етпейтін тапсырмаларды да орындай алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Адамбеков К.И. "Оқушылардың дене тәрбиелеудің педагогикалық негізі". п.ғ.д. дисс. авторефераты. -Алматы, -1995, 38 б.
2. Сапарбаев М.Б. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасы. п.ғ.д. дисс. авторефераты. -Алматы, 1993, 318 б.

3. Гейнца К.А. Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердегі 1-9 сынып оқушыларының нұсқалық бөлімдерін жете зерттеу. п.ғ.к. дисс. авторефераты. М., 1995, 22 б.
4. Иванов Г.Д., Кульназаров А.К. Оздорови гелный бег: научно-мет. реком. -Алматы. ННПЦФК, 2001. 50,556.

ӘОЖ 796.092.2. 54

СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қонарбаев Ж.Ө.

Шымкент университетінің доценті, Шымкент қаласы, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются педагогические предпосылки развития здорового образа жизни

Summary

The pedagogical preconditions of development of a healthy image of life

Оқыту процестері негізгісі дене жаттығулары болып табылатын ықпалдар құралдарын сондай-ақ ықпалдардың сәйкес сөздік, көрнекілік, іс-тәжірибелік құралдары мен әдістерін қолдануды талап етеді.

Іс-тәжірибелік оқытуда жалпы педагогикалық әдістері (мазмұндау, әңгімелеу, дәріс беру, көрсету т.б.) ал қимыл әдістерін оқытқанда жалпы педагогикалық және арнайы әдістер пайдалынады. Оқыту әдістері дидактикалық принциптерге сәйкес қолданылып, оқушылардың жас ерекшеліктері заңдылықтарына негізделеді.

Оқыту барысындағы ілімдік мәліметтерді мазмұндау негізінен көрнекі құралмен үйлестіріп, сөздік әдісімен жүргізіледі. Алған білім іс-тәжірибе жүзінде өзіндік сабақтарда, жұмыстарды ұйымдастыру мен төрешілік жасауда нұсқаушы жұмысында жүзеге асырылады.

Дәйекті материалдарға сүйеніп, мазмұндау, біртіндеп көңіл күймен, бейнелеп келтіріп хабарлайтын әңгіме кең тараған сөздік әдісі. Әңгіме ұзақтығы төменгі сынып оқушылары үшін 7-10 мин; ал одан жоғары жастарға 10-15 минуттан аспауы тиіс [1,33].

Әңгімеге бірқатар талаптар қойылады. Дәйекті материалдарды іріктеу және жариялау көрнекі құралдар мен әңгіме элементтерін пайдалану, оқушыларға дербес жүргізілетін қажетті қорытындылар мен тұжырымдар жүргізу.

Әрине, 10-12 жасар жасөспірімге арналған әңгіме түрі мен мазмұны жағынан осы тақырыптағы 15-16 жастағы жасөспірімдерге әңгімелеуге қарағанда біршама ерекшеленеді. Төменгі сыныпқа арналған қызықты, жарқын, тіпті қимылға толы мазмұндау жоғары сынып оқушыларының қабылдануына тиімсіз оларға тәрізді оқыту әдісі қолданылады.

Әңгімемен салыстырғанда дәріс уақытты үнемдеудеуімен мазмұндаудың ғылыми қатаңдығымен, үлкен тәрбиелік мәнімен мақсатында аудиторияға оқушылардың қызығушылығын тудырып, оқу тиісті дайындықты талап етеді. Жоспар әдебиеттер таңдау, көрнекі құралдар, кино түсірілім, т.б.

Оқытудың сөздік әдісіне диалог түріндегі әңгіме де жатады. Әңгіме оқыту әдісі ретінде педагогика ойластырған сұрақтар мен жауаптар жүйесі арқылы оқушылардың алған біліміне сүйеніп, оларды қойылған міндетті шешуге жетелуге мүмкіндік береді.

Айтылған оқытудың сөздік әдістерімен қатар түсіндіру әдісі де қолданылады. Ол әңгіме дәріс немесе сөйлесу белгілі бір құбылысты толық түсіндіре алмай, қандай да бір ереженің дұрыстығын дәлелдеу қажет болған жағдайда қолданылады. Түсіндіруде талдаудың растығын анықтайтын логикалық байланысқан ой түйіндерге негізделген мазмұндаудың дәлелдеу түрі пайдаланылады. Бұл әдіс қимыл әдісін оқытқанда, қимыл фазалары мен элементтері құрылымын зерттеуде кең қолданылады. Оқытудың сөздік әдісі көрнекілік әдістерімен үйлеседі, яғни оқушыларға табиғи заттарды, құбылыстарды немесе олардың суреттерін көрсетеді. Ілімдік курсты өткенде көрнекілік үшін плакат, тақтаға бормен салынған сурет, кескіндеме, кино түсірілім, кино фильмдер, сызбалар мен диаграммалар, т.б. пайдалануға болады. Әрбір көрнекі құрал сабақ барысында шешімін табатын міндеттерге сай келіп оқушыларды құбылыс туралы дербес ойлап, тиісті қорыынды жасауға үйретуі қажет.

Жас спортшылардың қимыл іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Оқытудың іс тәжірибелік әдістері ең алдымен олардың белгілі бір қимылды орындауға дайындығына негізделеді. Бұл дайындық қимыл-әдістеріне түбегейлі ықпал ететін белгілерді білдіреді. Олар бұл жағдайда негізін себеп салдар әрекеті құрайтын дене және үйлесімділік қабілеттерін дамыту, психикалық даму болып табылады. Жас спортының қимылды меңгеруіне дайындығын анықтағаннан кейін ғана нақты мақсат пен міндеттер қойылады.

Кейбір қимылдарда үйретуге көп уақыт кетпейді. Бұл жағдайда оларды көрсету мен түсіндіру балалардың қимылды мұғалім түзетуімен дұрыс орындауға үйренуі үшін жеткілікті болып табылады. Алайда көп жағдайда қимылға оқыту көп уақытты талап етіп, бүтіндей немесе жекелеп үйрету әдістері жүргізіледі [2,109].

Алғашқы оқыту сатысында қимыл әрекетін меңгеруге іскерлік деңгейінде алғышарт құрылып, қимылды бөлшектеп үйренген дұрыс. Мұнда орындалуы дене қабілеті дамуының жоғары деңгейін талап ететін бүтін қимылдың жеке кезеңдері мен элементтері меңгеріледі.

Осы мақсатта арнайы бағыттағы көптеген ағымдық жаттығулар пайдалынады. Мысалы, арнайы «санды жоғары көтеріп жүгіру» жеңіл атлетикалық жаттығуларлар әдісін оқытқанда бірқатар ағымдық жаттығулар жасалады: оң (сол) аяқты көтеру, аяқ ұшын өзіне қарай тарту; тізені қолмен құшақтап, кеудеге тарту; қол қимылымен аяқты тез түсіруге көмектесу, т.б.

Бұл жаттығулар бірінші орында орындалады, сосын бағдарларды пайдаланып, жүріп және жүгіріп орындалады. Барлық ағымдағы жаттығуларды дұрыс орындауға жеткеннен соң барып, жүгірушінің арнайы жаттығуларын орындауға өтуге болады [3,43].

Қимылды тиімді басқаруға үйрету үшін тиімділік принципін пайдалану керек. Қимылдың жоғары орындалу дәлдігін қамтамасыз ететін нұсқа қимыл міндеттер түрлері ішіндегі ең дұрысы болып табылады. Бір ғана қимыл міндеті көптеген құрылымдық нұсқалармен атқарылады, бірақ нәтижесінде оқушы ағымдағы жаттығулар арқылы тиімді қимыл орындауға үйренеді. Бұл амал қимыл қорын кеңейтіп қимыл міндеттерін дербес атқаруға үйретеді. Оқытудың бұл сатысындағы қимыл қорын кеңейту оқушылардың үйлестіру қабілетін жетілдіру үшін қолданылады.

Ағымдағы жаттығулармен қатар қимылды реттеуші тренажерлер қолданылады, оның бірі бағытты көрсетсе, екіншісі қимылды шектейді. Үшінші жағдайда зейінді шоғырландырып, күшті толықтырады. Қимылды оқытудың сатысында қимыл әрекетін қатты сөйлеу мен ырғақты әуенмен жүргізу әдісі қолданылады.

Қимылға оқытудың алғашқы сатысы төменгі сынып оқушыларына сәйкес келетін ескеріп сабақты «Кім жаттығуды дәл орындайды?» белсенділігіне бағытталған мақсатта ойын түрінде өзкізген дұрыс. Оқытудың бұдан кейінгі сатыларында қимылды толық орындап үйрену тән, ол оқыту нысаны болып табылатын қимыл дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі [4,29].

Оқытудың бұл сатысында өзгермелі тербелісті жаттығулар әдісі, яғни қимылды түрлі бастапқы қалыптардан бастап орындау кең қолданылады. Мұнда «жеңілден қиынға», «жеңілден қиынға өте қиын арқылы» ережелерін ұстанады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Платонов В.Н. Основы общей теории спорта и системы подготовки спортсменов. – Киев. 1999.
2. Сапарбаев М.Б. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің териясы мен практикасы. – Алматы. 1993.
3. Тәнекеев М.Т. Ұлттық спорт әлемі. - Алматы. 1998. 288 бет.
4. Хан А.Н. Педагогические основы построения школьного урока физической культуры: Автореф. дисс. . д-ра. пед. наук. М., 1984. - 33 с.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ТОПОНИМИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН ЗЕРТТЕУ

Сейдуалиева А. Н.

Шымкент университетінің аға оқытушысы, Шымкент қаласы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается улучшенный топонимический метод изучения археологических памятников Южного Казахстана.

Summary

In this article, an improved toponymic method of archaeological monuments of South Kazakhstan.

Оңтүстік Қазақстанның төркіні мен мағынасы жоғарыда анықталған археонимдері мен осы археонимдермен аттас археологиялық ескерткіштерді топонимиялық әдіспен зерттеуді, ескерткіштерді зерттеудің нәтижелері мен ескерткіштердің этникалық тиістілігіне қатысты болжам пікірлерге шолу жасаудан бастаймыз. Топонимиялық әдіспен зерттеудің нысаны етіп, бірінші кезекте жан-жақты, түбегейлі жақсы зерттелген археологиялық ескерткіштерді аламыз.

Біршама жақсы зерттелген археологиялық ескерткіштердің бірі - Сайрам қалашығы. Бұл қалашықтың Қала аталған қалдығы, Сайрам елді мекенінің орталығында сақталған. Қалашықтың топографиясы келесі бөліктер бойынша анықталады: а) дүниенің төрт бұрышына қаратылған, мөлшері 550x500 м, биіктігі 3-5 м болатын, бұрыштары жоқ тікбұрыш жоспарлы орталық төбе (шахристан). Периметрі бойынша төбенің шеттері дуал бейнелі төмпешіктермен қоршалған (бекініс дуалдарының қалдығы); ә) шахристанға жан-жақтан шектесетін, көлемі әртүрлі (0,1-0,5 га) болып келетін аморфты төмпешіктер түріндегі рабадтар; б) шахристанның периметрі бойынша айнала қоршалып қазылған, ені 8-15 м болатын ор; в) ескерткіштің оңтүстігі мен шығыс жақтарындағы топырақтан үйіп жасалған, биіктігі 1,5 м болатын төмпешіктердің қалдығы. Ескерткіштен табылған материалдар, негізінен Әмір Темір заманының шыңылтырлы және шыңылтырсыз керамикасынан тұрады (хум-құмандардың бөліктері, хумша, су тасуға арналған құмыралар, шылапшын-тағаралар, ас салуға арналған табақтар, пиалалар). Бұл ескерткішті археологиялық тұрғыда алғаш рет 1893-94 жылдары зерттеген В.В.Бартольд болды. Одан кейін бұл қалашықты 1923-26 жылдары П.П.Иванов, 1925 жылы М.Е.Массон, 1940 жылы Г.И.Пацевич зерттеді. Сайрам қалашығындағы 1947-50 жылдардағы археологиялық қазба жұмыстарын А.Н.Берштамның басшылығымен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізілді. Осыдан кейін 1979 жылы қазба жұмыстарын жүргізген Н.П.Подушкин басшылық ететін Шымкент пединститутының археологиялық тобы болды. Белгілі археолог М.Е.Массон

1925 жылы Сайрамда үш күн болып, жергілікті тұрғындардан сұрау салу арқылы мәліметтер жинап, Сайрамның топографиясын зерттеген. Осыдан кейін ол, Сайрамның топографиясы мен орта ғасырлар деректемелеріндегі: Испиджаб туралы сипаттамалар мен мәліметтердің сәйкес келетіндігіне тоқталумен қатар, Сайрам мен Испиджабтың бір елді мекен екендігіне, яғни бұл екі атаудың бір қаланың атауы екендігіне күмән келтірген. Массонның бұл пікірін 1947 жылы Сайрамда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, Әмір Темір заманына жататын керамиканың көптеген фрагменттерін және Қарахан заманының аздаған керамикасын тапқан А.Н.Бернштам мен Е.И.Агеева толық қолдап, Сайрамның топографиясы мен айнала төңірегін зерттеген олар, Испиджабты басқа жерден іздеу керек дейтін қорытындыға келген. Сайрамды оғыз қалаларына ұқсас типтегі соңғы орта ғасырлық қала деп санайтын Бернштам мен Агееваның пікірін, Сайрам мен оның рабаттарында жүргізілген соңғы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған материалдар, затты айғақтар жоққа шығарады.

1990 жылы Қарашаш ана кесенесінің солтүстік батысына қарай 150 м жерден мешіт құрылысы басталып, шұңқыр қазылған кезде Оңтүстік Қазақстан облыстық мәдени ескерткіштерді қорғау комитетінің қызметкері А.Н.Грищенко бақылау жүргізген. Сол кезде, шахристанның XVI-XVIII ғасырларына жататын төменгі қабаты мен IX-X ғасырларға жататын жоғарғы қабатының аралығындағы мәдени қабаттарының хронологиясын анықтау мүмкіндігі туды. Сол 1990 жылы Сайрам елді мекенінің солтүстік шетінде жүргізілген қазба жұмыстарының кезінде ескі жұрттың қалың қабатының астынан жерасты құрылысының қалдығы табылған. Оперативті жедел жүргізілген қазба жұмыстары, V-VIII ғасырлар архитектурасына тән жерден қазып жасалған, ұзын әрі тар, бірнеше бөлмелерді анықтаған. 1997 жылы А.Н.Грищенко Абдел-Азиз-баб кесенесінің жанында қысқа мерзімді қазба жұмыстарын жүргізіп, XI –XII ғасырлардың керамикасын тапқан. Өлкетанушы М.Мирхалдаровтың ұйымдастырған Сайрам өлкетану мұражайында, кездейсоқ табылған Оңтүстік Қазақстанның IV-VI ғасырлардағы ерте отырықшы-егінші мәдениеттерінің керамикасына ұқсас керамиканың үлгілері бар. Осы келтірілген археологиялық материалдар мен затты айғақтар, Сайрам қалашығы – оғыз қалаларына ұқсас типтегі соңғы орта ғасырлық қала емес, өте ертеден келе жатқан көне қала екендігін дәлелдейді.

Сайрам елді мекеніндегі тұрғын үйлер мен басқа да құрылыстардың, нысандардың тығыз салынуы, бұл археологиялық ескерткішті жан-жақты түбегейлі зерттеуге кедергі болған. Осы себебепті, көне Сайрам қаласы мен оның рабадтарының ескі жұртында және қазіргі зираттар мен кесенелердің орнында археологиялық қазба жұмыстары аз жүргізілген. Бірақ бұл факты Сайрам археологиялық ескерткіштерін топонимиялық әдіспен зерттеу мүмкін емес дегенді білдірмейді.

Сайрам археологиялық ескерткіші, А.Н.Подушкин ұсынған Арыс археологиялық мәдениетіне немесе Отырар-Қаратау арыс локальды

вариантына жатады. Көне Сайрам қаласы мен оның рабаттарының ескі жұртында археологиялық қазба жұмыстары аз жүргізілген, стратиграфиялық шурф қазылмаған. Ескерткіштің ең ерте қабаттарына жататын археологиялық материалдар мен артефактілер жоқтың қасы болғандықтан ал, Отырар мен Қаратөбе-Сауран қалашықтарының б.д. алғашқы ғасырларына жататын қабаты зерттелмегендіктен, бұл археологиялық ескерткіштерді, топонимиялық әдіспен арыс және Отырар-Қаратау мәдениеттеріне кіретін археологиялық ескерткіштер ден табылған материалдар мен артефактілер және осы ескерткіштерді зерттеу барысында білдірілген пікірлер, болжамдар бойынша зерттейміз. Осы Арыс мәдениетінің Қарауылтөбе кезеңі мен Қаратөбе кезеңінің алғашқы бастау фазасын жасауға сармат тайпалар бірлестігінің өкілдері қатысқандығы осы этникалық қауымдастыққа тура немесе жанама қатысы бар бірнеше этноайқындағыш артефактілер куәләндырады. Бұл артефактілер мыналар: сармат мәдениетіне тән архар-қошқардың басы бүйірінде рельефті-томпиған күйде бейнеленген тас құрбандық, үстіңгі жағы крест болып бітпей, түйме тәрізді диск түрінде бітетін екі жүзді темір семсер, жебенің ұштары, дөңгелек диск тәрізді тұтқасыз және бүйірінде таяқ тәрізді тұтқасы бар қола айналар, зооморфты салпыншақтарды араластыра моншақтан жасалған құрамалы білезіктер мен алқа, майда ыдышалар тәрізді шыны моншақтар, жерлеу салты мен от культымен байланысты темекі, әртүрлі наркотикалық өсімдіктерді шегуге арналған сауыттар, аяқтары бар кішігірім ағаш столдар.

Қарауылтөбе, Қаратөбе, Сайрам археологиялық ескерткіштердің арақашықтығы оншақты шақырым ғана, яғни бұл нысандар, бір-біріне жақын орналасқан. Егерде аталмыш ескерткіштердің арасы жақын ал, Қарауылтөбе мен Қаратөбе ескерткіштерін жасауда сармат тайпалары бірлестігінің өкілдері қатысқан болса, онда Сайрам атауының пайда болуына себепші болған және осы ескерткішті жасаған-сарматтар. Сарматтар бұдан бөтен Қаратөбе, Ордабасы, Төлебайтөбе, Күлтөбе зираттарын қалдырған. Бұл зираттар Сайрамнан оншалықты қашық емес. Сарматтардың Сайрам-Испиджаб өлкесін мекендегендігін айғақтайтын келесі бір этноайқындаушы артефакты - Арыс мәдениетінің керамикасы, Сайрам қалашығынан табылған Әмір Темір заманының керамикасына өте ұқсас. Керамика - ең көп кездесетін археологиялық материал екендігі белгілі.

Ал, сарматтар-көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан тайпалар. Егерде катакомба, отырықшы этностардың идеологиялық наным-сенімінің эволюциясымен байланысты пайда болған болса, ал сарматтар, көшпелі тайпалар болса, онда Арыс мәдениетінің аталмыш кезеңдерін жасауға қатысқан азиялық сарматтар мен Солтүстік Кавказдағы сармат-аландардың зираттарындағы молалар не себепті катакомбалы? Катакомба, отырықшы этностармен байланысты болғандықтан логика бойынша көшпелі сарматтарда қабірдің мұндай құрылысы болмауы тиіс.

Өткен тармақта атап өткеніміздей андрон мәдениетінің арийлер жасаған. Андрон мәдениетін жасаушылар, өлікті тік бұрышты және сопақша келген

шұңқыр молаға көмген. Моланың осындай құрылысы, Сырдың орта ағысындағы отырар-қаратау мәдениетінің және төменгі ағысындағы б.д.д. VII-V ғасырдағы Ұйғарақ зиратының молаларында кездеседі. Егерде андрон мәдениетін жасаған арийлер ал, андрон мен Отырар-Қаратау мәдениеттері және Ұйғарақ зираты молаларының құрылысы ұқсас болса, онда Сыр бойындағы бұл молаларды қалдырған - арийлер болып шығады. Ал, арийлер қалдырған Ұйғарақ зираты молаларының құрылысы, б.д.д. VII-IVғғ. Оңтүстік Оралда орын алған савромат-саурамат молаларының құрылысына ұқсас келеді. Ұйғарақ зиратының молаларымен Оңтүстік Оралдағы саурамат молалары құрылысының ұқсас екендігін, осы зиратты зерттеуші ғалым археолог О.А. Вишневская да атап өткен. Егерде Ұйғарақ зиратын арийлер қалдырса ал, аталмыш зират молаларының құрылысы мен Оңтүстік Оралдағы саурамат молаларының құрылысы ұқсас болса, онда Ұйғарақ зиратын қалдырған арийлер, саураматтар болғаны. Вишневскаяның пікірінше Ұйғарақ пен оған көршілес орналасқан Оңтүстік Түгіскен зираттарының арасында айтарлықтай жақындық байқалады ал, жерлеу салтында тіпті ұқсастық бар. Мұндай сәйкестікті ол, аталмыш зираттарды қалдырған тайпалардың бір этникалық қауымдастықта болуымен түсіндіреді. Егерде Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскен зираттарының арасында ұқсастық, жерлеу салтында сәйкестік бар болса ал, Ұйғарақ зиратын саураматтар қалдырса, онда Оңтүстік Түгіскен, жалпы Түгіскен зираттарын қалдырғандар да саураматтар. Бұл зираттарда ұқсастықпен қатар айтарлықтай айырмашылықтар да бар. Мысалы, Оңтүстік Түгіскен, Ұйғарақтағыдай тік бұрышты тар шұңқыр қабірлер жоқ, сондай-ақ көне жер бетіне жерленген мәйіттер аз. Б.д.д. V ғасырдағы Түгіскен қорған молаларына тән дромосы бар қабырғалары, Ұйғарақта кездеспейді.

Вишневскаяның пікірінше моланы жасау мен жерлеу салтындағы бұл айырмашылықтар, зираттарды қалдырған тайпалар құрамында әдет-ғұрпымен салт-дәстүрінде және культінде белгілі бір ерекшеліктері бар, әрқилы рулардың болғандығын аңғартады

Ұйғарақ зираты молаларының формасы үш түрлі:

- 1) өзінің пропорциясы бойынша кейде шаршыға жақын келетін тік бұрышты үлкен шұңқырлар;
- 2) бұрыштары дөңгелек болып келетін тік бұрышты тар шұңқырлар;
- 3) шұңқырсыз көне жер бетінде .

Тік бұрышты үлкен молаларды құрылысының кейбір деталдары бойынша бірнеше нұсқаға бөлуге болады. Бірінші нұсқаға түбінің бұрыштарында дөңгелек шұңқырлары бар молалар жатады. Мұндай молалар 17. Мола шұңқырларының тереңдігі, 1,0 метрден 2,1м дейін, көлемі 2,7X2,3 метрден 4,5X3,7м дейін жетеді. Түбінің бұрыштарындағы кішкене шұңқырлардың көлемі әрқилы - көлденеңнен 0,1-0,5м, тереңдігі 0,2-0,6м. Бұл шұңқырлар, тіреу ағаштарды орнатуға арналған шұңқырларға ұқсағанымен, бірақ олардың бірде-бірінен ағаш қалдықтары табылмаған. Осымен қатар, олардың кейбірінде жерлеу рәсіміне арналған заттар болған. 29 қорған

төбенің моласының түбіндегі шұңқырлардың бірінде керамикалық ыдыс, 32 қорған-төбеде - ыдыс пен жан-жағы егеліп-қашалған тас тұрған ал, 35 қорған-төбедегі шұңқырға төрт жүзден астам заттар қойылған. 22, 27, 83 қорған төбелерде шұңқырлардың үстінде немесе олардың ішінде жылқы ертұрманының заттары жатқан, Бірқатар қабырларда олар, шөп-шаламмен жабылған. Осының барлығы бұл шұңқырларды, моланың үстін жабу үшін қойылатын ағаш тіреулерге арналып қазылған деуге мүмкіндік бермейді, сондай-ақ моланың көлемі де мұндай жаппаны керек етпейді. Байқалып анықталған көріністер, бұл шұңқырлардың жерленген мәйіттің үстінен шатыр немесе күркеге ұқсас бірдеме жасауға қолданылатын найзалар немесе ұшы бар садақтар қимылдамайтын етіп нықтап бекітуге арналып қазылғандығын жоққа шығарады. Вишневскаяның пікірінше бұл шұңқырлар Солтүстік Түгіскеннің ағаш тіреулі конструкцияларынан бастау алып, қорған-төбе астындағы молаларда жалғасын табатын дәстүр. Бұл кесенелердің конструкциясынан сақ молаларының конструкциясына өтетін өтпелі кезеңдер, Түгіскен материалдарын зерттеп талдау барысында сенім тудыратын дәлелді түрде көрсетілген.

Түбінің периметрі бойынша немесе параллель екі қабырғаны бойлай ғана қазылған кішкене арығы бар молалар болып келетін екінші нұсқа, едәуір аз тараған. Бірінші жағдайда жерленген мәйітті, жерден жасалған «стол»-ға қойғандай болған. Мұндай молалар жетеу. Молалардың көлемі мен пропорциялары шамамен бірінші нұсқадағыдай – 2,76X2,62 метрден 4,3X3,4 метрге дейін, тереңдігі «стол»-дың үстіңгі деңгейіне дейін 1,1-1,8м. Арықтардың ені 0,2-0,4м, тереңдігі 0,4 метрден аспайды. Периметрі бойынша арығы бар молалардың үлкен бөлігі - 4, қорған-төбелердің батыс тобында жинақталған, орталық тобында - екеу, шығысында - біреу. Параллель екі қабырғаны бойлаған арығы бар молалар - екеу.

Мола шұңқырының қабырғаларын бойлай түбінде жасалатын арықтар, әдетте шұңқыр қабырғалары опырылып құлап кетпес үшін тікесінен қазқатар қойылатын ағаш бөренелердің төменгі басын көміп бекітуге қызмет ететін. Бірақ, Ұйғарақ молаларының бірде-бірінен ағаш бөренелердің қалдығы табылмаған, ал бірақ, осымен қатар 16 қорған-төбенің арығына жерлеу рәсіміне арналған заттар қойылған. Осыған байланысты мола шұңқырының құрылысы осыған ұқсас Солтүстік Түгіскеннің кейінгі кезеңіне жататын кесенелерінің біріндегі арықтар жерлеу рәсіміне арналған ыдыстардың едәуір бөлігінің тұрғандығын атап өтуіміз керек.

Шұңқырсыз көне жер бетіндегі молалар құрылысы жағынан бірнеше нұсқаға бөлінеді:

1. Жаппадан қалған ағаш күлі мен күйген ағаш қалдықтары бар тіреуге арналған шұңқырлары ағаш каркасты жеңіл құрылыстарда 11 мәйіт жерленген (2, 7, 14, 25, 41, 43, 50, 51, 59, 66, 84-ші қорған-төбелер). Жоспары бойынша жерлеу құрылыстары: бұрыштары дөңгелек болып келетін тік бұрышты, дөңгелек және сопақ болған. Бұлардың кейбірінің тіреуге аралған шұңқырларының шеңбері екеу (59, 66-шы қорған-төбелер), біреулігі жиі

болғанымен оның бұрыштары тіреулермен шектелген шаршыға жуық ішкі камерасы бар (2, 14, 50, 51, 84-ші қорған-төбелер). Екі қорған-төбенің (14, 51-ші қорған-төбелер) осындай камерасының ішінде орталық тіреуге арналған шұңқыр қазылған. Дөңгелек құрылыстардың диаметрі 4,6м жетеді, тік бұрышты және сопақтарының көлемі, осі бойынша 3,4X2,2 метрден 5,0X4,2 метрге дейін болады. Ішкі камера, әдетте көлденеңі 2м шамасындағы шаршыға жуық болып келеді.

2. Он үш қорған-төбелерде ешқандай конструкциялық қызмет атқармаған шұңқырлармен шектелген алаңшаларда жерлеу жүргізілген, бірақ бұл шұңқырлар, мәйіттердің үстінен жабылатын өсімдік жабулармен бірге қарқасты жерлеу құрылысын бейнелейтін сияқты. Алаңшалар, тік бұрыш (3, 15, 17, 55-ші қорған-төбелер), дөңгелек (4, 26, 37, 40-шы қорған-төбелер), сопақ (8, 9, 56, 71-ші қорған-төбелер), жоспарлы болып келген.

3. Бес жағдайда (18, 39, 45, 76 және 76А қорған-төбелер) жерлеу құрылыстары тұрғызылмаған, оларды бейнелейтін иммитациялар да жасалмаған. Мәйіттің үстіне ағаш бұтақтары ғана тасталған.

4. Көне жер бетіндегі молалардың тағы бір нұсқасы кездескен. Батыс топтың шетіндегі 77-ші қорған-төбенің астында дүниенің төрт бұрышына қаратылып бағытталған және кішкене ормен шектелген шаршы алаңша болған. Бұл алаңшаның айналасы қамыспен төселген. Алаңшадан мәйіттің қалдығы табылмаған. 77-ші қорған-төбе арығы бар шұңқырда жерлеуді бейнелейтін кенотаф болуы мүмкін.

Молалардың типіне қарамастан, олардың түбіне төсеніш төселген. Бірінші нұсқадағы үлкен тік бұрышты молалардың түбіне көлденең, арақашықтығын сақтап қойылған кішігірім сырықтардың үстіне қамыс төселген. Сырықтардың саны алтыдан аспаған, қамыстар, моланың ұзына бойы бойынша қойылған.

Молалардың тура осындай формалары немесе типтері, Оңтүстік Оралдағы саураматтардың, Арыс мәдениетінің бұрынғы Шаян ауданындағы Ақтөбе зиратының, отырар-қаратау мәдениетінің зираттарында кездеседі. Ұйғарақ зираты молаларының типі, жасалуы, мәйіттің ориентациясы және жерлеу салтының кейбір жәйттері, Оңтүстік Оралдағы саурамат молаларының типіне, жасалуына, қабірдегі мәйіт басының дүниенің төрт бұрышының бір бағытта қаратылуына және жерлеу салтына ұқсайды. Ұйғарақ молаларындағы жабылған шұңқырдың үстіне төселетін қамыс, ағаш бұтақтары, қабақтары секілді төсеніштер, саураматтар мекендеген территориялардағы барлығында, оның ішінде Оңтүстік Оралда кездеседі. Жер бетіндегі ағаштан жасалған қабырға өлікті жерлеу салтының ұқсастығы. Жерлеудің мұндай түрі Ұйғарақта көбірек ал, сарматтарда азырақ кездеседі. Екі территорияға да моланың түбіне өсімдік төсеніш салу тән. Жерленгендердің кейде аяқтарының тізеден бүгіліп, шалқасынан жату жағдайы мен батыс ориентациясы-ұқсастықтың маңызды бір көрінісі. Жерлеу салтында мәйітті өртеуге дейін көрініс беретін отқа табынудың әр түрлі формалары, Арал теңізі төңірегінде де саураматтарда кездеседі. Ұйғарақта,

әсіресе Оңтүстік Түгіскенде молаларды жапқан ағаш жабудың өртелгені байқалған. Моланы жапқан ағаш жабудың өртелуі, саураматтарда да кездеседі. Жердеу салтындағы ұқсастықты көрсететін тағы бір жәйтті атап өтуге болады: мәйітті өртегеннен кейін мәйіттің сөнген қоламтасының үстіне камыс пен ағаш бұтақтары қойылып, содан кейін барып топырақты немесе құм араласқан топырақты биік етіп үйіп қорған-төбе жасалған. Арал төңірегіндегі Ұйғарақ, Түгіскен зираттарының молалары мен Оңтүстік Оралдағы саурамат молалары құрылысының, типінің, жасалуының, мәйіт ориентациясының және жерлеу салтындағы жәйттерге дейін ұқсас болып келуі, бұл екі территориядағы зираттарды қалдырған - саураматтар екендігін дәлелдейтін археологиялық және этнологиялық фактор.

Оңтүстік Орал саураматтары мен Арал төңірегіндегі сақтарының жерлеу салтындағы молалар құрылысындағы ұқсастықты, бізге дейінгі зерттеушілер де бірнеше рет атап өткен. Бұл ұқсастықты олар, аталмыш этностар мәдениетінің негізінде дала қаласының бірғана мәдениеті - андрон мәдениетінің жатқандығымен түсіндіргісі келеді. Мұндай пікір білдіргенде олар, андрон мәдениетінде мәйітті жерлеудің жер бетіндегі ағаштан немесе пақсыдан жасаған қабырғалардың жоқ екендігін ескермейді. Андрон мәдениеті молаларының типінде көне көкжиектегі, яғни жер бетіндегі шұңқырсыз қабір жоқ. Егерде андрон мәдениетінде көне жер бетінде шұңқырсыз моланың типі жоқ болса, онда бұл мәдениет, қалайша жерлеу салтында моланың осындай типі бар, Арал төңірегі сақтарымен Оңтүстік Орал саураматтары мәдениеттеріне негіз бола алды? Андрон мәдениетінде моланың көне горизондағы типінің болмауы - бұл мәдениеттің, Арал сақтары мен Орал саураматтары мәдениеттеріне негіз бола алмайтындығын дәлелдейтін археологиялық және этнологиялық факті. Егерде андрон мәдениеті Арал сақтары мен Орал саураматтары мәдениеттеріне негіз болмаған болса, онда бұл екі территорияның жерлеу салтындағы, моласының типіндегі ұқсастықты аталмыш этностар мәдениетінің негізінде андрон мәдениетінің жатуымен түсіндіретін зерттеушілердің жоғарыдағы пікірі дұрыс емес.

Арыс пен Сыр бойындағы мәдениеттер және Ұйғарақ, Түгіскен, Орал саураматтары зираттарындағы жер бетінде шұңқырсыз, әр түрлі материалдардан жасалған моланың типі, өзінің бастауын Орта Азиядағы зороастрлік наустардан алады. Зороастрлік наустарда, тек адам қаңқасының сүйектері ғана емес, сондай-ақ мәйіттің өзі де болатындығы белгілі. Наус немесе дахма - алғашқыда, қола дәуірінде өлікті, ағаштан жасалған қабірмен бірге өртейтін, ерте темір дәуіріндегі зороастризм кезеңінде өлікті жүк тасуға арналып жасалған екі ұзын ағаш сырықтың үстіне орнатылған ағаш қорапқа салып қоятын алаңы бар, төбесі киіз үйдің шаңырағы секілді дөңгелек болып келетін цилиндр формалы кесене екендігі тағы белгілі. Наусты, адам қаңқасының сүйектері сақталатын склеп деп те түсінуге болады. Осы наус - склеп немесе кесененің кішірейтілген түрі, дәлірек айтқанда прототипі оссуарий деп аталады. Сырдария мен Амударияның Арал теңізіне құяр

Хорезм жеріндегі сағасынан мұнара бейнелі көптеген осуариилардың сынықтары табылған. Осуарии болып табылатын урнада жерлеу, Инд өзенінің алабында б.д.д. III мың жылдықта орын алған Хараппа археологиялық мәдениетін жасаушылар ретінде танылатын прото-дравиттердің жерлеу салтында кең таралған. Аталмыш мәдениетті жасаған прото-дравиттер, отқа табынған, яғни олардың жерлеу салтында өлікті отпен бәле-жаладан аластау барысында өртеуге дейін баратын рәсім болған. Өлікті өртеп, күлін арнайы жасалған керамикалық ыдыс урнамен жерлеу салты, отқа табынумен байланысты екені белгілі. Хараппа мәдениетін жасаған прото-дравиттердің жерлеу салтында кремацияның болуы, олардың отқа табынғанын дәлелдейтін этнологиялық, археологиялық факт.

Орта Азиядағы б.д.д. II мың жылдықтың аяғы мен I-ші мың жылдықтың басында зороастризм төрт сырыққа орнатылған ағаш тақтаға өліктің жұмсақ етін ит пен құсқа жегізіп тазарту мақсатында «шығарылып қойылатын» орын - зороастрлік дахма пайда болғанға дейінгі қола дәуірінде, «өртейтін орын», «жерлеу оты» мағыналарын білдірген дахма-кесенелер болды. Қола дәуіріндегі дахма-кесенелерде өлікті, жерлеу құрылысымен бірге өртеген. Хараппа мәдениетін жасаушылардың салтында кремация, ал, бұл мәдениетті жасаған прото-дравиттер болғандықтан біз, Орта Азияның қола, ерте темір дәуірлеріндегі жерлеу салтында, атап айтқанда Ұйғарақ, Түгіскен зираттарында орын алған кремациялық жерлеуді қолданған, прото-дравиттер дейтін пікір білдіре аламыз. Біздің бұл пікіріміз, дравиттерге қатысты өткен тармақта анықталған топонимиялық, этнонимиялық мәліметтермен сәйкес келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исследования по топонимике. Материалы топонимической комиссии 1972-1973 гг. - Москва. 1974. с. 158.
2. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологий. -Москва: Наука. 1978. С. 135.
3. Попова В.Н., Байтанаев Б.А. Казахские народные названия археонимы Южного Казахстана. Материалы общесоюзной конференции «Наука об именах». Москва. 1980.
4. Подушкин А.Н. Арысская культура Южного Казахстана. IVв. до.н.э.-VIв. н.э. Туркестан. 2000. с. 145-161.
5. Арутюнов С.А., Хазанов А.М. Проблема археологических критериев этнической специфики. Советская этнография. 1979. №6. с. 88.
6. Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края //Труды Оренбургской ученой Архивной Комиссии, вып. 22. Оренбург. 1910. с. 182.
7. Массон М.Е. Старый Сайрам. // Изв. Средазкомстариса. вып. III., -Ташкент 1928.
8. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. - Алма-ата. Наука. 1986. с. 23.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚОЛДАНУ БАҒЫТЫН ДАМУ

Серимбетов Ж.Ш., Сиқымбаев Қ.С.

Шымкент университетінің аға оқытушысы, Шымкент қаласы, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается значение патриотического воспитания учащихся на уроках физической культуры.

Summary

Value of patriotic education students physical teachers culture.

Қазіргі таңда қоғамның салауаттылығы маңызды сипатқа ие. Бүгінгі болашақ мұғалімді дайындауда олардың салауатты өмір сүру мен денсаулық, дене мәдениеттерін өздері игермей тұрып, оларды білімді, білікті маман ретінде қалыптастыру мүмкін емес. Себебі әр болашақ маманның денсаулығы жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ халқымыздың білім және экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарттарының бірі. Соның ішінде денсаулықтың басты шарты - мәдени орта, салауатты өмір салты. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», - деген болатын. Білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі – дене тәрбиесі арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі. Соған байланысты көптеген құжаттар бар, мәселен: Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 ж 18 мамырдағы «Халық денсаулығы» атты мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде «Салауаттану-денсаулықты сақтау» бағдарламалары. Бұл құжаттардағы негізгі мәселенің бірі –дене тәрбиесі арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастар тәрбиесі. Сондықтан да болашақ мұғалімдерге қойылатын жаңаша талаптар мен өзгерістер туындап отыр. Бұған себеп қазіргі кезде жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік мәні дене тәрбиесі мұғалімінің назарынан тыс қалмауы қажет.

Дене тәрбиесі сабағындағы сауықтыру, білімдік, тәрбиелік міндеттерімен қатар, педагог кәсіби жұмысын атқарып қоймай, оқушылардың рухани жеке тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыруы керек. Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-

құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі туындап отырғандығы белгілі. Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. «Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті жалпы орта білімнің мемлекеттік стандартының негізгі ережелеріне» сүйене отырып, «Дене шынықтырудың» білім беру саласындағы негізгі мақсаты денсаулықты нығайту, білім, өмірлік маңызды қозғалыс біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбиенің міндеттеріне сәйкес жеке тұлғаны үйлесімді дамыту болып табылады.

Яғни, пәнді оқытудың негізгі міндеттері: өмірлік маңызды қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыруды қалыптастыруға себепкер болатын дене жаттығулардың негізгі түрлерімен оқушыларды таныстыру; қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру мен денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс іс-әрекеті және дене жаттығуларының негізгі түрлерін оқушылардың меңгеруіне көмектесу; дене тәрбиесі мен салауатты өмір саласындағы білімді қалыптастыру; бұқаралық спорттың маңызды негізін құрайтын жаттығулар техникасын жетілдіру есебінен дене қасиеттерін тәрбиелеу. Дене тәрбиесі тек дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда. Соңғы уақытта жеке тұлғаның дене тәрбиесі үздіксіз білім беру жүйесінде дене тәрбиесінің мақсаты түрінде қарастырылып жүр. Бұл мақсат үздіксіз білім беру мен жеке тұлғаны қалыптастыру жүйелерінің қазіргі даму талаптарына жауап бере алады. Бұдан басқа, жеке тұлға үздіксіз білім беру жүйесінің жекелеген бөліктерінің сабақтастық принципін бейнелейді; сонымен қатар субъекттің жеке өмірінің мәдениет сапасын анықтауға бағытталған «болашақ жоспары» туралы идея да бар. Айтылған мақсат және міндеттер оқу-тәрбие үдерісінің тиімділік талап

өлшемдерімен нақтыланады. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі ғылыми және оқу пәні ретінде жетекшілік рөл атқара отырып, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытты анықтайды. Сонымен бірге осы саладағы білім негізінің жүйесін құрайды. Мұғалімнің дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін жете білуі, оның педагогикалық ойлау жүйесінің дамуының басты шарты. Әртүрлі деңгейлерде дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғысынан шешуге, болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға, кейбір теориялық және іс-тәжірибелік жаңалыққа сын көзбен қарап қабылдауға, дене тәрбиесі міндеттерін шешуде қосымша өтетін ғылыми пәндердің атқарар рөлін дұрыс бағалауға, өзінің педагогикалық шығармашылық негізін жасауда дене тәрбиесі мәселесі бойынша жүргізілген зерттеудің маңызы зор. Мамандардың дене тәрбиесі жөніндегі байқауларды, зерттеулерді және іс-тәжірибелерді жинақтап, қорыта талдауы оқушылардың дене дамуы мен даярлығының қазіргі жағдайын шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімнің оқушылардың белсенділігін дене тәрбиесі құралдарымен қалыптастыру тиімділігі, төмендегі педагогикалық шарттарын сақтаған кезде қамтамасыз етіледі: 1. Дене тәрбиесі процесінің кәсіби бағыттылығы. 2. Дене тәрбиесінің теориясымен әдістемесінің оқушылардың қозғалыс белсенділігін тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мәселелерімен толықтырылуы. 3. Дене тәрбиесі құралдарымен балалардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда, қажетті білім мен шеберліктің белгілі бір деңгейіне қол жеткізу. 4. Оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің құралдарын, белсенді түрлерін пайдалана отырып, балалардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін, қозғалыс белсенділігінің деңгейін ескеріп, іскер көзқарас таныту. Болашақ мұғалімдердің сабақ беруге даярлық көрсеткіштері олардың білімдерінің нақты, терең, жүйелі болуы, сол білімдер арқылы оқушыларды жаттықтыру іскерліктерімен және дағдыларымен қарулануы деп түсіну керек. Дене тәрбиесі пәнін ұйымдастыруда тәжірибелік дене тәрбие сабақтарында әртүрлі жаттығуларды пайдаланып, қызықты сабақтар өткізуді және пән бойынша сыныптан тыс жұмыстардың, үйірмелердің жұмыс формаларын анықтап, олардың тақырыптарын жоспарлары мен мазмұндарын жасайды. Болашақ дене тәрбиесі мұғалімін дайындау жүйесін және оны психологиялық-педагогикалық білім алуын үйлестірудің жетекші бағыты ретінде дене тәрбиесі үрдісін жүзеге асырудың және түрлендірудің жолдарын түсіндіретін және көрсететін білім жүйесін қалыптастыру болып табылады. Дене тәрбиесін жүзеге асыруды сабақтастыру, дене тәрбиесі әдістемесін студенттерге үйрету жүзеге асырылуы тиіс. Бұл дене тәрбиесі мазмұны бойынша білім беруді жүзеге асыруда дұрыс меңгеруге ықпал жасайтын дене тәрбиесі әдістері мен технологияларына, оларды логикалық түрде құру, ұйымдастыру тәсілдеріне ерекше көңіл бөлінуі қажеттігін көрсетеді. Оқытушы нақты оқыту ақпаратын беруші, оны болашақ маманға меңгеруін ұйымдастырушы және соның нәтижесін бағалаушы позициясын ұстаушы адам ретінде болмауы керек, қайта көмектесетін, өзінің білім беру қызметінің субъектісі болу керек. Ол үшін оқытушы талдауға тиісті бағдарламаны

менгерудегі және бағдарламаны оқуда оқушылар өздері қабылдауына кеңесші, сарапшы болуы тиіс. Оқытушының жаңа ұстанымы үнемі оқушымен бірге кішігірім зерттеулер орындау, топтармен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлі формаларын бірге шығармашылық тұрғыда іздестіру жаңашылдық бағытта кәсіби біліктілігін жетілдіріп отыру өзекті сипат береді деген тұжырым жасаймыз. 12 жылдық мектеп мұғалімін даярлаудағы білім мазмұнын жетілдіру жолдарының негізгі алғышарттары: дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру қажеттілігін сезінуі, педагогикалық іс-әрекетке тұрақты бағдарының болуы, оқушылардың дене мүмкіндіктері мен қозғалыс қимылдары ерекшеліктерін ажырата білуге деген қызығушылығы, дене тәрбиесі жүйесі туралы өз бетінше білімін көтеруге деген ұмтылысы.

Сонымен қатар дене шынықтыру пәнінің мұғалімінің оқушылармен дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру туралы ілімі, оқушылардың дене мүмкіндіктері мен қозғалыс қимыл ерекшеліктерін білуі, оқушылармен дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру туралы әдістемелік сауаттылығы, жаңашылдық, кәсіби құзіреттілік деңгейі басшылыққа алынады. Яғни, дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруда педагогикалық жағдаяттарды шешу, оқушылармен мектепте, сыныптан тыс жұмыстарда, мектептен тыс жұмыстардағы дене тәрбиесін ұйымдастыру ерекшеліктерін меңгеру сынды жұмыстарды ұйымдастыру шеберліктері арқылы білім мазмұнына сәйкес өзіндік ерекшеліктерімен даралана білуі арқылы педагогикалық рефлексияны меңгеру, дене тәрбиесі жүйесін педагогикалық талдауы, шығармашылық ізденімпаздық, дене тәрбиесінде дене мүмкіндіктерін талдау білімділігі, дене тәрбиесі жүйесі туралы білімі мен біліктілігін жетілдіруге ұмтылуы қарастырылады. Осы көрсеткіштерге сәйкес дене шынықтыру пәні бойынша болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың жоғары, орташа, төмен деңгейлерін толық анықтауға болады. Негізінен, дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі жөніндегі білім мазмұны бойынша меңгерген білімі айтарлықтай терең; өз жеке басының белсенділігімен ерекшеленеді; білімін жетілдіруге ынталы; дене мүмкіндігі мен рухани жан-дүниесінің біртұтас жүйе екендігін сезіне біледі; дене жаттығуларының, қозғалыс қимылдарының т.б. дамыту, білімдік, сауықтыру міндеттерін шығармашылық тұрғыда қабілетті маман даярлау заман талабы. Оқушылардың тәрбие жұмысы – мұғалімнің кәсіби қызметінің ажырағысыз және құрамдас бөлігі. Сондықтан жоғары педагогикалық білім берудің негізгі міндеттерінің бірі болашақ мұғалімдерді оқу-тәрбие жұмысына дайындау болып табылады.

Педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің оқушылармен тәрбие жұмысына даярланудың маңызды құралы, тұтас педагогикалық процестің құрамдастарының бірі есебіндегі дене тәрбиесі болып табылады. Алайда, студенттердің көпшілігі дене тәрбиесін тек биологиялық тұрғыдан ғана қарастырып, оның қоғамдық маңыздылығын терең түсінбейді, ал шындығында, оқушының тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуында айрықша орын алатын дене тәрбиесі мен спорттың әлеуметтік қызметі де зор. Болашақ мұғалімдерді тәрбие жұмысына дене тәрбиесі құралдарымен дайындау қажеттілігі мен оны

қанағаттандыру мүмкіндігі арасындағы қарама-қайшылықтың болуымен де байланысты, өйткені дене тәрбиесі мұғалімі оқушының апталық қозғалыс қажеттілігін (10-12сағат) аптасындағы 2 сабақ ішінде (2 сағат) қамтамасыз ете алмайды. Заманның жаңа даму сатысында білім беру жүйесі қоғамның жаңа экономикалық саясат, әлеуметтік және интеллектуалдық деңгейіне сай келуі тиіс. Осыған орай білімнің мақсаты, мазмұны және оны оқыту тәсілдері қайта жетілдіру, оқу жүйесін реттеу, ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуды қажет етеді. Жаңа заман талаптарына сәйкес жоғары мектептің дамуы көптеген қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді шешуді қамтамасыз етуі керек. Заман талабына сай жоғарғы мектептің алдына қойған мақсаттың ең маңыздысы - қоғамға қажетті жоғары білімді мамандарды даярлау. ХХІ ғасырдың басында ғылыми техникалық прогрестің және ақпарат көлемінің өсуі жоғары оқу орындарындағы алынған білім қорының белсенді кәсіби іс-әрекетінің барлық кезеңіне емес, тек қысқа уақытқа ғана оның мұқтаждығын қанағаттандыратындығын көрсетті. Білім берудің басты сипаттары - оның тұтастығы, оқытудың мазмұны мен сапасына қойылатын мемлекеттік талаптардың бірегейлігі, икемдігі мен, мазмұнын жақсарту мен білім жүйесін басқаруды демократияландыру болуға тиіс.

Дене шынықтыру және спорт - ел азаматтарының денсаулығын нығайтудың, жастарды рухани тәрбиелеудің және дене тәрбиесінің, салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі. Сол себепті мемлекеттің осы саладағы бірінші кезектегі міндеті - ел халқының қалың жігінің дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына қол жеткізу. Тұрғындар арасында дене шынықтыруды дамыту ынталы тиісті құрылымды қалыптастыру жолымен жүзеге асырылуға тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдердің жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың теориялық негіздері. -Алматы: Ғылым, 2005.- 410 б.
2. Маковецкая Г., Васильченко Т., Меркель О. Дене тәрбиесі. –Алматы: Кітап. 2009.
3. Төтенайдың Базарбегі. Бастауыш мектептегі дене тәрбиесі – Алматы; Рауан, 1994.
4. Брусиловский М.В. Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт очерктері". Алматы, "Кітап", 2001.
5. Дене тәрбие жүйесінің мазмұны мен негіздері. //Ұлт тағылымы. № 4. – Алматы, 2005.
6. Танекеев М.Т. Қазақстандағы дене тәрбиесі. -Алматы, 2001.
7. Уанбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы, 2001.
8. Оразов Ш.Б. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Д.дисс.авторефераты. Түркістан, 2010.
9. Глеуов А.Т. 12 жылдық мектеп мұғалімін даярлаудағы білім мазмұнын жетілдіру. - Қызылорда 2010.

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Дүйсенов О.Қ.

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
E-mail: onalbek.59@mail.ru

Резюме

В статье рассматриваются методические основы физического воспитания в высших учебных заведениях. Обучение в высшем учебном заведении сопряжено с большим объемом учебной работы и высокой умственной напряженностью. Причем интенсивность учебного процесса в вузах, особенно в технических, имеет неуклонную тенденцию к возрастанию в связи с увеличением потока научной информации и необходимости ее усвоения студентами в сжатые сроки. Динамика умственной работоспособности, сохранение высокой умственной активности у студентов на протяжении всего периода обучения в вузе зависят от объема физических нагрузок в режиме дня и учебной недели.

Summary

The article considers the methodological foundations of physical education in the higher educational institutions. Training in a higher educational institution is associated with a large volume of academic work and high mental tension. Moreover, the intensity of the educational process in higher education, especially in technical, has a steady tendency to increase due to the increased flow of scientific information and the need for its student learning in a short time. The dynamics of mental health, the preservation of high mental activity of students during the whole period of study depend on the amount of physical activity in the mode of the day and school week.

Жоғары оқу орындарында дене тәрбиесін оқытып үйрету оқу жұмыстарының үлкен көлемімен және аса жоғары ақыл-ой жұмсалымымен байланысты болады. Жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінің қарқындылығы, әсіресе техникалық, ғылыми ақпарат ағынының артуымен байланысты және студентке оны тығыз уақыт ішінде меңгеру қажеттілігін арттыруға үзіліссіз мақсатты бағыт керек. Студенттердің жоғары оқу орнында оқу кезеңдері барысында ақыл-ой жұмыс қабілеттілігінің динамикасы, жоғары ақыл-ой белсенділігін сақтауы күн режиміндегі және оқу аптасындағы дене жүктемелерінің көлеміне байланысты. Сонымен бірге, дене және жұмыс қабілеттілігінің арасында тығыз байланыс бар екені байқалады [1, 3].

Дене тәрбиесімен жүйелі шұғылдану кезінде дене жұмыс қабілеттілігінің артуы студенттердің орталық жүйке жүйесінің (ОЖЖ) қызметтік жағдайының жақсарумен қатар жүреді. Орталық жүйке жүйесінің жұмысын сүйемелдеу және арттыру үшін студенттерге жоғары оқу орнында оқыған барлық жылдарында аптасына 6-8 сағат көлеміндегі қозғалыс режимімен шұғылдану аса тиімді (Замаренов Б.К., 1972).

Егер келесі принципті ережелер ескерілсе қозғалыс жүктемесімен ақыл-ой қызметі үйлесімділікпен тиімді іске асырылады:

1. Тәртіп бойынша дене жаттығуларымен шұғылдану әрбір семестрдің бірінші жартысында жылдамдық қабілеттерін, жылдамдық-күш сапалары мен жылдамдық төзімділігін дамытуға бағытталған 70-75% жаттығулардан тұруы тиіс. Студенттердің жүрек қан-тамырларының соғуы жиілігі бойынша жүктеме қарқыны минутына 160-170 ретке дейін соғуы мүмкін.

Әрбір семестрдің екінші жартысында шамамен қолданылатын арнайы дене жаттығуларын күшті, жалпы және күш төзімділігін дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, қарқындылық бұл кезеңде біршама төмендейді (ЖСЖ минутына 150 ретке дейін соғады).

Оқу және өзбетінше шұғылдануды бұлай құру студенттердің ақыл-ой жұмыс қабілеттілігіне ынталандыру әсерін тигізеді.

2. Күнделікті сабақ кестесінің тәртіп бойынша бірінші жұбында өткізілетін дене тәрбиесі сабағында аз қарқынмен орындалатын жүктемелер беру мақсатқа сәйкес келеді (ЖСЖ 110-130 рет мин.) немесе орташа қарқындылық (130-150 рет. мин.). Мұнда сабақтың ең жақсы моторлы тығыздығы 50-60% аралығында болады. Мұндай сабақтардың негізгі міндеті соңғы нәтижеде жоғары жұмыс қабілеттілігі кезеңіне ықпал етіп оқу материалын жақсы меңгеруді қамтамасыз ететін ақыл-ой қызметінің жақсы қызметі кезеңінің қысқаруы қамтамасыз етіледі. Мұндай жүктемемен шұғылдану өз дайындығын қоса оқу күнінің соңына дейін жақсы ақыл-ой белсенділігінің сақталуына мүмкіндік береді [2, 4].

Егер дене тәрбиесі сабағы оқу күнінің 3-4-ші жұбында өткізілген жағдайда ЖСЖ мин 150-160 реттен аспауы тиіс. Жоғары дене дайындығы жоқ топ студенттері үшін үлкен жүктеме беру қолайсыз болады.

3. Аз жаттыққан студенттерге аптасына 2 рет дене тәрбиесінен шұғылдану сабақтарында үлкен қарқынмен жүктеме беру оқу аптасы барысында ақыл-ой қызметін төмендетеді. Сондықтан ақыл-ой белсенділігін төмен түсірмеу үшін дене жүктемелерін жоспарлауда студенттердің дене дайындығы деңгейін есепке алу маңызды.

4. Әртүрлі спорт түрлерімен шұғылдану ақыл-ой жұмыс қабілеттілігіне әртүрлі әсер етеді. Бір жағынан ойындар мен жеке сайыс түрлері психикаға жоғары талап қояды.

Бұл сезім күйінің психикалық механизмдері қызметінің артуымен байланысты болады. Мұндай сабақтардың әсерінен ақыл-ой белсенділігі төмендейді. Басқа жағынан, ұзаққа созылмайтын ойынмен берілетін сезімдік жүктемелер оқу қызметіне демеу беріп, студенттерді ынталдырады. Дене тәрбиесі сабағының мазмұны жеткілікті дәрежеде әртүрлі болса жоғары әсері болады.

5. Емтихан-сынақ сессиялары кезеңдерінде жүктемені мүмкіндігінше әдеттегі сабақтарға қарағанда 60-70% төмендетілген қарқынмен таза ауада аптасына 2 реттен артық емес етіп беру қажет. Циклдік сипаттағы жаттығулар пайдаланған мақсатқа сәйкес болады (суға жүзу, шаңғы, жүгіру).

Осындай бейнеде, сессия кезінде дене жаттығуларымен шұғылдану сабағының бағыты бойынша сауықтыру-сақтандыру (негізінен спортшы

еместер үшін), екінші жағынан сүйемелдеу басымырақ (спортшылар үшін) сипатында болады.

Оқу аптасының шегінде қалыпты ақыл-ой жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында дене тәрбиесімен шұғылдану сабағын жоспарлаудың келесі бастапқы-бағдарлау үлгісі ұсынылады:

- дүйсенбі-студент ағзасының психологиялық дене жағдайын жандандыру мақсатында дене жаттығуларымен шұғылдану;

- сәрсенбі-жұмыс қабілеттілігін сүйемелдеу үшін дене жаттығуларымен шұғылдану;

- жұма - апталық жинақталған (кумулятивтік) шаршауды түсіру мақсатында дене жаттығуларымен шұғылдану;

Ақыл-ой жұмыс қабілеттілігінің үйлесімді көрінуі үшін тек әртүрлі дене жаттығуларын жүйелі пайдалану ғана дұрыс жағдай жасайтынын атап өткен жөн [4].

Студенттердің дене тәрбиесі өзіне келесі негізгі бағыттарды кірістіреді: жалпы спорттық, кәсіби-қолданбалы дене дайындықтары мен гигиеналық, сауықтыру-рекреативтік, емдеу.

Жалпы дайындық бағыты студенттердің жан-жақты дене дайындығын және оны дене тәрбиесінің мемлекеттік бағдарламасы талаптары деңгейінде сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Құралдары: затпен және затсыз жалпы дене дайындығы, жеңіл атлетика, суға жүзу, шаңғы спорты, кросстық дайындық, туризм және басқалары.

Спорттық бағыты спорттық жетілдіру бөлімдерінде (секцияларда) спорттың бір түрімен мамандандырылған жүйелі оқу-жаттығу сабағын, сонымен бірге спорттық шеберлігі деңгейін көтеру мақсатында спорт жарыстарына қатысуды қамтамасыз етеді.

Кәсіби-қолданбалы бағыты дене тәрбиесі құралдарын еңбекті ғылыми ұйымдастыру жүйесінде және таңдаған мамандығы бойынша жұмысқа дайындық кезінде оның ерекшеліктері ескеріліп пайдаланылуына мүмкіндік туғызады.

Гигиеналық бағыты жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру және денсаулығын нығайту үшін дене тәрбиесі құралдарын пайдалануды алдын-ала қарастырады. Құралдары: таңертеңгілік гигиеналық гимнастика, шынығу, үйлесімді оқу және еңбек режімі, гигиена талаптарына сәйкес тамақтану, сауықтыру сейілдеуі және т.б.

Сауықтыру - рекреативтік бағыты денсаулығын нығайту үшін демалыс күндері мен каникул (күзгі, қысқы, жазғы, көктемгі) кезеңдерінде демалысты және бос уақытын мәдени ұйымдастыру алдын-ала қарастырылады. Құралдары: туристік жорықтар, саяхат, қимыл-қозғалыс ойындары және т.б.

Емдеу бағыты денаулықты бүтіндей немесе ауру нәтижесінде, жарақаттан жоғалтқан ағзаның жекелеген қызметтерінің қалпына келтірілуін қамтамасыз етеді [1, 2, 4].

Әртүрлі оқу бөлімдерінде дене тәрбиесі сабағы әдістемесінің

ерекшеліктері. Дене тәрбиесінен сабақ өткізу үшін әрбір жоғары оқу орындарында студенттер мына оқу бөлімдеріне бөлінеді: негізгі, арнайы медициналық және спорттық. Бөліну оқу жылының басында студенттердің жынысы, денсаулық жағдайы (медициналық қортынды анықтамасымен), дене дамуы, дене және спорттық-әдістік дайындалғандығы, қызығушылығы есепке алынып жүргізіледі. Бұл көрсеткіштердің негізінде әрбір студент дене тәрбиесінен міндетті курсты өту үшін үш бөлімнің біріне түседі. Әрбір бөлімнің белгілі бір шұғылдану сабағының мазмұны және мақсатты бағыты болады.

Негізгі оқу бөліміне медициналық тексеруден өткен студенттер негізгі және дайындық медициналық топтарына қабылданады, яғни оған денсаулық жағдайында ауытқушылығы жоқ, бірақ дене күші жағынан әлсіз дайындалғандар кіреді.

Негізгі бөлімде оқу үдерісі мыналарға бағытталған:

- студенттердің жан-жақты дене дайындығы, олардың жалпы дене, кәсіби-қолданбалы және медициналық-практикалық дайындығының деңгейін арттыру;

- дене мәдениеті және спортпен шұғылдануға белсенді қатынасы мен қызығушылығын қалыптастыру;

Сабақтың жалпы дамыту жаттығулары тәріздес елеулі байқалатын аэробты төзімділікті тәрбиелеу басымырақ кешенді бағыты болады, өйткені тек сол ғана жалпы жұмыс қабілеттілігі мен жүрек қан тамыры және тыныс алу жүйесінің қызметін арттыруды қамтамасыз етеді. Күштік және үйлесімділік қабілеттерін тәрбиелеуге, жалпы және кәсіби-қолданбалы бағыттағы қозғалыс тәсілдерін үйретуге лайықты дәрежеде назар аударылады. Сабақтың өткізілу әдістемесі басымырақ оқу-жаттығу сипатында болады. Сабақтың моторлы тығыздығы 50%-ден төмендемейді, ЖСЖ бойынша жүктеме қарқыны минутына 130-160 рет соғу аралығында болады.

Арнайы медициналық оқу бөліміне медициналық тексерудің нәтижесі бойынша арнайы топқа жіберілген, денсаулық жағдайында елеулі ауытқуы барлар кіреді. Арнайы оқу бөлімі үшін практикалық материалды әрбір студентке мазмұндары ескеріліп, дене тәрбиесінің құралдарын пайдаланудың түзету және сауықтыру-сақтандыру бағытында дәрігермен кеңесе отырып дене тәрбиесі пәні мұғалімі дайындайды.

Арнайы медициналық бөлімде оқу үдерісінің өзіндік белгілі ерекшеліктері болады және олар басымырақ мыналарға бағытталған:

- студенттердің денсаулығын нығайту, функционалдық ауытқуын, дене дамуы мен дене дайындығының жетімсіздігін барлық оқыту кезеңі барысында жою;

- студенттерге өз ауруының сипаты және ағымы, туралы білімін пайдалану, ауруынан сақтандыруға бағытталған жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешендерін өз беттерінше құрастыру және орындау;

- студенттерге қажетті дене тәрбиесінің ілімі, әдістемесі және

ұйымдастырылуы негіздерінен қажетті білімді меңгерту.

Оқу сабақтарының бағыты айқын көрсетілген сауықтыру-қалпына келтіру сипатында болады.

Ғылыми негізделген сипаттамаға сәйкес арнайы медицина бөлімінің студенттері ауру сипатына байланысты төрт топқа бөлінеді: А, Б, В және емдеу.

А тобы жүрек қан-тамыры, тыныс алу және орталық жүйке жүйесі аурулары бар студенттерден жасақталады. Сондықтан бұл топтағы сабақтың негізгі мазмұнына тыныс алу жаттығулары, қатаң жеке мөлшерленетін, шұғылданушылардың аэробтық мүмкіндіктерін жетілдіруге мүмкіндік туғызатын жаттығулар кіреді.

Б тобы ас қорыту, бауыр, бүйрек, жыныс мүшелері, эндокринді жүйелер, сонымен бірге нашар көретін студенттерден құралады. Бұл топта нақтылы аурудың емдеу бағдарламасына кіргізілген негізгі гимнастика жаттығулары басымдық пайдаланылады.

В тобы тірек-қозғалыс аппаратында ақауы бар студенттерден жасақталады. Бұл топта дене мүсінін, тірек-қозғалыс аппаратын жетілдіретін, сонымен бірге жалпы дамыту және бағытты түзету дене жаттығулары көбірек қолданылады.

Емдеу тобы анық көрінетін, денсаулық жағдайында елеулі ауытқуы бар студенттерден жасақталады. Бұл топта сабақ түгелдей жеке емдеу бағдарламасы мен әдістемесі бойынша өткізіледі.

Денеге берілетін жүктеме барлық төрт топта да қатаң және жеке уақытпен белгіленеді, жирылу және қатаң демалыс аралығымен орындалатын жаттығулар алып тасталынады. Сабақтың моторлы тығыздығы жоғары емес, жекелеген жүктемелер арасындағы демалыс қалпына келу үшін жеткілікті дәрежеде болуы тиіс. Циклдық жаттығулар орташа қарқынмен орындалады.

Спорттық оқу тобы бөліміне жақсы жалпы және арнайы спорттық дене дайындығы деңгейін көрсеткен және спортпен тереңдетіп шұғылдануға және таңдаған спорт түрінен өзінің шеберлігін жетілдіруге ықыласы, қызығушылығы бар студенттерден жасақталады.

Сабақ спорттық жаттығу негіздерін сақтау негізінде құрылады (циклдік, толқын тектес, жалпы және арнайы дайындық бірлігі және т.б.).

Спорт бөлімінің студенттері негізгі бөлім студенттеріне арналған міндетті сынақ талаптары мен нормаларын сол мерзімде тапсырады [1, 2, 3, 4, 5].

Осындай бейнеде студенттердің дене тәрбиесінен оқу үдерісі өзіне екі өзара байланыстағы мағыналы мына компоненттерді кіргізеді:

1) дене тәрбиесінің негізгі шұғылдану сабағы жеке тұлғаның дене мәдениеті негіздерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2) негізгі сабақты толықтыратын спорттық компонент және таңдаған спорт түріндегі сабақты қоса, әрбір студенттің дербестігі, оның мотиві, қызығушылығы, қажеттілігі ескеріледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кузнецов В.С. Теория и методика физической культуры. –Москва: Академия, 2012.
2. 2.Холодов Ж.К, Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания. Учебное пособие для ИФК. –Москва: Академия, 2003.
3. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Оқу құралы. - Түркістан: Тұран. 2004. (1 бөлім).
4. Әбділлаев Ә.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Оқу құралы. –Түркістан: Тұран. 2007. (2-3-4 бөлімдер)
5. 5.Ильинич В.И. Физическая культура студента. –Москва: Гордарики, 2007.



СЕКЦИЯ 2

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ В РАЗВИТИИ ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

УДК 094.075

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИОННОГО ПЕВЧЕСКОГО ТВОРЧЕСТВА В СОВРЕМЕННОМ МУЗЫКАЛЬНОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСТАНА

Сыдыкова Р.Ш.

д.п.н., профессор

Тобагабылова А.Ж.

Магистр педагогических наук, ст.преподаватель

Ельжанов Д.Н.

Магистр педагогических наук, ст.преподаватель

МКТУ имени Х.А. Ясави,

Туркестан, Казахстан

E-mail: sydykova_roza@mail.ru

Түйіндеме

Бұл мақалада «сабақтастық» категориясын, оның мәдени философиялық ұғымын сипаттау және осы уақытқа дейін жаһандық өркениетті-тарихи оқылым контекстінде ғылыми түсіндірмемен келген қазақтың дәстүрлі ән мәдениеті арқылы жүзеге асыру әрекеті қолға алынады.

Summary

This article attempts to characterize the category of "continuity", its cultural and philosophical understanding and implementation through the Kazakh traditional singing culture, which until now has been deprived of scientific interpretation in the context of a global civilizational and historical reading.

Изучение адекватных форм отражения цельности человеческого существования приводят к взаимопроникновению различных отраслей знания о культуре и человеке, о духовно-ценностном опыте культурно-антропологического наследия. И в этом плане заметная роль отводится гуманитарным наукам, чьей главной целью является приобщение подрастающего поколения к миру достояний мировой и отечественной культуры, содействуя установлению взаимопонимания и согласия между народами. По мнению С.Н. Иконниковой освоение гуманитарной культуры создает своеобразные «зоны стабильности», приобщение к вечным

ценностям, шедеврам мирового и отечественного искусства, творческим открытиям в различных сферах культуры [1]. С этой позиции следует изучать свою культуру, достижения в этой области и ее духовно-нравственные возможности в воспитании конкурентноспособных личностей в противостоянии глобальным информационным катаклизмам.

Глобальные изменения цивилизационного порядка изменяют характер преемственности культуры. В истории известны поколения «бури и натиска», «потерянного поколения», «поколения надежд» (Иконникова С.Н.). Эти символические названия отражают их роль в истории развития этнокультуры, в целом, культуры и отражается на становление духовного облика поколений.

Этнокультурное духовное наследие наших предков является глубоким многовековым антропо-звукоинтонационным кодом, который, образно говоря, тем могучим национальным древом духовного знания, корни которого питают живительным соком «энегринные» (Б.Асафьев) знания настоящее и будущее поколение казахов.

Созвучны со сказанным глубокие убеждения реализованные в государственной программе «Рухани жанғыру». «Первое условие модернизации нового типа – это сохранение своей культуры, собственного уникального кода. <...> Если мы хотим быть нацией со своим неповторимым местом на глобальной карте XXI века <...> что бы мир узнал нас не только по ресурсам нефти и крупным внешнеполитическим инициативам, но и по нашим культурным достижениям» - отмечает Н.А. Назарбаев [2].

Несомненно, развитие преемственности культурно-исторического наследия в современном обществе предстает как способ духовно-практического самоосуществления человека в истории, приобретает все большую значимость. С этой точки зрения культурфилософская категория «преемственность» имеет ключевое значение в понимании как социальной, так и духовной эволюции всего человечества. Являясь внутренним стержнем закономерности развития культуры и этнокультуры, она определяет ее единство, возможность ориентации в развитии духовных ценностей, созданных в различные исторические эпохи. Наличие преемственности позволяет выявить традиции прошлых культур в целом, и в частности, национально-певческие традиций народов, и специфику их проявления в современных условиях.

Приобщение подрастающего поколения нашего государства к духовным ценностям стала для современного общества реальной социальной необходимостью. По этому поводу президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев говорил о том, что «...в воспитании нового поколения целесообразно обращаться к самому простому, понятному и в тоже время глубоко нравственному и духовному в жизни каждого народа - к традициям. Их роль в жизни народа неоспорима, культурные традиции позволяют человеку «не потеряться», а приспособить свой образ жизни к

стремительным изменениям современного мира» [3, с. 10].

Исследуя научно-теоретические основы преемственности процессов в развитии культуры Э.А. Баллер, отмечает, что «преемственность – это связь между различными этапами или ступенями становления, как бытия, так и познания, сущность, которой состоит в сохранении тех или иных элементов целого или отдельных сторон его организации при изменении целого как системы» [4, с.15]. Помимо этого ученый выделял преемственную связь между различными поколениями и современниками «...преемственность на одном уровне наблюдается в процессе количественных изменений, происходящих в рамках данного, относительно неизменного качества. Преемственность на различных уровнях связана с качественными изменениями. При количественных изменениях основное содержание преемственности составляет сама структура, сохраняется, удерживается организация [4, с. 9]. Социальная преемственность реализуется в деятельности общественного субъекта (личности, группы, общества) и где он проявляет свое активное отношение к наследуемому.

В деятельности человек включается в систему общественных отношений и в ней создает среду своего существования. Именно в проживании (деятельностном выражении) он должен приобщиться к существующим стереотипам культуры, действующим в обществе к которому он принадлежит. Процесс освоения культурных ценностей осуществляется во взаимодействии поколения. Социология культуры исследует процесс функционирования культуры в обществе, тенденции культурного развития, проявляющиеся в сознании, поведении и образе жизни различных социальных групп. Таким образом, теоретическая характеристика социальной преемственности отражает процесс единства прерывности и непрерывности через понимание настоящего и прошлого, старого и нового, традиций и новаций, направленности в развитии, который отражен в процессах развития культуры. Интересен в этом плане концептуальный подход к данной проблеме А.Я. Гуревича, который отмечал «если время циклично и прошлое повторяется, то и будущее время не что иное, как возобновляющееся настоящее и прошлое. Все три времени расположены как бы в одной плоскости» [5, с. 110].

Н.А.Бердяев исследуя проблемы разграничения понятийного содержания цивилизации и культуры отмечал, что «...генетически культура более древняя, чем цивилизация, а в силу этого последняя не имеет глубоких корней и традиций. И если цивилизация дорожит новшествами, приспособленными к удобствам сегодняшнего дня, то культуре «дорого увековечивание, непрерывность, преемственность, прочность культурных творений и памятников...» ...в культуре сосуществуют два начала: консервативное и творческое. Одно стремится к сохранению системы, обращено к прошлому, а второе, создавая новые ценности, устремлено к будущему...» [6, с. 110]. В контексте сказанного учеными Л.П. Бугевой, А.Я. Гуревичем, К.В. Чистовым проводится аналогия соотношения между

понятиями «преемственность» и «традиция». «Преемственность, связь между явлениями в процессе развития, когда новое, снимая старое, сохраняет в себе некоторые его элементы. «Преемственность – особый механизм «памяти общества», который осуществляет накопление и хранение культурной информации прошлого, на основе которой создаются новые ценности. Преемственность может быть непрерывной, когда культурные ценности прошлого постоянно функционируют в жизни общества, и прерывной, когда какие-либо ценности на время исчезают из культурного обихода...» отмечается в БСС [7, с. 110].

Научно-теоретическая ретроспектива основных подходов к проблеме преемственности культуры позволяет выявить различные парадигмы интерпретации национально-культурных традиции.

На наш взгляд, важно отметить, тот факт, что по своему содержанию и функциям категория «преемственность» значительно шире, чем «традиция». Она вбирает в себя не только традиции, но и обычаи, обряды и т.п. Если «традиция» аккумулирует, стереотипизирует и передает культурные ценности, то «преемственность» включает в себя корректировку переработанных того из наследуемого, которое не выдерживает испытания временем, не вписывается в новые условия, преобразовывает и развивает. В.К. Чистов считает, что «традиция предполагает устойчивость функционирования форм культуры» [8, с. 9]. Культура как необходимое условие человеческой жизни. Культура человечества богата и многообразна. Она возникла на самых древних стадиях развития общества и неразрывно связана с его историей. Каждый народ вносит свой вклад в общий фонд мировой и отечественной культуры. В обществе происходит постоянный процесс обогащения культуры, создания и распространения ценностей и достижений. Культура обладает большим потенциалом в поиске согласия, утверждения приоритета общечеловеческих ценностей. Сущность преемственности заключается в наследовании художественно-эстетических идей, творческих принципов, в сохранении формально-содержательных структур и элементов искусства. Преемственность в искусстве не означает простого повторения достижений прошлого искусства. Уникальность его исторических этапов и специфических форм творчества обусловлены неповторимой социально-исторической ситуацией, в которой творит художник. Важной чертой преемственности в искусстве является наличие связей данного этапа развития искусства не только с предшествующими ему, но и со всем прошлым художественно-эстетическим опытом человечества. Преемственность, следовательно, характеризует не только искусство отдельного народа, она является существенной стороной мирового художественного процесса.

В художественном развитии преемственности проявляется, в частности, как сохранение высших художественных достижений прошлого. Время не умаляет их ценности и не делает их достоянием исключительно истории искусства. Подлинно великое искусство прошлых эпох входит в духовную

культуру современности и продолжает оставаться источником эстетического познания и наслаждения. Воплощение исторически развивающегося богатства духовного мира человека, его мыслей и чувств составляет основу преемственной связи искусства различных времен и народов. Специфические черты преемственности в художественном развитии человечества определяются социально-эстетической сущностью самого искусства, эволюция которого обусловлена социальными причинами. Однако здесь нельзя не учитывать специфических закономерностей развития искусства, его относительной самостоятельности. В прямой связи с преемственностью находится и такое понятие, как культурное наследие. Это - сохраняющаяся во времени совокупность общественных отношений, материальных и духовных ценностей прошлых эпох, подлежащих критическому осмыслению, совершенствованию и использованию путем преемственности в интересах поступательного развития человечества. Для культурного наследия и преемственности, как взаимосвязанных категорий, характерны некоторые общие моменты: на самых ранних этапах развития культуры - ее синкретизм, т. е. нерасчлененность, неразвитое состояние, когда, например, музыка, танец и поэзия не отделены друг от друга; когда не существуют отдельные науки, а лишь в зародышевом состоянии - «наука наук».

Это вполне обоснованно характеризует развитие категории «преемственность» в национально-песенном искусстве - это достаточно однозначный, опирающийся на чувство художественного процесс наследования исторически сложившихся образов, живущих подчас подсознательно у населения в определенных социокультурных условиях.

Анализ научной и научно-методической литературы по данному исследованию показывает недостаточную разработанность некоторых базовых понятий в искусствознании и музыкальной педагогике, которые используются на практике как нечто само собой разумеющееся. К таковым относятся «исполнительская школа» и «исполнительская традиция». Они широко применяются в статьях и монографиях, в речи музыкантов-профессионалов и любителей музыки. В свою очередь, присущая им многозначность зачастую рождает не вполне осознанное употребление этих понятий. Это обуславливает необходимость анализа явлений, связанных с данными понятиями и их научной систематизации в области искусствоведения, музыковедения и педагогики художественно-музыкального образования.

Таким образом, ретроспективного анализа исторической жизнедеятельности жанров казахского музыкального искусства исследуемая проблематика важна и необходима в создании, которое имеет свой адресный имидж в отечественном музыкальном искусстве и в пропаганде национальной культуры на мировом уровне.

Список литературы:

1. Иконникова С.Н. История культурологических теорий.- СПб.: Питер, 2005.
2. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания

//http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

3. 74 с.

4. Назарбаев Н.А. Идейная консолидация общества как условие прогресса Казахстана. – Алматы: ФПИ «Казахстан в XXI веке», 1993. – с. 10.

5. Баллер Э.А. Социальный прогресс и культурное наследие – СПб., 1987 – 226 с.

6. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры/

<https://www.ozon.ru/context/detail/id/4011836/>

7. Бердяев Н.А. Духовный кризис интеллигенции. СПб, 1910.

8. Большой советский энциклопедический словарь. - М.: «Советская энциклопедия», 1990.

9. Чистов В.К. Народные традиции и фольклор. Очерки теории. – Л.: Наука, 1986.- 304 с.

УДК: 372.87: 378.007

РОЛЬ И ЗНАЧИМОСТЬ ПЕНИЯ В ДУХОВНОМ РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТИ

Тобагабылова А.Ж.

Магистр педагогических наук, старший преподаватель

МКТУ имени Х.А.Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: aijan_baki@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада музыка мен әннің адамға әсер ету мәселесі ашылады. Автор «рухани», «рухани даму», «музыкамен тәрбиелеу» сияқты ұғымдарды қарастырады. Ежелгі философтардың еңбектеріне сүйене отырып, автор музыканың адамның рухани дамуына әсер ету дәрежесін анықтайды. Ұсынылған жұмыста музыканың адамның рухани дамуына әсер ету мүмкіндіктері анықталды.

Summary

The article reveals the problem of music and singing influence on a person. The author considers such concepts as «spirituality», «spiritual development», «music education». Based on the works of ancient philosophers, the author determines the degree of influence of music on the spiritual development of man. In the presented work the possibilities of music influence on the development of human spirituality are determined.

От рождения до смерти люди поют, как правило, совершенно не задумываясь, почему они это делают. Младенцы поют пробуя голос, ещё до того, как научились говорить. Иногда мы поём, сами того не замечая, в неподходящем месте, в неподходящее время, бесконечное количество раз повторяя один и тот же мотив. Иногда в упоении поём на языке, которого не знаем, и это занятие почему-то не кажется нам бессмысленным.

Что же это за потребность человеческой природы и зачем нам дана способность петь? В чём главный смысл пения?

Пение позволяет нам полноценно выразить любые эмоции без слов. Когда сердце переполнено каким-либо чувством, будь то ликование или горе, глубокая печаль или любовь, душа жаждет излить это чувство – и

оказывается, что слова тут бессильны, как бы эмоционально человек их не произносил – всё кажется недостаточно правдивым. Можно, конечно, стонать и кричать (животные так и делают), но и этого оказывается мало: просто звук тоже не способен отобразить человеческую эмоцию. В общем, пение стоит между словом и воем, то есть между человеком и зверем.

Конечно, пение подразумевает наличие гармонии и ритма. А ведь ритм и гармония на самом деле – это способы структуризации пространства! [1].

Гармоничным мы называем приятное сочетание цветов, миловидное лицо, отношение в семье и т.д. По одним и тем же законам гармонии построена вся Вселенная, одни и те же числовые пропорции лежат в основе красивой мелодии, правильно настроенного инструмента, прекрасного здания и законов, по которым движутся планеты. Недаром в средние века музыку относили не к искусствам, а к наукам: она входила в квадрариум (начальный курс образования) – арифметики и геометрии [1].

В древности люди понимали, как нарушение законов Вселенной превратит космос в хаос, так нарушение законов геометрии превратит здание в руины – так нарушение законов музыкальной гармонии деформируют душу человека, его внутренний строй, отношение с окружающими.

В Древнем Китае композитора, который писал «неправильную» музыку казнили [1]. В нашем цивилизованном мире композиторов казнить не принято. Может зря? Никто не задумывается, какое колоссальное воздействие оказывает на нашу жизнь постоянный музыкальный фон, который мы привыкли не замечать, но от которого очень сильно зависим.

Великие древнегреческие философы Пифагор, Аристотель, Платон указывали на профилактическую и лечебную силу воздействия музыки. Они считали, что музыка устанавливает порядок во Вселенной, в том числе нарушенную гармонию в человеческом теле, отмечая, что музыка, мелодия и ритм – не только перестраивают эмоциональное состояние, но и способны формировать отношения между людьми и даже между государствами [1].

Одним из важнейших понятий в этике Пифагора была «Эвритмия» – способность человека находить верный ритм во всех проявлениях жизнедеятельности – пении, игре, танце, жестах, мыслях, поступках, в рождении и смерти. Через нахождение этого верного ритма человек мог гармонично войти сначала в ритм полисной гармонии, а затем подключиться к космическому ритму целого мира [1, с. 28].

Человек поющий, непременно включается в мощный энергетический поток, инстинктивно ощущая, как при этом возрастает его духовная сила и значимость. При помощи же ритма, человек подключается к потоку. Ритм воздействует на психику, возможно ещё сильнее, чем гармония. Каждому явлению, каждому народу и каждому человеку присущ его собственный ритм. Психологи утверждают, что при помощи определённых ритмов можно менять эмоциональное состояние и настроение толпы.

При помощи музыкального ритма можно ускорить или замедлить сердечный ритм (этим всегда пользовались шаманы и знахари) [2].

Можно сказать, что ритм и гармония – это то, что дано человеку свыше, то что отличает его от животного и делает существом духовным. И этот великий дар пения – каждый из нас получает от Бога при появлении на свет. Способность петь – такое же свойство человеческой природы, как способность ходить, говорить и смеяться. Нет людей изначально лишённых этого удивительного и совершенного дара. И не нужно верить историям про медведей, наступившим на ухо крикливым младенцам. Не стоит верить маме, когда она уверяет, что «у тебя никогда не было голоса», просто ей лучше напомнить, как она говорила вам: «что же ты так кричишь?» или «когда же ты наконец замолчишь?».

В Индии или Африке, да и в в нашем родном казахском ауле просто нет людей, которые не имели бы слуха и голоса. Чем же мы - горожане, так и «не задались», что без специального образования не можем связать трёх нот?

Причин несколько. Во-первых, звуковое пространство города настолько далеко от природного, что слух городского ребёнка формируется иначе, чем у аульских детишек, для которых привычным звуковым пространством являются голоса птиц и животных, шум леса и реки. «Деревья весело машут ветвями в ритм с ветром; шум моря, бормотание бриза; свист ветра в скалах среди холмов, гор, вспышка молнии и удар грома; гармония солнца и луны, движение звёзд и планет, падение листа, смена утра и вечера, дня и ночи – всё это открывает для слышавшего музыку природы. Младенец отзывается на музыку до того, как научиться говорить; он двигает своими ручонками и ножками в такт и выражает радость и боль в разных тонах» - Хазрат Инойятхан – индийский философ, музыкант [2].

Кроме того, ребёнок, который вырос среди поющих людей, учится у них петь, не задумываясь о том, что учится, перенимая традиционные певческие приёмы.

Во-вторых, условности современного общества таковы, что считается неприличным любое непосредственное выражение эмоций. Требуется соблюдение общественного порядка, родители, да и посторонние, шикают даже на маленьких детей, чей звонкий голос выбивается из общего звукового фона. Человек с детства боится «звучать»: не то, что петь – он и говорить начинает в полголоса! А после того, как ребёнку чуть ли не с младенчества запрещали самовыражаться при помощи голоса, ему начинают преподавать пение в школе. Голос, который является отражением и продолжением личности человека, начинают «обрабатывать», «унифицировать», так и не дав ему позвучать. В результате возникает перекося – физиологический и психологический. Нечто подобное происходит, например, с переученными левшами, которых вопреки их природы с детства заставляли держать ложку и писать правой рукой, в силу чего они не могли использовать возможности своего тела и разума на сто процентов.

Но даже если мы никогда полноценно не использовали свой голос, это не значит, что у нас его нет! Его только необходимо «достать из чулана», почистить, настроить и научиться им пользоваться. Конечно, это дело не

одного дня: сначала нужно освободить от застарелых зажимов, потом «накачать», восстановить мускулатуру наполовину атрофировавшегося органа, затем развить гибкость, координацию с движениями тела, научиться слушать и слышать.

Зачем человеку владеть своим голосом? «Вступая во владения» голосом, мы не только получаем удовольствие от пения, не только распрямляем и освобождаем своё тело – мы получаем мощнейшее оружие коммуникации. Недаром говорят: «чарующий голос», «властный голос», «правдивый голос» - часто первое впечатление о ком-либо мы получаем благодаря его голосу, даже не осознавая этого. Человек с естественно звучащим голосом всегда привлекает к себе внимание в беседе, а тот, кто ещё и умеет управлять своим голосом – владеет аудиторией, легко отображает оттенки своих мыслей и настроения, одной интонацией может сказать то, чего не выразить никакими словами.

В пении есть нечто, что не просто приближает нас к природе, но и делает её частью, открывает нам возможности пользоваться её ресурсами. Это резонанс – частотное совпадение голоса со звуками мира как слышимыми, так и не слышимыми. Если человеку удастся совпасть с вибрацией пространства или найти такое частотное совпадение с голосом другого человека, возникает эффект усиления, многократного умножения силы звука, мощности воздействия. Причем в случае совершенного резонанса это воздействие обоюдное: человек получает от мира природную мощь, и сам воздействует на природу, управляя стихиями. У египтян это называют «вызывание дождя» при засухе.

Понимание пения как проявление Божественного в человеке есть почти у всех народов. Духовные песнопения являются частью практически каждого религиозного культа. Казахская народная музыка уходит своими корнями вглубь веков. Далёкие предки казахов, многочисленные скотоводческие племена, обитавшие в степных пространствах Центральной Азии, создали богатый инструментарий, инструментальную музыку, самобытные музыкально-поэтические традиции, которые и были унаследованы современным казахским народом.

В народе сохранились легенды о происхождении музыки и поэзии. Одну из них пересказал писатель Мухтар Магауин. «В те времена, когда как говорят казахи «коза ещё была бесхвостой» ни один из народов, населяющих землю, не знал что такое стих, и что такое песня». Без стихов жизнь – вдова, без песни жизнь – бесплодна. В те времена не было ни праздников, ни тоев. Люди жили без радости и смеха, они ходили мрачные, их давила ледяная тоска, ибо в момент скорби они не могли позвать на помощь волшебную песню, рассеивающую печаль и ободряющую душу. Человек, хоть один раз испытавший беду, всю жизнь ходил печальным и умирал в скорби, потому что в те времена песня жила вдали от земли. Наконец, прекрасная, таинственная, могущественная и волшебная песня решила оставить своё старое жилище и вышла в путь, чтобы осмотреть все четыре угла Вселенной.

В зависимости от настроения песня летела то низко над землёй, то взмывала вверх, в недостижимое небо. Когда песня пролетала низко, то весь народ, обитающий в этом краю, ясно слышал все её мелодии, напевы, кюи, жыры и навеки запоминал и заучивал их. Там, где песня летела выше, люди слышали лишь часть её сокровищ. Секрет щедрости и богатство казахской музыки в том, что песня пролетела очень низко над казахской степью» [3].

Казахская музыка тесно связана с поэзией и словом. Даже обычная казахская речь отличается ритмичностью, определённой мелодичностью, красотой звуковых сочетаний. Удачное остроумное слово народ всегда высоко ценил. Казахи говорят: «Өнер алды – қызыл тіл». Первейшее из искусств казахской культуры – красноречие, очень развита и импровизация. Одним из великих композиторов и виртуозов в импровизации является выдающийся Каркаралинский певец Амре Кашаубаев. Своим серебристо-звонким и уникальным голосом, простотой и естественностью исполнения всегда восхищал слушателей. Он был первым из казахов, чьё вокальное искусство перешагнуло границы страны. В 1927 году на Всемирной музыкальной выставке во Франкфурте-на-Майне Амре Кашаубаев представляя казахское певческое искусство своим совершенным даром, покорила Европу. Его голос был записан на Золотую пластинку. «Амре – певец песенной поэзии» - писал Мухтар Ауэзов. В этой оценке отражён характер исполнительского мастерства певца, чьё имя вошло в историю казахского искусства и стало символом духовного богатства, музыкальной одарённости народа.

Не секрет, что в наших общеобразовательных школах, «Музыка» считается второстепенным предметом. В связи с этим хотелось бы, чтобы предмет «Музыка» преподавали образованные и квалифицированные педагоги. Не человек с высшим образованием, а образованный человек.

Я преподаватель кафедры «Исполнительское искусство» в Международном казахско-турецком университете имени Ходжи Ахмеда Ясави. С момента открытия кафедры и по сей день профессор кафедры, Народный артист РК, Кажыбек Бекбосын передаёт свой исполнительский опыт и знания подрастающему поколению. Это удивительный и талантливый человек, ярчайший представитель казахской традиционно-певческой культуры. Он обладает широким диапазоном, невероятной красоты и силы голосом в сочетании с виртуозным исполнением на казахском музыкальном инструменте - домбре. В его исполнении песни преобретают некую эмоциональную сущность, и после каждого выхода на сцену его мелодико-интонационное исполнение и мощный голос завораживают, оставляя неизгладимое впечатление на слушателя. Его песни пробуждают в человеке чувства, мотивируют и возвышают дух. Для меня честь работать и общаться с человеком, который очень много сделал для развития и процветания казахского традиционно-песенного искусства и музыки в целом!

Список литературы:

- 1.Петрушин В.И. Музыкальная психотерапия. – Москва : Владос, 2000. – 176 с.
- 2.Елманова С.А. Казахская музвкальная литература. –Алматы: Өнер. 1993.
- 3.Ахметова М.М. Традиции казахской песенной культуры. -Алматы. Наука КазССР. 1984.

ӘОЖ 796.015:796.8.

БАЛУАНДАРДЫҢ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ЖЕТУІНЕ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Баймуханбетов Б.М.

PhD., қауымдастырылған профессор,
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

Резюме

В научной статье сделан теоретический анализ работ, посвященных физической, технико-тактической подготовке борцов. Вместе с этим, в статье описаны многие аспекты развития физической подготовки борцов, которые подтверждаются конкретными видами борьбы. Эксперты уделяют большое внимание специальным упражнениям для развития физических качеств борцов. Уровень развития этих качеств способствует достижению высоких результатов в соревнованиях.

Summary

A theoretical analysis of many works devoted to physical, technical and tactical training of wrestlers is made in the scientific article. Along with this, the article describes many aspects of the development of the physical training of wrestlers, which are confirmed by specific types of struggle. Specialists pay great attention to special exercises for the development of physical qualities of wrestlers. The level of development of these qualities contributes to the achievement of high results in wrestling competitions.

Біз тақырып төңірегіндегі ғылыми зерттеу жұмыстарына сараптама жүргізу барысында балуандардың дене дайындығына арналған еңбектерді қарастырдық. Мұнда балуандардың дене дайындығының көптеген даму аспектілері күрестің нақты түрімен нақтыланады. Мамандар арнайы төзімділіктің дамуы мен жылдамдық – күштілік қасиеттердің дамуына көп назар аударады. Ғалымдар бұл қасиеттердің даму деңгейі жарыстардағы балуандардың нәтижелігін анықтайтындығын өз пікірлерінде білдіреді.

Т.В.Алферова мен В.Я.Обуховтардың пікірінше [1], балуандарды жарысқа дайындау барысында жылдамдық қасиеттерін жетілдіру бойынша жаттығу жұмысының көлемін айтарлықтай арттырған жөн. Спортшылардың қызметтік жағдайын бақылау үшін спортшыларда жаттығуға дейін, жаттығу уақытында және қалпына келтіру кезеңінде қарапайым және күрделі қозғалыс әсерін тіркеуді пайдалануға кеңес беріледі. Қосымша жасалатын дене жүктемесіне ағзаның қызметтік жүйесімен жүрек қантамыры соғысының жиілігінің көрсеткіштерін үздіксіз бақылау қажет. Авторлар атап өткендей, жарыстарда жүлделі орын алған балуандарда сайысқа дейін және сайыстан кейін жүрек қантамыры соғуының жиілігі басқа спортшыларға

қарағанда жоғары болады. Ол бұл балуандардың жарысқа қатысуға бейімделуіне негізделеді.

О.В.Коптевтің [2] пікірінше, қосыша жаттығу әсерінің оңтайлы ұзақтығын есепке алумен жарысқа дейінгі дайындық кезеңдерінде жоғары дәрежелі жетістіктерге ие балуандардың жылдамдығы мен күшін дамыту үшін елу пайыз құралдарды бейімдеу олардың дайындық деңгейінде нақты жетістіктерге әкеледі. Жылдамдық – күштік қасиеттердің артуы 5-14%, тәсілдік шеберлік -14,6%, тұрыста шабуылдаушы әрекеттердің беріктілігі - 5,3%, тұрыста қорғаныс әрекеттерінің беріктігі - 3,9%, жекпе-жектегі тиімділік- 19,5% құрады. Автор атап өткендей жылдамдық-күштік құралдар көлемінің шоғырлану кезеңінен кейін (алғашқы бес апта) күш пен жылдамдықтың барлық көрсеткіштері төмендейді. Бұл қасиеттерді өтеу фазасы жылдамдық-күштік дайындық көлемінің төмендеген үш - төрт аптасынан кейін, яғни қосымша жаттығу әсерін жүзеге асыру кезеңінде байқалады.

Жоғары дәрежелі балуандардың көпжылдық дайындығының жүйесіне зерттеулерін арнаған Я.К. Коблев [3] спорттық күрестің арнайы белгілер қатарына назар аударады, оларға объективті өлшенетін нәтижелердің нақтылығы, спорттық нәтижені анықтайтын факторлардың анағұрлым орын толтырылу мүмкіндігі жатады. Сайысты жүргізудің түрлі мәнерін пайдаланатын спортшылар жоғарғы спорттық нәтижелерге жете алады. Сондықтан олардың дайындық бағыты түрлі бола алады. Спорт түрінің мерзімсіз сипаты, жарыстардың күрделі күнтізбесі бүкіл жыл бойына жоғары жетістіктерді көрсетуді талап етеді. Бұған байланысты көптеген жағдайда жыл бойы дайындықты құрудың кіші кезеңдері негізінде жүзеге асырылады.

С.В. Калмиковтың пікірінше [4] жаттықтырушылар мен спортшылар жылдамдықты жетілдіруге емес, күш пен жылдамдықты тәрбиелеуге көп уақыт жұмсайтындығын айтады. Балуандардың жаттығуындағы кері әсер ету мен қозғалыс жылдамдығына анық назар бөлмей, орташа қарқында әдістік-тәсілдерді орындау болып табылады. Жоғары дәрежелі балуандар өз назарларын қарсыластың әрекеттерін алдын ала білу қабілетін жетілдіруге аударатынын зерттеу нәтижелері дәлелдейді. Сол себепті әсер ету мен қорғану уақытының көрсеткіштері жоғары және қазіргі жарыс ережелерінде әдіс-тәсілдік әрекеттер анағұрлым берік. Бір мақсатқа бағытталған жаттығулар мен жүйелі бақылау балуандардың жеке ерекшеліктерін есепке алумен жылдамдық қасиеттерінің жетілуіне септігін тигізеді.

В.А.Никифоровтың [5] факторлық талдау нәтижелерінің негізгі қорытындысы бойынша, жас балуандардың сәтті дайындығында қандай да бір дене қасиеттері немесе психиметриясы мен олардың өсу қарқының абсолюттік мәнімен қатар, бұл қасиеттердің жарыстық әрекеттегі «пайдаға асу» дәрежесі маңызды. Факторлардың маңызды дәрежесі жас балуандардың спорттық жетілуіне негіз бола алатын аспектіде қарастыру қажет. Арнайы дене дайындығы процесінде спорттық тәсілдік жеке элементтерін орындауға кері әсер ететін, әрекеттердің координациялық құрылымының уақыттың

бұзылу мүмкіндігін ескерту қажет.

Балуандардың дайындығында жаттықтырушылар арнайы шыдамдылықтың дамуына көп назар аударады. Бұл мәселе мен арнайы шыдамдылықты тестілеуге зерттеулердің көпшілігі арналған. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше жарысқа дайындалудың соңғы кезеңінде ортақ және арнайы дене дайындығы құралдарының тиімді арақатынасын тапқан аса маңызды.

Б.М. Рыбалко, Н.И.Тронин, А.П.Хренов [6] тәжірибелік зерттеулердің нәтижесінде жасаған қорытындылары бойынша, жарыс алдындағы кезеңде жоғары дәрежелі балуандар үшін арнайы дене дайындығы үлесін 70-80%-ға дейін арттыру қажет. Ол тәжірибеден кейін спортшыларды тексеру нәтижелерімен дәлелденеді. Авторлар белгілегендей, 45-55% көлемінде жалпы дене даярлығы және арнайы дене даярлығы құралдарының арақатынасынан тек жалпы дене дайындығы ғана дәлелді арттырып, арнайы шыдамдылықтың күрделі өзгерісіне әкелмейді. Жарыс алдындағы кезеңде арнайы дене даярлығы құралдарының үлесін арттыру 80%-ға дейін арнайы шыдамдылықтың артуына септігін тигізеді, ол уақытты тіркеумен жоғары қарқында 15 тастау тест пен 6 - минуттық соңғы жаттығуда күрескерлерді тестілеуде нәтижелермен дәлелденеді. Арнайы шыдамдылықты оң салыстырулар 6-минуттық соңғы жаттығуда күрескерлерді тестілеуде нәтижелермен дәлелденеді.

В.Ф.Бойко [7] бес факторды қосатын, балуандардың арнайы шыдамдылығының күрделі құрылымын анықтады: статикалық сипаттағы жұмысқа шыдамдылық, аэробты энергетика оттегі тамыр соғысының көрсеткіштері, анаэробтық энергетика (максималды оттегі қарызы), қалпына келтіру процестерінің қарқыны, қасиеттерді білдіруге қабілет және шаршау жағдайында бейімделу.

Ө.Е.Бектұрғановтың деректері бойынша [8], жоғары дәрежелі балуандардың жарыстық қызметін тіркеу тәсілімен шаршаудың артуы үнемдірек, қозғалыс міндеттерін тиімдірек шешу тәсілдерін ізестіруді біркелкі ынталандырады. Жоғары дәрежелі балуандар ұпайлардың артықшылығында әдіс-тәсілдік әрекеттердің тиімді жиынтығы мен күрес жүргізудің мәнерін тауып, шаршаудың артуы жағдайында жарысушылық қызметтің беріктігі мен нәтижелілігін арттырады.

А.Р.Асаубаевтың пікірінше, «Балуандардың жақсы денелік дайындығы оның дайындығының басқа қырларын және әсіресе әдіс-тәсілдік шеберлігін жетілдіру үшін негіз болды» [9, 24-б.]. Ортақ денелік дайындық үшін құралдар ретінде автор түрлі денелік жаттығуларды, соның ішінде қатарлық, жалпы дамушы құралсыз және құралмен (секіргішпен, гимнастикалық таяқпен, теннис добымен), салмақ салумен (гантельдермен, кір тасымен, штангамен), гимнастикалық құралдармен (арқан мен сырыққа өрмелеу; ағашта қозғалу, бұрылу және сілтеу; көпір ағашта - көтерілу, бұрылу, сілтеу, дәл сол- сақиналарда (кольцо); гимнастикалық атта –тіректік секіру). Ептілікті дамыту үшін автор акробатикалық жаттығуларды (аунау, аударылу,

көтерілу, жүгіріп алға сальто жасау және т.б) батутта-бұрылып секіру, алға және артқа сальто, секіру, бұрылумен сальтоның қиыстырылуын ұсынады.

Арнайы дене дайындығы құралы ретінде күрестің ең қарапайым формаларын (қолмен итеру, бір қадам қашықтықта бір-біріне қарсы тұрып итеру); бір қолмен, бір-біріне бүйірінен тұрып тарту; кілемнен ығыстыру; қолды қармау үшін күресу; аяқ және т.б.).

Көпірді мықтау үшін көпір жағдайында алға-артқа қозғалыстарды; кілемге басты тіреп мойын бұлшық еті үшін жаттығулар; бастың айналасында шеңбер тәріздес жүгірулер; серіктеспен көпір жағдайында жаттығу, дербес және серіктестің көмегімен тұрыстап көпірге иілу; көпірден бас арқылы аунау; доппен, гирьлермен, штангамен көпір жағдайында жаттығу жасау, көпірге тұру және шығуға кеңес беріледі.

Серіктестің өзін-өзі сақтандыруға арналған жаттығуларын (жата тіреліп кілемнен қолмен ығыстыру, кілемге құлау, көкірекпен, бүйірмен, арқамен тұру, жартылай бүгілген қолмен қону, тәсілдерді орындауда кілемге жылдамдықпен түсу) орындау. Автор денелік қасиет бойынша ортақ және арнайы әдістерді қосып, оларды тәрбиелеу әдістерінің тізімін береді. Бұл спорт түрінің арнайылығын есепке алып, нақты дене қасиеттерін дамыту бойынша нақты міндеттерді тиімдірек шешуге мүмкіндік береді [9].

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың пікірлерін саралай келе біз, балуандардың жоғары нәтижелерге жету жолындағы дене дайындығының ықпалы мол екендігін айқындауға талпындық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алферов Т.В. Динамика развития скоростных качеств дзюдоистов/ Т. В. Алферов, В. Я. Обухов// Спортивная борьба. - М., 1983. - С. 49-53.
2. Коптев, О.В. Скоростно-силовая подготовка дзюдоисток высших разрядов: автореф. дис... канд. пед. наук / О.В. Коптев. – ГЦОЛИФК. – М., 1991. – 24 с.
3. Коблев Я.К. Система многолетней подготовки спортсменов международного класса в борьбе дзюдо. Дисс. на соиск. уч. степ. доктора пед. наук. – М.: ГЦОЛИФК, 1990. – 328 с.
4. Калмыков С.В. Соревновательная деятельность в спортивной борьбе / СВ. Калмыков, А.С. Сагалеев, Б.В. Дагбаев. - Улан-Удэ: Изд-во Бурят. гос. ун-та, 2007.
5. Никифоров В.А. Факторная структура физической подготовленности юных дзюдоистов // Теория и практика физ. культуры. - 1988. - № 4.
6. Бардамов, Л.Л. Совершенствование технико-тактического мастерства борцов-тяжеловесов с учетом соматометрических признаков: Дис. ... канд. пед. наук: 13.00.04: Улан-Удэ, 2005.- 119 с.
7. Бойко В.Ф. Физическая подготовка борцов: учеб. пособие для студентов вузов физ. воспитания и спорта / В. Ф. Бойко, Г. В. Данько. – Киев: Олимп. лит., 2004. – 224 с.
8. Бектурганов О.Е. Совершенствование устойчивости соревновательной деятельности борца к сбивающему фактору утомления : автореф. дис. ...канд. пед наук / О.Е. Бектурганов.- Алматы, 1999.- 26 с.
9. Асаубаев А.Р. Спортивная борьба: учебно-методическое пособие, Алматы: Шартапап, 2003, 182

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ ҚҰРАМДЫҚ МОДЕЛІН ҚҰРАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Досбаганбетова А.Т.

Педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы

ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Ерсінбек Ж.Б.

1 курсының «Музыкалық білім» мамандығының магистранты

ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье проводится изучение многоуровневого педагогического феномена «профессиональная компетентность», применительно к деятельности учителя музыки и определяющего его структурные компоненты.

Summary

In this article the researcher undertakes the study of multilevel pedagogical phenomenon "professional competence" applied to the activity of music teacher and defining its structural components.

Құзыреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі, оның квалификациясы (білім мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Қазіргі кезде ғылымдардың да, мұғалімдердің арасында «компоненттілік» (көптеген ғылымдар «құзыреттілік» деп аударып жүр) деген ұғым көп кезде-седі. Маманның кәсіби құзыреттілік мәселесі күрделі де көп қырлы.

Бұл ғылыми педагогикада, психологияда, элеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде, акмеологияда, андрогикада, гуманитарлық ғылымда әр қырынаң қарастырылып жүр. Мәселе кешенді түрде зерттелуде.

Құзыреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімді мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелердің талдауға, ұдайы түрде ұғымды түзетулер еңгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Н.С.Розов құзыреттіліктің екі жағы болатынын анықтайды да, бірінші жақты танымдық және практикалық жаналық еңгізуді (инновация) ассимиляциялау мүмкіндігімен, екінші жақты – білім беру жүйелерінің әр түрі, тип, профилі, сатыларына қойылатын білім талаптарын анықтау мүмкіндігімен байланыстырады.

Н.С.Розовтың пікірінше, құзыреттіліктің мынадай қырлары бар:

- мәндік аспект, неғұрлым жалпы мәдени контекстегі ахуалды жете түсінудің бара-барлығын көрсетеді. Бұл контекстің аяғына осы сияқты ахуалды бағалау, ұғыну мен оған деген қарым-қатынас кіреді;

- проблемалық практикалық аспект, бұл осы бір жағдайда ахуалды ай-

қындай білудің масат, міндет, нормаларды алға қою мен орындау тиімділігін бара-барлығын сипаттайды;

- коммуникативті аспект, осы тәріздес ахуалдағы қатысымның және адамның өзара ықпал жасауға тиісті мәдени үлгісі, деңгейінің бара-барлығын қамтамасыз етеді.

Құзыреттілікті оның жалпы мәжнә кәсіби көріністерін сипаттау үшін бы-лайша аспектілерге бөлу жасанды екенін көруге болады [1].

Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы жаңа сипаттағы мамандарды қажет етіп отыр. Ондай мамандар дәйім өзгеріп отыратын әлеуметтік экономикалық процестерді талдай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына сай шешімдер қабылдап, жүзеге асыра білуге, өндіріс пен жеке адам арасындағы ықпалдас-тықтың ізгілікке бағытын стереотиптердіруден арылта білуге тиіс. Осы жағдайларға байланысты жоғары оқу орнының ең бір маңызды міндеті кәсіби жағынан білімдар да құзіретті маман даярлау болып отыр.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы айтсақ, педагогикалық міндеттерді өз бетімен тиімді мұғалімнің, педагогтың, тәрбиешінің тұлғалық шеше алу мүмкіндіктерін сөз етеміз. Кәсіби құзыреттілік термині көне заманнан бері қолданылып, әр кезеңде оның мазмұны толықтырылып отырған.

Жоғары білімді маманның кәсіби құзыреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру дайындығына, былайша айтқанда, іс-керлігі мен мүмкіндігінде сай жұмыс істеу қажеттілігінен келіп шығады.

Кейбір сөздіктерде құзыреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірме берілген. Ал, құзыреттілік дербес және жауапкершілікпен әрекет етуге, белгілі бір жұмысты орындауға қабілеттік пен икемділікті меңгеруге жол ашатын психологиялық ахуал, психологиялық сапаның қосылымы ретінде белгіленіп жүр.

Құзіретті болу мен құзыретсіз болудың себебі бірдей. Ол адамның жеке тұлға ретіндегі ахуал, эмоциялық тұрақтылығы мен айнамалығы, денсаулықтың жақсы-жамандығы т.б. осылардың болу-болмау себептерін анықтау үшін құзыреттілікті саралап, кәсіби психологтың қатысуының маңызы зор (Кесте 1).

Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесімен қарап, пайымдау қажет. Кез келген қызметкер өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана кәсіби құзіреті саналады. Жеткен нәтиже емес, белгілі бір жетістікке жеті үшін тырысуды құзыреттілікке телуге болмайды. Құзыреттілікті адамның білімдарлығымен жапсарлатуға болмайды. Өйткені, жұрт айтқандай құзыретсіздік оқу орнының шаңырағында шайқалып тұр. Құзыреттілікті адамдардың белгілі бір мәселені шешу қабілетімен шатастыруға болмайды.

Бұл мәселені мен шеше аламын, бірақ менің құзырыма жатпайды немесе бұл менің құзырымда, бірақ білімдарлығым жетпейді т.ю. пікірлер айтылды.

Әрбір қызметкер өз орнындағы құзыреттілігінің межесін ғана емес, дәре-жесін де білсе ұтар еді. Кәсіби құзыреттіліктің түрлерін ажыратуы міндет болып саналады. Атап айтар болсақ:

-арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби іс-әрекетін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби қалыптасуын жобалай білу;

-әлеуметтік құзыреттілік – бірлесе, кәсіби іс-әрекетті атқаруды, ынтымақтасуды, сондай-ақ, осы кәсіпке қарасты қатысымды меңгеру, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік;

-жеке тұлға құзыреттілігі – өзін көрсете білу мен қалыптастыру амалдарын, жеке тұлғасының кәсіби қарсы тұру құрамдарын игеру;

-дара құзыреттілік – өзінің қабулеттілігін асыру және кәсіп аясында өз даралығын қалыптастыруға қабілеттілік, кәсіби тұрғыдан қартаюға бой бермеу.

Кесте 1

Құзіреттің саралау түрлері

Тұрақты кәсіби мотивация	Кәсіби айнымалы мотивация
<ul style="list-style-type: none"> - өз кәсібіне адалдығын сақтауға тырысу; - мендік тұжырымның жағымдылығы, өзіндік бағамдылық; - басқа көше алу қабілеті, әмбебаптық; - шығармашылық бағдар, жаңа үшін ескіден бас тарта білу; - саналы түрде рухани баюды көздеу, кәсіп арқылы өзін-өзі дамыту; - кәсіп арқылы шығармашылықты байыту; - жағымды эмоциялық күйдің басымдығы; - кәсіби еңбектегі даралық; - кәсіби еңбектегі қанағаттану; - кәсіби өзіндік сана тұтастығындағы өз кәсібінің профессиограммасын білу; - кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі тану; - мақсатты ойлау мен бөгеттерге қарсы тұра білу, әрекет етудің тұрақтылығы; - өзіне-өзі жоба жасау; - кәсіби жағынан машықтану. 	<ul style="list-style-type: none"> - кәсіби мінез-құлық себептерінің болмауы; - консервативті бағдар, жаңалық енгізуге қарсылық; - ебедейсіздік, өзгеруге деген әділетсіздік; - ойлану әдістерінің шығармашылық әдістерден басым болуы; - құзыреттіліктің белгілі бір деңгейде жетіп тоқтауы, кәсіби тұрғыдан өсудің тоқтауы; - жағымсыз эмоциялық күйдің басым болуы; - қанағаттанбау мен өзін толық бағалы санауы; - тұтаса келіп тұрақтанған кәсіби меннің болмауы; - кәсіби өсудің кездейсоқ әсерге тәуелділігі; - кәсіби жағынан машықтану үйренудің аздығы, кәсіби тұйықтылық; - кәсіби қызметтің мотивациялық қимылдың үйлеспеуі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру тәрбие мен оқытудың үздіксіз үрдісі, ал, оның негізгі мақсаты жоғары деңгейдегі адамгершілік, мәдени даму және қоғам мүшелерінің кәсіби құзырылылығы деп атап көрсетілген.

Құзыреттіліктің аталған түрлері бір адамның бойынан табыла бермеуі мүмкін. Адам өз мамандығы аясында ғана жетік болуы, бірақ қарым-қатынас жасау жөнін білмеуі, өзін дамыту жолындағы міндетті жүзеге асыра алмауы мүмкін. Осыған орай, оның мамандық жағынан жоғары құзыреттілігін, ал, әлеуметтік және тұлғалық жағынан құзыреттіліктің әлсіз, төмен екенін пайымдауға болады. Аламға кәсібінен тысқары жерде қажетті құзыреттіліктің кейбір жалпы түрлері айқындалған. Бұлар кейбір өзекті кәсіби маңызды сапалар мен кәсіби мінез-құлық типтері, көптеген кәсіп түрлері айқындалған, мәнің жоғалтпайды. Жоғарыда сипатталған құзыреттіліктің әр түрінде кәсіпаралық жалпы компоненттердің мынадай түрлерін енгізуге болады:

- мамандыққа құзыреттілік – өндіріс процесін жоспарлауға қабілеттілік, компьютермен, оргтехникамен жұмыс істей білу, техникалық құжаттамаларды оқу, жеке тұлға құзыреттіліктерді, өзінің еңбегін жоспарлауға, бақылауға және реттеуге қабілеттілік, өз бетімен шешім қабылдауға, үйреншікті емес шешім та-буға қабілеті, дара құзыреттілік, жетістік мотивациясы т.б.

Жеке тұлға құзыреттілігі – өзінің еңбегін жоспарлауға, реттеуге барынша еркін құқықты болуы шарт. Іс-әрекет іс жүзіндегі объектілерді бағамдауға, жо-балауда және құрастыруда кәсіптік педагогикалық білімді қалыптастыруымыз қажет.

Дидактикалық үрдіс – мұғалім мен оқушы мен оқушы қызметінің нәтижесі. Мұғалім білім мазмұнын өзіндік көзқарасымен, өзіндік эмоционалдық-құндылық қатынастармен, күдіктерімен, сұрақтарымен, кешегі өткен тұлғалар тәжірибесін өзіндік ойымен толықтырады. Сөйтіп, білімді жандандыруға, оқушылардың тәжірибесін белсендіруге, толықтыруға, оқыту мазмұнын ойлаудағы біріккен қызметті ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Олай болса, құзырлы ұстаз алдындағы міндет әр уақытта баланың тұлғалық дамуымен байланысты түсінік дейгейінің аймағын оқушының әлемді жаңаша түсінуін және басқаның көзқарасын қабылдау қабілеттілігін кеңейту. Кәсіби уақыт талабында сай кез-келген маман иесінің бойындағы жеке тұлғалық қасиеттерге және кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттерге баса назар аударылады.

Педагог бойындағы аса маңызды қасиеттердің қалыптасуы мен оның дамуы туралы мәселелерді Ф.П.Гонобалин, Н.В.Кузьмина, Б.К.Момынбаев және т.б.қарастырылады. Олар қабілеттілік, іскерлік, жеке тұлға бойындағы қасиеттер мен ерекшеліктер сияқты түсініктерге тоқталады. Осыған байланысты жасалған зерттеу жұмыстарына, ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, болашақ маманның шамамен алынған кәсіби іскерлік

қасиеттері мен қабілеттерінің құрылысы анықталады.

Әрбір ғалым кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттердің тізімін өздігінше түсіндіреді. Көптеген авторлар қабілеттің жалпы және арнайы түрін бөліп көрсетеді. Жалпы қабілеттерге ең алдымен зейінділік, тапқырлық, ақыл-есінің дұрыс болуы сияқты ой қабілеттері жатады. Ал арнайы қабілеттерге арнайы іс-әрекет түрлерін табысты етіп орындауы үшін қажетті қабілеттер жатады. Алайда мамандықты дұрыс, жақсы меңгеру үшін де арнайы қабілеттер ерекше роль атқарады. Арнайы қабілеттерін ең ерекше түрі болып саналатын – бұл педагогикалық қарым-қатынас жасай білу қабілеті.

Б.К.Момынбаев адамның қасиеттерін жеке тұлға, іс-әрекет субъектісі ретінде қарастырады: бағыттылық; сыртқы қоршаған ортаға, адамдар мен өзінің іс-әрекетіне қарым-қатынасы; жеке тұлға бойындағы өзіндік ерекшеліктер; же-ке тұлғаның тікелей қасиеттері (шеберлігі, іс-әрекетке дайын болуы, істі орындай білу қабілеті); сезім әрекетіне бой алдырушылық қасиеті; өз мамандығы ар-қылы басқалармен жақындасу мен тіл табысуды саналы түрде мойындалуы; өз бойындағы қасиеттер мен қабілеттерді көрсете білуі; берілген мамандығының қандай қасиеттер мен қабілеттерді дамытатынын және керісінше жаншитынын мойындау [2].

Біздің пікірімізше, жоғарыда көрсетілген жеке тұлға бойындағы қасиеттер мен қабілеттер педагогикалық процесс барысында жүзеге асыруға және оның шарттарын кәсіби оқыту кезінде сеніммен қарауға көмектеседі. Сонымен қатар, кәсіби оқытуда болашақ шеберлер мен мамандар өзін-өзі билеудегі кәсіби қалыптастыруда жоғарыда аталған қасиеттер мен қабілеттердің орны ерекше екендігін айтуға болады.

Э.А.Орынбасарова өнегелі тәртіптің маңызды факторы ретінде оқытушының педагогикалық дербестігін қарастырады. Автордың пікірінше, педагогика-лық дербестік – бұл алуан түрлі әрекеттерінде (оқыту процесі, ұйымдастыру, студенттердің ғылыми жұмысын басқару, аудиториядан тыс тәрбие жұмыстары, алдын-ала дұрыс жобалай білу іскерлігі, тәрбие әсерінің нәтижелерін баға-лау және оған байланысты тиімді педагогикалық шаралар қолдану) байқалатын оқытушы тұлғасының субъективті қасиеттері. Н.С.Байжуманова, С.Қ.Тәжібаев өз еңбегінде жоғары мектептегі оқытушы тұлғасының педагогикалық дербестігін тәрбиелік әсері көптеген факторлармен анықталатындығын айтып өтеді. Біріншіден, ол оқытушының әлеуметтік белсенділік деңгейімен: жұмысқа, саяси өмірге қоғамға және қоршағандарға қатынасының сипаты, қызығушылықтарының кеңдігі, жалпы мәдени және білімділік деңгейімен анықталады. Екіншіден, оқытушы тұлғасының тәрбиелік әсері оның кәсіби дайындық деңгейімен анықталады.

Сонымен, кәсіби шеберлікті, ғылыми құзырылылықты, теориялық қабілеттерді, басқаларға үлгі болу, қажетті тәртіп пән әрекетке біздердің студенттерді ынталандыру қажет деп ойлаймыз.

КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ**Әбдір С.Ф.**№ 23 жалпы орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі,
Түркістан, Қазақстан**Резюме**

В статье рассматривается компетентность преподавателя информационных технологий, занимающегося разработкой и производством программно-аппаратных комплексов, введением их в эксплуатацию, проведением технического обслуживания компьютерных систем. От качества своевременного реагирования на создавшиеся проблемы в этой области зависит техническое сопровождение и настройка как системы в целом, так и отдельных её элементов, обеспечивающих процесс защиты информации в программных комплексах.

Summary

The article deals with the competence of the teacher-information technology, engaged in the development and production of software and hardware systems, their introduction into operation, maintenance of computer systems. And the quality of timely response to the problems in this area depends on the technical support and configuration of both the system as a whole and its individual elements, ensuring the process of information protection in the software systems of computer systems.

Компьютерлік желі (ағылш. *computer network*) - барлық құрылғылардың бір бірімен өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін байланыс желілері арқылы қосылған компьютерлердің және басып шығарғыштар мен мәтіндік құрылғылар сияқты басқа құрылғылардың тобы.

Желілер шағын немесе үлкен, кабельдер арқылы тұрақты жалғанған, немесе телефон желілері мен сымсыз арналар арқылы уақытша жалғанған болуы мүмкін. Ең үлкен желі - Интернет, ол бүкіләлемдік желілер тобы болып табылады.

Жергілікті желі (ағылш. *Local Area Network, LAN*) - салыстырмалы түрде шектеулі кеңістіктің (мысалы ғимараттың) шегінде компьютерлер, басып шығарғыштар мен басқа да құрылғылар тобын біріктіретін коммуникациялық желі. Жергілікті желі бір біріне қосылған құрылғылардың өзара әрекеттесуіне мүмкіндік береді.

Желі - мәліметтерді компьютерлер арасында жеткізу құралдарымен біріктірілген компьютерлердің жиынтығы. Есептеу желісі - бір-бірімен байланысқан желі элементтері арасында мәліметтер жеткізуге арналған программалық және аппараттық құрауыштардың күрделі жүйесі. Аппараттық жабдықтар ішінде әртүрлі типті және класты компьютерлермен қатынастық жабдықтарды атауға болады. Программалық құрауыш операциялық жүйе мен желілік қолданбалардан тұрады. Желінің тиімді жұмыс істеуі үшін ОЖ-дің арнайы түрлері - желілік ОЖ қолданылады. Желілік ОЖ - есептеу желісін бір орталықтан басқаруға арналған программалар кешені (Windows NT, Novell NetWare, т.б.). Желілік қолданбалар - желілік ОЖ-нің мүмкіндіктерін

кеңейтетін қолданбалы программалық кешендер (пошталық программалар, желілік мәліметтер қорлары, т.с.с.). Желіге қосылатын барлық құрылғыларды үш функционалдық топқа бөледі, олар:

- жұмыс станциялары;
- желі серверлері;
- қатынастық тораптар.

Жұмыс станциясы (ЖС) (workstation) – желіге қосылған дербес компьютер және ол арқылы пайдаланушы өз жұмысын атқарады және желінің ресурстарына қатынауды жүзеге асырады. Ол өзіндік операциялық жүйемен жабдықталған (MS DOS, Windows және т.б.) және пайдаланушыға қолданбалы есептерді шығаруда барлық қажет құралдармен қамтамасыз етілген. Жұмыс станцияларының үш типін ерекшелуге болады, олар – жергілікті дискілі жұмыс станциясы, дискісіз жұмыс станциясы, қашықтағы жұмыс станциясы. Жергілікті дискілі жұмыс станциясында ОЖ осы дискіден, ал дискісіз жұмыс станциясында ОЖ файлдық серверден жүктеледі. Қашықтағы жұмыс станциясы – желіге телеқатынастық байланыс арнасы (мысалы, телефон желісі) арқылы қосылған станция.

Сервер (server) – желіге қосылған және оның пайдаланушыларына белгілі қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін компьютер. Серверлер желіні пайдаланушылардың қажеттілігінен туындайтын мәліметтерді сақтауды, мәліметтер қорына сұраныстарды өңдеуді, жойылған тапсырмаларды өңдеуді, тапсырмаларды басып шығаруды және басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Сервер – желі ресурстарының қайнар көзі. Атқаратын функцияларына байланысты серверлердің келесі типтерін анықтайды [1].

Ерекше көңілді сервер типтерінің ішіндегі - файлдық серверге (file server) (көбінесе файл-сервер атауы қолданылады) аудару қажет. Файл-сервер - желідегі пайдаланушылардың мәліметтерін сақтайды және осы мәліметтерге қатынауды қамтамасыз етеді. Бұл - үлкен сыйымдылықты оперативтік жады, қатты дискісі және магниттік таспадағы қосалқы жинағыштары (стример) бар компьютер. Файл-сервер өзінде орналасқан мәліметтерге желі пайдаланушыларының бір мезгілді қатынауын қамтамасыз ететін ерекше операциялық жүйенің басқаруымен жұмыс істейді. Файл-сервер келесі функцияларды орындайды: мәліметтерді сақтау, мәліметтерді архивтеу, әртүрлі пайдаланушылармен орындалатын мәліметтер өзгертулерін үйлестіру, мәліметтерді жіберу. Көптеген есептер үшін бір файл-серверді қолдану қажетсіз болып табылады, онда желіге бірнеше серверлерді қосу мүмкін. Файл - сервер ретінде мини - ЭЕМ қолданылуы мүмкін.

Мәліметтер қоры сервері (database server) - мәліметтер қоры файлдарын сақтау, өңдеу және басқару функцияларын жүзеге асыратын компьютер. Мәліметтер қоры сервері

- мәліметтер қорын сақтау, олардың тұтастығын, толықтығын, өзектілігін қолдау;
- мәліметтер қорына сұраныстарды қабылдау және өңдеу, өңдеу

нәтижелерін жұмыс станциясына қайтару;

- мәліметтер қорына авторланған қатынауды қамтамасыз ету, пайдаланушыларды есепке алу және сүйемелдеу жүйесін қолдау, пайдаланушылардың қатынас құру мүмкіндіктерін шектеу;

- үлестірілген мәліметтер қорын қолдау, басқа жерлерде орналасқан мәліметтер қоры серверлерімен әрекеттесу функцияларын атқарады.

Қолданбалы программалар сервері (application server) - пайдаланушылардың қолданбалы программаларын орындауға қолданылатын компьютер.

Қатынастық сервер (communications server) - жергілікті желі пайдаланушыларының өз тізбектік енгізу/шығару порттарына айқын қатынас мүмкіндігін беретін құрылғы немесе компьютер.

Қатынау сервері (access server) – тапсырмаларды қашықтан өңдеуді орындауға бөлінген компьютер. Қашықтағы жұмыс станциясынан ынталандырылған программалар осы серверде орындалады. Қашықтағы жұмыс станциясынан пайдаланушының пернетақтадан енгізілген командалары қабылданады, оған орындалған тапсырма нәтижелері қайтарылады.

Факс-сервер (fax server) - жергілікті желінің пайдаланушылары үшін факсимильдік хабарларды қабылдау және таратуды орындайтын құрылғы немесе компьютер.

Мәліметтерді резервті көшірмелеу сервері (back up server) - файл-сервер және жұмыс станцияларында орналасқан мәліметтердің көшірмелерін құру, сақтау және қайта қалпына келтіру міндеттерін шешетін құрылғы немесе компьютер. Мұндай сервер ретінде желідегі файлдық серверлердің бірі болуы мүмкін [2].

Желінің қатынастық жабдықтарына (тораптарына) келесі құрылғылар жатады:

- қайталауыш;
- коммутаторлар (көпірлер);
- маршруттауыштар;
- көмейлер (шлюздер).

Желінің ұзындығы, станциялар арақашықтықтары ең алдымен беру ортасының (коаксиальды кабельдің, есулі қос өткізгіштің, т.б.) физикалық мінездемелерімен анықталады. Мәліметтерді кез келген ортада жіберуде сигналдың бәсеңсуі пайда болады, бұл арақашықтықтарды шектеуге әкеледі. Осы шектеулерді жеңіп, желіні кеңейту үшін арнайы құрылғылар - қайталауыштар, коммутаторлар мен көпірлер орнатылады. Мұндай кеңейту құрылғылары енбеген желі бөліктері желі сегменттері деп аталады.

Қайталауыш (repeater) - келген сигналды күшейткіш және қайта өндіретін құрылғы. Барлық қайталауышпен байланыстырылған сегменттерде әрбір уақыт мезетінде тек екі станция арасында мәліметтер алмасуы жүзеге асырылады.

Коммутатор (switch) немесе көпір (bridge) - бірнеше сегменттерді біріктіруге арналған құрылғы. Бұл жағдайда әртүрлі сегменттердің әрбір станция жұптары үшін біруақытта бірнеше мәліметтер алмасу үрдістерін қолдайды.

Маршруттауыш (router) - бір немесе әртүрлі типті желілерді бір мәліметтер алмасу хаттамалары бойынша біріктіретін құрылғы. Маршруттауыш берілу адресін талдап және мәліметтерді тиімді таңдалған маршрутпен бағыттайды.

Көмей (gateway) (шлюз) - әртүрлі мәліметтер алмасу хаттамаларын қолданатын әртүрлі желі объектілері арасында мәліметтер алмасын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін құрылғы.

Қазіргі уақыттағы есептеу желілеріне қойылатын негізгі талаптар. Есептеу желілері кез келген желі пайдаланушысы үшін желінің кез келген ресурсына қатынауды қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Желінің өмір сүруінің аумақты мінездемесі ретінде ресурсқа қатынау сапасы желінің алдына қойылған міндеттерге байланысты әртүрлі көрсеткіштермен сипатталуы мүмкін. Мұндай көрсеткіштердің негізгілері:

- өнімділік;
- сенімділік;
- басқарылымдық;
- кеңейтілімдік;
- айқындық;
- жинақталымдық.

Есептеу желілерінің жіктелулері. Есептеу желілерін бірнеше белгілер бойынша жіктеуге болады. Аумақтық белгілеріне байланысты есептеу желілерінің түрлері:

- жергілікті желілер (LAN – Local Area Network) ;
- ауқымды желілер (WAN – Wide Area Network).

Желінің масштабына байланысты түрлері:

- жұмыс топтарының жергілікті желілері (бір ОЖ басқаруымен жұмыс істейтін компьютерлердің кішігірім санын біріктіреді);
- бөлімдердің жергілікті желілері (бір бөлімнің компьютерлерін біріктіреді);
- кампусстардың жергілікті желілері (бірнеше кіші желілерді біріктіреді);
- бірлескен (корпоративті) желілер (бір мекеме немесе корпорация көлеміндегі компьютерлер мен желілерді біріктіреді) [3].

OSI эталондық моделі. Желілік программалық жабдықтарды құруды реттеу мақсатында және кез келген есептеу жүйелерінің әрекеттесу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін Стандарттаудың Халықаралық Ұйымы (International Standart Organisation — ISO) ашық жүйелер әрекеттестігі эталондық моделін (Open System Interconnection - OSI) құрды. Бұл есептеу желілері жұмысының жеті деңгейлі логикалық үлгісі, ол деңгейлер:

- 1) физикалық деңгей;
- 2) арналық деңгей;

- 3) желілік деңгей;
- 4) көліктік деңгей;
- 5) сеанстық деңгей;
- 6) көрсетімдік деңгей;
- 7) қолданбалы деңгей.

Бұлардың алғашқы үшеуі (физикалық, арналық, желілік) мәліметтер жеткізу мен бағдарлауға, көліктік деңгей алғашқы үшеуі мен жоғарғы деңгейлер арасындағы байланысты жасақтауға, соңғы үш (сеанстық, көрсетімдік, қолданбалы) деңгейлер пайдаланушы қолданбаларына қызмет көрсетуге негізделген. Әрбір деңгей салыстырмалы тәуелсіз, әрбір деңгей желілік құрылғылардың қатаң анықталған әрекеттесу функцияларын сипаттайды. Барлық деңгейлер иерархиялық құрылым құрады, мұнда қандай да бір деңгейде жасалған сұраныс орындалуға одан төмен деңгейге беріледі. Сұранысты өңдеу нәтижелері жоғарғы деңгейге қайтарылады. Деңгейлердің программалық және аппараттық әрекеттесуін сипаттау үшін интерфейстер және хаттамалар қолданылады. Екі көршілес деңгейлер арасындағы әрекеттесуді және олардың арасындағы берілетін мәліметтердің пішімін сипаттау үшін интерфейс (мысалы, X.25) деп аталатын ережелер мен келісімдер орнатылады. Бір деңгейдегі объектілердің әрекеттесуінің, сонымен қатар бір деңгейдегі объектілер арасында берілетін хабарламалардың көрсетім пішімдерін бекітетін ережелер жиынтығы хаттамалар деп аталады [4].

Ауқымды есептеу желілері – бір-бірінен алыс орналасқан жергілікті желілер мен жеке компьютерлерді байланыстыратын есептеу желісі. Ауқымды есептеу желілері үш құрауыштан тұрады: желінің түйіні ретінде қарастырылатын жергілікті есептеу желілері; жергілікті есептеу желілерін байланыстыратын арналар; байланыс арналарына байланыс құруға мүмкіндік беретін жабдықтар мен программалар. Ең әйгілі ауқымды есептеу желісі – Internet.

Internet – түрлі хаттамалармен жұмыс істейтін, әр түрлі есептеу машиналарын байланыстыратын, мәліметтерді тасығыштардың (телефон сымдары, оптикалық талшық, радиомодемдер, т.б.) барлық түрлерімен тасымалдайтын компьютерлік желілердің бірлестігі. Оның өзінің атауы «желі арасында» мағынасын білдіреді. Желілерді біріктіру үлкен мүмкіндіктерге ие болады. Өз компьютерінен кез келген Internet абоненті басқа қалаға мәліметтерді жібере алады, Вашингтондағы Конгрес кітапханасының каталогын көре алады, Нью-Йорктағы Метрополитен музейінің соңғы көрмесінің суреттерімен таныса алады, IEEE конференциясына және әр түрлі мемлекеттердің желі абоненттерімен ойындарға қатыса алады. Internet-тің аса маңызды ерекшелігі - оның әр түрлі желілерді біріктіре отыра ешқандай иерархияны құрмайтыны, желіге қосылған барлық компьютерлер тең құқықты.

Internet-тің негізін жоғары жылдамдықты кеңарналы желілер құрайды, тәуелсіз желілер кеңарналы желілерге NAP (Network Access Point) желілік

қатынау нүктелері арқылы қосылады. Тәуелсіз желілер дербес жүйелер түрінде қарастырылады, себебі олардың өзіндік әкімшілік басқаруы және маршруттау хаттамалары бар. Дербес жүйелер ретінде ірі ұлттық желілер болады, мысалы - европалық EUNet, Ресей университеттерінің RUNet желілері. Кейбір дербес жүйелер Internet желісіне қатынау қызметін көрсетуге мамандандырылған компаниялар құрады, оларды провайдерлер деп атайды (мысалы, АҚШ-та UUNET, Ресейде Relcom).

Internet-те алмасу режимдері, хаттамалары және адресациялау. Internet жүйесіне қосылу әртүрлі әдістермен жүзеге асады, ондай әдістер:

- электрондық пошта (E-mail);
- телеконференция (UseNet);
- қашықтан қатынас құру (TelNet);
- файлдарды іздеу және жеткізу (FTP);
- мәтіндік файлдарды меню жүйесі көмегімен іздеу және жеткізу (Gopher);
- құжаттарды гипемәтіндік сілтемелердің көмегімен іздеу және жеткізу немесе бүкіл әлемдік өрмек (WWW – World Wide Web).

Пайдаланушы идентификаторы және домен аты өзара нүктемен ажыратылған бірнеше бөліктерден тұруы мүмкін. Домен атында негізгісі түпкі домен, әрі қарай бірінші, екінші, үшінші деңгейлі домендер орналасады. Түпкі доменді InterNic таратады, бірінші деңгей әр мемлекет, келесі деңгей мекемелер типі үшін, т.с.с. тағайындалады, мысалы: kz – Қазақстан, ru – Ресей, su – постсовет мемлекеттері үшін, ca - Канада, uk - Ұлыбритания, us – АҚШ, ua - Украина, de - Германия мемлекеттері үшін анықталған ішкі домендер. Мекемелерге сәйкестікті анықтайтын ішкі домендер үш символдан тұрады, мысалы: com – коммерциялық мекемелер, edu - білім беру және ғылыми мекемелер, gov – мемлекеттік мекемелер, mil - әскери мекемелер, net - желілік мекемелер, org – басқа мекемелер үшін. Екінші деңгейдегі ішкі домен қала, аймақ аттарын белгілейді[5].

По мере ознакомления учащихся с основами музыкально-нотной грамоты для развития слуха полезно следить за исполняемой педагогом

мелодией по нотам. Для этой цели следует подбирать материал для иллюстрации с четкой ритмической структурой. Заинтересовать учащегося, удержать его внимание, внести в задания элемент творчества можно, если при выполнении этих заданий ученик будет отсчитывает ритм звучащей музыки с помощью любого детского музыкального инструмента (детский бубен, маракасы, треугольники).

Обращение к данной проблеме сегодня приобретает особую актуальность в свете поиска новых форм и методов воздействия на динамику развития творческого потенциала личности. Согласно опросу педагогов, проведенному в рамках поиска новых путей развития креативности и творческого самовыражения учащихся фортепианных классов детских музыкальных школ, преимущественно возобладала точка зрения об огромной пользе проведения занятий ансамблевым исполнительством. Причем важно отметить, что большинство педагогов видят перспективу данного вида работы именно в системной и планомерной организации ансамблевой деятельности учащихся. На сегодняшний день имеются отдельные практические рекомендации по ведению ансамблевых занятий в средних и высших учебных заведениях (там эта проблематика имеет несколько более широкое освещение). Методика организации и проведения ансамблевых занятий с детьми и подростками в ДМШ на данный момент практически не разработана.

Наиболее актуальной проблема игры в ансамбле является для учащихся фортепианных классов, поскольку ученики других инструментальных классов имеют опыт игры в различных ансамблях или в оркестре (в своей основе имеющем ансамблевую природу). Кроме того, музыканты других специальностей играют с концертмейстерами, что также дает им некоторое понимание ансамблевых закономерностей. Учащиеся-пианисты, в большинстве случаев, сосредоточены на индивидуальном исполнительстве и обращаются к ансамблю гораздо реже, чем другие инструменталисты. Именно поэтому речь пойдет в первую очередь об ансамблевом развитии учащихся-пианистов на занятиях фортепианным ансамблем.

Фортепианный ансамбль — явление уникальное. Сам по себе инструмент фортепиано – исключительный инструмент, обладающий невероятными возможностями. С помощью фортепиано можно передать почти всю музыку, которая существует в мировом музыкальном пространстве. Г.Г. Нейгауз, высказываясь о возможностях фортепиано, говорил, что рояль «самый интеллектуальный из всех инструментов и потому охватывает самые широкие горизонты, необъятные музыкальные просторы. Ведь на нем, кроме всей неизмеримой по количеству, неопишуемой по красоте музыки, созданной «лично для него», можно исполнять все, что называется музыкой, от мелодии пастушеской свирели до гигантских симфонических и оперных построений» [3]. Фортепианный ансамбль еще более расширяет и обогащает исполнительские и художественные возможности фортепиано. Благодаря фортепианному ансамблю можно

познакомиться практически со всей мировой музыкальной литературой.

Приобщать детей к шедеврам отечественной и мировой музыкальной культуры, прививать потребность в общении с ней, расширять музыкальный кругозор, воспитывать способность наслаждаться красотой музыки, эмоционально откликаться на выраженные в ней эмоции, чувства, мысли - вот только некоторые из тех важнейших задач, которые стоят перед педагогами в деле воспитания подрастающего поколения. Фортепианный ансамбль как нельзя лучше способствует возникновению потребности в общении с лучшими произведениями музыкального мира. Одним из музыкально-дидактических принципов, нацеленных на достижение максимально развивающего эффекта в обучении, разработанных в трудах Г.М.Цыпина, является «увеличение объема используемого в учебно-образовательной практике материала, расширение репертуара обучающихся в музыкально-исполнительских классах за счет обращения к возможно большему количеству произведений, большему кругу художественно-стилевых явлений» [4]. Этот принцип в полной мере может быть реализован на уроках фортепианного ансамбля.

По мере овладения учащимися первоначальными навыками игры на фортепиано и накопления мелодических слуховых и музыкально-ритмических впечатлений, дальнейшее воспитание слуха, ритма и музыкальной памяти проводится уже на материале изучаемых пьес из сборников, например «Котенок на клавишах. Фортепиано для самых маленьких» Е.Туркиной (1998), «Нотная грамота в играх, задачах и картинках» Е.В.Мстиславской (2002), «В музыку с радостью» О.Геталовой, И.Визной (2006), «Школа игры на фортепиано» Б.Поливода, В. Сластененко (2006). Задача педагога - тщательно подходить к выбору программы, ориентируясь на психофизические особенности каждого учащегося. Даже самая маленькая и «простая» пьеска должна служить не только определенной, четко поставленной цели, но и заинтересовать ребенка, увлечь его, пробудить фантазию и желание к творческому процессу разучивания.

Формирование пианистических навыков ребенка неразрывно связано с освобождением игрового аппарата. С этой целью педагог должен систематически использовать на уроке ряд упражнений, направленных на развитие координации движений, чуткости пальцев, на освобождение рук и плечевого пояса, помогающих активизировать и укрепить мышцы спины. Сам урок желательно начинать с гимнастики шеи, спины и рук.

Многие педагоги делятся своим опытом, дают рекомендации. Интересным и аргументированным является учебно-методическое пособие М.А.Ковалевской «Музыкальная гимнастика для пальчиков» (2008), в котором автор использует музыку русских народных прибауток и попевок, потешки и народные пальчиковые игры.

В своей педагогической практике пользуюсь и широко известными упражнениями, предложенными А.А.Шмидт-Шкловской, А.Д.Артоболевской и Л.А.Баренбоймом: «Маятник», «Мельница»,

«Колобок», «Мячик», «Подснежник», «Поцелуй с карандашиком» и др.. Следует отметить, что все предлагаемые педагогом игровые упражнения должны быть доступны и интересны детям. Особенно благотворно влияет на независимость и свободу аппарата начинающих музыкантов игра несложных попевок и песенок поочередно каждой рукой. Такая игра способствует еще и одновременному развитию обеих рук. Правильная и грамотная организация игровых движений на начальном этапе обучения поможет в дальнейшем избежать зажатости рук, скованности игрового аппарата.

Список литературы:

1. Блохина М. А. «Некоторые аспекты работы педагога с начинающими пианистами <http://xn--i1abbnckbmcl9fb.xn/>».
2. <https://cyberleninka.ru/.../pedagogicheskaya-spetsifika-zanyatiy-fortepiannogo-ansam>.
3. Нейгауз Г. Г. Об искусстве фортепианной игры: Записки педагога / Г. Г. Нейгауз. -6-е изд. - М.: Классика-XXI, 1999. - 232 с.
4. Сугонаява, Е.Э. Музыкальные занятия с малышами. Методическое пособие для преподавателей ДМШ. -Ростов-на-Дону: «Феникс», 2002.

УДК 378.02:37.016

СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ ВОКАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ

Кулданов Н.Т.

Магистр педагогических наук, преподаватель,
КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан
E-mail: naurizartvokal@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада бүгінгі таңда заманауи музыкалық жанрдың атрибутикасы эстрадалық вокалдық өнері қазіргі жастардың сұраныстарына ие екендігі айқындалып, қазіргі таңда жастардың қалыптасқан қызығушылықтары аясындағы замануи музыка арқылы болашақ музыка мұғалімінің вокалдық дайындығы мәселелері қарастырылған.

Summary

The article reveals the peculiarities of modern music pop vocal art popular with today's youth, currently deals with the problems of vocal training of the future teacher of music through modern music as part of the generated youth.

Демократические преобразования культуры и искусств последних лет и кардинальные изменения в образовательной системе привели к тому, что односторонняя направленность подготовка учителя музыки уходит в прошлое, уступая место ориентации на более широкий круг ценностей современного общества.

Статистика показывает, что больше половины выпускников педагогического вуза в сфере музыкального образования страны успешно сочетают концертную деятельность с педагогической, преподавая основы музыкального образования и вокала учащимся школьного возраста. Это

ставит новые проблемы и накладывает еще больше ответственности в процессе подготовки будущих учителей музыки, давая возможность в практической деятельности активно влиять на формирование художественного вкуса молодежи.

В рамках уже сложившихся интересов молодежи перед педагогом стоит задача формирования вкусов и музыкально-эстетических потребностей учащихся. Потребность подрастающего поколения и не разработанность проблемы вокальной подготовки будущего учителя музыки через призму современного музыкального искусства определяет актуальность данной статьи. На сегодняшний день атрибутикой современного музыкального жанра является эстрадная музыкальная культура, что наглядно выражено при изучении запросов и художественно-эстетических потребностей современной молодежи. Поэтому учитель сегодня должен не только знать репертуар эстрадных жанров, но и уметь грамотно его исполнять. Проводить такую работу на уровне самостоятельности, учитывая большую информированность молодого поколения [1].

Эстрада – это искусство, обладающее большой силой эмоционального воздействия на человека, и поэтому является одним из важных средств формирования нравственных и эстетических идеалов, развития творческого потенциала, адаптации в современном обществе. Эстрадное пение сочетает в себе множество песенных направлений, объединяет всю палитру вокального искусства. В эстрадном вокале можно услышать и народные мотивы, и элементы джаза, это так же и авторская песня и элементы рок музыки. Отличие от академического вокала более открытым и более естественным звуком. Задача эстрадного пения заключается в поиске своего оригинального звука, своей собственной характерной, легко узнаваемой манеры поведения, отличается многообразием индивидуальных исполнительских манер, а также сценического образа. Основной спецификой эстрадного вокала являются поиск и формирование своего неповторимого, уникального голоса вокалиста. Однако, певческие навыки, правильная позиция и опора звука так же необходимы в эстрадном вокале, как и в академическом [2].

Опираясь на огромный интерес молодежи к эстраднему вокалу, можно развивать их исполнительские способности на основе работы по постановке голоса стимулируя их творческой активности, так или иначе в эстраде нет четких критериев, единой школы или эстетических взглядов. Одни считают эстрадным любое пение, не относящееся к академическому вокалу, включая кантри. Другие рассматривают как эстрадное пение все, что исполняется в эстетике легкой музыки, включая камерные формы академического вокала. Третьи считают эстрадным пением только то, что возникло на основе блюзовой культуры. Многообразие стилей и направлений, далеких друг от друга по звукоизвлечению и музыкальному языку, не позволили, да и вряд ли позволят в будущем, сформироваться единой школе обучения эстраднему пению.

Необходимо отметить, что эстрадное пение является синтетическим

искусством, объединившим в себе многочисленные этнические культуры и профессиональные певческие традиции. Эстетически эстрадный вокал вырос из бытового пения различных языковых культур, а импульсом к его профессионализации и выходу на большую сцену послужило рождение джаза и массовой культуры развлечений в начале XX века. В виду огромного многообразия форм очень трудно обобщенно говорить об эстрадном пении, но все-таки попробуем выделить основные моменты, ограничившись понятием профессиональное пение, исключив нетрадиционные способы.

1. В отличие от этнического (народного) пения, существующего практически в неизменном виде, эстрадный вокал обогащен профессиональными певческими традициями, выраженными в облагороженном звучании, использовании смешанного звукоизвлечения, расширенном диапазоне и т.д.

2. Почти во всех формах эстрадного пения, распространенных в мире, чувствуется влияние афроамериканской культуры, блюза, выражающееся во фразировке, свинге, использовании приемов и штрихов джазовой музыки, импровизации. В некоторых культурах существуют образцы, на первый взгляд, далекие от джаза (такие как восточная музыка или пение периода советской эстрады), но даже в них можно разглядеть элементы, заимствованные из блюзовой, джазовой культуры.

3. Главным отличием, скажем, от академического пения, является отношение к слову, речи. Для эстрадного пения характерно сочетание вокализации и речевых интонаций как равноправных выразительных средств.

В эстрадном вокале интонация речи, ритм речи, доминируют над музыкальной фразой. Это не значит, что в эстрадном пении не важна музыкальная фраза, вокализация, просто речевая интонация играет более значимую роль как выразительное средство. Сохранение речевой окраски голоса даже при опертом вокальном звучании является отличительной особенностью эстрадного вокала [3].

Как профессиональное искусство эстрадное пение, несомненно, требует владения голосом и, следовательно, освоения вокальной техники. Понятие «поставленный голос» не связано с тем, в каком жанре работает певец. Базовые понятия методики эстрадного пения во многом совпадают с академическим вокалом. Это легко объясняется единой физиологией голосового аппарата. Несмотря на общую физиологию звукообразования, режим работы голосового аппарата у эстрадного и академического певца различен. Академическая вокальная школа неотделима от эстетики оперного пения. В эстрадном же вокале никогда не существовало единой эстетики в звукообразовании и голосоведении. Недостаточно только лишь технического владения голосом, помимо этого требуется владение особенностями манеры, музыкальной фразировки, характерной для конкретного музыкального направления. Манера пения как совокупность приемов тесно связана с музыкальным стилем, в котором она родилась и развивалась [4].

Обучение современным видам искусства, представляющее собой

единство теоретической подготовки и практической работы по постановке и развитию голоса, предполагает приобретение умений и навыков пения и непосредственно связана с практикой вокального исполнительства, что способствует личностному профессиональному росту и самосовершенствованию будущих учителей музыки. Практика направлена на создание педагогических условий формирования креативности личности, способной адекватно реагировать на динамику процессов происходящих в современном искусстве и в образовательной сфере.

Таким образом, учитывая интересы и склонности подрастающего поколения, будущие учителя музыки, располагая необходимыми знаниями современным видам искусства, смогут полноценно работать с учащимися и тем самым оказывать влияние на формирование их эстетических вкусов, на повышение общей культуры учеников и открыть для себя пути развития педагогического, профессионального и карьерного роста.

Список литературы:

1. Степняк Ю.В. Эстрадно-джазовый компонент в профессиональной подготовке учителя музыки. Автореферат. МПГУ. -Москва. 2000.
2. Кадцын Л.М. Массовое музыкальное искусство XX столетия (эстрада, джаз, барды и рок в их взаимосвязи) : учеб. пособие. Екатеринбург, 2006.
3. Шевелева Е.И. Человеческий голос как музыкальный инструмент //Музыкальное образование в контексте культуры. -М., 1996.
4. Бірімғазина Л.У., Жексембеков М.Ы. Болашақ музыка мұғалімінің вокалды-әншілік дағдыларын қалыптастырудың жолдары //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, серия «Көркемөнер пәнінің оқыту жүйесі: өнер теориясы-әдістемесі» №4 (53), 2017.

ӘОЖ 371.37045

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Маханбет Е.Т.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
erjan--sport.2011@mail.ru

Резюме

В данной статье изложены пути совершенствования физического и патриотического воспитания в высших учебных заведениях.

Summary

This article describes the ways to improve physical and Patriotic education in higher education.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Елімізге бойында ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дамыған, Егеменді елімізге аямай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет», - деп, жас ұрпақ бойындағы ұлттық

патриотизмді іжетілдіру ісінің ел өміріндегі маңызына ерекше көңіл бөлген болатын [1].

Қазіргі жоғары оқу орындарының білімгерлеріне отансүйгіштік тәрбие беруді кешенді, терең жүргізу проблемасы кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы ғалымдарының назарын өзіне аударуда. Кеңес заманының ғалымдары дене тәрбиесі жоспарындағы зерттеу жұмыстарының дені кеңістік идеология астарындағы дене тәрбиені нығайту құралдарын пайдалану мүмкіндіктерімен педагогикалық шарттарын нығайтуді нысанаға алған болатын. Жоғарыда аталған зерттеулерде жоғары оқу орындарының дене-тәрбие үрдісінде түрлі тәрбие міндеттерін шешуде отансүйгіштік тәрбиені пайдалану мәселесі негізінде да маңызды ғалыми мағлұматтар бар. Алайда білімгерлердің дене тәрбиесінде дене жаттығулары мен дене шынықтыру пәнін жүргізу жолында, жаттығу түрлерін кешенді пайдалану мәселесін арнайы педагогикалық еңбектерде әлі көрініс таппаған. Ғылыми әдебиеттерге және ЖОО-дарда оқытылатын жаратыластану, гуманитарлық пәндердің оқу бағдарламаларына, оқулықтарына жасалған талдаулар мен тәжірибелі мұғалімдердің пікір-көзқарастары педагогика ғылымында зерттеу проблемасының күні бүгінге дейін шешімін таппай отырғанын айғақтайды.

Дене тәрбиесі мен спорт құралдарын қолдану арқылы білімгерлерді дене тәрбиесі пәнінің жаттықтыру оқыту үрдісін сапалы деңгейде өткізуге сын қойылуда. Бұл жерде дене қасиеттерін жетілдіру педагогикалық дайындық негіздерін оларда іс-қимыл дағдыларының дамуында ескереді. Оқу бағдарламасының нормативтерімен қатар Президенттік сынақ тапсыру білімгерлерден іс-қимыл әрекетін жақсы игеруді қажет етіп оның жоғары назарын, шапшаң ойының қозуын және дене қасиеттерінің дамығанын талаптайды. Жасөспірімдердің Халықаралық жарысқа қатысуы кез келген мемлекет үшін үлкен бедел. Онда жеңгендер үшін Мемлекеттік Ту көтеріледі, Әнұран орындалады. Бірақ мұндай құрметке бөлену үшін қиямет - қайым ұзақ жолдан өтуің қажет. Оқушы ұстаздардан тәлім-тәрбие алып, шеберлік шыңдауға тиісті. Иә, дене тәрбиесінің мұғалімдер мен жаттықтырушылары шәкірттерге спорттық дайындықпен қоса өз Отанын мақтан тұта білетіндей, патриоттық, интернационалдық достық тәрбие беріп, жеңіске жету үшін қайсарлық танытып, спорттағы жағымсыз көріністерге қарсы тұра алатындай үлгі-өнеге дарыту міндетін атқарады. Спорт еш уақытта өзімен-өзі шектеліп, жеке – дара өмір сүрмейді. Қазіргі таңда педагогика ғылымы дене тәрбиесімен спорт бағыттарын белгілей отырып Қ.І. Адамбеков, М.Б. Сапарбаев, Т.Ә. Ботағараев, А.С. Жұманова, В.Н. Платонов және тағыда басқа ғалымдар өз еңбектерін педагогикалық негіздерінде ЖОО білімгерлерінің дене тәрбиесі дайындығын бақылап, оны нығайтуға арналған [2].

Дене тәрбиесінің ұйымдастырылған жүйесі білімгерлерге тек оқытып, үйрету кезеңінде ғана әсер етеді. ЖОО бітірген соң «жүйенің» әсер етуі

тоқталады, ал өмірдің салауатты стилі денені жаттықтыру санын өмір бойына болжамдайды. «Жасөспірімдердің дене белсенділігі» ұғымы және тұлғаның дене тәрбиесі құндылықтарына белсенді қатынасы аспектісін көрсетеді. Сондықтан, дене тәрбиесінің ең маңызды міндеттерінің бірі, оның ұйымдастырылған және барлық үйренушілер үшін міндетті сабақтары, демек дене жаттығуларымен жүйелі шұғылданушылардың қажеттілігін жетілдіру, білімгерлерді өзіне қолданыста немесе бұл процесте басқаларға көмек бере беруді дұрыс ұйымдастыруда әдістемелік біліммен және біліктілікпен қаруландыру. Жоғарыда аталғандай тәуліктік және апталық іс-қимыл белсенділігінің жеткіліксіздігі қаңқа бұлшық еттерімен миокард құрылымына кері әсер етеді, ағзаның иммунды реактивтілігін және қыздырып жіберуге, мұздауға тұрақтылығын, оттегі жетіспеушілігінің тұрақтылығын төмендетеді.

Дене тәрбиесі жүйесі қоғамдағы экономика, саясат, ғылым және мәдениет саласындағы жүйелермен тығыз байланысты. Қоғамдық қатынастардың көрінісінің бір саласы есебінде, ол сол жүйедегі жүріп жатқан өзгерістер әсерімен дамып отырады. Дене тәрбиесі жүйесінің қоғамдық өндіріске кіретіндігі осы байланыстардың нақты негізінің бірі болғандығынан. Бұл жүйе тікелей қоғамдық өнім жасауға араласпайды. Бірақ ол осы сфераға өндірістік қатынастардың субъектісі – адам арқылы аралық әсер етеді.

Өзінің әртүрлі формалары арқылы дене тәрбиесінің жүйесі жасөспірімдердің әлеуметтік қызметінің барлық негізгі түрлеріне қатысты. Бұл жасөспірімдердің іс-қимылдағы биологиялық қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік-жеке тұлғаның қалыптасуын, қоғамдық қатынастардың жетілуін де қанағаттандырады. Жасөспірімдердің денесінің дамуы биологиялық заңдарға бағына отырып, табиғи жолмен де іске асатындығы мәлім. Алайда қазіргі жасөспірімдердің іс-қимыл белсенділігі оның дене мүмкіншілігінің қажетті деңгейде ұстауға әлі жеткіліксіз. Өзінің арнайы функциясымен іске асыра отырып, дене тәрбиесінің жүйесі адамдардың іс-қимылы белсенділігінің қажеттілігін қатамасыз етуге, сол арқылы дененің жетілуін және денсаулықтан жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз етуге толық қабілетті [3].

Тәрбиелік-педагогикалық қызметін іске асыра отырып, толықтай беріледі, дене тәрбиесі мақсаттарына жұмсалатын ұлттық табыстың бөлігінде жоғары болмақ, денсаулық деңгейі және адамдардың жасауы да ұзақ болмақ.

Жан-жақты жетілген адамдарды жетілдірудағы дене тәрбиесінің орасан зор маңызын ескере отырып үкімет тарапынан қоғамымыздың дамуының әртүрлі кезеңдерінде бұл мәселеге көптеген рет назар аударды. Қаулылардың сәйкестігіне сол кезеңдегі саяси жағдайды бейнеден, орталықтан қатал асару мен бақылауға негізгі назар аударылды, сонымен бірге сол кездегі дене шынықтыру іс-қимылының дамуына үнемі қолайлы бола бермеді. Дене тәрбиесінің түпкі мақсаты әлеуметтік тұрғыдан негізделіп, қоғам мен мемлекет мүддесімен айқындалған. Сондықтан да дене тәрбиесін адамға

әлеуметтік әсер ету формасы ретінде есептеуге болады. Жастардың дене тәрбиесінің мақсаты барлық уақытта спорттық нәтижелерге қол жеткізу емес, өмірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өнімді еңбек ету үшін қажетті денсаулықтың жоғары деңгейіне қол жеткізу болып келді.

Біріншіден, дене тәрбиесінің сауықтыру пайдалылығы жекелеген жас-жыныстық топтардағы морфофункциональдық айырмашылық, ағзаның жеке айырмашылықтары, үйретудің құралдары мен тәсілдерін, білім берудің (жаттықтырушының) кәсіби лайықтылығын таңдаудың дұрыстығы, дене шынықтыру және спортпен айналысудың, сабақ өтетін орынның тазалық жағдайының оңтайлығы және т.с.с. кейбір биологиялық және әлеуметтік факторларға тәуелді.

Екіншіден, дене тәрбиесінің пайдалылығы үйренушілердің күн режимі, іс-қимыл белсенділігі, тамақтануы негізінде қолданылып жүрген гигиеналық ұсыныстарға олардың көзқарасы мен мінез-құлқына тәуелді. Мұндай көп факторлы тәуелдік балалар мен жеткіншектердің дене тәрбиесі жүйесінің күрделіленуіне, сондай-ақ алға қойған мақсат туралы кезек күтпейтіндей және сенімді ақпараттардың болмауына байланысты үдей береді[4].

Үшіншіден, соңғы жылдары жастар дене тәрбиесінің теориялық негіздері бұзыла бастады. Педогогикалық аспектілерге әуестік пайда болды, іс-қимыл әрекеттеріне үйрету әдістері, жаттығу процесін ұйымдастыру, спорттық іріктеу, балалар мен жеткіншектерді «үлкен спорттық» іріктеу, балалар мен жеткіншектерді «үлкен спортқа» даярлау принциптері және т.с.с. негізінде ғылыми зерттеулер басым бола бастады. Сонымен бірге денсаулықты нығайту, дамудың үйлесімділігі, дене тәрбиесі құралдары арқылы әлеуметтік жетіспеушіліктерді жою секілді әдістемелік әлеуметтік аспектілер қажеті деңгейде дамымай және іс жүзінде іске аспай отыр. Төртіншіден, дене тәрбиесін ұйымдастыруда жоғары спорттық нәтижелерге бағыт ұстану басым болды, ал бұның өзі көп уақыт пен күш жұмсауды талап етеді. Әрине, баланың сүйген спортымен айналысуына және олимпиада тұғырына көтерілу ұмтылысына тосқауыл қоюға болмайды. Дегенменде, оған өз денсаулығын қиын-қыстау жағдайда қалдыруына қоғам мүмкіндік бермейді. Жас спортшылардың тағдырына немқұрайлы қарау және денсаулықтың жағдайы мен дамуына, өсуіне қарқынды түрдегі спорттық сабақтардың жағамсыз әсері туралы оларға объективтік ақпараттарды жеткізбеудің өзі қылмыс[5].

Дене тәрбиесі жүйесі экономикалық қатынастардың дамыған аумағына жатады. Өзінің ұйымдық құрылымы жөнінен күрделі болуына байланысты (мелекеттік және қоғамдық басқарудың қағидаларын байланыстыра жүргізу) қаржыландырудың материалдық-техникалық жағынан қамтылуында да әртүрлі финанстық көздерді өзіне жинақтады: мемлекеттік бюджет, қоғамдық қорларды, кәсіпорындар, кәсіподақ, кооперативтік қоғамдар экономикалық жағынан дене тәрбиесі жүйесі дамыған материалдық және материалдық емес өндірісі бар халық шаруашылығының бір бөлігі есебінде көрінеді. Материалдық өндірісінің сала қызметкерлерінің заттай материалдан формаға

ие болады: спорт құрылыстары, құрал-жабдық, аяқ-киім, киімдер. Бірақ, бұл сфера адамдардың денесінің нығайтуіне бағытталған өндірістік емес дене тәрбиесінің негізгі сферасына қарағанда қызмет көрсету сипатына ғана ие.

Қазіргі таңда еліміздің ең негізгі көкейкесті міндеттерінің бірі өсіп келе жатқан жас ұрпақтан болашақта өркениетті қоғамның ерікті, өз бас бостандығын қорғай алатын, бүкіл адамзат құндылығын бағалайтын адамгершілік, имандылық, ізгілік мінез-құлық қалыптасқан іскер, денісау, ой еңбегімен дене еңбегібірдей парасатты адамзат тәрбиелеу. Осы тұрғыда, Ұлы ғалымдарымыздың бірі Жүсіп Баласағуни айтқан мына сөзді келтіруге болады. «Парасат қайда болса ұлылық сонда, білім қайда болса, биіктік сонда»[6]. Осындай мысалдарды келтіре отырып, ЖОО-да оқуға қабілеті жететін баланы жетелеу үшін, оның білімге құштарлығын арттыру қажет деген тұжырым жасауға болады.

Жалпы оқу тәрбие жұмыстары ағартушылық деп бекер айтпаған. Оқудың адам санасына тигізетін әсері осындай. Сана деген бір шырақпен зиялы тәлімгер оның отын тұтатса, ізгілік игілікке, әдептілік әдемілікке ұласатыны белгілі. Мұндай сөздерден айтайын деген ойымыз: қазіргі кезеңде дене тәрбие саласын дамытуды әлеуметтік тұрғыдан айқындап, қалыптасқан жағдайға жаңаша көзқараспен қарай отырып, оған әлеуметтік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім және тәрбие беру. Себебі білімді азамат ұлт тағдырын құрметтейтін азамат болып өседі.

Қазіргі таңда ЖОО, мемлекет пен бұқараның арасындағы алтын көпір деп аталып жүр. Бұлай аталудың себебі мемлекет басқаратын, соны құратын азаматтарды тәрбиелеп жеткізетіндігімен түсіндіреді. Ауыл зиялысы мұғалім. Сол мұғалімнің беделін биікке сақтау қашанда болашақтың сауатты азаматтарын тәрбиелеу. Осы мамандықты таңдаған ұстаздардың міндеті деп білеміз. Пәннің бала сезімін ояту сол пәнге деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін арттырады. Сол себепті дене тәрбиесі баланың дұрыс жетілуіне әлеуметтік ықпалы зор деп есептеуіміз қажет. Теориялық зерттеулердің нәтижесі, өскелең ұрпақтың дене тәрбиесімен айналысу жұмыстарын белгілі ғалымдар педагогика теориясы және тарихы, философия, психология, дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі және оның тарихы жасөспірім физиологиясы ЖОО гигиенасы және т.б. мамандықтардың жалпы теориялық негіздеріне сүйене отырып, жүргізетінін көрсетті. Осыған байланысты, оқушы тәрбиесіне қажетті білім және іс-қимыл дағдыларын игерту, күнделікті өмірде оларды дұрыс қолдана білу, сонымен қатар денесінің қимыл-іс-қимыл дағдыларын жан-жақты тәрбиелеуге, жеке спорт түрлерінегізінде дененің жалпы мүмкіндіктерін дамытуға арналған. Бірақ, жалпы білім беру жүйесінде білімгерлерға дене тәрбиесін оқыту жолында жүргізілген педагогикалық зерттеулерде спорттық және ұлттық қимыл-іс-қимыл ойындарына жете мән берілмей отырған белгілі.

Егеменді еліміздің туын көкке көтеретін, әрине, өркениетті ұрпақ. Ендеше сол елдің танытатын қазіргі ұрпақ қандай жасөспірімдердің бір бөлігі салауатты өмір салтына қайта келетін іс-әрекеттерге баратыны

барлығымызға белгілі жайт. Сондықтан бүгін білім беру жүйесінде еліміздің өсіп өркендеуіне сәйкес, заман талабына жауап беретін рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырған, қоғамдық өмірге икемделген, білім және кәсіпкер сырларын бойына мұқият сіңірген, қоғам, мемлекет, отбасы алдындағы жауапкершілігін сезінетін, салауатты өмір салтын саналы түрде таңдаған өркениетті ұрпақ тәрбиелеу кезек күттірмес міндет. Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан-2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын насихаттау мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең түрде, бір дәрежеде екендігі баса көтерілген. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа «Қазақстан-2030» жолдауына сәйкес және денсаулықты нығайтуға ықпал ететін орта құру арқылы ЖОО-дағы оқу мен тәрбиенің дұрыс жүйелі жүргізілген жұмысына байланысты делінген. Егер ертеңгі ұрпақтың тең дәрежелі өмір сүруін қажет етсек, ең алдымен қазақ атамыз айтқандай «ел болам десең, бесігіңді түзе» дегендей, салауатты өмір салтын насихаттауды дәл осы ЖОО-дардан бастап, баланың жастайынан қрағына күя өсіру қажет. Ол үшін әрбір баламен, сонымен қоса ересектер де өзінің денсаулығына жауапкершілікпен қарап денсаулықты қалыптастыруға ұсынылған шарттар мен ережелерді жемісті игеріп, өз мүддесі үшін қажеттігін түсіне біліп, денсаулығының әркашанда жақсы болуына үлес қосуы қажет. Жалпы білім беретін оқу орындарында жастардың денсаулығын сақтау, дене тәрбиесімен спортты нығайту міндеті қойылып отыр. Бұл рухани бай, ары таза, ой еңбегіне — бой еңбегі сәйкес, сегіз қырлы - бір сырлы, азаматтарды тәрбиелеуді талап етуде. Мұндай жан-жақты үйлесімді жетілген, жасампаз жастарды тәрбиелеу, әрине, дене тәрбиесі жоғары оқу орындарын бітірген кәсіби мамандар үлесіне тиетіні анық. Міне, сондықтан кәсіби мамандар даярлауға жаңа сұраныс пайда болды. Дене тәрбиесі көлеміндегі қимыл-қозғалыс пен жаттығулар жастарды батылдыққа бастап, сымбатты сомдап денені, ептілікке баулу сонымен қатар, тазалық, демалып көңілін көтермелеу, бой жазу, ой еңбек жолындағы шаршағанын басу, жұмсалған күш-қайратты толықтыра білу.

Еліміз жас ұрпақты жас кезінен дене күші рухани күшіне сәйкес жетіліп, шынығып өсетіндей етіп тәрбиелеу ісін қамтамасыз етуді дене тәрбиесі саласының аса маңызды міндеттерінің бірі деп санайды. Жан-жақты үйлесімді дамыған азамат тәрбиелеудің негізі ЖОО қабырғасында, әртүрлі оқу орындарында дене тәрбие ісін жақсартудан, маңызын халықтық тәрбиемен ұштастырудан қаланады. Халықтық тәрбие, ол ұлт болып қалыптасуымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан тарихи көне процеске жатады. Ондай тәрбие жүйесінің халықтық педагогикамен тығыз жүргізілуі тиіс. Халықтық педагогика деп «ұлттар мен ұлыстардың әлде неше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүрлерімен мәдени ойлау үдерісінің озық үлгілерінің жиынтығы деп» түсінеміз. Бүкіл дүниенің табиғи тұтастығы қазіргі күні апат-алқымға жетіп тұр. Ол табиғи тұтастықтың бұзылуы, адам бойындағы тұтастықты жетілдіруға қатысты деп санаймыз. Сонда ғана адамзаттың өз бойында ішкі және сыртқы күш қасиеті

толықтырып, қанағаттандырып отырса, керісінше сыртқы күшті, ішкі қасиеттер қуаттайтындай үйлесімдік болса, жеке тұлғаның нағыз толық тұтастығы сонда қалыптасатын болады. Ішкі күшке: ақыл-ой, жүрек, қайрат, қуат, тазалық тағы басқалар жатады. Қазіргі заманда халық тұрмысының нашарлауы, қылмыстың асқындап, аурулардың көбеюі, адамгершілік қасиеттердің жүдеу тартуы - салауатты өмір сүрсек, мемлекетіміздің қылмысқа қарсы күреске, денсаулық сақтау орындарына жылда миллиардтап жұмсап жатқан қаржыларын үнемдеу арқылы оны халқымыздың хал-ахуалын жақсартуға, рухани мәдениетімізді нығайтуға, жастарымызды имандылық жолына тәрбиелеуге пайдасы тиген болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. Построим будущее вместе. Послание Президента народу Казахстана //Казахстанская правда. – Астана, 2011. 28 января.
2. Адамбеков Қ.И. Оптимизация учебно-тренировочного үдеріса юных футболистов в условиях общеобразовательных школ. Автореф дисс. к.п.н., -Москва, 1999. –С. 1-10.
3. Ботағариев Т.А. Научно-практическое обоснование совершенствования физического воспитания школьников с учетом региональных условий. Дисс... д.п.н.: 15.01.01. – Алматы, 2001. – 300 с.
4. Жуманова А.С. Валеология-наука о здоровье. - М: Медицина, 2000.
5. Платонов В.Н. Подготовка высококвалифицированных спортсменов. – М.: Физкультура и спорт, 1986. – 286с.
6. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1992. – 428 б.

ҒТАМР 13.11.45, 18.07.49

ҚОРҚЫТ АТАДАН АМАНАТ

Мұстафаев Е.Ж.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қауымдастырылған профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан
erkoja63@mail.ru

Резюме

В этой статье рассматривается великое наследие Коркыт Ата. Коркыт Ата был не только музыкантом-кобызистом, но и мыслителем, учителем, просветителем. Он оставил назидательные слова, изучение которых дает немало материалов в деле воспитания подрастающего поколения.

Summary

This article explores the great legacy of Korkyt Ata. Kor Ayt Ata was not only a musician, but also a thinker, teacher, educator. He left cautionary words, the study of which gives a lot of materials in the upbringing of the younger generation.

Сыр бойы - өнер саңлақтарына бай өлке. Қоңыр қобыздың атасы атанған Қорқыттан бастау алған синкреттік өнер үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатыр. Сыр бойының жыр мақамдарының орны бөлек десек те, олардың қобыз сарынымен және Сыр күйлерімен сабақтастығын аңғаруға болады. Қос өзен деп аталатын Сыр мен Әмудің бойын жайлаған

Тұран өлкесінің салт-дәстүрі, бай өнері барлық түркі тілдес туысқан халықтардың мәдениетінен елеулі орын алған десек артық емес.

Қазақ аңыздарында Қорқыт ата қазақтың күй атасы, ән, күй, музыка үйретуші деп айтылады. Біздің қолымызда Қорқыт өмір сүрген заманға дейінгі әуен, сарын үлгісі жоқ. Сондықтан біз өз ата-бабаларымыздың музыка бастауын Қорқыт атадан бері қарай таратамыз. Аңыз, ертегілердің бірі өтірік, бірі шын екені белгілі. Тарихи деректерде де қате жоқ деп айта алмаймыз. Бірақ, бір нәрсе анық. Ол – Қорқыттың болған адам екені, оның қобыз тартқаны және тартқан күй сарындарының заман асып бізге жетуі.

Шоқан атамның айтуынша «Қорқыт ең алғаш қобызды шығарған атақты күйші, барлық ән-күйді атасы, қазақ күйшілерін бірінші рет қобызға үйреткен ұстазы. Қазақ музыкасының түбі осы Қорқыттан басталады [1, 215 б.).

Бұл тек Шоқан Уәлихановтың пікірі деп түсінген жөн. Қорқытты қазақ халқының музыка ұстазы етіп көрсетуі ұлтжандылық сезімнен туған пікір деп ойлаймыз. Қорқытты түркі тілдес халықтардың ішінде тек қана қазаққа ұстаз, жырау, қобызшы етіп көрсету деп түсінеміз.

Түркі тілдес халықтар арасында Қорқыт атаны дәріптеудің өзіндік ерекшелігі бар. Бір елде оны данышпан десе, басқа жерде сәуегей дейді. Бір ел оны ажалдан қашқан десе, кей ел қобыз аспабын алғаш жасаушы ретінде әспеттеп жүр. Қазақ халқы ажалдан қашқанды «шайтан» дейді. Өйткені шайтан ғана өлмейді. Ислам дінін ұстанған адамдарға «Қорқыт ажалдан қашып, өлмеймін деп жер бетін шарлапты» деген сөз ұнамайтыны белгілі. Біреулер «Қорқыт Ислам діні тарамай тұрғанда өмір сүрген, ол тәңірлік дінді ұстанған, сондықтан оны ажалдан қашқан деп айтады» дейді. Ал, жалпы Ислам деген сөздің өзі ақ, адал, таза, иманды деген мағынаны білдіреді. Демек, Ислам діні тек VI ғасырдан бері қарай дамыды деу – үлкен ағаттық. Дұрысы, Ислам діні Адам атадан (ғ.с.), Хауа анадан бері, демек адамзат пайда болғаннан бастау алады деп айтқан жөн. Ислам – адамзат баласының өмір сүру қағидасы, ол ізгілік пен адалдыққа шақырады деп айтар едік.

Атақты ғалым, тюркология ғылымының майталманы Әуелбек Қоңыратбаев бар өмірін Қорқыттану жолында сарп етті [2]. «734 жылы Алтайдағы Түрік қағанаты құлаған соң, Жетісудан Қарахандар, Сырдан Оғыз-қыпшақ ұлысы жасалды (Жанкент). Бірақ 956 жылы селжуктер ислам дінін алған соң, оғыз ұлысында бүліншілік туып, ұлыс 1043 жылы ыдырайды. Осы кезеңнен қалған «Китаб дадам Қорқыт ғали лисан тайфа оғузан» дейтін үлкен жырлар бар. Бұл жырлар X-XI ғасырларда Сырда туған. Айтушысы Қорқыт» - дей келе, «қазақтар үшін оғыз-қыпшақ тайпаларының этногенезі айрықша мәнді. Бұл жердегі «Оғыз» деген сөзді біз өзінің кең мағынасында алып отырмыз. Өйткені, өзбек, қазақ, түркімен тайпалары IX-X ғасырларда сол оғыздардан тараған еді» - деп түйеді [3, 160б.]. Жанкент қаласының орнында қазір Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы Өркендеу ауылы орналасқан.

Оғыз ұлысы, оғыз-қыпшақтар жайлы айта бастағанда кез-келген

жазушының, ғалымның, не өнер зерттеушісінің аузына бірінші Қорқыт баба түсетіні шындық.

Әр халықтың өз Қорқыты бар. Ол патша болған, ол патшаға уәзір болған, ақылшы ұстаз болған, көріпкел болған, данагөй болған, ұста болған, қобызшы болған, әділ қазы болған және т.б. деп кете береді. Ғалымдардың айтуы бойынша, жер бетінде Қорқыттың 8 жерде моласы бар екен. Аңыздың бірі рас, бірі өтірік екенін білесіздер. Қазіргі Қызылорда облысында, Сырдария өзенінің жағасында орын тепкен Қорқыттың бейіті сол аңыздардың бір парасы ғана. Шындыққа жанасатыны да осы. Қорқыт деген ата түркіменде де, шешенде де, әзірбайжанда да, түрікте де, қазақта да және т.б. халықтарда бар. Біз Қорқыт атаны даналықтың, ұстаздықтың, имандылықтың, тәрбиеліліктің, ізгіліктің, жалпы адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық кейіпкері десек қателеспейміз. Осыдан 40-50 жыл бұрын теледидардан көрсетілген «Насими», «Рүстем-Сухраб», «Рүстем туралы аңыз» және т.б. кинофильмдерде екі ел соғысып жатқанда, сол «соғысты тоқтатындар, адамдар бір-бірлерінді өлтірмеңдер, ол күнә» деп, қырғынның арасында айқайлап жүретін тобығына дейін түскен, ұзын ақ көйлекті, ақ сақалды шалды көруге болады. Алауыз болған екі елді елдестіру, достастыру жолында жүрген ақсақал екенін байқайсыз. Осы кішкентай мысалдың өзінен адамдардың арасынан елге жол көрсететін, даналығын айтатын, әділ бағасын беретін кейіпкер ізделгенін, әлі күнге дейін сол кейіпкердің ізделіп келе жатқаны көрінеді.

Қорқыт ата жайлы айту үшін ол туралы жазылған, зерттелген деректерге тоқталмасақ болмайды.

Қорқыт туған кезінде
Қараспанды су алған,
Қара жерді құм алған
Ол туарда ел қорқып,
Туғаннан соң қуанған.

Бұл ел арасында көп айтылатын аңыздардың бірі ғана. Тағы бір ел ішінде айтылатын сөзге тоқталайық.

Қорқыт өмір бойы «мен өлмеймін, ажал деген жоқ» деп өлімнен қашып жүреді. Бір күні Желмаясы (түйесі) жүрмей қойғанда, ашуланып «әй, өлім келгір» деп, қамшысымен салып қалады. Сонда Жаналғыш келіп, «сен өлім жоқ дейтін едің, өлім келгір деген сөз өзіңнің аузыңнан шықты, демек сен ажалға мойынсұнудың, енді сенің жаныңды аламын» дейді. Сонда да ажалды жеңемін деп ел аралап кетеді. Барған жерінің бәрінде көр қазып жатқан адамдарды көреді. «Бұл көрді кімге қазып жатырсындар» десе, «Қорқыт деген бір пенде жер жүзін шарлап жүр екен, біздің елге келіп ажалын тапса, моласы дайын тұрсын деп едік» деген жауап алады. «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген сөз осыдан қалған дейді дана халық.

«...Ислам діні Қорқыттың бар болмысына жат еді. Себебі, ол көшпелілер қоғамының өмір салтына айналған тәңірілік діннің аса көрнекті өкілі болатын.» [4, 118 б.]. Осы «көшпенділер» деген таңбаны қазақ ұлтының

маңдайынан біржола өшіріп тастайтын кез келді ғой деп есептейміз. Басқа ұлттарға біз жері жоқ, ылғи көшіп жүретін ұлт болып көз алдарында тұрамыз. Кеңес Одағы кезінде жамылған ол атаудан арылуымыз қажет-ақ.

«Қайық ақылды кемеден сұрайды, халық ақылды көнеден сұрайды» дейді халқымыз. Қорқыт атаның қалдырып кеткен өсиет-нақыл сөздері құлағы тесік өскелең ұрпаққа рухани азық болатыны кәміл.

«Адамға сенсең екі көзің шығады, Құдайға сенсең екі бүйірің шығады». «Қар қанша қалың жауғанмен, жазға бармас». «Қара есектің басына жүген таққанмен, тұлпар болмас». «Сулар тарам-тарам болып қаншама тасып аққанымен, теңіздерді толтыра алмайды». «Күлді қаншама үйгенмен төбе болмас». «Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді». «Ат қиналмай жол шалмас». «Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас». «Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ». «Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық». «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман». Айта берсек, Қорқыт атаның бізге қалдырған өсиет-нақыл сөздері өте көп.

Сырдарияның жағасындағы Қорқыт кесенесіне келіп тәу ететіндер тек мұсылмандар ғана емес, басқа да дін өкілдері шет елдерден келіп кетіп жатады. Ол бекер емес. Қорқыт ата аманаты бүкіл адамзат баласын ізгілікке, адалдыққа, достыққа шақырады. Демек, Қорқыт атаның мирасы Ислам қағидатымен өзектес екені көрініп тұр [5]. Қорқыт ата жырларының адамзатқа жол көрсетеріне сенім мол. Қорқыт атаның мұраларын зерттеу тоқталмақ емес.

Әдебиеттер тізімі:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.
2. Қоңыратбаев Ә. Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1986.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және тюркология. Алматы: Ғылым. – 1987.
4. Сейдімбек А. Күй шежіре. – Алматы 1992.
5. Мұстафаев Е. Мақам – мәңгілік мәйегі. – Қызылорда: «Adast», 2006.

ӘОЖ 373.5.016.026

БАСКЕТБОЛ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ

Оразбаев Е.Д.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
Dene-tarbiesi@mail.ru

Резюме

В данной научной статье мы рассматривали пути обучения, формирования и совершенствования навыков, умений и знаний, необходимых для проведения игр на современном уровне при подготовке учащихся и воспитании активного члена общества, способного демонстрировать высокие спортивные результаты и защищать свою Родину.

Summary

In this scientific article we considered ways of training, formation and improvement of skills, abilities and knowledge necessary for carrying out games at the modern level at preparation of pupils and education of the active member of society capable to show high sports results and to protect the Homeland.

Спорттың дамуының қазіргі таңдағы деңгейінің жоғары болғаны соншалық оған жету, тіпті жаңа жетістіктерге қол жеткізу өте қиын. Сондықтан спорттағы, соның ішінде баскетболдағы спорттық шеберліктің жоғары деңгейге жету үшін сабақтардың (соның ішінде дене тәрбиесі сабақтарының) жана, тиімді жолдарын ұдайы іздестіріп отыру қажет.

Баскетбол қимыл-қозғалыс әрекетінің көптігімен, алуан түрлілігімен сипатталады. Оған жүру, жүріс, секіру, лақтыру, қағып алу мен лақтыру, күш және қимылды үйлестірудің түрлі жаттығулары кіреді. Бұл жаттығулар ойыншылардың өз командасымен және бәсекелес командамен өзара әрекеттесу жағдайында орындалады. Оқушының ойын барысындағы әрекетінің тиімдігін ойын жағдайына тез баға беріп, ойыншылардың әрекеттерін шапшаң бағалауына, техникалық тәсілдерді жетілдірудің дене жағынан дамуына байланысты болмақ. Ойын кезіндегі оқушының қимыл-қозғалыс әрекеті алуан түрлі: ұдайы өзгеріп тұратын жағдайда техникалық бір тәсіл екіншісімен алмасып тұрады. Спортшының әрекеті, әдетте, ациклдық сипатта болады. Автоматты түрге айналған қимыл дағдысы дәрежесіне дейін жеткен ойынның техникалық негізгі тәсілдері, оқушының ойын барысындағы әрекетін жеңілдетеді, әдетте кездейсоқ ойында болатын қозғалыстың жаңа түрлері, сананың бақылауымен жүзеге асырылатын, автоматтандырылған техникалық элементтердің синтезінің нәтижесі болып келеді.

Денеге түсетін айрықша ауырлыққа бейімделуін қалыптастырып, денеге осындай үлкен күш түсуге ағзаны жас күнінен бастап дайындау керектігі анық. Жалпы білім беру мектебіндегі дене шынықтыру жүйесіндегі бастапқы кезеңді ұйымдастыру мен басқарудың ерекшеліктерін егжей-тегжейлі қарастырайық.

Тәжірибе көрсеткендей, баскетболмен балалар 7-8 жасынан бастап айналысуы тиімді. Ең бұқаралық алғашқы қадам, жалпы білім беру мектептері болып, онда спорттың бұл түрі дене тәрбиесінің әр түріне енгізілген. Баскетболды мақсатты түрде тереңдеп оқытуды 10-11 жастан бастауға кеңес беріледі [1].

Осы кезеңде уақыт пен кеңістікке бағдарды, зейін мен жағдайдағы көру қабілетін дамытады.

Арнайы жаттығуларды ғана емес, сонымен қатар ұлттық және қозғалмалы ойындар да кең қолданылады. Жаттығулардағы тиісті дайындықтан кейін ойын әдістер қолданылады.

Осы кезеңдегі ойын дайындығының міндеті оқушының дене қимылына, техникалық және тактикалық дайындығына біріктірілген әсерінен тұрады. Және негізгі құрал ретінде біріктірілген әдіс пен қысқартылған ережелер

және минибаскетбол ойындарында қолданылатын жалпы дайындықтағы жаттаулар кіреді .

Бастапқы дайындықтың 4-5 сыныптарындағы екінші оқу жылы алғашқы оқу жылының жалғасы болып табылады. Осы кезеңде дене шынықтыру мен техникалық дайындыққа баса назар аударылады; нақты спортшылар іріктеліп алынады. Екінші жылы дене шынықтыруға кететін уақыт біраз қысқарып, тактикалық және ойын дайындығына кететін сағаттар саны артады. Үйренетін техникалық бейімділігі мен тактикалық әрекеттердің ауқымы біршама кеңейеді. Ойын саны да артады.

Оқушыларды дайындау барысында заманға сай деңгейде ойын жүргізуге қажетті дағдылар, ептілік пен білімі қалыптастырылып, жетілдіріледі. Оқудың мақсаты - шымыр денелі, денсаулығы мықты, Отанды қорғауға қабілетті, спорттық жоғары нәтижелер көрсете алатын, қоғамның белсенді мүшесін тәрбиелеп шығару.

Баскетбол бойынша оқу барысында түрлі міндеттер орындалады және олар бір-бірімен байланысты:

- биік руханилықты тәрбиелеп, ерік-жігерді шыңдау;
- жан-жақты даму және арнайы қабілеттерін тәрбиелеу;
- ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру;
- заманауи техниканы, икемділік тактикасын және ойын стратегиясын меңгеру;
- дайындық жүйесін ғылыми негізделген түрде басқаруға қажет білім алу.

Бастауыш мектептерде және жасөспірім жасындағы жарыстарға қатысудың регламенті қатаң сақталады, бұл балалардың әсерге берілгіштігімен және қызбалығына, оқушының орталық жүйке жүйесінің және денесіне түсетін салмаққа ағзаның вегетативтік қызметінің тез қозу қасиетімен байланысты.

Бастауыш мектеп жасындағы балалармен және жасөспірімдермен сабақ өткізгенде ойын ұзақтығын, алаңның көлемін, шығыршықтың биіктігін, доптың салмағын шектейді. Жасөспірімдерге арналған баскетбол ойынының ұзақтағы 24 минутты құрайды, 12-минуттық таймдар арасында 10 минут үзіліс жасалады. 8-9 және 10-11 жастағы балалар баскетболды көлемі 18 x 12 м. болатын алаңда ойнайды. Доптың көлемі ересек спортшылардың добына қарағанда кішілеу болып келеді, ал салмағы 450-480 грамнан аспайды. Шығыршылық биіктігі еденнен 2,6 м. артпауы керек.

Дайындықтың осы кезеңдегі сабақ жүргізу, ертеректе айтып өткендей, оқушы ағзасының морфологиялық ерекшеліктеріне негізделуі тиіс. Осы уақытта баланың бойы қарқынды өсе бастайды, шапшандану үдірістері күшейіп, функционалды қуаты артады. Жасөспірім ағзасындағы көптеген өзгерістер жүріп жататын, нейрореттеуін жүйелердің өзгеріске ұшырайтын осы кезіңінде оқушылардың мүмкіндіктері мен денесіне түсетін салмақтың сәйкессіздігінен олар тез шаршап, қатты салмақ түсіп кетуі мүмкін .

Соңғы уақыттағы еңбектерде қарастырылатын жас шамасы қиын кезең

деп бағалануда.

Осыған байланысты оқу-тәрбие үдерісі жүйесінің бастапқы кезеңінде жүрген оқушылардың морфологиялық қызметтік дамуының ерекшеліктеріне нақтырақ тоқталайық. Сонымен, 9-12 жастағы балалар ағзасында бірқатар морфологиялық қызметтік өзгерістер жүріп жатады және дене шынықтыру жаттығуларының әсері байқалып-ақ тұрады. Балалардың негізгі дене жағдайы қабілеттері дамиды, үйлестіру қабілеттері, дене шынықтыру дайындықтарын жетілдіру, ағзаның биоэнергетикалық және қызметтік үдерістері дамиды жас шамасының бұл кезеңін көптеген авторлар, сенситивті (өте сезімтал) деп атайды.

6-7 жасында сүйек, бұлшық ет және жүйке жүйесінің дамуы жалпы алғандағы негізгі дене жағынан қалыптасудың қасиеттері мен қозғалыс қызметінің толықтай жетілуіне қажетті, морфологиялық қызметтік деңгейдің жеткілікті дәрежесіне жетеді. 12 жаста бұлшық ет көлемі денесінің жалпы салмағының 30% жетіп қалады (18 жасында ол шамамен 44% құрайды). Сонымен бір мезетте бұлшық ет тиімдерінің қызметтік ерекшеліктері де жетіле түседі қозғалыс және орынсыздығы артады, бұлшық ет тонусы ықшамдала түседі 13-15 жасында қозғалыстың күрделі жүйке механизмнің жекелеген бөлімдерінің бәрінің қалыптасуы аяқталады.

8-9 жастан бастап аяқ-қолдарының бұлшық еттерінің дамуы күрт жеделдей түседі, әсіресе бұл қолдарының бұлшық етке қатысты, содан кейін, 10-11 жасында өсу үдерісінің қарқындылығы бәсеңдей бастайды, ал 12-13 жастан бастап бұлшық еттің өсуі қайтадан қарқын алады.

«Екінші балалық шақ» кезеңін көбінде ойын кезеңі деп атайды, өйткені осы жастағы ойын балалардың маңызды психикалық қызметтерінің және жоғарғы жүйке қызметінің дамуында жетекші рөл атқарады. Сонымен қатар, ойнау әрекеті баланың қозғалыс әрекетін және ағзаның көптеген құрылымдық және қызметтік ерекшеліктерінің дамуын ынталандырады.

Атап айтқанда, осы жастағы бала қаңқасының бұлшық етіне көбінде қышқылдану белсенділігі жоғары болып келетін аэробты бұлшық ет талшықтары, аз шаршағыштық пен түсетін аздаған салмақ күніне бейімделуінің тән болады. Жүрек көлемінің салыстырмалы үлкенді, өкпесінің диффузды қабілеті, қан тамырларының құрылымы 9-11 жастағы балалардың ойын әрекетіне тән болатындай, белсенді қозғалыс қимылына жақсы бейімделген.

10-11 жастағы балаларда тыныс алу жүйесінің қызметтік көрсеткіштерінің қарқынды түрде артуы байқалады. Тыныс алу мүшелерінің бұлшық еттерінің жас ерекшеліктерінің күші мен қысқару қабілеті және өкпенің бронхиалды талшығының өсуі тыныс алу (34-78%-ға) мен тыныс шығару (11,8-29%-ға) жылдамдығының көлемінің ұлғаюына жеткізеді. Тыныс алу жүйесінің резервтік мүмкіндіктері артады: егер 7-9 жастағы ұлдардың өкпесінің максималды желдетілуі (ӨМЖ) 34-58 л/мин құраса, 10-11 жасында -56-61 л/мин жетеді, ал 12 жаста шамамен 69-93 л/мин құрайды. Сонымен қатар 6-7-11 жас аралығында өкпенің тіршілік сыйымдылығы

(ӨТС), өкпенің жалпы сыйымдылығы (ӨЖС), өкпенің функционалдық қалдықтық сыйымдылығы (ӨФКС) және қалдықтық сыйымдылығы (КҰС) артады. Сонымен, 12 жастағы ұлдардың ӨТС шамамен 3000 - 236 мл, тыныс алу жиілігі (ТЖ) 10-11 жасында - бір минутта 19 құрайды [2].

9-12 жастағы балалардың функционалдық дамуындағы жағымды өзгеріс қан айналу жүйесінде де байқалады. Орталық, шеткі қан айналымының және микроциркуляция жүйесінің көрсеткіштерін жас шамасына қарай талдау, осы жаста қан айналу жүйесі функционалдық дамудың жеткілікті деңгейіне жететінін көрсетеді және бұл кезде жүрек соғуындағы және бір минуттегі көлемнің біршама ұлғаятыны 9-10 жастан бастап байқалады. 9-12 жаста балалардың ағзасындағы бұлшық етті вегетативті қамтамасыз етуің жетілдірумен қатар механизмдерде қуат көзімен жабдықтау да белсенді жүріп жатады.

Жас ерекшеліктің физиологиясы мен биохимиясы онтогенездің жекелеген кезеңдеріндегі бұлшық еттің аэробтық және анаэробтық кездерінің гетерохронды дамуын көрсетеді.

Жасына қарай адам ағзасындағы бұлшық ет қимылы (ӨТС, жүректің көлемі, айналатын қанның көлемі және т.б.) кезіндегі энергетикалық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін негізгі вегетативтік қызметтің салыстырмалы физиологиялық көрсеткіштері біртіндеп азаяды, бұл балалар мен жасөспірімдердің вегетативтік және энергетикалық қызметінің тиімділігінің азғантай екендігін көрсетеді.

Даму барысында қызметтің тиімді (қызметін тиімдеу) арта түседі. Мысалы, оттегі пульсі (ОП), яғни, оттегі тұтыну жылдамдығының пульс жиілігіне қатынасы, әсіресе, 9-10 жастан бастап 12-13 жасқа дейін арта түседі.

Жалпы алғанда, 9-10 жас аралығында аэробтық механизмдердің өсуінің біртіндеп қысқаруының және фосфогентің және аэробты-гликолитті орташа дамуының «гүлденуі» түрінде сипаттауға болады.

9-12 жаста өсу үдерісі мен дамудың қарқындылығы орталық жүйке жүйесінде де жүріп жатады. Мысалы, 11-12 жаста ми қыртысының ішкі кортикалдық байланыстары күрделеніп, жұлдызды ірі нейрондардың саны мен пирамидалық нейрондардың ұзындығы артып, көлденен байланыстардың саны артады. Аталған морфологиялық үдерістердің барлығы қимылды қабылдайтын жүйке механизмдерінің күрделі түрлерінің жетіліп жатқандығын білдіреді, бұл өз кезегінде баланың қозғалыс қимылының күрделенуіне барлық жағдай жасайды. Морфологиялық өзгерістер ми қызметінің дамуымен де көрінеді, оны электроэнцефалография көрсеткіштері бойынша бақылауға болады. Соңғысы, 11-12 жастағы баланың миы морфологиялық және функционалды түрде ересек адамның миының көрсеткіштеріне жуықтайтынын көрсетеді. Және ми қыртысының маңдай бөліктерінің құрылымдық-қызметтік жетілуіне қарай олардың зейін мен әсерленгіштік үдерістерін ұйымдастыруға қатысушы нейрондық желілердің қызметін ұйымдастырудағы бақылаушы рөлі арта түседі, бұл балалар мен

жасөспірімдердің когнитивті әрекеттеріне мүмкіндік беретін жоғарғы қабілеттілігін қамтамасыз етеді .

Қарастырып отырған жас аралығында мидық морфологиялық қызметтік жетілуінің арқасында түрлі, соның ішінде күрделі міндеттерді шешу мен тиімді бағдарлауды қамтамасыз етуші, ерікті зейін механизмдері де жетіледі. Сөйтіп, физиологиялық зерттеулер, бастауыш мектеп жасында және «екінші балалық» кезеңінің соңында мидық түрлі әрекет кезіндегі қызметтік ұйымдастыруы іріктеудің жоғары деңгейіне жететінін көрсетеді.

Осы мәліметтер, көру-кеңістікті күрделі міндеттерді шешу, ой операциялары мен қимыл әрекеттерін орындау оларды жүзеге асыруға қатысушы жүйке орталықтарының констелляциясының арқасында екендігін растайды.

Дәл 8-12 жасты ерікті зейіннің нейрофизиологиялық механизмдерінің қалыптасуының және соның негізіндегі; еркін қимылдық алуан түрін қызметтік ұйымдастырудың жетілдірілуі, соның ішінде, жеткіншек ұрпақтың дене жағынан дайындығын тиімді ұйымдастырудың сензитивті кезеңі деп қарастыру керек.

Тірек - қимыл талдағышының қалыптасуы, әсіресе, 7-12 жаста қарқынды жүреді және 13-15 жаста құрылымдық және қызметтік қимыл анализаторы ересек адамның ағзасынан еш айырмасы болмайды .

7 жас пен 12 жас аралығында қозғалыс қарқынының қарқынды түрде өсуі байқалады және ұлдардың қозғалыс қарқыны 7 жастан 9 жас аралығында күрт артып кетеді.

Сонымен қатар, зерттеушілер атап өткендей, 8-11 жастағы балалардың қозғалыс нақтылығы нашар дамыған. Қимылдың берілген өлшемдерін қайталау кезіндегі қателік 45-50% құрайды. Қимылдың кеңістікті-уақыттық көрсеткіштерін (ағымдағы ақпарат, түзету, түсінік беру) қайталауды жеңілдететін әдістерді қолданып, дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысу кеңістікті сипаттамаларды дәлме-дәл қайталауды жақсартуына мүмкіндік береді.

Дене жаттығуларымен арнайы айналысқанда қозғалыстың кеңістікті көрсеткіштерін субъективті бағалау мен олардың нақты мәндері арасындағы айырмашылықты азайтуға мүмкіндік береді. Алайда, оларды субъективті асыра бағалаудың тенденциясы шыныққан оқушыларда сақталып қалады.

5 жастан 12 жасқа дейінгі балалар өмірде жинақтайтын қимыл дағдысының жалпы көлемінің шамамен 90% игереді. Яғни, осы кезеңде қозғалыс дағдысының неғұрлым көп көлемін игеретін болса, таңдап алған спорттық маманданудағы техникалық шеберліктің нәзік элементтерін игеру де соғұрлым жеңілірек болмақ.

Бастауыш мектеп жасындағы балалар спортпен айналысудың бастапқы кезеңінде қозғалыс мүмкіндіктерін жеткілікті түрде пайдаланбаса, әрі қарай спорттық шыңдалу қиындай түспек, спорттық күрделі техникалық түрлеріндегі техникалық ауқымды тәсілдерді қолдану да мүмкін болмай қалады.

Осы жас аралығындағы балалардың қимыл техникасын игеруге деген қабілеттерінің жоғары болатыны соншалық, көптеген қимыл дағдылары арнайы нұсқамаларсыз да меңгеріле береді.

7-10 жастан бастап адамның қимыл белсенділігінде жүзеге асатын дене жағынан қалыптасудың қасиеттері мен үйлестіру қабілеттерінің барлығының дерлік негізі тез әрі сапалы түрде қалана бастайды. Егер бұндай негіз қаланбаса, онда болашақ кинезиологиялық әлеуеттің дене жағынан және физиологиялық негіздерінің қалануына қажетті уақыт өтіп кетті деп санауға болады, өйткені осыған қатысты бұдан арғы қадамдардың бәрі де адам моторикасы дамуының негізгі заңына қайшы келетіндей, осы дамудың үйлесімділігін бұзатындай ақылға сыйымсыз болып келеді.

Сондықтан, үйлестіру қабілттерін арттыруға баса назар аудара отырып дене жағынан жалпы дайындықты қамтамасыз ету мақсатындағы бала жаттығуының дұрыс режимін ұйымдастыру адам өмірінің осы кезеңіндегі кинезиологиялық әлеуетінің дамуының жас мөлшеріне байланысты ерекшеліктеріне барабар болып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Адамбеков К.І. Оқушылардың дене тәрбиелеудің педагогикалық негізі. п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, - 1995, 44 б.
2. Сапарбаев М.Б. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасы. п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, 1993, 318 б.
3. Жұманова А.С. «7-9» жастағы қазақ балаларының дене тәрбиесі ісінің мазмұнын тәжірибеде дәлелдеу. п.ғ.к. дисс. Авторефераты. Алматы, -1997, 25 б.
4. Алимханов Б.У. Дене мәдениеті бойынша оқу бағдарламасының нұсқалары. п.ғ.к. дисс. автореферат. Санкт-Петербург. 1994, 22 б.
5. Құланов Қ.А. Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесінің дамуы (1966-1985) п.ғ.к. дисс. авторефераты. Алматы, 1990, 22 б.

ӘОЖ 371

ДОМБЫРА АСПАБЫН ИГЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ

Сайманов И.А.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
aijan_baki@mail.ru

Резюме

В научной статье рассматриваются традиционный опыт воспитания подрастающего поколения на лучших культурных традициях казахского народа: затронуты разные вопросы в области музыкально-исполнительской педагогики: развитие исполнительского искусства в Казахстане, особенности исполнительского процесса на домбре, развитие музыкальных, творческих способностей в процессе профессионального обучения учащихся.

Summary

The article deals with the traditional experience of education of the younger generation on the best cultural traditions of the Kazakh people: touched upon various issues in the field of

music and performance pedagogy: the development of performing arts in Kazakhstan, especially the performance process at the dombra, the development of music, creativity in the process of vocational training of students.

Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып, оның жан дүниесін оятуда, - өнерге деген ынтасын арттыруда қазақтың киелі домбырасының атқаратын орны ерекше. Қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімі мен сана-сезімінен нәр алып, киелі рухани үрдістен жаралған дәстүрлі өнеріміздің ішіндегі күрделі ойлы, тоқсан толғаулысы — күй өнері. Ұлттық мәдениеттің ең құнарлы арнасының бірі болып саналатын күй өнері сан ғасыр бойы небір біртуар дарын иелерінің өміршең туындылармен толыса дамып, құйма- құлақ күйшілер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келеді [1].

Күй - музыкалық ойлаудың құралы, музыкалық фольклор — ол адам әлемінің оның руханилығының, көркемдік сезімінің өрнегі. Күй тілі халықтың қажетті жетістіктері, ел мәдениетінің қабаттарын сақтаушы, халықтың психологиялық рухани тәжірибесі, музыканың озық үлгілерінің негізі, осы негіз әлемдік мәдениеттің жемісі. Біздің міндетіміз атадан қалған асыл мұраларымызды оқушылардың санасына сіңіре білу.

Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен-жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасында осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің маңызы зор. Яғни, мұғалім мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Н.А. Добролюбовтың «Мұғалім өзіне шәкірттердің қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтаса, оның балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның мақтауы балаларды шаттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады. Демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады» — деп айтқанындай, баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланысты болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал [2].

Сонда ғана ұстаз білікті, парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады. Музыкалық тәрбиенің негізі мақсаты - оқушының ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін ескеріп, орындалатын репертуарды түрлендіріп отырып үйрету. Домбыра аспабын тартуды үйрете отырып, әрбір баланың бойында шығармашылық даралығын қалыптастыру, ол оқушының сенімін арттыру, баланың бойында жақсы бастаманың барына сеніммен қарай білу. Әр оқушының айтқан ойын, пікірін талдап, қолдау. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстай білу, мәдениетін қалыптастыру, этика негіздерін үйрету. Оқытушы әрқашанда оқушының

бастамаларын қолдап, оның шығармашылығының дамуына бағыт-бағдар беріп отыруы қажет.

Алдымен оқытушы балалар қалай ойнайтынын, ол күйдің немесе шығарманың шығу тарихы жайында, қай бөлігімен көп жұмыс жасау қажеттігін айтып түсіндіруі қажет. Сонда ғана оқушыға күйді немесе шығарманы меңгеру жеңіл болады. Оқытушы күйдің немесе шығарманың мазмұнына, мінезіне, түрлі орындаушылық әдіс-тәсілдеріне қарай, оң және сол қолды қалай пайдалану керектігін түсіндіріп, көрсету қажет. Үй жұмысына берілген тапсырманы оқушы дұрыс үйреніп келді ме, жоқ па, орындау әдістерін көрсете ала ма, осыларға бақылау жасауы қажет.

Болашақ домбырашы неғұрлым кәсіби орындаушылардың орындауындағы ұнтаспаларды көбірек тыңдаса, музыкалық әдеби кітаптарды көп оқитын болса, жалпы күйді немесе шығарманы түсінуі жоғары деңгейде болады.

Музыка сауаты - музыканың көңіл күйін анықтауды, музыканың көркемдік құралдарын, қарапайым түрлерін ажыратуға үйретеді. Оқытушының бірінші мақсаты күйдің мазмұнына, орындалу ерекшелігіне баса назар аудару. Оқушымен күйдің мазмұнын талдау. Оқытушы оқушыға өз бетімен жұмыс істеуге көмектесуі қажет. Сабақ кезінде орындалатын музыканың мінезі, стилі, формасы, ырғақтық ерекшеліктері жайлы оқушыдан сұрау, оның шығармашылық белсенділігін дамытады. Жаңа үйренетін шығарманың бір бөлігін оқушыға өз бетімен талдауды тапсырудың маңызы өте зор. Ол оқушыға көрсетілген зор сенім.

Оқушының жалпы орындаушылық мүмкіндігін өсіруде оның есіне, есіне сақтау және музыкалық ырғақтан ауытқымау қабілетін барынша жетілдіру жағына аса көңіл бөлінуі қажет. Оқушының аспапта орындау шеберлігін арттырудың бірнеше жолдары бар.

Күйді немесе шығарманы алғаш үйреткенде, оқытушы басынан аяғына дейін өзі орындап беруі қажет. Мұның үлкен мәні бар. Алғашқы орындалу арқылы оқушы шығарманың жалпы мінездемесімен танысады, шығарма әуені оның музыкалық сезіміне әсер етеді. Екіншіден, ол оқушымен сол шығарманы жәй екпінде талдау, шығарманың орындалуға қиын болатын бөлімдеріне көбірек тоқталып, оқушыға оның игеру жолдарын түсіндіру, музыкалық құрылысы, ырғағы, әуен ерекшелігін әңгімелеп таныстыру. Оқытушы оқушыға шығарманы түгел жатқа ойнатуды мақсат етіп қоймау қажет, оған оқушы біртіндеп дайындап, шығарманы бөлімдерге бөліп жаттауы керек. Шығарманы осылай басынан бастап соңына дейін жаттауға болады [3].

Орындаушының шеберлігін дамыту, ол сатылай, асықпай, бірте-бірте күрделі шығармаларға көшу, оны әсем дыбысымен, динамикалық белгілермен орындай отырып көрерменге жеткізе білу. Осы шеберлікке жету үшін, оқушы өз бетінше ізденіп, ойланып, көп дайындалуы қажет. Оқушының өз ойы, өзінің шығармашылық белсенділігі, өзіндік көзқарасы болмаса, ол нағыз орындаушы бола алмайды. Оқытушы мұны әр уақытта

ескеріп отыруы қажет. Оқушыға қайсы шығарманы болса да өз сана сезімімен, өзінің музыкалық дағдыландыру, мұғалімнің негізгі принциптерінің бірі болып саналады.

Әрбір сабақта күйді үйренуде орындалу элементтерінің бір бөлігін ғана игеру тән болып табылады. Содықтан, оқушы көптеген тапсырманы бірдей қамти алмайтын болғандықтан, педагог бірнеше ойнау тәсілдерін бірдей үйретпеуі тиіс. Сонымен қатар, жаңа тапсырмаларды мұғалім ноталық сауаттылық деңгейінде жеткізе білуі керек.

Алғаш аспаппен танысқан оқушыға мұғалім түсінікті тілмен қазақтың халық аспаптарының шығу тарихын айтып қана қоймай, сонымен қатар күйлер мен фортепиано сүйемелдеуіндегі шығармалар және алғаш құрылған Құрманғазы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің орындауындағы бірнеше күйлер мен шығармаларды күйтабақтан тыңдатқаны жөн. Орныдаушының орнықты әрі ыңғайлы отыруы, қолдарын еркін қимылдатып, домбыраны дұрыс тартуына мүмкіндік береді. Сондықтан оқушы ең алдымен оң аяғын сол тізесінің үстіне қойып, орындыққа тік, еркін отырып жаттығуы қажет. Мұндағы сол аяқтың тізеден бүгілуі дұрыс болуы керек. Әр оқушының орындығы өз бойына сәйкес болуы қажет. Домбыраны ұстағанда екі иық төмен немесе жоғары көтерілмей, бір деңгейде болғаны жөн [4].

Оқушы қағыстарға біраз жатыққаннан кейін сол қол саусақтарымен бірге қосып ойнауды үйренеді. Сол қол саусағы домбыра мойнының кіші тиек тұсынан пернеге тақап басылады. Ал перне басуға қатыспай, бос тұрған саусақтарды шашыратпай, домбыра мойнының астына жасырмай, қойылымдық қалпын сақтап ұстауы қажет. Пернеден пернеге (дыбыстан-дыбысқа) ауысарда сәл босатып, ішекті бойлай сырғыта жылжыту қажет. Қолдың әрлі-берлі қозғалысы кезінде иық, шынтак буындарын жоғары немесе төмен көтермей, білезік буынын бүкпей, алақанды домбыра мойнына тигізбей ұстағаны жөн. Перне басатын саусақтар, қағыстар сияқты өз алдына арнайы таңбамен белгіленеді. Халықтық орындаушылық дәстүрлердегі қағыстар тәрізді пернелердің «қашаған перне», «түркімен перне», «Сейтек перне», «Адай перне» сияқты тағы басқадай өз атаулары бар.

Кезінде халық арасынан шыққан күйді орындаушылар күйді бірінен-бірі тыңдап, есте сақтау арқылы үйреніп, дәстүрлі мұра ретінде меңгерген. Шәкірттің есте сақтау, тез ұғу қабілеттерін дамытып, орындаушылық шеберлігін жетілдіруде мұның өзіндік мәні болғаны белгілі [4].

Төкпе күй үйрену кезінде домбыра мойнындағы буын, сағаларды біртіндеп меңгеруге жаттығулар, этюдтер, күйлер беру қажет. Шертпе күйлерді меңгергенде шертпе қағыстары мен дәстүрлік сол қол саусақтарын қолдану ерекшеліктерді сақтау керек. Домбыраның құлағын туралау, аралық әуендерді орындау болашақта оқушының өз бетінше аспапты баптауына мүмкіндік береді. Тіпті мектептен тыс жерлерде немесе сахнада өнер көрсеткен кезде бұл оқушының аспапты өз бетінше баптай алатындығын дәлелдейді және бұл оның шығармашылық қадамы мен бастамасына жол

ашады.

Концерттік қойылымдар оқушының шығармашылық ынта-жігерін дамыта отырып, оның өз жұмысына, ойындарына шығармашылық тұрғыдан қадам жасауына ықпал етеді. Мұндай жұмыстар оқушының болашақта талантты музыкант, өнерлі өнерпаз болуы үшін өте маңызды. Домбырашы мұғалімінің бірден-бір масаты - болашақ орындаушы-музыкантты көп ұлтты музыка рухында тәрбиелеп, баулу. Ол үшін оқытушы музыкалық-эстетикалық сезімін жетілдіре түсуі қажет. Жас музыканттарды аса көрнекті композиторлардың творчествосы ретінде оқыту, үйрету қазіргі кездегі әрбір домбырашы мұғалімнің маңызды міндетті болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Момбеков Т. Салтанат, Алматы, 1995.
2. Добролюбов Н. А. Основные законы воспитания. 1859.
3. Тастанов Х. Домбыра сабақ беру методикасы. Алматы., 1996.
4. Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі. Алматы, Өнер, 1992.

ӘОЖ 342.542.9

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ БАСЫ СПОРТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Сейдахметов Е.Е.

ҚР құрметті спорт қайраткері, профессор
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
Dene-tarbiesi@mail.ru

Резюме

Сегодня в развитии науки есть понятие «Общее направление физического воспитания». В этой научной статье мы говорим о том, что меры и методы физического воспитания имеют доступ к решению задач нравственного, волевого, эстетического и интеллектуального развития личности. На сегодняшний день есть необходимость реализации данных методов в определенной форме целенаправленной деятельности.

Summary

Today in the development of science is the concept of "General direction of physical education and training in sports." In this scientific article we say that the measures and methods of physical education have access to solving the problems of moral, volitional, aesthetic and intellectual development of the individual today there is a need to implement this need in a certain form of purposeful activity.

«Жеке адам» - ұғымы өте көп қырлы, кең ұғым. Жиі жағдайда адамның жеке басын оның әлеуметтік қалыптасқан қасиеттерінің жиынтығы негізінде қарастырады.

Спорттағы «жеке адам» ол кім?

Спортшының жеке басына қатысты психологиялық міндеттерді шешуде адамның жалпы, тұтас психологиялық негізінің білімінсіз мүмкін болмайды.

Жеке адам – адамның жеке іс-әрекеті және әлеуметтік-тарихи дамудың өнімі. Ол сана мен әлеуметтік қасиеттер жүйесіне ие, қоғамда белгілі бір функция атқарады. Спортта, өзге іс-әрекет түрлеріндегі сияқты даралық үлкен маңызға ие. Табысты нәтижеге жету тек қана спортшының жеке басының даралық ерекшеліктерін дұрыс есепке алып ескергенде ғана мүмкіндік болады. Спортшының жеке-дара ерекшеліктерін білу арқылы ғана, оның мүмкіндіктерін толық дамытып, әрі тиімді қолдануға болады. Жеке адам өз қасиеттерінің белгілі бір жүйелілігі, бірлігі және тұрақтылығымен сипатталады.

А.Н. Леонтьев индивидті қасиеттерге дене конституциясын, жүйке жүйесінің типін, темперамент, биологиялық қажеттіліктердің динамикалық күшін, аффективтілік пен табиғи нышандарын қатыстырды [1].

Спортшының жеке басы шынайы спорттық іс-әрекетте қалыптасады, әрі эмоция, сезімдер, шығармашылық пен интеллект белсенді байқалады.

Спортшының іс-әрекетіндегі психикалық белсенділік танымдық және қозғалыстық деп анықталады. Олар өз кезегінде детерминацияның биологиялық және әлеуметтік факторлармен шарттасады.

Биологиялық факторларға: қозғалысты қажетсіну, өмір мен денсаулықты сақтау жатады.

Әлеуметтік факторларға: іс-әрекеттің мазмұнды ерекшеліктері, әрекетті өзге адамдардың бағалауы, өз іс-әрекетінен адамның қанағаттану сезіміне ие болуы.

Спортшының жеке өз басының психикалық процестері мен күйі, қасиеттерін саналы түрде бақылап, әрі реттеуі өте маңызды болады.

Ерекше зейін қоюды спортшының интеллектуалды іс-әрекеті қажет етеді.

Өте ертеде адамдар күш, жылдамдық, ептілікті сынау барысында өзара жарыс бастаған. Жарыстық ойындар мен жаттығулардың пайда болуы не нәрсеге байланысты? Оның дамуының қайнар көзі қайсы?

Спорттық іс-әрекеттің пәні нақты индивид үшін ең мүмкін болатын жоғары шамадағы спорт нәтижесі болады. Осы спорт нәтижесінің қоғамдық құндылығы неде?

Біздер қазіргі таңда спорттың өте қарқынды өсуінің куәгері, әрі соның мүшелері болып отырмыз. Спорт тек қана біздің күнделікті өмірге еніп қана қоймай, әрі саясат, экономика, дәстүр, ұлттық наным-сенімімізбен де тікелей байланысты болып отыр.

Спорттың пайда болуы жөнінде шындыққа жақын көзқарасты В.А.Демин (1974) айтқан. Ол Ф.Энгельстің, Л.Маргон, Р.Блохтың еңбектерін талдап, ерекше бір болжамды ұсынды [2].

Спорттық жарыстар В.А.Демин пікірінше, гректердің даулы сұрақтарды бейбіт шешуде қолданған тәсілі ретінде пайда болды.

Іс-әрекетті шешу кезінде дене және психикалық белсенділік мотивация, реттеу және перцепция процестерін жүзеге асыруға бағытталған. Шартты түрде бұл құбылысты спортшы іс-әрекетінің функционалды – реттегіш

компоненті деп анықтауға болады.

Спортшының ақыл-ой (интеллектуалды) іс-әрекеті ерекше көңіл бөлуі қажет етеді. Мысалы, спорттағы тактикалық шеберлік тактикалық ойлаудың даму деңгейінен тығыз байланысты.

Тактикалық іс-әрекет перцептивті, психомоторлық мүмкіндіктерді және белгілі бір білім мен шеберлікті қажет ететін кешенді іс-әрекет жүйесін білдіреді. Интеллектуалды, яғни ақыл-ой қабілеттері негізін қалаушы рөл атқарады. Дұрыс және тиімді тактикалық іс-әрекеттердің жүзеге асуы – бұл ойлау жұмысының нәтижесі, онда сананың басшылығы тарапынан танымдық, эмоционалды – еріктік қабілеттердің байқалуы есебінен дене, техникалық күш-қуаттың белсендену процесі ыңғайлы болады.

Ойлау процестері ішкі сөйлеудің жүзеге асуына негізделі отырып, іс-әрекетті барлық бағытта психологиялық қамту үшін өзіне ықпал етудің механизмдерін анықтайды. Ол психологиялық қамтуды құрайтындар: мотивация, реттеу, әрекетті орындау.

Олардың көмегімен моторлы іс-әрекеттерді орындау жағдайында оқиғаларды болжау және көрнекі бейнелерді тікелей қабылдау процесі жүзеге асатын болады.

Интеллектуалды белсенділік іс-әрекеттің өзгеру жағдайларына бейімделу механизмдерінің өзектенуінің маңызды шарасы болып табылады. Олардың көмегімен ситуацияны бағалау процестері, дұрыс қарсы әрекетті таңдау, спортшы күш-жігерін реттеу және мінезбен іс-әрекеттің өзгерісі жайлы шешім қабылдау жүзеге асатын болады.

Сондықтан да, спортшының психологиялық функцияларының қатарына іс-әрекеттің функционалды-реттегіш компоненті ретіндегі интеллектуалды белсенділік функциясын жатыстыруға болады.

Іс-әрекеттің белсенділік функциясы спортшының нақты іс-әрекет ситуациясында дене күші, тактико-техникалық шеберліктерін байқату мүмкіндіктерін сипаттайды. Интеллектуалды және қимылдық белсенділік шынайы іс-әрекет жағдайларында өзара тығыз байланысты болады. Спортшының іс-әрекетін психологиялық қамтамасыз ету қимылдық іс-әрекеттің тиімділігінің функциясы ретіндегі сол кезеңдегі оның психикалық процестеріне байланысты болады. Ол процестер: ойлау, ес, зейін, түйсік пен қабылдау, қиял.

Қимылдық тәжірибе, яғни шеберлік пен дағдығы және жеке адамның қасиеттеріне, яғни спорттық мінезге өте байланысты болады. Әсіресе ағзаның функционалды күйі ерекше маңызға ие.

Қимылдық белсенділіктің байқалуы – бұл әрекет. Ерікті қимылдарды басқару психологиялық заңдылықтар негізінде жүзеге асады. И.М. Сеченов (1935) заңдылықтарының үш түрін анықтады [3].

1) бүкіл қол, аяқ, бас, кеуденің барлық қарапайым қозғалыстарын адамға жаттығып үйренген соң, оның еркіне бағынатын болады;

2) неғұрлым қимыл жақсы жатталса, соғұрлым ол ерікке оңай бағынады немесе керісінше;

3) ерік билігі тек қозғалыстың басы мен аяғына қатысты, әрі оның күшеюіне немесе әлсіреуіне де қатысты, қозғалыстың өзі әрі қарай еріктің қатысынсыз жүзеге асатын болады.

Психологияда келесі қозғалыстар түрлерін ажыратады: дене тұрқының қозғалысы, локомация, ым-ишара, қимыл, семантикалық қозғалыстар, сөйлеу, жұмысшы қимылдар. Спорттық тәжірибе үшін ең маңыздысы жұмысшы қимылдар. Олар ерікті және негізгі іс-әрекет мақсатына жетуге бағытталған іс-әрекеттерді орындаумен байланысты болады. Келесі қимылдар қасиеттері (жылдамдық, нақтылық, күш, қарқын мен ритм, координация, икемділік пен ептілік), әрі іс-әрекет жағдайларына қимылдардың бейімделу деңгейі спорттық нәтиже үшін үлкен маңызды болады.

Адамның қимыл-тірек аппарат құрылымының психофизиологиялық аспектілері үлкен маңызға ие екендігін де атап кеткен жөн. Адамның қозғалыс белсенділігінің заңдылықтары мен механизмдері іс-қимылды жалғыз эффекторлы импульстар көмегімен басқару мүмкін еместігін білдіреді.

Ағза периферияларынан келіп түсетін сигналдардың күрделі қайта өңделуі өте маңызды. Осы арада сенсорлы мүшелерден келетін сигналдар бірігеді, талданады және өткен тәжірибе негізінде қимылдық міндеттерге орай жалпыланады. Бұл механизм жағдайларына бейімделуін қамтамасыз етеді.

Психикалық белсенділік таным процестерінің жүзеге асуымен тікелей байланысты.

Спорттық іс-әрекет спортшының келесі бағыттарда байқалатын танымдық белсенділігінсіз жүзеге аса қоймайды. Ол келесі бағыттар:

- 1) адамның өзін-өзі спортта тануы;
- 2) спорттық іс-әрекет пен спорт заңдарының ерекшеліктерін тану;
- 3) спорттық тәжірибенеің сезімдік тұстарын тану.

Іс-әрекет міндеттерін шешу негізіндегі дене және психикалық белсенділіктің байқалуы, мотивация, реттеу және перцепция процестерін жүзеге асыруға бағытталған. Шартты түрде бұл құбылысты спортшының іс-әрекетінің функционалды-реттегіш компоненті деп анықтауға болады. Іс-әрекеттің психологиялық қамтамасыздандырылуының мәні дегеніміз бұл ағзаның адекватты, яғни дұрыс, тиімді бейімделуін жаттықтыру немесе жарыстық сипаттағы іс-әрекеттерді орындау жағдайларына сәйкестендіріледі.

Объективті шындықты қабылдау, оның объектілеріне мән беру және өз іс-әрекетін түзету – мұның барлығы қажет етілген мінез-құлық пен спортшы күйін-жайын қалыптастырудың басты шаралары болып табылады.

Іс-әрекеттегі психикалық белсенділік танымдық және іс-қимылдық болып анықталады, олар өз кезегінде детерминацияның биологиялық және әлеуметтік факторлармен шарттасады. Дене белсенділігінің биологиялық факторларына келесілер жатады: қимылды, өмірді сақтауға, денсаулықты сақтауға қажеттілік.

Әлеуметтік факторларға – іс-әрекеттің мазмұнды ерекшеліктері, өзге адамдардың іс-қимылды бағалауы, өз іс-қимылдарына қанағаттану сезімі.

Іс-әрекеттің функционалды-реттегіштік бөлігі ретіндегі белсенділіктің танымдық және іс-қимылдық өнімділігі спортшының икемделгіш қабілеттеріне тәуелді болады. Бұл факт атлет әрекет ететін ситуацияны қабылдау процестерінде айқын байқалады. Көрсетілген тәуелділіктің үлгісі болып эмоционалды күйдің реттелу процестері, іс-әрекеттің сыртқы жағдайларының динамикалық, құбылыстарына реакция білдіру, жарыс кезіндегі мінез-құлық коррекциясы табылады. Егер де спортшы өзінің жеке күйін-қалпын басқара алмаса, онда оның іс-қимылдары ретсіз, дұрыс болмауы мүмкін. Әрине, бұл ол орындайтын іс-қимылдардың ұйымдаспаушылығына әкеліп соғады.

Ерікті іс-қимылдарды басқару психологиялық заңдылықтар негізінде жүзеге асады.

1) қол, аяқ, бас, дененің барлық қарапайым қимылдары комбинацияланған іс-әрекеттер сияқты, адам арқылы оның еркіне жатталып болған соң бағынады;

2) неғұрлым іс-қимыл мықты жатталса, соғұрлым оның еркіне оңай бағынады;

3) ерік билігі іс-қимыл басы және аяғына қатысты әрі оның күшеюі немесе әлсіреуіне байланысты болады. Ал іс-қимылдың өзі еріктің ешбір қатынасынсыз, яғни көп рет жасалынғанның қайталануы болып табылады.

Психологияда келесі іс-қимылдар түрлерін ерекшелеп бөледі: дене тұрқы, локомоция қимылы, ым-ишарат, семантикалық қимылдар, сөйлеу, жұмыс қимылдары.

Спорттық тәжірибеде жұмыс қимылдары маңызды болады. Ол іс-әрекеттің негізгі мақсатына бағытталған ерікті және соған байланысты қимылдар болады. Жылдамдық, күші, нақтылық, қарқыны мен ритм, икемділігі мен ептілігі сияқты іс-қимылдар қасиеттері, әрі іс-әрекет жағдайларына икемделу деңгейі спорттық нәтиже үшін үлкен маңызды болады.

Танымдық белсенділік функциясы кәсіптік бейімделу процестерімен тығыз байланысты. Берілген жағдайда іс-қимылды қажетсіну спортшының спортпен кәсіби айналысуға ұмтылуын анықтай қоймайды. Ол дене жаттығуларын жүйелі орындауға қызығудың қалыптасу шарты ретінде ғана болады.

Спортшының кәсіби мәнді, маңызды мотивациясының қалыптасуы ең алдымен спорттық іс-әрекеттің әлеуметтік факторларына байланысты. Мұнда іс-әрекеттің мазмұнды ерекшеліктері, спорттық теріс, дұрыс сипаттамалары.

Спорттағы жеке тұлға дегеніміз кім? Кез келген өзге ғылымның жеке саласы өзінің түпкілікті шешімдеріне сүйенгені сияқты, спортшының жеке басына қатысты психологиялық міндеттерді шешуде адамның жалпы жеке басының психологиялық негізі жөнінде білімсіз мүмкін болмайды.

Жеке адам – тарихи-әлеуметтік дамудың және жеке адам іс-әрекетінің

жемісі. Оның санасы бар және қоғамда белгілі бір функцияларды орындайтын әлеуметтік қасиеттер жүйесіне ие. Спортта басқа іс-әрекет түрлері сияқты даралық үлкен орын алады. Табысқа жету тек қана спортшы өзінің жеке-дара ерекшеліктерін дұрыс есептегенде ғана және осы негізде арнайы техникo-тактикалық стильді қалыптастырғанда ғана мүмкін болады. Спортшының жеке-дара ерекшеліктерін біле отырып, оның мүмкіндіктерін толық дамытып, әрі тиімді қолдануға болады.

Жеке адам өз қасиеттерінің белгілі бір жүйелілігімен, бірлігі және тұрақтылығымен сипатталады.

К.К. Платонов жеке адамды жалпы талдай келіп, оның ерекшеліктерімен барлық сипаттарын 4 топқа бөлді:

1) Әлеуметтік-шартталған ерекшеліктер (бағыттылық, моральдық қасиеттер); 2) биологиялық шартталған қасиеттер (темперамент, нышандар, инстинктер, қарапайым қажеттіліктер);

3) тәжірибе (бар білім, дағды, шеберлік пен әдеттердің көлемі мен қасиеті);

4) түрлі психикалық процестердің жеке-дара ерекшеліктері эмоция мен мотивтер спортшыны белгілі-бір мінез сипаттарын байқатуға итермелейді, ал ерік (ерік күш арқылы) осы мінез сипаты көмегімен іс-әрекеттің жүзеге асуын қамтамасыз етеді [4].

Стресс жағдайларында спортшының табысқа жету немесе сәтсіздіктен қорғанып қашуына бағдары-тұрқы байқалады. Табысқа жетуге бағдары басым адамдар жиі жағдайда спорттық додада өте өзін қатерге тігеді. Ал, сәтсіздіктен қашуға бағдары басым адам өте сақ болады, әрі өз мақсаттары ретінде күші жететін нәрсені алға қояды.

Спорт, жалпы алғанда жекелеген қасиеттерді тәрбиелеуде жақсы шара ретінде болады.

Дене тәрбиесінің шаралары мен әдістері жеке адамның адамгершілік, еріктік, эстетикалық және интеллектуалды даму міндеттерінің шешілуіне қол жеткізеді.

Бірақ, бұл мүмкіндіктерді белгілі бір бағытталған іс-әрекет түрімен жүзеге асырмаса, тек мүмкіндік түрінде қалып қалады. Қазіргі таңдағы ғылымдардың даму тұсында «дене тәрбиесі мен спорттағы тәрбиенің жалпы бағыты» деген ұғым бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы, эмоции. -М.: Изд-во МГУ, 1972. -40 с.
2. Демин В.А. Методологические вопросы исследования спорта в аспекте теории деятельности. -М.: Изд-во Казань, 1974. -С.100-121.
3. Демин В.А. Спортивная деятельность как предмет научного исследования. -М.: Физкультура и спорт. 1974.
4. Платонов В.Н. Подготовка квалифицированных спортсменов. – М., 1986.-286 с.

ҚАЗАҚСТАНДА ӨСІРІЛЕТІН ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ ҚАСИЕТІ

Сопбекова А.О.

№7 колледж, Биология пәнінің оқытушысы
Кентау, Қазақстан

Біздің халқымыз ерте замандардан бері дәрілік өсімдіктердің құпиясын білген, әрі оларды әртүрлі ауруларды емдеуге шебер қолданып келген. Шипалы өсімдіктерден дәрі жасау әдістері ұрпақтан - ұрпаққа өтіп, бұл дәстүр атадан жалғасып отырған.

Қазақстан табиғи жағдайлары әртүрлі болып келетін орманды, далалы, таулы аймақтардан тұрады. Республика аймағында 6000-ға жуық өсімдік түрлерін кездестіруге болады екен десек, оның 500 түрінен дәрілік заттар алынады екен. Осынша байлықты игерумен бірге дәрілік өсімдіктерді зерттеудің, оны танып, білудің маңызы зор. Ерте заманнан бері мал бағумен айналысқан көшпелі қазақ халқы шөптердің, жалпы өсімдіктердің емдік қасиеттерін ертеден білген [1].

Қай заманда болсын, адам өсімдік өнімдерінің тағамдық жағына ғана емес, сонымен қатар емдік, шипалық жағына да көңіл бөлген. Қазіргі кезде «дәрі ауруы», аллергияның шығуы, иммунитеттің азаюы сияқты құбылыстардың байқала бастауына байланысты оның маңызы арта түспесе кеміген жоқ. Дәрілік өсімдіктерді ем ретінде пайдалану сонау көне заманнан бері дағдыға айналған, мұны ескі ескерткіш қолжазбалардан айқын көре аламыз.

Қазақ емшілерінің ауру - сырқауларымен ұзақ жылдар күресу барысында қолданып келе жатқан алуан түрлі дәрі - дәрмектердің қайнар көзі – ұлы табиғатты өсімдіктер дүниесі. Қазақ емшілерінің қолданатын дәрілерінің басым көпшілігі - өсімдіктер. Өсімдіктердің әрбір бөлігінің, мәселен, тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, жеміс тұқымдарының дәрілік қуаты әртүрлі болып келеді. Сондықтан оларды емдік қуаты ең күшті болатын мезгілде жинағанда ғана сапалы дәрі - дәрмек алуға болады.

Дәрілік өсімдіктер жиналып алғаннан кейін, жас күйінде бірден пайдаланудан қалғандарын кептіріп, жақсы сақтай білу оның емдік қасиеті мен сапасының жоғалмауының басты кепілі болып табылады.

Қазіргі кездің өзінде отандық ғылыми медицинада 216-дан астам дәрілік өсімдік түрлері қолданылады. Оларды қалай болса солай ысырапсыз жинап, тұқымын құртып алудан әрқашанда сақ болғанымыз абзал [2].

Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктер

Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында **стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар** сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты.

Оны Рим дәрігері Гален өсімдіктерде шипалық қасиеттердің болуын олардың құрамындағы белгілі бір заттардың қасиетіне байланысты екенін анықтады. Ол сонымен бірге бұл заттарды қалай бөліп алуға болатынын көрсете отырып, тұңғыш рет науқастарды өсімдіктің қайнатындысымен, шырынымен, тұнбасымен, ұнтағымен және одан жасалған дәрімен емдеді.

Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады. Көптеген өсімдіктердің емдік қасиеттері бар. Оларды дәрілік өсімдіктер дейді. Осы заманғы кейбір ең таңдаулы дәрілер жабайы шөптерден жасалған.

Дәрілік өсімдіктердің біразына тоқталсақ. Алоэ, сабыр (Aloe) — лалагүл тұқымдасына жататын көп жылдық бұта, кейде шырмауық түріндегі мәңгі жасыл, қуаңшылыққа төзімді өсімдіктер. Қазақстанда « ағаш тәрізді Алоэ» (Aloe arborescens) деген түрі қолдан өсіріледі. Алоэның жапырақ құрамында глюкозид, эфир майы т. б. дәрілік заттар бар, сондықтан алоэның шырынын түрлі ауруларды емдеуге қолданады [3].



Адыраспан (Harmal немесе Reganum harmala) - түйетабандар тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдіктер туысы, терең тамырлы өсімдік. Дәрілік шикізат ретінде шілде айында бұтақшаларын, жапырағы мен гүлін жинап алады. Халық емшілері адыраспанды адамның құяңын, сегізкөздің жүйке ауруын емдеуге пайдаланған. Мал-дәрігерлік тәжірибеде оның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері ауруларын, буын ауруын емдеуге пайдаланады, қайнатылған суын безгекпен ауырған адамға ішкізеді. Адыраспан – улы өсімдік, дәмі ащы, мал жемейді [4].



Дәрмене немесе ақ жусан (лат. Artemisia cina) – Астралылар

тұқымдасының жусан туысына жататын көп жылдық шала бұта. Орта Азияның (Оңтүстік Қазақстан) эндемигі. Халық медицинасында оны жүрек талмасы бар науқастарға пайдаланады. Дәрілік шикізат ретінде тамырымен есепсіз жұлынғандықтан, бүгінде қатары қатты сиреген. Улы өсімдік. Әсіресе, гүл жармай тұрғанда, жапырақтарында улы зат – сантонин пайда болады. Сол себепті, одан жасалған дәріні дәрігердің кеңесінсіз пайдалануға болмайды.



Итмұрын деп раушангүлдер тұқымдасына жататын жапырақ тастайтын бұта не шырмауық өсімдіктердің жемісін атайды. Итмұрынның ерекшелігі - бағалы дәрумендерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінен асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады, күлтелерден дайындалған эфир майы парфюмерия өндірісінде пайдаланылады [5].

Итмұрын



Көптеген халықтарда итмұрын тұрмыстық және қасиетті өсімдік. Оның гүлдерінен қалыңдықтарға гирлянды тіккен, әйелдер және қыздар өздерін ашық тұқымдарымен әрлеген. Славян халықтарында итмұрын әдеміліктің, жастықтың, махабаттың символы болып табылады.

Мінекей, біздің елімізде осындай керемет өсімдіктер өседі. Ал, біз білмейтін өсімдіктер қаншама? Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады, «Сенің денеңнің қуаты - өсімдіктің шырынында» деп медицинасы ілгері дамыған Қытай елінің дәрігері Шин Нон Шындығында өзіміз табиғат берген байлыққа көңіл аудара бермейміз [6].

Емдік шөптер - үйіміздің жанында, бау-бақшамызда, жол бойларында кездесетін арам шөптер. Өсімдіктер сарқылмайтын қазына емес, сондықтан оларды орынды пайдаланып, қорғай білудің өмірдік маңызы зор. «Мың теңге

тұратын дәрі дәл шарбағыңның түбінде өсіп, тұр». «Дәріміз ем-домды дәрілік өсімдіктерден іздейік».

«Жергілікті жердің өсімдіктеріне мән берсек...»

Әдебиеттер тізімі:

1. Сацыперова И.Ф. Изучение особенностей онтогенеза, как один из необходимых этапов интродукции травянистых полезных растений // Сборник статей Рациональное использование растительных ресурсов Казахстана. -Алма-Ата, 1986. -С. 3-4.
2. Работнов Г.А. Жизненный цикл многолетних травянистых растений в луговых ценозах // Труды Бот. инст. АН СССР. Сер. 3. - 1950. - Вып. 6. - С. 204-208.
3. Серебряков И.Г. Морфология вегетативных органов высших растений. – М.: Советская наука, 1952. - 391 с.
4. Серебряков И.Г. Экологическая морфология растений. – М.: Высшая школа, 1962. - 317 с.
5. Уранов А.А. Онтогенез и возрастной состав популяции цветковых растений. - М.: Наука, 1967. С. 3-8.
6. Саева В.Г. Семенная продуктивность травянистых растений при интродукции. Семенная продуктивность и вегетативное размножение растений при интродукции. - Кишинев, 1982. - С.17-25.

ӘОЖ: 370.33

МУЗЫКА САБАҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Тельбаева Л.Ж.

Педагогика ғылымының магистры, оқытушы
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
E-mail: lyazjamalhanovna@mail.ru

Адилова Ш.

аға оқытушы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается традиционная методика преподавания уроков музыки в общеобразовательных школах и обновленная программа музыкального образования детей.

Summary

The article discusses the methodology of teaching music lessons devoted to contemporary social themes, the image of children and youth.

Музыкалық білім беру педагогикасында әдіс-тәсілдерді үйретудің әдістемесі болашақ мұғалімді даярлау моделі маман моделінің негізінде құрылатыны белгілі, ал маманға талаптарды практика қояды. Сондықтан қандай мұғалімді даярлау туралы сөз болғанда, ең алдымен мектепке, оның мәселелеріне үңіліп, бүгінде жаңарған мектеп мұғалімге қандай талаптар қоятынын және балаларды оқыту мен тәрбиелеуде күннен-күнге күрделеніп отырған міндеттерді шешуге қазіргі заман мұғалімінің даярлығын анықтау қажет. Бұл жағдай принципті мәнге ие болады, себебі мұның өзі

педагогикалық іс-әрекетке мұғалімдерді даярлау проблемасының пайда болуына себеп болды. Аталған проблеманың шешімін табу жоғары оқу орындарында инновациялық педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалануды көздейді. Белгілі кеңес педагогы М.Н. Скаткин 70-жылдардың басында былай деп жазған болатын: «Негізінен мұғалімді өздерін қалай оқытса, олар басқаларды солай оқытады. Сондықтан егер біз мектеп практикасына оқытудың қандай да бір жаңа әдістерін енгізетін болсақ, ең жақсы жол - бұл әдістерді ең алдымен мұғалімдерді оқыту барысында, яғни олармен өткізілетін сабақтарда қолдану болып табылады»[1].

Әдістемелік - педагогика саласы ретінде дамуы оқыту теориясының жеке саласы болып саналады. Әдіс грек тілінде адамның практикалық әрекеттерін және өмірді тани білу амалдарының жолдарын тәсілдерін білдіреді. Әдістеме оқытудың негізгі жолдарына көрсетеді. Қалай және қандай жолдарымен балалардың музыкалық тәрбиелеудегі әсері бастауыш орта сынып балаларының музыкалық шығармаларды тыңдап қабылдауларындағы назарларын ұйымдастыру олардың жоғарғы талғамдағы көркемдік дәрежедегі шығармаларды тануға талпындыру әдістерінің жолдарын көрсетеді. Музыкалық білім беру педагогикасында әдіс-тәсілдерді үйретудің әдістемесі музыкалық, іс - жүзінде балаларды музыка өнері арқылы тәрбиелеу.

Музыкалық сабақтарды үйретудің әдістемелері қазіргі әлеуметтік тақырыптарға, балалар мен жастар образын жасауға арналған. Композитор творчествасынан лирикалық әуен басты орын алды. Айқын әуезділік, ойнақылық, юмор, жігерлілік пен өміршендік оның музыкасына тән қасиет. Балалар мен жастарға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру проблемаларымен айналысқан өнер ретіндегі музыканы музыка оқу пәнімен табиғи байланыстарын көпшілікке музыкалық тәрбие берудің педагогикалық тұжырымдамасын жасаған. Көп кешікпей академик Д.Б.Кабалевскийдің тың көзқарастағы музыкалық-педагогикалық тұжырымдамасы өмірге келді. Аталған тұжырымдама автордың болашақ музыка пәнінің жаңа бағдарламасының жаршысы болған «Об основных принципах и методах программы по музыке для общеобразовательной школы» атты мақаласында және бірқатар кітаптарында көрініс тапты. Музыка өнері өмірдің ажырамас бөлігі ретінде эстетикалық, тәрбиелік, танымдық функциялар атқарады. Бұл туралы Д.Б. Кабалевский былай деп тұжырымдаған: «Адам жасаған өнер сол адам туралы және адам үшін жасалады, музыка мен өмірдің байланысының мәні осында жатыр. Міне, сондықтан да өнер үнемі адамдардың идеалдық дүниесін байытып, рухтандырып, дүниетанымын бекітіп, күш-қуатын арттырып келеді» [2].

Әдістеме іс жүзіндегі жүргізілген тәжірибелермен ғылым негіздерге сүйене отырып әрдайым жетілдіруде. Әдістеме курсы музыка пәнінің маманын дамуына бағыт береді. Ал енді осы пәннің мағынасы ашып тұрған құрылымына енгізілген сөздердің мазмұнына тоқталайық. Әдістемелік - педагогика саласы ретінде дамуы оқыту теориясының жеке саласы болып

саналады.

Музыканы түсіну үшін сезіммен қабылдаумен қатар онда нені, қалай жеткізетінін саналы түрде қабылдау болып табылады. Өнер туындысы арқылы тыңдаушы, оқушы, көрермен санасынан өтетін психикалық құбылыс. Музыканы тыңдағанда дыбыстардың физикалық қасиеттеріне көңіл аудармаймыз осы орайда тыңдаушыға бірінші кезекте музыкалық ынта мен музыкалық ойға тоқу, және де шығарманың барлық деңгейінде оның мән-мағыналық бөлшектерінің біртұтастығын түсіну қажет. Сондықтан музыканы дыбыстардың жиынтығы деп қарамау керек. Музыка көркемдік эмоциялармен өнер шығармасының қажетті мазмұндық жағын және оның адамға рухани өмірлік әсерін, өнердің әлеуметтік қызметін жүзеге асыруда маңызды роль атқарады. Музыканың адам санасында өмір танытқыштық, сондай-ақ аса күшті әсер тудыра алатын қабілетін тексерген ғалымдар мен педагогтар, музыка зерттеушілері мен өнер қайраткерлері бұл жөнінде үнемі айтып келеді. Музыканы сүймейтін адамды кездестіру мүмкін емес шығар. Музыканы түсіну үшін адамға эстетикалық талғам қажет эстетикалық қиялдың бірден-бір ажырағыз бір кезеңі бар: таным-бастан кешу, бағалау. Сондықтан эстетикада оның эстетикалық эмоция, эстетикалық мұрат, эстетикалық көзқарас пен теория тәрізді өлшемдері қарастырылады. Оқушының бойында түрліше сипатта жеке көңіл-күйге қона білетін музыкаға деген өзіндік ой саналық және сезімдік тұрғыдағы қарым - қатынас негізгі музыкалық; қабілетті дамыту жалғастырыла береді, музыка жөнінде түсінік пен білім аясы кеңейтіледі [3].

Музыкалық ойлау туралы ұғымның негізі қаланатын бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбиенің дұрыс жолға қойылуының мәні бар. Және де балаларды тыңдау мәдениетіне баулу керек. Балалардың барлығы музыкаға құлақ қойып тыңдайды деп айта алмаймыз. Ол үшін бастапқы кезде оқушыларды белгілі бір сюжет жағдайына қарай бағыттап, тыңдаушыны музыканы байыппен түйсінуге алдын ала дайындайтын бағдарламалық аспаптық музыкаға жол берген дұрыс. Шығарманың туу тарихы мен уақытынан бастап белгілі бір шығарманың тууына себепкер болған жайтқа қысқаша тоқтала кеткен жөн.

Сонымен біз жоғары педагогикалық білім беру теориясы мен практикасында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың жай-күйін талдай отырып, қазіргі кезде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінде орын алып отырған проблемаларды айқындауға талпыныс жасадық. Сондай проблемалардың бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру болып табылады, ал оны шешудің бір жолы оқу процесінде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану екендігін айқындадық. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен жолдары туралы сөз болады.

Музыка мұғалімінің музыка сабағын берудегі әдіс-тәсілдерді үйретудің

әдістемесі бүгінгі күнде педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып отыр. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады, оның мәні, құрылымы айқындалады; педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздері оқып-үйретіледі; педагогикалық жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі; педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі

Ғылыми-қолданбалы бағытта нақты педагогикалық идеялар мен тұжырымдарға негізделген жаңа педагогикалық технологиялар жобаланады; мұғалімдерге кәсіби білім беруде педагогикалық технологияларды пайдаланудың теориясы мен әдістемесі зерттеледі

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық технологияның мәнін ғалымдар түрліше анықтайды:

- практикада іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.А. Беспалько);

- педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті.

- оқыту формаларының, әдістерінің, тәсілдерінің, амалдарының, тәрбие құралдарының әлеуметтік жиыны мен бірлігін анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы (Б.Т. Лихачев);

- педагогтің шынайы өзара әрекетін қамтамасыз ететін қолданбалы ғылыми педагогикалық пән (Н.Е. Щуркова);

- қойылған мақсатқа сәйкес білімді,білікті, дағдыны және қатынасты құрастыру, қалыптастыру мен бақылау бойынша операциялардың жиыны (А.К. Колеченко);

- педагогикалық технология – оқу түрі процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, оқыту тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі (Ш.Т. Таубаева, Б.Т. Барсай), т.б. [4]. Педагогикалық әдістің мазмұнын айқындауға В.Ю. Питюков талпыныс жасайды. Оның ойынша, музыкалық педагогикалық әдістер тәрбиеленушіге педагогикалық ықпал етуді ұйымдастыру бойынша мұғалімнің мәнді кәсіби біліктерінің жүйесін айқындайды, педагогикалық іс-әрекетті технологияландыруды саналы ой елегінен өткізу тәсілін ұсынады. Педагогикалық ықпалды музыкалық педагогикалық қамтамасыз ететін болғандықтан, оның мазмұны педагогикалық ықпал ету құралдарынан тұрады: педагогикалық тіл табысу, педагогикалық баға беру, педагогикалық талап, ақпараттық тілдік және демонстрациялық ықпал. Бұл элементтер атқаратын нақты функциялары мен анықталған кілтті операцияларына сай педагогикалық технологиялардың мәнін құрайды, педагогты тәрбие процесінің субъектісі болатын - тәрбиеленушіге ықпал ету үшін қажетті және жеткілікті кәсіби мәнді білікпен қамтамасыз етеді. Бірақ мұнымен педагогикалық технология мазмұны шектелмейді: қосымша элементтер -

психологиялық климат, топтық іс-әрекет, жасаған қылығына педагогикалық реакция, ортаны ұйымдастыру және т.б. жалпылама немесе жеке сипатқа ие болып, ықпал етудің формаларын түрлендіруді және әрбір мұғалімнің дербестігін сақтауды қамтамсыз ететін әрекеттер қатарына жатады.

Бүгінгі егемен Қазақстан мектептерінде музыкалық білім мен тәрбие беруде музыка пәні сабағында түрлі музыкалық іс-әрекеттер арқылы оқушылардың әсемдік сезімін, эстетикалық талғампаздығын дамыту, өнер туындыларын түсіну, туған өлкенің сұлулығы мен байлығын қастерлеп бағалау, өнер, мәдениет жетістіктеріне аялы көзқарстарын қалыптастыру міндеттері қойылып отыр. ҚР «Білім туралы» Заңы да жас ұрпақтың жоғары адамгершілік сапа-қасиеттерін, ұлттық патриотизм мен намысын, адамдарға деген ізгілікті қарым-қатынасын, мінез-құлқын, халықтың қайталанбас мәдениетіне сыйластықты көзқарасын қалыптастыруды көздейді, соның ішінде музыкалық білім беру мазмұнын қалыптастыруда өзгерістерді талап етеді.

Осы талаптарды музыкалық білім беру мазмұнында негізге алу мақсатында, Қазақстандық ғалым-педагогтер, музыка пәні мұғалімдері бірнеше оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен әдістемелік құралдарын жасады.

Музыка маманының жұмысының нәтижелігі музыка өмірінің ерекшелігін мазмұнын идеялогиялық және тәрбиелеудегі мәнісін баланың жас ерекшеліктеріне, ой -сезімдеріне әсерін тигізетіндігіне байланысты екендігін түсінуде музыка адам өнермен тығыз байланысты екендігін түсінуде музыка, жеке адамның ой сезімін бейнелейтін өнер болғандықтан оның өзіндік тілі болады. Әрбір музыкалық шығармашылық, айтайын деген ерекше мағынасы болады.

Қазіргі таңда білім шарттары бойынша балаларға музыкалық білім берудің мазмұны мен олардың музыкалық дамуы арасындағы байланысын музыкадан сабақ берудің жаңарту үрдісінің тиімді критерийлерін жасауда оқушылардың музыкалық білім беру әдістемесінің маңызы зор болып отыр. Қазіргі жас буын педагогтер- музыканттар балалармен жұмыс жасау барысында танымал және шетел прогресшіл қайраткерлерінің жаппай музыкалық білім дәрежесін үйрену. Музыкалық педагогикадағы оқытудың ерекшеліктері, мәні және мазмұны. Музыка сабағын оқытудағы эмоциялық пен саналықтың бірлігі. Мектепте музыканы оқыту әдістемесі негізінен музыканы тыңдау, қабылдау барысында оқушылардың психологиясына, физиологиялық үрдістеріне өмірлеріне кешенді әсер етіп, олардың бүкіл музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамыту міндеті жатқызылады.

Музыка пәні мұғалімдерінің атқарған жұмыстарының нәтижелерінің қорытындылау, олардың жетістіктерін дәлелдейтін мысал жинақтай алуының маңызы зор. Жинақтаудың дәрежесі мұғалімдердің сабақ мазмұнын, оқушылардың сабақтан тыс музыкалық-эстетикалық іс-әрекеттерінің түрлі бағыттарының бірлігін қамтамсыз ете отырып, сипаттай алуымен анықталады. Осы салада орындалған ғылыми- зерттеу жұмыстары

мен педагогикалық озық тәжірибе жетістіктеріне сүйенеді. Себебі озық тәжірибе нәтижелеріндегі жаңалықтың мәні, яғни басты қасиеті олардың мазмұнының мағыналық жағынан қоғам дамуының бағыттарына, бүгінгі қоғам талаптарына барынша сәйкестігіне, сонымен қатар педагогтар мен оқушылардың көп еңбек шығындамай, практикада жоғары тиімділік пен жоғары сапаны қамтамасыз етуіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кабалевский Д.Б. — 1970. СИМЕ-де жасаған баяндамасы.
2. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. -М.,1982.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы (оқу құралы) - Алматы: Рауан, 1988.
жалпылама, анықтамай-ақ сезімдердің бояусыз әлемі арқылы баяндау. Глюк былай деген: «Музыкаға құлақ құрышын қандыратын өнер ретінде емес, керісінше адам жанын толғандыратын және сезімдерді оятатын теңдесі жоқ құралдардың бірегейі ретінде қараймын». Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буының ақыл-ойын, тәжірибесін пайдаланбай ілгері баса алмағаны бәріне белгілі. Студенттерге музыкалық білім беру мен көркемдік тәрбиені халықтың, ұлттың, мәдени мұрасымен байланыстыра отырып, айтарлықтай жақсарту, музыкалық-көркемдік тәрбие де ұлттық, аймақтық мәдени ерекшеліктері, дәстүрлерін жандандырып, бүгінгі талаптарына сай жүйелеп, жоғары оқу орындарына оқу-тәрбие бағдарламасына енгізу көкейкесті мәселенің бірі.

Жастарды музыкалық бейнелер, суреттемелер, көркемсөз, әсерлі әуен, жағымды саз арқылы отанды сүйюге, сапалы, тәртіпке, жақсы әдет-ғұрыпқа, әдептелікке, мейірім-шапағатқа, ынтымаққа достыққа тәрбиелеу негізгі міндет. Әлемдегі барлық мемлекеттердің прогрессивті музыканттары балалар мен жастарды музыкалық тәрбиелеу мақсатында музыканың адам жанын тазартатын, оның сезімдері мен санасына оң әсер беретін халық музыкасы мен классикалық өнерге арқа сүйенеді, ұлттық мемлекеттердің музыкалық тәрбие саласындағы жетістіктерінен үлгі алуға тырысады.

Ұлттық музыка тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбие бере білуге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық музыка арқылы тәрбиелік білім беру, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан қазақ музыкасы ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмытып қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті. Қазақстан композиторлары Е. Брусиловский, А.Жұбанов, Л.Хамиди, М.Төлебаев, Б.Байқадамов, Қ.Қожамяров, Т.Мұхамеджанов музыкалық-шығармашылық еңбектерінде мұра ұрпақтан-ұрпаққа қалған бүгінгі күнге дейін жеткен сарқылмас бұлақ шабыттың шығармашылық байлығының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізуі айқын. Олардың музыкалық шығармалары әсемдік сезім мен жоғары эстетикалық талғамды дамыту, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиеттерін қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Қазақ опералық өнерінің классикалық шығармалары – Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», А.Жұбанов. Л.Хамидидің «Абай», М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» опералары жоғары оқу орындарындағы студенттерге қазақ халқының музыкасын этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі. Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ музыкасы халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын

дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде негізгі бағдар болады [3].

Ал Қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. Қазірде қазақ музыкасы халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір болашақ ұрпақ үшін мәнді тәрбие — қазақ музыкасын ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақ ұлттық музыка – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл Адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Музыкалық тәрбиенің мақсаты – адамдардың қабілеті арқылы оның музыкаға көңіл-күйі еліктей жауап беру, оның мазмұнын түсіну, әсерлену. Осының бәрін мақсатты және жүйелі дамыту музыкалық тәрбие арқылы келеді. Музыкалық тәрбие беру – жүйелі музыкалық білім беру және музыкалық қызметтің қоғамдық-тарихи тәжірибесін мұра етіп қалдыру және оны кейінгі ұрпаққа жеткізуді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030. [https:// e-history. kz/kz /contents/view/2007](https://e-history.kz/kz/contents/view/2007)
2. Земцовкий И. Фольклор и композитор, Л. -М., 1978.
3. Джумакова У., Кетегенова Н. Казахская музыкальная литература. Учебник. Алматы.1995.
4. Рахмадиев Е. Время и музыка. -Алма-Ата: Өнер. 1986. -213 с.
5. Музыкальная энциклопедия. –Москва: Советская энциклопедия, -1974. - 958 стр.

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАҒЫЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Әділханқызы А.

Қ.Сәтбаев атындағы № 12 жалпы орта мектебі, педагог-психолог
Түркістан, Қазақстан
N12_satbaev@mail.ru

Резюме

В статье рассматриваются нетрадиционные религиозные организации, которые вовлекают в нетрадиционные религии тех, кто не имеет работы, кто не нашел своего места в жизни, кто духовно неопытен, кто не в состоянии противостоять психологическим трудностям в своей личности и семье, кто не знает традиционной религии. Это особенно касается нашей молодежи. Нетрадиционные религиозные организации отличаются строгими фанатичными подходами: изоляция своих верующих от окружающей среды, содержание людей в своих рядах, принуждение к участию в насилии, финансовых манипуляциях.

Summary

The article deals with non-traditional religious organizations that have been put forward in non-traditional religions by those who do not have a job, who have not found their place in life, who are spiritually inexperienced, who are unable to resist psychological difficulties in their personality and family, who do not know the traditional religion and a special place is given to our youth. Non-traditional religious organizations that take a strictly fanatical approach: isolating their believers from the environment, keeping people in their ranks, forcing them to participate in violence, financial manipulation, thereby separating them from those who have been discriminated against.

Еліміздің ата заңында ар-ождан бастандығы туралы, дінге және діни нанымға байланысты кемсітуге болмайтындығы, сондай-ақ қандай дін болмасын, азаматтардың ерекшеліктеріне қарамастан тең құқылы екендігі жазылған. Дегенмен, соңғы бірнеше жылда қалыптасқан еліміздегі діни ахуал заңдық жағынан болсын, діни сауаттылық тұрғысынан болсын біраз шараларды қабылдау керектігін дәлелдеді деуге болады.

Осы орайда жастардың құқықтық және діни сауаттылығын жетілдіру бағытында әлі де атқарылар шаралар көп. Олай болатыны, қазіргі дәстүрлі емес деп атап жүрген діни ағымдардың негізгі назары жастарға бағытталып, олардың қатарын көбінесе жастар толтырып отыр. Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі әрі сан-салалы. Сөзіміздің дәйекті болуы үшін соңғы кездердегі деректерге назар аудара кетсек, 1989 жылғы 1 қаңтарда 30 конфессияға тиесілі 700-ге жуық діни бірлестіктер болса, 2012 жылғы қайта тіркеу шарасынан бұрын еліміздегі тіркелген ұйымдардың саны 4551-ге жеткені белгілі. Қазір олардың қайта тіркуден өткендерінің саны үш мыңнан астам. Мұның өзі аз емес.

Әсіресе дәстүрлі емес, тоталитарлық және десструктивті секталар мен

радикальды діни ағымдардың кейбірі тіркелуді қажет деп таппайтындықтан, олардан зардап шеккендерді анықтау немесе оларды жауапқа тарту барынша қиын. Ең басты алаңдатушылық тудыратын мәселе діни ұйымдар мен олардың іліміне сенушілердің күн санап өсуінде болып отыр. Миссионерлік ұйымдардың шоқындыру саясаты, Африка және Азия халықтары арасында қарқындап, мақсатты түрде жүргізіліп отыр. Миссионерлік ұйымдарға бірқатар елдердің мемлекеттік құрылымдары, қайырымдылық қорлары, үкіметтік емес ұйымдар, қаржылық топтар материалдық және моральдық тұрғыдан көмектесіп, ортақтаса жұмыс жасайды[1].

«Діни экстремизм» ұғымы қазіргі уақытта әр түрлі ғылым салалары бойынша талқыланып жатқандығы рас. Әрине бұл құбылыс кешенді, объективті, жан-жақты зерттелу деңгейінде емес. Оның мынандай негізгі себептері мен күрделі мәселелері бар: біріншіден, әлі күнге дейін әр түрлі ғылым салаларының зерттеу жұмыстары кешенді түрде жүргізілмеуі; екіншіден, аталмыш ұғымның мәнін түсінудегі түрлі талқылаудың орын алуы; үшіншіден, «діни экстремизм» ұғымына қатысты ғылыми пікір-таластардың теология мен ғылым салаларының арасында туындауы; төртіншіден, оны зерттеудің теориялық-әдістемелік және тәжірибелік аспектілерінің кешенді түрде жүйеленбеуі; бесіншіден, осы құбылыстың халықаралық сипат алуы. Міне, осындай себептер мен күрделі мәселелердің орын алуы, сонымен қатар олардың әлі де реттеліп шешілмеуі «діни экстремизм» ұғымының кешенді түрде талқылануына кедергілер келтіретіндігі ақиқат. Соған қарамастан «діни экстремизм» ұғымына қатысты мәселелерді зерттеуге тиісті ғылым салалары бойынша талқылануы мен оны зерттеушілердің талдаулары қарастырылады.

Саясаттанушы және басқа да ғылым салалары бойынша зерттеушілердің көпшілігі «діни экстремизм» ұғымын қолданудан гөрі, одан да «діни-саяси экстремизм» ұғымын қолдану қажет деп есептейді. Мысалы, А.А. Нуруллаев пен Ал.А. Нуруллаев аталған терминді қолдануды жөн көреді. Олардың пікірі бойынша «соңғы ондаған жылдардан бері кең құлаш жайыла бастаған экстремистік құбылыстар діни постулаттармен байланысты болады, алайда саяси шеңберде жүзеге асуда. Сол себептен «діни экстремизм» ұғымы бұларды толыққанды қамти алмайды» [2]. Олар «діни-саяси экстремизм» ұғымына анықтаманы мына мазмұнда береді:

«Діни-саяси экстремизм – бұл мемлекеттік құрылымды өзгертуге немесе өкіметті зорлықпен басып алуға, мемлекеттің тәуелсіздігіне және аумақтық тұтастығын бұзуға, қарулы құрылымдарды заңсыз құруға, діни немесе ұлттық жауыздық пен жеккөрушілікті қоздыруға бағытталған діни мотивацияланған немесе діни бүркемеленген іс-әрекеттер». Ал, А. Журавский мына бір қисынды тұжырым жасайды: «сараптама – бұл диагнозды анықтау. Егерде пациентке дұрыс емес диагноз қойылса, онда оны емдеу нәтижелі болмайды немесе өлімді болуы мүмкін. Өйткені, мемлекет пациент ретінде болады, оған ондай саяси диагнозды қойып ойнау тым қымбатқа түседі. Сондықтан сарапшылық көзқарас тұрғысынан «діни

экстремизм» термині толыққанды дұрыс» [3]. Оның осы тұжырымы дұрыс. Өйткені, көптеген зерттеушілер дін мен діни экстремизмнің айырмашылығына, ерекшеліктеріне, шығу тектеріне және басқа да жағдайларына толыққанды мән бере бермейді. Сол себептен де қателеседі. Жоғарыда аталған екі зерттеуші діни-саяси экстремизмді саяси экстремизмнің бір түрі болып табылады, -деген ой-пікірін білдіреді [4]. Бұл ой-пікір қисынды емес. Өйткені саяси экстремизм мына эволюциялық тізбекте қалыптасып дамиды: саяси радикализм – саяси экстремизм – саяси лаңкестік. Ал, діни экстремизм мына тізбек бойынша қалыптасып дамиды: діни радикализм – діни экстремизм – діни лаңкестік. Бұл екі термин экстремизмнің ең негізгі түрлері болып табылады. Сондықтан екеуін біріктіріп экстремизмнің «жаңа» түрін шығаруы қисынсыз. Саяси экстремизмнің ең басты мақсаты саяси билікке қол жеткізу. Онда діни мемлекетті құру деген мақсат қойылмайды және діни экстремистік идеологиялық база мүлдем жоқ. Тек оны қосымша идеологиялық құрал ретінде пайдаланады. Сол сияқты діни экстремизмде саясатты тек қосымша идеологиялық құрал ретінде пайдаланады. Әр қайсысының өзіндік идеологиялық базалары болады. Сонымен бірге олардың идеологиялық мақсаттары да өзгеше болып келеді. Идеологиялық база мен идеологиялық құрал делінген ұғымдар бір-бірінен өзгеше ерекшеліктерімен болады. Сонымен бірге саясатты және діни экстремистік идеяларды этникалық негіздегі лаңкестік пен сепаратизмде де қосымша идеологиялық құрал ретінде пайдаланады. Демек, «діни экстремизм» ұғымына анықтаманы саяси боямамен беру ешқандай нәтиже бермейді.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар. Бүгін сіздер «Дәстүрлі емес діни ағымдағылардың алдын алудың психологиялық әдіс-тәсілдері» атты тақырыбындағы қалалық семинарда отырсыздар. Қоғамның ең әлсіз тұсы дін, жастарымыздың дін туралы сауаттылығы нашарынан ба, әлде бір себеппен ба, секталарға кіру себебі, Бүгінгі «Діни экстремизмнің алдын алу.» тақырыбы да осы арнаға келіп саяды. Экстремизм деген не? Қоғамға тигізер әсері қандай? Қазіргі таңда діни ахуал жағдайында жалпы экстремизм деген терминге зерттеушілер ортақ бір нақты мазмұн беретін балама сөз тапқан жоқ. Әр ғалым өзінше сөз саптайды. Бір анығы, қоғам үшін бұл – үлкен қауіпті құбылыс. Нақты балама жоқ. Енді осы экстремизмнің мағынасын объективті түрде түсіндіріп көретін болсам,. Экстремизм (extremus) деген латын тілінен енген термин, сөздік мәні соңғы, шеткі деген мағынаны білдіреді, ал саяси мағынасы шектен шыққан көзқарас пен іс-әрекет арқылы ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен. Сонымен қатар, бұл – тікелей немесе жанама түрде парламенттік демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі «Дін экстремизмнің алдын – алу». Енді бүгінгі тақырыпқа арнайы дайындалып әкелінген мәліметтерге назар аударсаңыздар.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://abai.kz/post/62874>
2. Шәпиев Б. Діни бірлестіктер іс-әрекеттерінің бағыттары. – Алматы, 2009. -5 б.
3. Жастардың көзқарасы тұрғысынан Түркі әлемінің діни мәселелері. Форум материалдары - Анкара: 1998. 24-25 бб.
4. Кенжетәев Д., Асқаров Н., Сайлыбаев Ә., Тұяқбаев Ә. Дінтану. Жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған оқулық. -Астана «Арман ПВ. 2010. -213 бет.

ӘОЖ 372

БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН АВТОМАТТАНДЫРУ

Ниязбекова М.П.

№ 23 жалпы орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі
Түркістан, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается система управления как систематизированный набор средств сбора сведений о подконтрольном объекте и средствах воздействия на их поведение, предназначенная для достижения определённых целей. Объектом системы управления мы определяем как технические объекты, так и людей. Объект системы управления может состоять из других объектов, которые могут иметь постоянную структуру взаимосвязей.

Summary

The article deals with the management system as a systematic set of tools for collecting information about the controlled object and means of influence on their behavior, designed to achieve certain goals. The object of the control system we define as technical objects and people. A management system object can consist of other objects that can have a permanent structure of relationships.

Басқарудың Автоматтандырылған Жүйесі (БАЗ; система автоматического управления; system of automatic control) - біртұтас «адам-машина» жүйесінің жұмыс істеу процесінде басқару шешімін қабылдау үшін қолданылатын әкімшілік, ұйымдастыру, экономикалық-математикалық тәсілдердің, есептеу техникасы мен ұйымдастыру техникасының, сондай-ақ, байланыс жабдықтарының жиынтығы. Ол жабдықтау (қамтамасыз етуші) және функционалдық жүйелерден тұрады. Жабдықтау жүйесіне: техникалық, математикалық, ақпараттық, ұйымдастыру жұмысы және мамандармен қамтамасыз ету жатады. Ал функционалдық жүйе есептеу, бақылау, жоспарлау және өндірістік шаруашылық қызметін басқару міндеттерін шешеді.

БАЗ-дың негізгі буыны - цифрлы ЭЕМ (немесе есептеу орталығына біріккен ЭЕМ кешені). Ол жүйенің басқа буындарымен байланыс арнасы арқылы қосылады. Ақпарат бұл арнамен басқарудың төменгі сатысынан жоғарғы сатысына қарай, ал тапсырмалар, бұйрықтар (командалар), нұсқаулар мен түзетулер, керісінше, жоғарғы сатыдан төменгі сатыға қарай беріледі. Басқарудың стратегиясына не мақсатына әсер ету, жүйені дамыту

және жетілдіру процестері адамның тәжірибесі мен интуициясына негізделген жағдайда ғана БАЖ тиімді болып есептеледі. БАЖ-дың автоматты басқару жүйесінен (АБЖ) ерекшелігі - БАЖ-да адам автоматтардың жұмысын бақылаумен қатар басқару процесіне де белсенді түрде араласатындығы. БАЖ: объектілер БАЖ-ы (мысалы, технологиялық процестер БАЖ-ы, кәсіпорындар БАЖ-ы, т.б.) және функционалды автоматтандырылған жүйе (мысалы, автоматтандырылған жобалау жүйесі, материалдық-техникалық жабдықтауды автоматтандыру жүйесі, т.б.) болып ажыратылады. БАЖ негізін зауыттың не өндірістің ақпараттық есептеу орталығы құрайды. Қазақстанның көптеген институттарында ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған БАЖ-дар құрылған [1]. Сондай-ақ, бұл жүйе қазіргі кезде байланыс пен телекоммуникация бағыттарында да қолданыла бастады.

Кәсіпорынды басқару үшін басқарудың функционалдық принципін қолдану керек. Кәсіпорынды басқару есебінің күрделілігі оның өлшемін азайту және түрлі иерархиялық дәрежеге бөлінуіне қарамастан, барлық басқару жүйесін дәрежесіне, типіне, ішкіжүйелеріне қарамастан, функционалды белгілері бойынша бөлуді қажет етеді. Басқарудың негізгі функцияларын орындау үшін, БАЖ-нің құрамында төмендегі арнайы ішкіжүйелер қарастырылады:

а) кәсіпорынның оңтайлы өндірістік бағдарламасын құру және өндірістік бағдарламаны жоспарлау сатылары бойынша бөлу;

б) өнім шығарудың, жұмысты жоспарлаудың, құрылғыларды жүктеудің, өндірістік тапсырмаларды рәсімдеудің күнтізбелік жоспарын құру;

в) шикізатты жеткізудің және дайын өнімді әкетудің оңтайлы графигін таңдау, үнемдеуге негізделген қор дәрежесін анықтау;

г) құрылғыларды жөндеудің оңтайлы нұсқасын таңдау;

д) өндірілген өнімге деген сұранысты болжау және т.б.

Осы өндірістік функцияларды жүзеге асыратын ішкіжүйелердің жиыны кез келген дәрежедегі БАЖ-нің ф у н к ц и о н а л д ы бөлігін құрайды. Өндірістік-шаруашылық қызметтегі кәсіпорынның күрделілігі, оған әсер ететін, басқару операторларымен шешім қабылдауда түрленбеген процедуралардың бар болуы факторларының көптүрлілігінде, кері әсер ететін немесе кейінге қалдыру кездейсоқ сипаттамалары – мұның бәрі кәсіпорынды басқару жүйесінің бірыңғай моделін құруда біршама қиындықтарға әкеп соғады. Мұндай қиындықтарды БАЖ функционалды ішкіжүйелерінің өзара байланысқан моделдер кешенін құру арқылы жеңуге болады. Кез келген ішкіжүйе тек нақты бір объектіні ғана басқарады. Басқару объектісі мен моделінің жағдайы туралы жиналған ақпараттан ішкіжүйенің басқарушы бөлігі басқаруға әсер етулерді өндіреді [2].

Қазіргі заманғы технологиялық жүйелерде басқару жүйесін жобалау ісі маңызды рөл атқарады. Өнеркәсіптің басқару жүйесін жетілдіру үлкен пайда әкелетіні сөзсіз, оның мүмкіндігі орасан зор. Басқару жүйесін дұрыс

ұйымдастыру өнімдердің сапасын жақсарту, сапасыз бұйымдарды азайту, энергия көздерін барынша үнемдеу, максималды шығындардың деңгейін төмендету, қауіпсіздік шараларын сақтау және қысқарту, қоршаған ортаны ластануға секілді өзекті мәселелерге оң ықпал етеді.

Неғұрлым озық идеялары бар күрделі бір математикалық аппарат – ғылымдағы ірі табыс деуге келеді. Математикалық жүйелер теориясы – XX ғасырдың ең бір елеулі жетістіктері, бірақ оның практикалық құндылығы немен анықталады? Әрине оның әкелетін пайдасымен дейміз. Десек те оның залалы да жоқ емес. Автоматты процеске арналған жобаларды және олардың сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін техникалық сипаттамаларын білуіміз керек. Мысалы, кірістілігі, сапасы, қауіпсіздігі және қоршаған ортаға әсері.

Қарқынды күрделенуі мен ұлғаюы өнеркәсіптік өндіріс ауқымы, экономикалық-математикалық басқару, дамыту әдістерін енгізуге, ЭЕМ-нің барлық салаларына адамның өндірістік іс-әрекетімен, үлкен жылдамдығымен, икемділігімен логика, айтарлықтай жады көлемі, негіз әзірлеу үшін автоматтандырылған басқару жүйелерін (АБЖ), сапалы өзгертті формуласын басқару айтарлықтай арттырып, оның тиімділігі. Қадір-қасиетін компьютерлік техника-әрекетінде неғұрлым жарқын нысан жинау және өңдеу кезінде көп ақпарат іске асыру күрделі заңдар[3].

АСУ – бұл, әдетте, жүйе «адам-машина», бағытталған қамтамасыз ету автоматтандырылған жинау және өңдеу үшін қажетті ақпаратты оңтайландыру процесін басқару. Айырмашылығы автоматты жүйелердің адам толығымен алынып контурдың басқару АБЖ белсене қатысуын қарастырады адам контурға басқару, ол қамтамасыз етеді қажетті икемділік пен бейімділік АБЖ.

Қарастырайық оңайлатылған құрылымдық схемасын өңдеу деректер АБЖ. Сандармен белгіленді кезеңдері өңдеу деректер. Талдау схемасын көрініп тұр кезеңдері 1, 2, 3, 4, 8, 9 құрамында болуы мүмкін көп операцияларды талап етпейді, ол шығармашылық адам және, демек, орындалуы мүмкін техникалық құралдармен. Кезеңдері 5, 6, 7 талап шығармашылық көзқарас алға қойылған міндеттерді шешу, кезең 7-мүлдем жүзеге асырылуы мүмкін адамның қатысуынсыз, т. б. өзімен бірге элементі құқықтық жауапкершілігін [4].

Сондықтан шығармашылық айтуға емес, адам контурының күрделі жүйелерді басқару, ығыстыру, тиімді бөлу, басқару функциялары арасындағы адам және техникалық құралдармен, адам шешімімен босатылатын ескі міндеттер мен оған жүктейтін міндеттер оларды шешуді талап етеді.

Елеулі белгілері АБЖ болуы болып табылады үлкен ақпарат ағынының, күрделі ақпараттық құрылымы жеткілікті күрделі алгоритмдер, ақпаратты өңдеу. Жалпы қасиеттері және айрықша ерекшеліктері бар АСУ сияқты күрделі жүйелер мынадай болып табылады:

- өзара байланысты және өзара әрекет ететін элементтердің сипаты

жұмыс істеуі және басқа барлық жүйесін тұтастай алғанда санының көп болуы, әрі сипатының өзгеруіне, жұмыс істеуі үшін қандай элементтер әсер етеді;

- жүйесі және оған кіретін әртүрлі элементтері басым көпшілігінде көпфункционалды болып табылады;

- өзара іс-қимыл элементтерін жүйесінде мүмкін арналары бойынша ақпарат алмасу, энергиямен, материал және т. б.;

- болуы, бүкіл жүйенің ортақ мақсатқа, жалпы мақсаттағы айқындайтын бірлік күрделілігі мен ұйымшылдық қарамастан, барлық түрлі оған кіретін элементтерді;

- өзгеру құрылымын (байланыстар және құрамын жүйесі) қамтамасыз ететін многорежимный сипатта жұмыс істеуі;

- өзара іс-қимыл элементтерін жүйесінде және сыртқы ортамен көптеген жағдайларда сипатқа стохастикалық сипаты;

- автоматтандыру жоғары деңгейі, атап айтқанда, кеңінен қолдану, автоматика құралдарының және есептеу техникасының үшін икемді басқару және механикаландыру ақыл-ой және қол еңбегін адам жұмыс істейтін жүйесі;

- басқармасы көпшілігінде жүйелерін сипатқа иерархиялық сипатын көздейтін үйлесімі орталықтандырылған басқару немесе автономдық бақылау оның бөліктерінің.

Рөліне байланысты адам басқару процесінде, байланыс нысаны мен жұмыс істеуін буын «адам-машина», оператор мен ЭЕМ арасындағы ЭЕМ және бақылау құралдарымен және басқарудың барлық жүйесін бөлуге болады екі сынып:

1. Ақпараттық жүйенің қамтамасыз ететін жинау және беруге ыңғайлы түрде барысы туралы ақпаратты технологиялық немесе өндірістік процесс. Нәтижесінде тиісті есеп-анықтайды, қандай басқарушы әсер ету керек, басқарылатын процесс протекал ең жақсы түрде. Адамға тиесілі негізгі рөл ойнайды, ал машина қосалқы рөл беріп, оған қажетті ақпаратты береді.

2. Басқару жүйесін қамтамасыз ететін, сонымен қатар ақпаратты жинауға беруді тікелей команда орындаушыларға немесе атқарушы механизм. Басқару жүйелері жұмыс істейді, әдетте, нақты уақыт масштабында, яғни қарқынмен технологиялық немесе өндірістік операциялар. Басқарушы жүйелерде маңызды рөл атқарады машинасында, ал адам бақылайды және шешеді неғұрлым күрделі мәселелер, олар бойынша сол немесе өзге себептерге байланысты шеше алмайды есептеуіш құралдар жүйесі.

Ақпараттық анықтамалық жүйелерінде ЭЕМ үшін ғана қажет жинау және өңдеу туралы ақпаратты басқарылатын объект. Ақпарат негізінде ЭЕМ-де өңделген және ұсынылған ыңғайлы нысанда, оператор қабылдайды шешу тәсіліне қатысты басқарудың объектісі.

Жинау және деректерді өңдеу орындайды, негізінен, сол функцияларын, жүйесін және орталықтандырылған бақылау және болып табылады неғұрлым

жоғары сатысы. Ерекшелік ол негізінен сапалық сипатта болады.

Ақпараттық-кеңес беру жүйелерінде қатар жинаумен және өңдеумен ақпарат орындайды мынадай функциялар:

- анықтау тиімді технологиялық жұмыс істеу режимін жекелеген технологиялық процесс параметрлері;

- анықтау басқарушы әсерлердің барлық немесе жекелеген параметрлер процесін;

- мәнін анықтау (шамаларды) қондырғыларды жергілікті реттеуіштер.

Туралы деректер технологиялық режимдерде және басқарушы әсерлер арқылы түсетін ақпаратты бейнелеу құралдары ұсынымдар нысанында операторына. Шешімдер қабылдау операторы негізделеді меншікті түсінуге технологиялық процесінің барысын және тәжірибе басқару. Жүйесінің схемасы советчика тұспа-тұс келеді схемасына жинау жүйесі және ақпаратты өңдеу.

Басқару жүйесі басқару функцияларын жүзеге асырады белгілі бір бағдарламалар, алдын-ала қарастыратын іс-әрекеттер қабылдануы тиіс сол немесе басқа өндірістік жағдай. Үшін адам болып қалады, жалпы бақылау жасау және араласу жағдайларда туындайды күтпеген алгоритмдерімен басқару мән-жайлар. Басқару жүйелері бар бірнеше түрлері.

Супервизорлық басқару жүйесі. АБЖ режимінде қызмет ететін супервизорного басқару, ұйымдастыруға арналған бағдарламалы жұмыс істеу режимін, ЭЕМ және білдіреді екі деңгейлі иерархиялық жүйесі, меңгеру мүмкіндіктері кең және жоғары сенімділік. Басқарушы бағдарлама анықтайды шынайылығы орындау бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының және оған басшылық жасайды және тиеу құрылғылары ЭЕМ.

Жүйелері, тікелей цифрлы басқару. ЭЕМ тікелей әзірлейді оңтайлы басқарушылық ықпалдың көмегімен тиісті түрлендіргіш деп хабарлайды команданың басқарудың атқарушы механизмдері. Режимі, тікелей цифрлік басқару қолдануға мүмкіндік береді неғұрлым тиімді реттеу принциптері басқару және таңдау, оларды оңтайлы нұсқаны жүзеге асыруға; оңтайландыратын функциялары және бейімдеу өзгерту сыртқы ортаның және айнымалы параметрлер-басқару объектісінің азайтуға; шығындар техникалық қызмет көрсету және бірыңғайлау бақылау мен басқару құралдары.

Әдебиеттер тізімі:

1. Красовский А.А. Справочник по теории автоматического управления, -М.: Наука, -1987. -712 с.
2. Бекбаев А. Автоматизированные технологии переработки зерна, -Алма-Ата: Мектеп, 1988. -199 с.
3. Николаев А.Б., Алексахин, С.В., Кузнецов, И.А., Строганов, В.Ю. Автоматизированные системы обработки информации и управления на автомобильном транспорте. Учебник. -М.: Академия, 2003, -224 с.
4. Информационная система для управления перевозочным процессом. / Под ред. Г.С. Ратина. - М.: Транспорт, 1989. - 239 с.

ЖЫР-ДАСТАНДАРДАҒЫ ҒАШЫҚТЫҚ САРЫН

Оспанов Б.Ж.

Өнертану кандидаты, аға оқытушы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
E-mail: daniel_1961@mail.ru

Резюме

В данной статье рассмотрены особенности казахских песен о любви, которые прошли через глубокий фильтр современности.

Summary

This article describes the features of songs, including songs in love, which have passed through a deep filter of modernity, including the genre of love of the Kazakh people.

Қазақ халқының дәстүрлі өнеріне ұлттық музыкалық аспаптар домбыра мен қобызда орындалатын халық әндері мен күйлерін жатқызуға болады.

Қазақ халқының мерей тұтып, мақтаныш етер асыл мұрасы, рухани жәдігерліктері ішінде замана сүзгісінен өтіп, бүгінгі ұрпақтың еншісіне егжей-тегжейлі жеткен ән қазынасы қашаннан дәстүрлі өнердің қаймағы саналады. Дәстүрлі ән үлгілері ежелден ғұрыптық әндер, халық әндері, кәсіби халық композиторлары шығармалары болып, баға жетпес құндылықты құрайды. Қазақтың әншілік өнері жанрлық сипаты жөнінен алуан түрлі. Қазақтың фольклортанушылары мен музыка зерттеушілері қазақтың дәстүрлі ән өнерін тұрмыс–салтқа байланысты ғұрыптық әндер, халық әндері және кәсіби әндер деп жіктеп қарастырып жүр.

Көркем өнер, нақтылай алғанда, әдебиет халықтың сана-сезімін, көркемдік ойлау қабілетін дамытатын рухани дүние бола отырып, адамзат өркениетімен, адам тағдырымен байланысты сан-салалы мәселелерден құрылады. Солардың бір арнасы - екі адамның арасындағы ғашықтық сезім. Әр тағдыр иесінің көзімен көріп, көңілімен түйсінетін бұл қасиетті ұғым адам баласымен бірге жасап келеді. Адам ата мен Хауа анадан бастап бірде қуанып, бірде жылатып келе жатқан махаббат құдіреті терең.

Қазақ әдебиеті тарихындағы көркем туындылардың бәрі де өзінің түптөркіні - халық ауыз әдебиетінен нәр алып, дәстүрлік жалғастық табады. Бүгінгі таңдағы биік сатыға көтерілген, әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған іргелі туындылары бар қазақ әдебиетіндегі алуан тақырыптар, сан түрлі сарындар, өлмес идеялар, өміршең мұраттардың қай-қайсысы да о баста ауыз әдебиетінде, оның ішінде поэзия саласында көрініс тапқан, дәстүрлік тұрғыдан бұрынғыдан жалғастық тауып, мол арна тартқан. Бұл орайда біз сөз етіп отырған махаббат тақырыбы да алғаш осы халық ауыз әдебиетінде, нақтылап айтқанда, халықтық ән-өлеңдерінде, эпостық жырларда кең көрініс тапты. Көнеден жеткен, авторы белгісіз мына шумақтар соның бір дәлеліндей:

Эпостық жырлардың ең көне үлгілерінің бірі - «Қозы-Көрпеш -

Баян-Сұлу» жыры. Жыр Қарабай мен Сарыбайдың түзде жүріп құда болуымен басталады. Жырдың басты тақырыбы, негізгі идеясы - махаббатты дәріптеу. Тілі көркем, композициясы шебер құрылған. Оқиғаны дамытуы, көркемдік шеберлігі, образ жасау жағынан бұл - күрделі де кесек туынды. Бас кейіпкер Қозы-Көрпеш кіршіксіз таза махаббат иесі болып бейнеленеді. Ол батыр, аңғал, адамгершілігі мол жігіт ретінде суреттеледі. Қозы сияқты Баян да адал ниетті, ақ жарқын, кіршіксіз таза махаббатты көксеген, өзінің сүйгеніне қосылуды арман еткен, ақылына көркі сай қыз ретінде бейнеленген.

«Қозы-Көрпеш — Баян-сұлу» жыры басталғаннан-ақ оның басты тақырыбы сұлулық пен әсемдік екендігін бірден-ақ байқауға болады. Нәзік ойлы музыка сазындай жайдары, ашық, әсем әнмен басталатын жыр қалың тоғай ішінде адасып елендеп жүрген маралды әдемі, нәзік қылды сезімге әсер ету мақсатымен суреттейді. Марал мен Баян арасында үлкен жақындық бар. Бірі - табиғаттың еркесі, аң сұлуы болса, екіншісі - ел еркесі, адамзаттың сұлуы. Жырдағы осы ғайыптан келген табиғаттың ерке сұлу маралы болашаққа кіршіксіз, таза махаббаттың символындай жарқ етіп көрінеді. Табиғаттың өзі елжіреп, сұлулық нұрын төгіп тұрғандай сезіледі. Жыр әсемдікті тап басып, тілсіз табиғат пен адам өмірін қатар алып, сұлулықтың құпия әсем сырына бой ұрады.

Қазақтың лиро-эпос жырларына көшбасшы болған «Қозы-Көрпеш - Баян-Сұлу» жырынан кейінгі тілі көркем, көлемді сюжетті жыры — «Қыз Жібек» жыры болып саналады. Ел арасына ауызша да, жазбаша да кең тараған жыр. Төлеген Базарбайдың еркінен тыс сүйіспеншілік іздейді. Жібекке ғашық болады. Жібек сияқты сұлуға ғашық тек Төлеген ғана емес. Сол елдің атқа мінер азаматтарының біразының қолы жетпей жүрген аруды, сырттан келген Төлегенге жетектетіп жібермейтіні белгілі. Сондай елдегі көп ғашықтарының бірі - Бекежанның қолынан қаза табады.

Жырдың суреттеуі бойынша батырдың сүйген жары елден асқан сұлу, ұзын бойлы, талдырмаш, сүмбіл қара шаш, қасы қияқтай, оймақ ауыз, күлім көз, айқабақ, алтын кірпік, қызыл ерін, алма мойын, аршын төс болып келеді. Оның өзі түгілі басына таққан үкісін, зерлі бешпентін, алтын жүзігін, қызыл түймесін, әсем қылықтарын жырға қосады. Онымен бірге болған күндер дүниенің бар қызығына татиды. Ғашықтық сезімнің барлығы бірдей ойын-күлкі, назды қылық, қызықты дәуренмен өте бермей, сүюдің азабын да тартады. Кішкенеде бірге өскен ғашық жарынан қапелімде айырылып қалып, зарығып, оның көшіне ілесіп, соңғы рет жолығып, сақинасын алып қоштасады.

Жырлардағы Қозы-Көрпеш пен Төлегеннің елден жалғыз аттанып, ұзақ шөлді кезіп, жапандағы жалғыз үйге кезігіп, не жол тосқан анталаған жаумен жалғыз алысуы — аса қорқынышты, қауіпті оқиғалар. Олардың әрекеттерінен ерлік пен асқақтық сезіледі. Оларға ілесе мұнды, аянышты оқиғалар туып отырады.

Лиро-эпостық жырларда көбінесе кейіпкердің қиындықпен қолы жеткен

аз уақыт ішіндегі бақытты өмірі мен қуанышы жырланады. «Қозы-Көрпеш - Баян-Сұлу» жырының Шөже ақын жырлаған нұсқасында Қозы мен Баян қайта тіріліп, отыз бір жыл өмір сүреді. Сөйтіп, аз уақыт болса да бақытты болсын деп, тыңдаушысы жасып, сағы сынып мұқалмасын дегендей, тамсандырып, өкініш тудырмай, көңілін жайландырады. Халық идеясынан туған тілек, қысқа бақытсыз өмірді қолдамай, мәңгілік халық жадында қалатын өмірді көксейді [1].

Қазақтың лиро-эпосындағы әсемдік сұлу табиғаттың қойнында туып, алтын арай сәуле мен нұрға шомылып жасалады. Табиғаттың тылсым күші мен сұлу көркі, жыр әсемдігін өткірлей түсу үшін кеңінен пайдаланады. Ең әлсіз, момын құс бозторғай да қанатымен су шашқандай, ғашық жарларға көмектескен болып, хабар жеткізіп отырады. Қозы Көрпеш Баянды іздеп шыққанда жүгені шылдырап күрең ат келіп, Қозы оны ерттеп мінеді. Баянның асыранды, бақпа тотысы мен торғайы болады. Қозы Көрпеш өліп, Баян жалғыз қалып, оны жоқтағанда, менімен бірге зарлансын деп, ботасы өлген боз түйені алдыртады. Төлегеннің өлімін алты қаздың естіртуі лиро-эпос жырына тән адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті (гармония) аңғартады.

Абайдың махаббат сөзі, ақын уағыздаған махаббат сезімі - нағыз адамдыққа, сұлулық пен әсемдікке негізделген, мәңгі өшпейтін, мәңгі жарқырап, маздап тұратын мәнді де үлгілі сөз, махаббаты да құдіретті сезім. Махаббат - адамдық сезім. Адам бар жерде махаббат бар. Бірақ сол адамның өзін де адам қып ұстап тұрған нәрсе - махаббат. Егер махаббаттан айрылса, адамның өзі де адамдық қасиеттен айрылады, адам болудан қалады. Міне, осы - ақын, әрі ойшыл Абайдың махаббат турасындағы негізгі қағидасы, пәлсапасы, берік тоқтамы [2].

«Махаббатпен жаратқан адамзатты» деген қағида Абай, Шәкәрім секілді ислам ілімінен сусындаған қазақ ойшылдары шығармаларының негізгі мәні мен маңызы болғандығы мәлім. Пәктікті сүйеге, сұлулықты түсінуге, кемелдікті тануға талаптанудың барлығы махаббаттан басталатындығын айтқан.

Қазақтың жазба әдебиетіндегі алғашқы поэмалардың ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастағанын айта келіп, ғалым Ә. Нарымбетов: «Революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде шығыс немесе халықтың аңыз әңгімесі негізінде жазылған поэмалар болды. Қисашыл ақындардың «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат», «Алтын балық» сияқты дастандарын былай қойғанда, Абайдың немесе оның дәстүріндегі ақындардың жазған «Масғұт», «Ескендір», «Дағыстан», «Еңілік-Кебек» сияқты поэмалар, т.б. - бәрі де жаңа еуропалық поэзияның үлгісіне толық көшіп болмаған еді, негізі шығыстың дастандық поэзияларының үлгісінде жатыр. Демек, шын мәніндегі, яғни орыстың және дүниежүзілік классикалық поэзияның үлгісіндегі, сюжетті поэмалар жасау қазақ совет ақындарының творчестволық тәжірибесінде шешілді», - дейді [3].

XX ғасырдың басында шынайы көркем үлгідегі, мазмұндық және

идеялық астары терең поэмалар көбейді. Бұл кезеңде С.Торайғыровтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Сералиннің, т.б. түрлі сипаттағы поэмалары жазылды. Ал осынау реалистік поэма жасау дәстүрінің түптамасы оның алдындағы Абай шығармашылығында жатқаны бәрімізге мәлім. Абай қазақтың ұлттық әдебиетінде бұрыннан бар дастаншылдық, қисашылдық дәстүрді өз талантымен өңдеп, жаңғыртып, оған жаңа дәуірдің ыңғайымен жаңалап, туған жұртына қайта ұсынды. Романтикалық поэмалардың табиғатына реалистік қасиет дарыта жырлады. Сөйтіп, соны сипаттағы қазақ поэмасының негізін қалады.

Шәкәрім дастандарының барлығы романтикалық сарынның үнін бәсеңдетіп, шынайы суретке, терең философиялық толғамдарға, әлеуметтік мәселелерді нақтырақ бейнелеуге бет бұрды.

Ақын поэмаларының барлығында екі жастың арасындағы махаббат оқиғалары баяндалады. Бұл - сонау шығыстық поэзиядан келе жатқан дәстүрлі тақырып. Шәкәрімнің шығармаларында жырланатын махаббат мәселесі ақынның «...жалпы гуманистік көзқарастарының бөлінбес бір саласы ретінде көрініп, жаңа ғасыр басындағы бостандық идеяларына, адамдық право туралы ойларға шебер үндеседі» [4].

Ел аузында аңыз болып бұрыннан айтылып жүрген «Қалқаман-Мамыр» дастанындағы ғашықтар арасындағы трагедиялық оқиғаға ақынның құлағы қанық болып өскен.

Ғашықтар трагедиясы Шәкәрімге өзгелерден өзгеше әсер етті. Ақын осынау махаббат мұңлықтарының басындағы қайғылы хал мен ел, қоғам басындағы трагедияны асқан шеберлікпен, ақындық көрегендікпен ұштастыра отырып, ол туралы тамаша туынды жасай білді. Ел ішіндегі бір ғана махаббат тарихын баяндау арқылы ақын қазақ қоғамының сол кезеңдегі этнологиялық, психологиялық сыр-сипатын ашып берді. Поэманың басты құндылығы оның әлеуметтік астарының тереңдігінде жатыр дейтініміз сондықтан.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетінің шығыстық қиса-дастандардың түптөркіні мен қалыптасуы. - Алматы, 1997. - 8-б.
2. Нарымбетов Ә. Қазақ совет поэмасы. - Алматы, 1990. - 4,5-б.
3. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. - Алматы, 2000. - 245-б.
4. Музыка әлемінде //Ғылыми-әдістемелік журнал. Алматы. 2012, №7.15 б.

МОЛИТВОТЕРАПИЯ КАК ПРАКТИКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ ФОРМА ДУХОВНО-ПРАСТВЕННОГО ОЗДОРОВЛЕНИЯ ЛЮДЕЙ

Сыдыкова Р.Ш.

Д.п.н., профессор МКТУ им. Х.А.Ясави,

E-mail: sydykova_roza@mail.ru

Асанбаева А.М.

практикующий психолог

Түйіндеме

Бұл мақалада адамдардың денсаулығын нығайтуға бағытталған үнемдеу технологиясының денсаулық мүмкіндіктері зерттеледі, бұл халықтың эмоционалдық тонын қалпына келтіру және әлеуметтік қолдау процесіне оң әсер ететін қолданбалы зерттеулерге ғылыми көзқарасты дамытуды қажет етеді.

Summary

This article examines the health opportunities of saving technologies aimed at strengthening people's health, which necessitate the development of scientific approaches to applied research that have a positive impact on the process of recovery and social support for the emotional tone of people.

Поиск и разработка методов духовного и физического оздоровления человека на основе использования нетрадиционных подходов является актуальной проблемой в условиях наступившего нравственно-экологического кризиса. С этой точки зрения обращение к данной теме исследования является благоразумным шагом в раскрытии транспорентных возможностей молитвотерапии и ее практико-ориентированных технологий, направленных на профилактическое оздоровление психосоматического состояния человека. Сюда входит изучение важных аспектов компенсаторной (уравновешенной) роли молитв, азана и предупреждения психических недугов путём снятия стресса, нервных срывов, создания положительных эмоций путем повышения уровня духовного самосознания человека, его когнитивных возможностей и аутентичности, ведущих к гармоническому устроению духовного понимания мироустройства и миропонимания.

Общеизвестно, что молитва есть слово, а слово является проводником, посредством которого вливаются в душу человека не только мысли и образы, но и соответствующая исцеляющая энергетика (т.е. вибрации высоких частот).

Столетиями великие подвижники приносили в дар человечеству плоды своего духовного творчества - молитвы-каналы для общения с Богом. «Язык, - по мнению Г.П. Овсянкиной, - есть не только средство отражения и общения, но и созидающий звуко-смыслообразительный процесс порождения, формирования и дополнительного преображения реальности, содержатель и хранитель индивидуально-национальных, общечеловеческих и

мистико-символических программ жизни человека» [1].

Современный интерес к молитвотерапии – это не открытие, а переоткрытие мощного духовноэнергетического воздействия на человека, его дух, душу и тело на акустическом (физический), *мелодико-интонационном* (информационный) и эмоционально-психологическом уровнях. Молитвотерапия характеризуется антропо-духовной практикой воздействующей на психо-эмоциональную сферу сознания личности.

Оздоровительная методика молитвотерапии позволяет сбалансировать психоэмоциональную нагрузку человека, способствует активизации внутренних потенциалов сознания индивидуальности и компенсации имеющихся недостатков, с целью выравнивания мотивированности на успех в целях самооздоровления.

Сочетание слов и их первостепенное значение «молитва» (мольба) и «терапия» (лечение) определяют глубокое антропо-культурологическое значение понятия «молитвотерапия», акцентирующее внимание на духовной оздоровительной практике. Следует признать, что антропологические подходы к созданию основ молитвотерапии существуют в различных духовных практиках, исторически основывающихся на реальных школах учения. Например, в Исламе (аяты, коран), в Православной (сборники молитв, каноны, псалтырь, акафисты, жития и иконы святых), индуйстской, будистской (мантры, мантры исцеления) и.т.д.

Анонимный русский учёный 17 века в своём трактате «О семи свободных мудростях»: молитвопении – «сокровище, согласующееся со священными словами или с вещанием духа, соиздание благих вещей, открытие пользы, вечное наслаждение, мысленная похвала душам, чувственная красота и чистота, уничтожение вражды, соединение с любовью, мера для голоса, свет для слова, высота для ангелов, погибель бесов, церковные уста, небесное восхождение, премудрый замысел, желание для молодых, утешение для старых, кованная из золота труба, духовная флейта, гусли, сочетающиеся с Богом, согласие со всеми святыми; и пусть все, слышавшие её, отбросив леность, придут в движение и спешат, не зная усталости» (Юсфин А.Г).

Отсутствие совершенных здоровьесберегающих технологий, направленных на укрепление здоровья подрастающих детей, обуславливает необходимость разработки научных исследований прикладного характера, которые заключаются в инновационном подходе к воздействию на процесс оздоровления и социальной поддержки положительно-развивающего эмоционального тонуса подрастающего поколения, в контексте реализации Государственной программы «Развития качественного роста человеческого капитала». Создание био-психо-социо-педагогического подхода к формированию эмпатии больных сквозь призму здоровьесберегающих оздоровительных технологий, способствует благотворному влиянию на укрепление их психо-физиологического состояния. Эмпатия как психологический компонент наполняет смысловое значение культурного

пространства жизнедеятельности человека, активизируя волю к жизни, сохраняя и укрепляя здоровье человека.

«Молитва - мощное оздоровительное средство, - считает руководитель лаборатории нейропсихофизиологии Санкт-Петербургского НИИ им. Бехтерева профессор Валерий Слезин. - Она может не только отрегулировать все процессы, происходящие в человеческом организме, но и восстановить повреждённую структуру сознания» [2]. По мнению Зиганшиной Л.: «Молитва - это огромная благотворная сила, которая может лечить. И этому уже есть интересное научное подтверждение: поразительно то, как меняется структура молекулы воды (об этом снят фильм, существует литература) в зависимости от того, что над ней произносится, а также то, какая её совершенная форма образуется от молитвы» [3]. Чтение молитв связано с подсознанием человека, которое управляет физиологическими процессами в организме. Импульсы от слова поступают с коры больших полушарий мозга и перестраивают жизнедеятельность внутренних органов. При повторении особых слов импульсы становятся сильнее. В итоге нервная система нормализует функции органов. Истинная молитва - это то состояние психики человека, в котором участвует Душа, Разум и Дух! Действие молитвы бывает разное по силе и глубине. Очень важно знать, что молитва действует на разных планах и уровнях. Осмысленное повторение молитв приводит к тому, что святые слова проникают в наше подсознание и перестраивают его. Частое повторение молитвы становятся нашим внутренним содержанием, изменяя наши эмоции и качество энергий.

Таким образом, молитвенную терапию иногда называют научной молитвой или духовным исцелением. Молитвенная терапия - это синхронизированная и гармонизированная функция двух уровней ума - наших сознания и подсознания, направленная на достижение вполне определенных целей. Молитвенную терапию иногда называют научной молитвой или духовной молитвой. Молитва и медитация - это взаимосвязанные понятия. Они являются неотъемлемыми частями Духовной Практики. Молитва - стремление общаться с Жизнью, с Богом. А медитация позволяет все больше утончать это прочувствованное восприятие через внутреннее изменение и совершенствование самого человека. Молитва учит *обращаться* к следующему звену разума человека (его называют по-разному: Абсолют, Космический разум, Бог и др.). А медитация - подготовка к тому, чтобы *услышать*, что хочет сказать нам жизнь. Молитва - это общение в сердце, в духе, т.е. это искреннее внутреннее состояние. Медитация же является одной из важнейших составляющих духовной здоровьесберегающей практики.

«Индивидуальная система сознания и ценностей, осмысленная и выстраданная с течением жизни, является вечным двигателем, заставляющим человека искать не только ответы на свои вопросы, но и просить действенной помощи у Высших Божественных сил. Доступным каждому способом общения с Богом на протяжении веков была и есть молитва. Наши предки

были свидетелями благотворной, исцеляющей духовно тело и душу силы молитвы» отмечается в Российской Академии Психологии [4]. На занятиях по молитвотерапии, проводимых в Российской Академии Психологии святая молитва рассматривается как словесный код, раскрывающий энергетический канал, через который происходит общение человеческой души с Богом. Молитвотерапия, несущая многовековые знания, позволяет слушателям непосредственно на себе ощутить присутствие Бога в их жизни, дает возможность гармонизировать свое душевное и психологическое состояние в соответствии со светлыми законами Творца [5].

Итальянский невролог Мауро Порта отрицает возможность того, что молитва приводит к изменениям на органическом уровне. По его мнению, разгадка чудесных улучшений здоровья - в выработке эндорфина. А в США ученые поддерживают «молитвенную терапию».

Британский научный журнал *Lancet* критикует врачей, сторонников «Prayer Therapy», молитвенной терапии, пишет Елена Лиза в статье, напечатанной в газете *La Stampa*. «Молиться — значит сконцентрироваться, говорить с самим собой и перезарядиться. Это светская молитва, медитация. Но если человек верующий, он обращается к высшим силам. Человек «просящий» молит об исполнении желаний, надежд, просит о том, чтобы прошли боли у него, у других людей. Человек продолжает молиться, несмотря на то, что конкретных, научных доказательств исцеления после молитвы очень мало. И даже эти немногие доказательства постоянно подвергаются обсуждению. Сведения о последних примерах будут опубликованы в издании *Southern Medical Journal*.

«Команда ученых из *Indiana University*, возглавляемая профессором Канди Гюнтером Брауном из Департамента изучения религий, зафиксировала в сельских районах Мозамбика эффект от процесса моления у 14 человек, имеющих дефект слуха, и 11 с дефектами зрения», — пишет издание. При этом Гюнтер Браун отмечает, что ученые не намеревались объяснить полученные результаты, они просто их фиксировали.

Итальянский невролог Мауро Порта исключает возможность того, что молитва может привести к изменениям на органическом уровне. Вероятнее всего, африканские больные знали о том, что группа людей верит в их исцеление в результате произнесения молитвы. Этого достаточно, чтобы сработал эффект плацебо, который активизирует выработку гормонов и улучшает самочувствие. По мнению ученого, выработка эндорфина является разгадкой чудесных улучшений здоровья. «Внешние ощущения, - продолжил Порта, - такие как удовольствие, боль, усталость, стресс, влияют на кору головного мозга, который направляет разряды во внутренние отделы нашего мозга, богатые нейрого르몬ами. Эти вещества обладают обезболивающими и физиологическими свойствами, подобными свойствам морфина, и создают ощущение счастья» [6].

Лечение некоторых болезней посредством чтения аятов, суры Корана, хорошо известное нашим праведным предкам, обрело подтверждение в

современной реальности в различных науках через полторы тысячи лет.

Американский врач, ученый-мусульманин Ахмад аль-Кадий в клинике «Акбар» города Панама (штат Флорида) провел специальное исследование по изучению целительного воздействия аятов Корана, читаемых вслух, на больных со стрессовыми, сердечными и некоторыми другими заболеваниями. Для исследования были отобраны мужчины и женщины, не имевшие представления о Коране и не знающие арабского языка. Им читали арабский текст Корана, а затем его перевод на английский. Результаты воздействия коранических аятов на больных фиксировались и подсчитывались самыми современными приборами и компьютерами. Исследования проводились целый год, их результаты были оглашены на Североамериканском Исламском медицинском конгрессе (Миссури, август 1984 года). Они оказались впечатляющими - 97 % больных, слушавших Коран, избавились от стрессов, и это было зафиксировано специальными приборами, которые записывали изменения, происходящие в организме слушателей. В частности, было зафиксировано улучшение состояния кожи, работы сердца, температуры и т.д. Представленные материалы вызвали интерес у ученых-медиков и получили большой резонанс среди общественности и в средствах массовой информации [7].

Очередное подтверждение благоприятного воздействия Корана нашел нидерландский психолог профессор Ван дер Ховен. Самым поразительным в этом является тот факт, что Ван дер Ховен - немусульманин. Психолог интересуется Исламом и Священным Кораном с чисто научной точки зрения. Он опытным путем доказал пользу чтения Корана и повторения слова «Аллах». Нидерландский профессор подтверждает своё открытие данными, которые он получил, исследуя довольно большую группу пациентов в течение трёх лет. Некоторые из них не являлись мусульманами, кроме того, многие не знали и слова по-арабски. В течение определенного времени их учили правильно, в соответствии с нормами арабской фонетики произносить слово «Аллах». И результат был ошеломляющим, особенно у тех, кто страдает унынием, подавленностью и нервным напряжением. «Мусульмане, которые регулярно читают Коран и способны произносить правильно звуки арабского языка, в огромной степени защищены от психических и нервных недугов, повторяя по-арабски лишь слово «Бог». Психолог объясняет, как каждая буква в слове «Аллах» играет роль в излечении людей, имеющих нервные и душевные расстройства: произнесение велярной согласной «Л» на арабский манер расслабляет придыхание (аспирацию), а «Х» - приводит в контакт лёгкие и сердце, что, в свою очередь, контролирует сердцебиение. При произнесении слова «Аллах» в глубинах разума и подсознания словно зажигаются огоньки, которые напоминают человеку о Всевышнем. От этого сама суть человека пропитывается следующей информацией: Творец, Господь и Властелин всего сущего, вселяя в человека душу, наделяет ее врожденным знанием божественных заветов и стремлением следовать заповедям, которые

необычайно тонко вплетены в тело, разум и душу человека. Возможно, что в этом заключается один из секретов притягательности и величия Корана. Звуковое воспроизведение сур положительно влияет на нервную систему [8].

Некоторые исследователи установили, что в Священном Коране содержится свыше 40 аятов, связанных с медициной. Имам Шафии так говорит об уроках, преподанных исламом: «Есть два класса людей, без которых нельзя обойтись. Ученые и врачи. Ученые нужны для религии, а врачи для тела». Там же: «После науки, определяющей халаль и харам (т.е. дозволенное и запретное согласно шариата - прим. ред.), нет науки более благородной, чем врачевание» [9]. «Коран - целительный бальзам для человеческих сердец. Ибо он приводит к вере, спасая от неверия (куфра), наполняет души радостью и спокойствием. Священный Коран исцеляет не только душевные и духовные, но и телесные недуги. Аллах сотворил человека как совершенное существо, как совокупность тела и души, и сообщил человеку принципы жизни материальной и духовной жизнедеятельности», считает Мустафа Четин [10].

В целом, резюмируя вышесказанное, отметим, что в перспективном изучении исследовательских программ по молитвотерапии следует основываться на таких важных знаниях, интегрированных в междисциплинарных исследованиях: антропология, философия, психология, лингвистика, педагогика, искусствоведение и религиоведение. Уникальная тема данного исследования требует глубокого научного осмысления с позиции религиоведческих наук.

Список литературы:

1. Овсянкина Г.П. Структура музыкальной терапии. Музыкотерапия в музыкальном образовании: Материалы Первой Международной научно-практической конференции 5 мая 2008 г., -Санкт-Петербург / СПб.: Астерион, 2008. – 168 с.
2. Слезин В.Б. [/http://vzov.ru/2013/09-11/04.html](http://vzov.ru/2013/09-11/04.html)
3. Зиганшина Л.Е. Статья из номера №17 "Аргументы и факты" от 23 апреля 2008. <http://www.aif.ru/health/article/176154>
4. Российской Академии Психологии / <https://go.mail.ru/sekz/boo>
5. Марио Порта <https://www.inopressa.ru/article/19aug2010/lastampa/prayer.html>
6. Елена Лиза. Британский научный журнал Lancet.
7. Канди Гюнтер Ковен. Молиться полезно, даже если ты неверующий <https://www.inopressa.ru/article/19aug2010/lastampa/prayer.html>
8. Ахмад аль-Кадий Лечение болезней аятами корана <http://kazislam.kz/ru/maqalalar/item/365-eIslam> Ибрахим Джанан, Энциклопедия хадисов Кутуб-и ситте (на турец.), XI,548
9. 8. Ван дер Ховен. <https://ok.ru/9>. Имам Шафин <https://www.trend.az/life/socium/1700727.html>
10. Мустафа Четин. Лечение болезней аятами Корана.
11. https://www.trend.az/news_print.php.n



СЕКЦИЯ 4

ВОПРОСЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ СЕМЬИ И ШКОЛЫ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ И ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ

УДК 373.2:37.037

ОЗДОРОВИТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПОДВИЖНЫХ ИГР В ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ

Анарбаев А.К.

кандидат педагогических наук,
МКТУ им. Х.А.Ясави

Түйіндеме

Қозғалмалы ойындарға үндеу мен қызығушылық салауатты өмір салтына баулу арқылы мәдени бірегейлікті қалыптастыру сияқты тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталған педагогтар үшін қосымша ынталандыру ретінде әрекет етеді. Зерттеу тақырыбы қозғалмалы ойындар болды, олардың педагогикалық әлеуеті қозғалу белсенділігін қалыптастыру және дамыту контекстінде ашылады. Қазіргі заманғы білім беру тәжірибелерінде материалды өзектендіру педагогтардың қолданатын ойындарды сан алуан етіп, өткеннің әлеуметтік-мәдени тәжірибесін игеру арқылы эстетикалық қабылдауды дамытуға мүмкіндік береді.

Summary

Appeal and interest in outdoor games act as an additional incentive for teachers focused on solving educational problems such as the formation of cultural identity through the introduction to a healthy lifestyle. The subject of the study were outdoor games, pedagogical potential of which is revealed in the context of the formation and development of motor activity. Actualization of the material in modern educational practices allows to diversify the games used by teachers and to develop aesthetic perception through the development of socio-cultural experience of the past and its inclusion in the present.

Правильно организованные подвижные игры должны оказывать благоприятное влияние на рост, развитие и укрепление костно-связочного аппарата, мышечной системы, на формирование правильной осанки детей и подростков. Благодаря этому большое значение приобретают подвижные игры, вовлекающие в разнообразную, преимущественно динамическую, работу различные крупные и мелкие мышечные тела, игры, увеличивающие подвижность в суставах.

Образовательное значение имеют игры, родственные по структуре и характеру движений тем двигательным действиям, которые изучаются во

время занятий гимнастикой, легкой атлетикой, спортивными играми, плаванием и другими видами спорта. Элементарные двигательные навыки, приобретаемые детьми и подростками в играх, не только сравнительно легко перестраиваются при последующем, более углубленном, изучении техники движений, но и облегчают овладение ею. Особенно полезно использовать игровой метод на этапах начального освоения движений.

Необходимо полнее использовать возможности подвижных игр для формирования у занимающихся положительных черт характера, волевых и нравственных качеств, а также воспитания эстетического восприятия и общественных навыков поведения.

Оздоровительные, образовательные и воспитательные задачи в подвижных играх следует решать во взаимосочетании и единстве. Только в том случае каждая подвижная игра будет действенным средством разностороннего физического развития детей и молодежи, если все ее возможности будут использованы наиболее полно и ярко.

Внимание младших школьников недостаточно устойчиво, быстро рассеивается, часто переключается с одного предмета на другой. Поэтому им предлагают подвижные игры, в которых большая подвижность участников чередуется с кратковременными передышками. Игры состоят из разнообразных, свободных, простых движений, причем в работу вовлекаются большие мышечные группы. Недостаточной устойчивостью внимания и относительно слабо развитыми волевыми качествами детей 7-9 лет объясняется простота правил игры. У детей развивается активность, самостоятельность, любознательность, они стремятся немедленно и одновременно включаться в организуемые игры. Играющие дети стараются в сравнительно короткий срок добиваться конкретных целей; им еще не хватает выдержки, настойчивости. У них часто меняется настроение. Они легко огорчаются при неудачах в игре, но, увлекшись игрой, скоро забывают о своих обидах.

Мальчиков и девочек 10-11 лет увлекают игры, в которых они стремятся к достижению единой цели. К этим играм относятся, например, драматизированные, так называемые «игры на местности», с элементами выслеживания, подкрадывания, маскировки, ориентирования («Невидимки», «Погоня за лисицами»). В играх детей этого возраста довольно сложные взаимоотношения и взаимодействия между играющими; правила многих игр более сложные («Охотники и утки», «Перестрелка»).

К концу этого возрастного периода детей начинают особенно интересовать игры с довольно сложными двигательными задачами, требующих определенных умений. Так, ученики 4-го класса успешно усваивают простейшие технические приемы бросания, ловли и обводки. Они с увлечением играют в такие игры, как «Не давай мяча водящему», «Защита укрепления», где требуется проявление ловкости и точности движений (Яковлев В.Г.).

Изучению подвижных игр в школьных программах отводится

значительное место. С их помощью учитель решает многообразные педагогические задачи, связанные с обучением двигательным действиям, развитием физических способностей, формированием социальных качеств личности школьников. На уроках физической культуры подвижные игры применяются в тесном взаимосочетании с другими средствами физического воспитания. Выбор каждой игры зависит от педагогических задач урока, а эффективность использования – от качества владения игрой занимающимися (Матвеев А.П., Мельников С.Б.).

В комплексной программе физического воспитания детей младшего школьного возраста более 1/3 учебного времени отводится подвижным играм. В движениях, которые требуют строгой дифференцировки мышечных усилий и точности в положении отдельных частей тела, интерес школьников поддерживается умелым поощрением достигнутых успехов, введением элементов соревнования в учебный процесс. Игра в этом случае может служить средством закрепления разученных движений, а также мерой поощрения за правильное, точное выполнение предлагаемых заданий. Игры в младшем возрасте являются и основным содержанием специализированных занятий спортом. Это вытекает не столько из потребностей спортивной специализации, сколько из психофизиологических предпосылок развития детей. Дети 6-7 лет быстро утрачивают интерес к специфическим средствам тренировки. Поэтому даже в таких далеких от игры видах спорта, как плавание, лыжный спорт, на этапе начальных занятий используется преимущественно игровой метод. На уроках физической культуры в начальной школе он дает возможность в доступной, эмоциональной форме научить бегу, прыжкам, метаниям, т.е. элементарным жизненно необходимым навыкам.

В целом, имеющиеся литературные данные указывают, что несмотря на значительный научный материал по проблеме использования подвижных игр в целях оптимизации двигательных режимов детей и учащейся молодежи, изучение физического воспитания и программа физической культуры является актуальным для преподавателей и студентов в плане поиска путей и средств управления ими в условиях урочных форм занятий по физической культуре. Именно поэтому проблема оптимизации, обуславливающих ее факторов на результативность двигательного режима школьников начальных классов стала предметом пристального изучения в нашей работе.

Список литературы:

1. Новиков А.Д. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. -М.1976.
2. Мельников С.Б., Матвеев А.П. Методика физического воспитания с основами теории. Учебное пособие. - М.: Просвещение, - 1991. -191 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Бегмашова Г.А.

Қ.Сәтбаев атындағы № 12 жалпы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Түркістан, Қазақстан
N12_satbaev@mail.ru

Резюме

В научной статье рассматриваются проблемы развития критического мышления учащихся, а также качество интеллектуальной мысли, с помощью прохождения конкретных уровней развития личности.

Summary

The scientific article deals with the problems of development of critical thinking of students, as well as the quality of intellectual thought, through the passage of specific levels of personal development.

Егеменді еліміздің алғы шарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуі керек болса, өркениетке жету үшін жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіру керек. Жас ұрпақтың бойындағы қабілетін көру, оны жетілдіру ізденгіштік қасиетін дамыту мұғалімнің сабақ берудегі ізденушілік, шеберлік қабілеттеріне байланысты. Ж. Аймауытов «сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген, яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделуі қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдаған жолдауында «Біздің міндет жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып, білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» деп ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойды. Бастауыш сынып – оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуының басты баспалдағы. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетуге негізгі тұлға мұғалім [1]. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған [2]. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау — бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға, және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді

өткізу. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Қазіргі кезде мектептерде оқыту процесін ұйымдастырудың жаңа модельдерін жасау, оқыту технологияларының жекелеген элементтерін сабақта қолдану бағытында тың қадамдар жасалынууда. Мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған жауапты міндет – ол оқушыға тиянақты білім беру, білікті ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін мұғалімдер, әрине, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірибелерінде қолдануы керек. Жеке тұлғаны талантты, жаңалыққа жаны құмар етіп шығару үшін мұғалім оқытудың жаңаша әдістерін қолдану арқылы оқушының сабаққа деген белсенділігін, шамшыраққа ізденісін, пәнге деген сүйіспеншілігін арттырады.

Қазіргі техниканың қарқынды дамуы кезінде оқу-тәрбие үрдістерін ізгілендіру - өзін-өзі дамытып отыратын бәсекеге қабілетті, жоғары сауатты шығармашыл тұлғаның құндылықтарын қалыптастыруды қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс. Мектепте мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынасын дұрыс ұйыдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға олардың жаңалық ашуға ұмтылып, іздену арқылы жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдей алатындай интегративтік әдісті пайдалануға болады. Мұнда оқушының оқу біліктілігімен қатар ойлауы, өзара жақсы қарым-қатынасы шығармашылық іс-әрекеті қалыптасты.

Оқытудың басты мақсаты өздігінен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, тақырып бойынша материалдардың берілуі осы мақсаттың орындалуына сай келетіндей болуы керек. Ұстаздың міндеті – баланың бойындағы алға жылжуға деген тілегін ескере отырып, шығармашылығын жетілдіру.

Мектепте білім беру жауапты іс. Өйткені, мектеп арқылы жеке тұлға тәрбиеленеді. Бүгінгі мектеп оқушысы ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азамат.

Бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттырумен бірге біліктілігін ұштап, жан-жақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады [3].

Мұғалімнің міндеті – баланың өзіне деген сенімін арттыру, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу, өзін тұлға ретінде сезінген бала әрқашан өмірде өз жолын таба алады.

Заман талабына сай қажетті жаңартылған өзгерістер мен ізденістер қарастырылуда. Білім берудің мақсаты, мазмұны өзгерді. Соған сәйкес оқытудың жаңа технологиясы енгізілуде.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұрған ұлы мақсат - білімді де

саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу - біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет. Жаңалықты меңгеру мен іске асыруда дұрыс түсінбеушілік ұйымдастырушыға әр түрлі кедергі жасайтындығы белгілі. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Осы педагогикалық технологияның ерекшелігіне сүйене отырып, оның тиімді әдіс-тәсілдерін жетілдіруге болады. Атап айтқанда:

- дарынды оқушыны дамытады, оқушылар шығармашылығын арттырады;

- оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіріп, білім сапасын көтереді;

- пәнге деген бейімділігі, қызығушылығы артады.

Жаңа технологияның арқасында оқушының белсенділігі артып, жан-жақты талдауға, өз ойын ашық айтуға, сын тұрғысынан ойлауға үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.

Оқыту мен оқу, үйрету мен үйрену үнемі бір-бірімен астасып жатыр.

Сондықтан оқу барысында қашанда баланың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту керек.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегіміз деп түсінуіміз керек. Бұл бағдарламаның мақсаты - барлық жастағы оқушылардың кез-келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға сапалы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Сын тұрғысынан ойлау - бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әр түрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыдан дамыту.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін

сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы - ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім - әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады [4].

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
4. Мирсеитова С. Мұғалім философиясының қалыптасуы мен дамуы: гуманистік парадигма. – Қарағанды, 2012

УДК: 78

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ФОРТЕПИАННО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ

Волошина С.В.

Концермейстер,

МКТУ им. Х.А.Ясави, Түркестан, Қазақстан

E-mail: eljan_77@mail.ru

Түйіндеме

Бұл мақалада Фортепиано сабақтарының негізгі мақсаты - балалардың музыкалық қойылымдарын кеңейту, олардың шығармашылық белсенділігіне жету, көркемдік құнды музыка мен музыкалық сүйіспеншілікке тәрбиелеу, эстетикалық дәмді қалыптастыру,

ойлауды үйрету.

Summary

The article discusses the main purpose of the classes - to expand the musical representations of children, to achieve their creative activity, to instill a love for artistically valuable music and playing music, to form an aesthetic taste, to teach thinking.

Современная методика обучения игры на фортепиано основывается на таких принципах, при которых значительное внимание направлено на воспитание творческой личности, на развитие музыкального и эмоционального потенциала учащихся, повышение уровня их интеллектуального развития. Главная цель занятий - расширить музыкальные представления детей, добиться их творческой активности, привить любовь к художественно ценной музыке и музицированию, сформировать эстетический вкус, научить мыслить.

Однако следует отметить, что и на сегодняшний день развитие основных музыкальных способностей (гармонический и мелодический слух, ритмическое чувство, музыкальная память) весьма актуально и является доминирующим на начальном этапе обучения [1].

Пианино – инструмент парадоксальный. Сложно найти вещь столь же крупную и тяжелую, но при этом столь же нежную и хрупкую. Пианино требует аккуратного обращения во всем: и при настройке, и при хранении, и, безусловно, при перевозке.

Чем пианино отличается от рояля? В первую очередь размерами и формой. У рояля струны, дека и механическая часть расположены горизонтально, а у пианино – вертикально. Соответственно, пианино стоит дешевле и занимает меньше места. Однако рояль дает большее разнообразие звуков. Тем интереснее, что рояль и пианино относятся к одному и тому же классу музыкальных инструментов - фортепиано, то есть название «фортепиано» применимо и к пианино, и к роялю.

Все пианино делятся на три категории по высоте (это ключевая характеристика инструмента). К первой категории относятся облегченные инструменты высотой до 120 см. Благодаря небольшим размерам их можно удобно разместить даже в маленькой квартире. Такие фортепиано идеальны для ребят, учащихся в музыкальной школе и на первых курсах музучилищ. Инструменты первой категории, как правило, имеют коричневый цвет и весят около 150 килограммов.

Вторая категория – это пианино высотой 130-150 см. Они отличаются более крупными размерами и глубоким звуком. Пианино второй категории обычно имеют черный цвет и могут весить от 200 до 400 килограммов (инструменты русского производства весят меньше, изготовленные в других странах - больше). Модели 124-132 см называют «концертными», их уже можно использовать для подготовки к выступлениям [2].

А настоящие знаменитые пианисты-солисты предпочитают фортепиано третьей категории – коллекционные немецкие пианино. К третьей категории относятся инструменты старше полувека. Такие экземпляры предназначены

для больших помещений. Свидетельство тому – высота от полутора метров и внушительные размеры (такое фортепиано может весить полтонны). Инструменты могут быть украшены ручной резьбой, но главное, что их отличает - чудесное качество звучания.

Какие бы удивительные мелодии ни издавало пианино, гармоничный звук легко нарушить. Фортепиано может расстроиться по многим причинам: из-за жары или холода, сухого воздуха или большой влажности, неправильного обращения с ним. Огромную опасность несет и кустарная перевозка пианино.

Многие из нас считают, что перенести пианино – это примерно то же самое, что перетащить тяжелый шкаф. Однако фортепиано не терпит такого отношения. Переносить его надо так, чтобы не повредить внутреннее устройство инструмента. Вибрации, влага, пыль, грязь – все это должно быть исключено, не говоря уже об ударах. Дорогие антикварные инструменты нужно оберегать даже от небольших царапин, поэтому при перевозке фортепиано инструмент сначала полностью оборачивают упаковочным материалом. Потом его выносят из квартиры с помощью особых приспособлений. Это могут быть специальные ремни, тележки, сани и даже рельсы – у каждой фирмы есть свои приемы и технологии.

Пианино и рояли перевозят с места на место в специально оборудованных фургонах. В кузове инструмент надежно закрепляют, чтобы он не сдвигался во время поездки. Многие фирмы дополнительно обивают стенки кузова мягким материалом, который гасит вибрации.

Все модели фортепиано, будь то громоздкий рояль или компактное облегченное пианино, очень чувствительны к жаре, морозу, перепадам влажности. Перевозить фортепиано лучше всего в теплое время года. Но если уж возникла необходимость сделать это зимой, проследите, чтобы инструмент был хорошо упакован. Фортепиано должно как можно меньше находиться на улице. Вносить его в дом также нужно медленно и осторожно. Если есть возможность – откройте окно в комнате, чтобы перепад температуры был не столь резким [3].

«Привыкать» к комнатной температуре инструмент должен постепенно, с закрытыми крышками верха и клавиатуры. При этом поверхность рояля или пианино может даже покрыться влагой. Вытирать ее не нужно – подождите, пока инструмент высохнет сам, и после этого протрите его сухой мягкой тканью, шерстяной или фланелевой. Играть на фортепиано в день перевозки не стоит, а настраивать его имеет смысл только через неделю-две. Пусть инструмент какое-то время находится в покое.

Через 7-14 дней после перевозки нужно провести повторную настройку фортепиано. Для этого следует обратиться к настройщику. Он выяснит состояние инструмента и отрегулирует его звучание. И если серьезной повторной настройки не потребуется – значит, инструмент перевозили правильно.

Ученые доказали, что пианисты развивают уникальные способности

мозга в процессе освоения фортепиано.

Если вы хотите развить свой мозг, самый эффективный способ – игра на музыкальных инструментах. Например, в процессе освоения фортепиано развиваются самые уникальные способности мозга.

Чувство ритма и способность воспринимать музыкальную грамоту сильно сказывается на развитии детского мозга, а само умение играть на музыкальном инструменте поможет в изучении иностранного языка и запоминании новых слов. К такому выводу пришли американские ученые Северо-Западного университета в Иванстоне.

Для взрослых игра на фортепиано также полезна, поскольку позволяет продлить способность мозга к логическому мышлению и впитыванию новой информации, заявили ученые [4].

Все дело в моторике: при игре практически на всех музыкальных инструментах люди задействуют пальцы рук. Самые сложные в этом отношении инструменты – фортепиано и аккордеон.

Известно, что у человека одно полушарие мозга доминирует над другим, поэтому одна рука основная, а вторая – вспомогательная. Если же использовать обе руки в процессе игры на инструменте – оба полушария мозга будут работать более активно.

Работа мозга пианиста сопоставима по скорости с высокоскоростным оптоволоконным интернетом, тогда как мозг обычного человека похож на работу через модем.

Список литературы:

1. Блохина М. А. Некоторые аспекты работы педагога с начинающими пианистами <http://xn--i1abbnckbmcl9fb.xn>.
2. Баренбойм Л.А. Фортепианная педагогика. –Москва: Классика – XXI, 2007.
3. Смирнова Т.И. Методические рекомендации. Интенсивный курс по фортепиано. Учебное пособие. –Москва: Allegro. 2003.
4. Сугоняева Е.Э. Музыкальные занятия с малышами. Методическое пособие для преподавателей ДМШ. -Ростов-на-Дону: «Феникс», 2002.

ӘОЖ 94:571

АДАМНЫҢ ТҰҚЫМ ҚУАЛАЙТЫН АУРУЛАРЫ

Әбдівалиева Ж.Ә.

Қ.Сәтбаев атындағы № 12 жалпы орта мектебі, биология пәнінің мұғалімі
Түркістан, Қазақстан
N12_satbaev@mail.ru

Резюме

В научной статье рассматриваются наследственные заболевания генетического происхождения: хромосомных и геногенные мутации, причины которых еще не полностью выяснены. Решение проблем клинических заболеваний осуществляется органами и системами, подвергающимися патологическим изменениям, диагностика и лечение наследственных заболеваний в стране на сегодняшний день является острой

проблемой в демографическом становлении населения страны.

Summary

This article deals with hereditary diseases of genetic origin: genegenie and chromosomal mutations. The reasons for which have not yet been fully clarified. The solution of problems of clinical diseases is carried out by organs and systems undergoing pathological changes, diagnosis and treatment of hereditary diseases in the country today is an acute problem in the demographic development of the population.

Тұқым қуалаушылық дегеніміз-ағзалардың құрылымдық-қызметтік біртұтастығын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отыратын қасиеті, яғни бұл-генетикалық тетіктер (механизмдер) жиынтығы. Ал тұқым қуалау дегеніміз – нақтылы биологиялық түрлердің ұрпақтарында өздеріне тән структуралық-қызметтік құрылымының, жекелеген белгілері мен қасиеттерінің берілуі болып табылады. Тұқым қуалаудың екі түрі белгілі: моногендік және полигендік.

Генетикалық көзқарас жағынан барлық аурулар тұқым қуалайтын және орта факторлардың маңыздылығы бойынша, олардың дамуы бойынша 3 топқа бөлуге болады: тұқым қуалайтын аурулар, тұқым қуалауға бейім аурулар, тұқым қуаламайтын аурулар.

Тұқым қуалайтын аурулардың этиологиялық факторлары мутация болып табылады. Мутацияның патологиялық әсерінің көрінуіне орта жағдайына байланысты болмайды. Осы топқа жататын аурулар: толық көрінетін генді және хромосомды тұқым қуалайтын аурулар (Даун ауруы, нейрофиброматоз, гемофилия, фенилкетонурия, муковисцидоз, ахондроплазия және т.б.). Аурудың бала кезінде көрінуі міндетті емес, бірақ генді экспрессияның уақытша заңдылығына байланысты кез келген жаста көрінуі мүмкін (мысалы, Гентингтон хореи ауруының орташа көріну жасы 38-40 жаста).

Этиологиялық қатаң детерминирленген тұқым қуалаушы (гендік, хромосомдық) немесе орта факторлары (жарақат, күйік) ауруларының қатарында белгілі фактор (мутация және аллельдердің үйлесуі) және орта факторы әсер еткенде ғана дамуы анықталатын үлкен және ерекше аурулар тобы бар. Бұл аурулар тобын тұқым қуалауға бейім аурулар тобы деп атайды. Берілген аурулардың этиологиясы және патогенезі күрделі және анық емес. Ауруларға тұқым қуалаушылық бейімділіктің негізінде адам популяциясының ферменттер, құрылымдық және транспорттық белоктар, Аг бойынша кең генетикалық балансирилген полиморфизмі жатыр [1]. Адам популяциясында екі немесе одан артық аллельден тұратын 25-30 % (40 000 ішінен) локустар бар. Олар әр адамның генетикалық бірегейлігін қамтамасыз етеді, ол адамның тек қабілеттілігінде, физикалық ерекшелігінде ғана көрініп қоймай, сонымен қатар ағзаның қоршаған ортаның патогенді факторы реакциясында да байқалады.

Тұқым қуалауға бейім аурулар ортаның әсер еткен генотипі бар адамдарда пайда болады. Ауруларға тұқым қуалау бейімділігі полигенді немесе моногенді негізден тұруы мүмкін. Моногенді тұқым қуалау

бейімділігі бір генмен анықталуы мүмкін, яғни берілген геннің патологиялық мутациясымен байланысты, бірақ мутацияның патологиялық көрінуі үшін сыртқы орта факторының (бір емес, бірнеше) әсер етуі міндетті [2].

Полигенді тұқым қуалауға бейімділік бірнеше гендердің аллельдерінің бірігуімен анықталады. Әр жеке аллель қалыпты болып табылады. Ауруға олардың белгілі комбинациясы бейімделеді. Өздерінің патологиялық потенциалдарын олар бірнеше сыртқы орта факторларының жиынтығымен бірге көрсетеді. Ол мультифакториальді ауру.

Тұқым қуалауға бейім ауруларды келесі негізгі топтарға бөлуге болады:

- 1) туа біткен даму ақауы;
- 2) таралған психикалық және жүйкелік аурулар;
- 3) орта жастағы таралған аурулар. Ауруға тұқымқуалаушылық бейімділік келесі нозологиялық аурулардың түрлерінде жиі кездеседі. Сан сүйегінің шығуы 2-5, маймақ аяқ 5, шизофрения 10-20, эпилепсия 8-10, псориаз 10-20, асқазанның және он екі елі ішектің ойық жарасы 20-50, жүректің ишемиялық аурулары 50-100, гипертониялық аурулар 100-200, диабет 10-20 (1000 адамға шаққандағы таралулар).

Аурудың патогенезі- күрделі процесс, сондықтан тұқым қуалаушылық факторлардың белгілері барлық жағдайларда анықтала бермейді. Тұқым қуалауға бейімділігі бар аурулардың нозологиялық түрі негізінен генетикалық гетерогенді топ. Жеке аурулар (мысалға, ойық жара ауруы, қант диабеті) шын мәнінде бір ғана ауру болып қоймай, бірдей клиникалық көрінісінен тұратын аурулар тобы.

Тұқым қуалауға бейім аурулардың себептері:

- 1) орталық (жанұялық және популяциондық);
- 2) генетикалық (бейімделуші гендер және генетикалық фон);
- 3) стохастикалық (кенеттік). Осы әр себептердің сандық сәйкестігі аурудың дамуы кезінде әр адамда әр түрлі жүруі мүмкін.

Медициналық генетика адамда болатын түрлі тұқым қуалайтын ауруларды, оларға диагноз қоюдың және емдеудің жолдарын зерттейді. Бүкіл дүниежүзілік статистика бойынша дүниеге келіп жатқан сәбилердің, шамамен, 7-8 % түрлі тұқым қуалайтын аурулармен ауырады. Сондықтан сол ауруларды жан – жақты зерттеу, олардан алдын ала сақтандыру және емдеу жалпы адам генетикасының, соның ішінде медициналық генетиканың негізгі проблемасы болып табылады. Генетиканың бұл саласы бойынша зерттелетін келесі бір маңызды мәселе – адамда тұқым қуалайтын өзгерісті қандай факторлардың тудыратынын және адамзатты көптеген ауыр зардаптардан құтқару үшін оларға шара қолданудың жолдарын зерттеу [3].

Медициналық генетиканың негізінде хромосомалардың өзгеруіне байланысты болатын бірнеше тұқым қуалайтын аурулар анықталды. Олар **хромосомалық аурулар** деп аталады. Ондай ауруларға: **Клайнфельтер, Шершевский – Тернер, Даун** аурулары және т.б. жатады.

Клайнфельтер ауруымен тек ер адамдар ауырады. Оның белгісі: жыныс бездері дұрыс жетілмейді, ақыл – есі кем болады және аяқ қолы шамадан тыс

ұзын, денесіне сәйкес келмейді. Бұл ауруың болу себебі, жыныстық хромосомаға бір Х-тың артық қосылуына байланысты. Ауру адамның хромосомаларының жалпы диплоидті жиынтығы - 47, жыныс хромосомасы – ХХУ Дүниежүзілік санақ бойынша, 1000 ер баланың екеуі осы аурумен ауыратындығы анықталды.

Шершевский - Тернер ауруы әйелдерде кездеседі. Мұнда жыныстық жағынан пісіп - жетілуі баяулайды, сондықтан бедеу болады әрі бойы тапал келеді. Ақыл – есі кем, ашуланшақ, жұмысқа қабілеттілігі төмен болады. Аурудың хромосомаларының диплоидті жиынтығы – 45, жыныс хромосомасы біреу – ХО. Дүниежүзілік санақ бойынша, 1000 қыздың төртеуі осы аурумен ауыратындығы дәлелденді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, бұл екі аурудың да гаметалардың даму барысында жыныстық хромосомалардың дұрыс ажырамауына байланысты болатындығы анықталды[4].

Сол сияқты Х хромосоманың артық қосылуына байланысты әйелдер арасында **трисомия ауруы** кездеседі. Жыныстық хромосомасы – ХХХ, ал жалпы хромосомалардың саны – 47. Ауруды «алып әйел» деп атайды.

Ауру белгілері: жыныстық жағынан пісіп – жетілуі баяулайды, ақыл есі кем болады. Артық У хромосоманың қосылуына байланысты, жыныстық хромосомалары ХУУ болып келетін ауру кездеседі. Оны «алып еркек» деп атайды. Бұл аурудың белгісі: адамның бойы шамадан тыс ұзын, әлсіз, жүйке жүйесінің дамуында үлкен кемістік болады.

Сол сияқты кейбір хромосомалық аурулар аутосомалардың дұрыс ажырамауына байланысты болады. Мысалы, **Даун ауруының белгісі:** адамның ақыл – есі кем, бойы аласа, беті дөңгелек, көздері қысыңқы әрі бір – біріне жақын орналасқан және кішкентай аузы үнемі жартылай ашық жүреді. Бұл ауру 21 – хромосоманың екеу емес, үшеу болатындығына байланысты. Сонда ондай баланың барлық жасушаларында 46 хромосоманың орнына 47 хромосома болады

Тұқым қуалайтын ауруларды емдеу. Медициналық генетиканың алдында тұрған мәселелердің бірі – тұқым қуалайтын аурулардың биохимиялық механизмдерін анықтап, соның негізінде оларды емдеудің жолдарын іздестіру. Мысалға, қант диабеті ауруын алайық. Бұл ауру ұйқы безінің гормоны – инсулиннің түзілмеуіне байланысты болады., оны рецессивті ген анықтайды. Қант диабетін организмге инсулин енгізу арқылы ғана емдейді. Бұл жағдайда тек ауру ғана, яғни «зиянды» геннің фенотиптік көрінісі емделеді. Емделіп жазылған адам ол генді өзіне сақтап, келесі ұрпағына береді. Қазіргі кезде көптеген тұқым қуалайтын аурулардың биохимиялық механизмдері анықталған. Соның бірі – **шизофрения** ауруының бір түрі – фенилкетонурия. Бұл аурудың биохимиялық негізін зерттегенде, нәруыз құрамына кіретін фенилаланин аминқышқылы триптофанға айналуы керек. Оған арнайы фермент қатысады. Ал ол ферменттің қызметін белгілі бір ген бақылайды. Егер ол ген өзгеріске ұшыраса, аталған биохимиялық алмасулар дұрыс жүрмейді, яғни

фенилаланин триптофанға айналмайды. Сондықтан оның концентрациясы артып кетеді. Мұндай жағдайда адамның миы мен жұлыны зақымдалып, психикалық ауруға ұшырайды. Осындай механизмдері анықталғаннан кейін фенилкетонурияны емдеудің де жолдары табылды. Ол үшін құрамында фенилаланин аминқышқылы аз тағамдармен тамақтану керек немесе қажетті ферментті организмге егу қажет.

Адамда жақсы зерттелген мәселелердің бірі – қан топтарының тұқым қуалауы. Соның ішінде резус – факторды алайық. Резус – фактордың қанның құрамында болуын анықтайтын ген екі түрлі жағдайда болады: біреуі оң резус «+», екіншісі теріс резус «-». Резусы «теріс» әйел резусы «оң» ер адаммен некелескенде, оң резус болуды анықтайтын геннің доминантты болуына байланысты ұрық әкесінен осы қасиетті алады. Сөйтіп, анасының қанына ерекше зат – антиген жасап шығарады. Ал анасының организмінде оған қарсы антиденелер түзіледі. Олар ұрықтың қан жасалу жүйесін бұзады. Нәтижесінде, ана организмі мен ұрық уланады. Бұл – ұрықтың өліміне апарып соғады.

Туыстық некенің тиімсіздігі. Тұқым қуалаушылылықтың заңдылықтары тұрғысынан алғанда, туыс адамдардың немере, шөбере және т.б. некелесуі дұрыс емес. Себебі ондай адамдардың генотиптерінде ұқсастық болады. Ал тұқым қуалайтын аурулар мен кемістіктерді көбінесе рецессивті гендер анықтайтындығы белгілі. Олар тек рецессивті гомозигота жағдайында ғана білінеді. Туыстық некеде ондай мүмкіншілік мол болады. Сондықтан олардан туатын ұрпақта кемістік көп кездеседі. Керісінше, туыс емес ерлі – зайыптыларда ондай жағдай өте сирек кездеседі және ұрпақтың тіршілік қабілеті жоғары болады. Себебі олар көбінесе гетерозиготалы жағдайда болатындықтан, Мендель заңына сәйкес аурумен кемістікті анықтайтын рецессивті генді доминантты ген жеңіп кетеді.

Біздің арғы ата – бабаларымыздан келе жатқан қалыптасқан дәстүр бойынша жеті атадан кейін ғана некелесуге рұқсат беріледі. Бұл біздің гендік қорымыздың мол әрі мықты болуына әсер етеді. Сондықтан мұндай дәстүрді сақтап отыруымыз қажет.

Кейбір географиялық, әлеуметтік, экономикалық және т.б. себептерге байланысты тұрғын халықтың саны кеміп, оқшауланып қалады. Адамдардың ондай шағын популяциясында амалсыздан туыстық неке көбейеді. Соның салдарынан тұқым қуалайтын кемістіктер мен сәбилердің өлімі артады. Тіпті ондай халық жер бетінен жойылып кетуі де мүмкін.

Медициналық-генетикалық кеңес. Болашақ ұрпақты тұқым қуалайтын түрлі ауыр зардаптардан сақтандыру үшін адам генетикасы мен медициналық генетикада жүргізілген зерттеулер қолданылады. Дүниеге ауру ұрпақты келтірмеу үшін ата-ананың екеуінің де дендері сау болу керек. Кейде ерлі – зайыптылардың екеуінің де дендері сау болғанымен, олардың тегінде тұқым қуалайтын ауру болса, ол келесі ұрпаққа беріледі. Мысалы, жігіттің шешесі эпилепсия қояншық аурумен ауырса, ал әкесі сау болса, ол жігіт эпилепсик болмайды. Себебі оның әкесінен алған доминантты гені

эпилепсияны анықтайтын шешсінен алған рецессивті генді жеңіп шығады. Егер дәл осындай жағдайдағы қыз жоғарыда келтірілген жігітке тұрмысқа шықса, өздері ауру болмағанымен, олардан ауру балдар дүниеге келуі мүмкін. Себебі, оларда эпилепсияның гені бар.

Жалпы, ауру немесе кеміс ұрпақтың дүниеге келуі отбасы мен ата-ана үшін үлкен қайғы-қасірет. Сондықтан отбасын құратын, әсіресе тегінде тұқым қуалайтын кемістіктер бар адамдар медициналық генетикалық кеңес алғаны жөн. Мұндай кеңес беретін орталықтар қазір Қазақстанның көптеген қалаларында бар.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтауға, әсіресе судың, ауаның және азық түліктің мутагендік және канцерогендік әсерлері бар заттармен ластанбауына соңғы кездері көп көңіл бөлінуде. Сонымен қатар дәрі – дәрмектер мен тұрмыстық химиялық препараттардың және түрлі косметикалық заттардың генетикалық залалсыздығы мұқият тексеріледі. Сайып келгенде, мұның барлығы адамда тұқым қуалайтын кемістіктердің мөлшерін азайту мақсатында жасалады.

Тағы бір ескертетін нәрсе: алкогольді ішімдіктерді ішу мен темекі тарту, әсіресе есірткіні қабылдау болашақ ұрпақ үшін өте қауіпті. Себебі олар гендер мен хромосомаларды улап, өзгертеді. Соның салдарынан тұқым қуалайтын аурулар мен кемістіктер пайда болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбілаев С.А. Молекулалық биология және генетика: Оқулық.- Шымкент: Асқаралы, 2008. - 424 с.
2. Әбілаев С.А. Молекулалық биология және генетика: Оқулық.- 2-ші, түзет. Ж. Толық, 2010.- 388 б.
3. Бегімқұл Б. Медициналық генетика негіздері: оқулық.- Астана: Фолиант, 2008. - 336 с.
4. Қуандықов Е., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. - Алматы: НАС.

ӘОЖ 94:571

КҮКІРТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОСЫЛҒЫШТАРЫ

Жусипова Д. С.

Қ. Сәтбаев атындағы № 12 жалпы орта мектебі, химия пәнінің мұғалімі
Түркістан, Қазақстан
N12_satbaev@mail.ru

Резюме

В научной статье химия рассматривается как наука, которая изучает процессы превращения веществ, сопровождающиеся изменением их состава и структуры. Эти превращения веществ, являющиеся химической формой движения материи, мы постарались охарактеризовать следующими параметрами: осуществление в температурном интервале с сопровождением поглощения или выделения тепла и силы химического взаимодействия.

Summary

The scientific article deals with chemistry as a science that studies the processes of

transformation of substances, accompanied by changes in their composition and structure. These transformations of substances, which are a chemical form of motion of matter, we have tried to characterize the following parameters: implementation in the temperature range with the accompaniment of absorption or release of heat and the force of chemical interaction.

Күкірт (ағылш. Sulfur), S– элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент; ат. н. 16, ат. м. 32,06. Тұрақты 4 изотопы бар. Сондай-ақ жасанды жолмен алынған 6 изотопы белгілі. Күкірттің жер қыртысындағы салмақ мөлшері 0,05%, теңіз суында 0,08 – 0,09%. Күкірт біздің заманымыздан 2000 жыл бұрын белгілі болған. Қалыпты жағдайда күкірт сары түсті, бейметалл. Табиғатта бос күйінде (саф Күкірт) және сульфидті (мысалы, пирит, галенит, антимонит, т.б.), сульфатты (гипс, ангидрит, барит, мирабилит, т.б.), т.б. минералдар түрінде кездеседі. Күкірттің бірнеше кристалдық түрлері белгілі, оның ішіндегі орнықтылары ромбылы α -күкірт және моноклинді β -күкірт. Күкірттің тығыздығы 2,07 г/см³ (α -түрі) және 1,96 г/см³ (β -түрі), балку t 112,8°C, қайнау t 444,6°C, жылу өткізгіштігі 0,208 Вт/(м·град). К. суда ерімейді, бензолда жақсы ериді, қыздырғанда молекуласындағы атом саны бірте-бірте кемиді: $S_8 \rightarrow S_6 \rightarrow S_4 \rightarrow S_2$ соңында 2000°C-тан жоғары қыздырғанда К. буында жеке атомдар пайда болады. Салқындатқанда осы процесс кері айналып полимерлену құбылысы жүреді. Күкірт қосылыстарында –2-ден +6-ға дейін тотығу дәрежелерін көрсетеді. Азот, йод, алтын, платина және инертті газдардан басқа элементтердің бәрімен әрекеттеседі [1]. Күкірт металдармен реакцияда болғанда өте көп жылу бөлініп шығады. Оттеппен бірнеше оксид түзеді. Күкірт, полиметалдық кендер, газ және мұнайды тазалау кезінде олардан қосымша өнім ретінде алынады. Күкірт негізінен химия өнеркәсібінде күкірт қышқылын алу үшін пайдаланылады, сондай-ақ қағаз, резина, сіріңке жасауда, тоқыма өнеркәсібінде мата ағартуға, дәрі-дәрмек, косметикалық препараттар дайындауда, пластмасса, қопарғыш заттар, тыңайтқыш, улы химикаттар алууда кеңінен қолданылады.

Табиғатта күкірт бос күйінде де, қосылыс күйінде де кездеседі. Қосылыс түрінде күкірт сульфидтер және сульфаттар түрінде таралған. Күкірт белокты заттардың құрамына кіретіндіктен өсімдіктер және жануарлар организмдерінде болады. Күкірт мұнайдың да құрамында кездеседі.

Табиғатта таралуы және физикалық қасиеттері:

- Күкіртсутек – шіріген жұмыртқа йісті, түссіз газ.
- -60°с-та сұйық күйге ауысады, ал -86° с-та қатады.
- Күкіртсутек табиғатта жанартау атқылағандағы газдардың құрамында, емдік қасиеті бар минерал суларда кездеседі (Алма-Арасан т.б)
- Күкіртсутек өте улы, оның өте аз мөлшерімен тыныс алғанда адам есінен танып, тіпті өліп те кетуі мүмкін.
- Күкіртсутек тыныс алғанда гемоглобинмен байланысып, сал ауруын туғызады.
- Күкіртсутекпен уланған адамды тез арада таза ауаға шығару керек.

Күкірт қышқылының химия өнеркәсібіндегі маңызы орасан зор. Күкірт қышқылы өзінің қасиеттеріне байланысты сондай-ақ, басқа қышқылдардан әлдеқайда арзан болғандықтан, көптеген өнеркәсіп салаларында, химия өнеркәсібінде, металл өңдейтін, мұнай өңдейтін және басқа салаларда кең қолданылады. Күкірт қышқылының қатысуымен минералдық тыңайтқыштарды, басқа ұшқыш қышқылдарды алуға болады, Оны дәрі-дәрмек, бояу, қопарғыш заттар, талшықтар, жуғыш заттар алу үшін қолданады. Күкірт қышқылынсыз ешбір химиялық лаборатория жұмыс істемейді. Өзінің қолданылуына қарай күкірт қышқылы өте көп өндіріледі [2].

Химиялық қасиеттері:

- Күкіртсутек тотықсыздандырғыш қасиет тән.
- $2 \text{H}_2\text{S} + \text{O}_2 \rightarrow 2\text{S} + 2\text{H}_2\text{O}$ S- тот-с-ш, O₂ - т-т-ш
- Металдармен әрекеттесіп сутек бөледі, активтік қатарында сутекке дейін тұрған металдармен:
 - $\text{H}_2\text{S} + \text{Mg} \rightarrow \text{MgS} + \text{H}_2 \uparrow$
 - Галогендермен әрекеттескенде сәйкес галогенсутек қышқылдарын түзеді: $\text{Br}_2 + \text{H}_2\text{S} \rightarrow 2\text{HBr} + \text{S}$
 - Күкіртсутек екі негізді қышқыл болғандықтан, орта (сульфидтер) және қышқыл тұздар (гидросульфаттар) түзеді. $\text{H}_2\text{S} + \text{KOH} \rightarrow \text{KHS} + \text{H}_2\text{O}$
 - Қолданылуы
 - SO₂ - қантты, маталарды, сабынды ағарту үшін, қоймаларды аластау үшін қолданылады.

Физикалық қасиеттері:

- Күкірт қышқылы-түссіз, ұшқыштығы төмен, тығыздығы 1,84г/мл майлы сұйықтық
- Кейде оны «купорос майы» деп атайды.

Ылғал тартқыш:

- Күкірт қышқылы суда жақсы ериді. Еру кезінде көп мөлшерде жылу бөлінеді
 - Ауадан және басқа газдардан су буын жақсы тартады;
 - Сульфат иондарына сапалық реакция;
 - Күкірт қышқылына және оның тұздарына барий тұздарының ерітіндісі реактив болып табылады. Ba²⁺ катионы SO₄ анионымен іс жүзінде ерімейтін ақ тұнба түзеді:



Қолданылуы:

- Күкірт қышқылымен тікелей немесе жанама байланыспаған химиялық өндіріс салаларын айту қиын. Күкірт қышқылы жан-жақты қолданылуы бойынша бірінші орында тұр. Оны химия өнеркәсібінің «наны» деп санайды, себебі басқа қышқылдарды алуда, мұнай өнімдерін тазалауда, қант өндірісінде, өсімдік майын тазалауда, газдарды құрғатуда, сода, бояу, жасанды талшық өндірісінде, органикалық синтез және т.б. қолданылады;
 - Негізгі химиялық өнеркәсіпте күкірт қышқылы тыңайтқыштар алуда

қолданылады.

Концентрлі күкірт қышқылы - күшті тотықтырғыш (әсіресе қыздырғанда) болып табылады. Ол көптеген металдарды, бейметалдарды, тіпті органикалық заттарды да тотықтырады.

Күкірт қышқылының құрамындағы негізгі элемент күкірт - біздің планетамызда көп тараған химиялық элементтердің бірі. Ол жер қыртысында: бос күкірт, металдар сульфидтері, түрлі сульфаттар және басқа қосылыстар түрінде кездеседі. Күкірт қосылыстары қазба отындардың барлық түрінде болады (тас көмір, мұнай, т.б.). Шикізаттардың осы айтылған барлық түрлері күкірт қышқылын өндіруге қолданылады. Дегенмен, өнеркәсіп бұлармен ғана шектелмейді. Мысалы, түсті металдар өндірісінде қосымша өнім ретінде күкірті бар газдар (H_2S , SO_2) түзіледі. Осы газдарды арнайы ұстағыш құралғылар көмегімен жинап, күкірт қышқылын өндіруге пайдаланады. Бұл жағдай біріншіден, қоршаған ортаны зиянды газдардан қорғаса, екіншіден, қалдықсыз өндіріске, яғни шикізатты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай табиғи ресурстар құрамындағы барлық элементтерді пайдалы өнімге айналдыра отырып, тиімді шикізат ретінде пайдалануды кешенді пайдалану деп атайды.

Сульфаттар:

- Күкірт қышқылының тұздарын сульфаттар деп атайды. Күкірт қышқылы екінегізді болғандықтан, ол тұздарды екі қатарына түзеді: орта-сульфаттар және қышқыл-гидросульфаттар;

- Күкірт қышқылының тұздары да өте көп қолданылады. Күкірт қышқылы тұздарының ішіндегі тұздарына маңыздыларына мыналар жатады;

- Кальций сульфаты $CASO_4$ кристалгидрат түрінде кездеседі: гипс, алебастр. Гипсті қыздырғанда ол алебастрға айналады. Алебастрды медицинада сынақтың сыртынан орап таңуда және тіс протезін дайындауда қолданады.

Күкірт қышқылын өндіру үш сатыдан тұрады:

Бірінші сатысы - күкірт (IV) оксидін алу. Күкірт (IV) оксидін SO_2 алу үшін жоғарыда аталған шикізаттарды өртейді. Солардың бірі - күкірт (темір) колчеданын FeS , өртеу жағдайымен толық танысайық: $4FeS_2 + 11O_2 = 2Fe_2O_3 + 8SO_2$

Заводта бұл реакцияны жылдам әрі өнімді жүргізудің барлық жағдайы қарастырылған. Күкірт колчеданы қатты зат, ал онымен әрекеттесетін ауа - газдар қоспасы, сондықтан жанасу бетін арттыру үшін ұсатылған қатты заттарды «қайнаушы қабатта» өртеу әдісі кең қолданылады [3].

Бұл әдістің негізі ұсатылған шикізатты (мысалы, күкірт колчеданы) астынан қысыммен шыққан ауамен қатты үрлеу арқылы араластырып, ұнтақ затты бұрқылдатып, қайнап жатқандай түрге келтіреді, соны «қайнаушы қабат» дейді. Мұндай «қайнаушы қабатта» қатты заттың, ұнтағы ауамен (оттепен) жақсы араласып, еркін жанасатын болғандықтан ондағы химиялық реакция өте жоғары жылдамдықпен жүреді. Өндірілетін заттың шығымы 3-4 есе артады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Усманова М. Б., Сақариянова Қ. Н. Химия: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық, 2-басылымы, өңделген, толықтырылған. - Алматы: Атамұра, 2009. - 288 бет.
2. Кристаллография, минералогия, петрография. Бұл кітап Абай атындағы Қазақтың мемлекеттік педагогты институтының, география факультетінде оқылған лекциялардың негізінде жазылды, 1990. .
3. Бегімқұл Б. Медициналық генетика негіздері: оқулық.- Астана: Фолиант, 2008.- 336 с.
4. Куандықов Е., Әбілаев С.А. Медициналық биология және генетика. - Алматы: HAS

ӘОЖ 342.542.9

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Ибраев А.З.

аға оқытушы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

Түркістан, Қазақстан

Dene-tarbiesi@mail.ru

Резюме

В этой научной статье рассматриваются некоторые проблемы развития инклюзивного образования детей с ограниченными возможностями и пути их решения, оперируя важнейшим достоянием человека: свобода и права личности, защита прав и свобод, социальная поддержка, механизмы их реализации в конституционно-правовом свете и международных документах о правах человека.

Summary

In this scientific article we considered some problems of development of inclusive education of children with disabilities and ways to solve them, operating with the most important human dignity: freedom and rights of the individual, protection of rights and freedom, social support, mechanisms for their implementation in the constitutional and legal light and international human rights instruments.

Елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» сипатталып, оның жоспарлы дамуына әсер ететін қауіп – қатер ретінде елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балалардың көбеюі атап көрсетілді және инклюзивті білімді жүзеге асыруға мақсаттар мен міндеттер айқындалды. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасында 2015 жылға қарай инклюзивті білім берумен мүмкіндігі шектеулі балалардың 25%-н қамту көзделсе, инклюзивті білім беруге жағдай жасаған 70%-ға ұлғаяды, инклюзивті біліммен қамтылған балалардың үлесі даму мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан 50% құрайтын болады.

Дегенмен бұл саланың да проблемалары жетерлік. Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруді дамытудағы нақты прогреске бірнеше факторлар: объективті және субъективті қиындықтар кедергі келтіруде.

«Мүгедектер құқықтары туралы» инклюзивті білім беру ережесі Біріккен Ұлттар Ұйымының бас Ассамблеясымен, мақұлданып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілген.

Қазақстан Республикасының Елбасы өз жолдауында әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөлді. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты – білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын жақсы білім беру қорлары мен технологияларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып отыр.

Мемлекеттік саясаттың басты міндеттерінің бірі – мүмкіндіктері шектеулі балалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім алу құқықтарын жүзеге асыруын қамтамасыз ету болып табылады.

Білім беру саласындағы халықаралық құжаттар негізінде құрылған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүмкіндігі шектеулі баланың білім алуғағы тең құқықтар қағидалары қарастырылады.

Мүмкіндігі шектеулі баланың білім алу құқығына кепілдіктер Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституцияда, «Қазақстан Республикасында бала құқықтары», «Білім», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау», «Арнайы әлеуметтік қызметтер», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық және психологиялық түзете қолдау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген. Мүмкіндіктері шектеулі баланың білім алуға құқықтарын жүзеге асырудың басты мақсаты ретінде оның дене және психологиялық ерекшеліктерін ескере отыра балалардың білім алуы үшін қажетті жағдайларды жасау қарастырылған.

Инклюзивті оқыту қазақстандық білім беру жүйесінде соңғы жылдары енгізіле бастаған жаңашыл идея болып табылады. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты дамыған құрдастарымен мектепте қосып оқытудың маңыздылығы қажеттігі және тиімділігі педагогикалық жұртшылық мойындай бастады. Дегенмен инклюзивті оқыту отандық мектеп тәжірибесі үшін жаңалық болғандықтан, оны іске асырумен байланысты көптеген психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық проблемалар туындайды. Сол себепті осы саладағы дамыған елдер тәжірибесін зерделеу және одан қазақстандық жалпы білім беру жүйесінде шығармашылықпен пайдаланудың жолдарын анықтау үлкен ғылыми теориялық және практикалық маңызға ие.

Арнайы білімнің өзекті мәселесінің бірі - педагогикалық ғылым мен тәжірибесіне мүмкіндіктері шектеулі балаларды нәтижелі, сапалы оқыту мен тәрбиелеу жағдайларын анықтау.

Қазіргі уақытта ортамызда болып жатқан әлеуметтік жанұя мәселелері, экологиялық-экономикалық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, психикалық аурулары бар, кемтар болып туылатын нәрестелердің саны жыл сайын өсіп отыр.

Жалпы білім беретін мектептерде ондай балалар аз емес. Мектепте және

үйде де ондай балалар жеке ықпал жасауды қажет етеді. Ол үшін баланың психологиялық қажеттіліктерін, оқу үлгерімін зерттеп, психологиялық түзеу жұмыстарын ұйымдастыру керек. Баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері түрлі болуы мүмкін. Олар басынан өткен аурулар, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы тағы да басқа себептерден болуы мүмкін. Психикалық дамуының тежелуінің негізгі бұзылыстары интеллектуалды деңгейі көбіне таным процестері: зейіні, логикалық есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді.

Республикамызда жалпы білім беру ортасында мүмкіндіктері шектеулі балаларды қалыпты деңгейде дамыған балалармен бірге кіріктіріп, оқыту үдерісі дамып келе жатқанын атап өту қажет.

Қазіргі таңда жалпы білім беру мектептерінің 1318 арнайы сыныптарында 9144 мүмкіндігі шектеулі бала, 102 түзету мектебінде 15639 бала білім алады, оның ішіндегі 2 мыңға жуығы психикалық дамуы тежелген балалар, 8049 астам ақыл-ойы кем балалар, қалғандары дене дамуында түрлі ауытқушылықтары бар балалар.

Астана қаласы, Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Қостанай облыстарында мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру ортасына енгізуге жағдай жасау мәселелері өз шешімін табуда. Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарында оқу-тәрбие үдерісіне мүмкіндігі шектеулі балаларды кіріктіру мәселелері төмен деңгейде.

Инклюзивті білім беруді дамытуды мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жүйесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі ретінде қарастырған жөн. Бала және оның ата-анасының тұрғылықты жеріне сәйкес жалпы типтегі мекемелерде мұндай балаларға білім беруді ұйымдастыру оларды ұзақ мерзімге мектеп-интернатқа жіберуден сақтап, отбасында тәрбиеленіп тұруы үшін жағдай жасайды, қалыпты деңгейдегі дамыған құрдастарымен күнделікті қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді, әлеуметтік бейімделуі және қоғамға кіріктіруге қатысты мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық және психологиялық түзете қолдау туралы» заңына сәйкес жалпы білім беру мекемелерінде білім алатын және кезінде «оқыту мүмкін емес» оқушылар қатарына жататын балаларға түзете отырып, педагогикалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін жаңа түрдегі арнайы білім беру мекемелерінің желісі кеңейтілуде.

Мұндай мекемелерді құру қажеттілігі елімізде бар арнайы (түзету) мекемелердің барлығында түрлі ауытқушылығы бар балаларға дұрыс түзете отырып, педагогикалық қолдау көрсетуге толықтай мүмкіндік жоқ болғандықтан туындаған.

Бүгінгі күні республикамыздағы арнайы ұйымдар жүйесінде 63 түзету және инклюзивті білім беру кабинеті, 129 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 20 оңалту орталығы және 479 логопедиялық пункт қызметтерін жүзеге асыруда.

Қазіргі таңда түзете білім беру ұйымдарының желісін сақтап, жетілдіру және инклюзивті білім беру жүйесін қатар дамыту ең тиімді қадам болып табылады. Мұндай жағдайда түзету ұйымдары жалпы білім беру мекемелерінде қызмет жасайтын мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік орталық, білім алып отырған тұлғалар және олардың ата-аналарына кеңес беру және психологиялық-педагогикалық түзете көмек көрсету қызметін атқарады. Арнайы білім беру бағдарламалары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту сегіз типтегі арнайы (түзету) ұйымдар жүйесінің қызмет жасауы арқылы жүзеге асады:

-9 арнайы балабақша және 274 балабақша топтарында 10 мыңға жуық мектеп жасындағы балалар қамтылған;

-9169 мүгедек бала үй жағдайында білім алады;

-25 мыңнан астам бала 20354 оқушыға арналған 1564 мектепте және 4970 мектеп жасына дейінгі балаларға арналған 274 топта арнайы жағдайлармен қамтамасыз етілген жалпы білім беру мекемелеріне біріктірілген.

Бұл қызметтің басты бағыты ретінде баланың дамуындағы ауытқушылықты анықтап, дамуында бұзылыстары бар балалармен түзету жұмыстарын ерте жастан ұйымдастыру болып табылады. Бұл мақсатта 57 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес жұмыс жасайды.

Кейбір аудандарда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес жүйесінің жеткіліксіздігі анықталды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында болуы керек 17 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің екеуі ғана қызмет жасауда, Алматы қаласында 5 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің орнына 2 ғана қызмет жасауда (Қазақстан Республикасының «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық және психологиялық түзете қолдау туралы» заңына сәйкес аудан әкімінің шешімі бойынша 60 мың балаға бір психологиялық-медициналық- педагогикалық кеңес құрылуы тиіс).

Мектеп жасына дейінгі балаларға қажетті психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек уақытылы көрсетілген жағдайда баланың дамуындағы негізгі кемшіліктерді оқытудың бастапқы кезеңіне түзету, жалпы білім беру мектептерінде оқытуға дайындауды қамтамасыз етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру мақсатында баланың психофизиологиялық және танымдық мүмкіндіктерінің деңгейін ескеретін, оқытудың нұсқауларын қарастыратын білім берудің арнайы типтік оқу бағдарламалары құрастырылып, бекітілген. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды кіріктіре (инклюзивті) оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар дайындалды.

Жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді табысты ұйымдастырудың жағдайы ретінде баланы білім беру мекемелеріне толыққанды кіріктіруді қамтамасыз ететін бейімделу ортасын құру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы, 3-бап. //Егемен Қазақстан. 27 шілде, 2007.
2. Хақимжанова Г.Д., Айдарбекова А.А. Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями в условиях массовой школы, -Алматы, 2001. 8-10 бет.
3. Сүлейменова Р.А., Хақимжанова, Г.В. «Отечественной и зарубежный опыт включения детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Проблемы и пути решения», Алматы, 2001ж.- 10-52б
4. Сүлейменова Р.А. «Проблемы и основные тенденции развития специального образования в Республике Казахстан» //Вестник АГУ им. Абая. Серия «Специальная педагогика». – 2004. –№1. –С.3-13.
5. Международная защита прав и свобод человека: сборник документов - М.: 2005.
6. 2011-2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010, 18 – маусым.
7. Жанділдаева Ж. Инклюзивті білім беру мазмұны. //Қазақстан мектебі, 2011, №7, 60-61 б.
8. Айдарбекова, А.А. «Актуальные проблемы специального образования в связи с переходом общеобразовательных школ на 12-летнее обучение» // Проблемы обучения и воспитания лиц с особыми образовательными потребностями в свете реализации Закона Республики Казахстан «О Социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями». - Алматы, 2005.- С. 15-19.
9. Елисеева, И.Г. «Новый подход к созданию образовательных программ в систем специального образования». Проблемы обучения и воспитания лиц с особыми образовательными потребностями в свете реализации Закона Республики Казахстан «О Социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями». - Алматы, 2005. – С.20-22.

ӘОЖ 37.016:78:82:894.342

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ «МУЗЫКА» ПӘНІМЕН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ ПРАГМАТИЗМІ

Пірімова Ә.Ә.

Абай атындағы №138 орта мектебінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы, Қызылорда, Қазақстан
E-mail: pirimova86@mail.ru

Резюме

В данной статье рассматривается оптимальное внедрение инновационных методов обучения казахской литературе совместно с дисциплиной «Музыка». Прагматизм интегрированной учебной дисциплины – это способность развивать навыки критического мышления и творческий потенциал человека, принимая информацию целостным образом.

Summary

This article considers the optimal introduction of innovative teaching methods in the Kazakh literature with the "Music" discipline. The pragmatism of the integrated teaching discipline is the ability to develop critical thinking skills and creative potential of a person by adopting information in a holistic way.

Қазақстандық білім беру жүйесі жаһандық сын-тегеуріндерге төтеп

беруде адам капиталының сапасын көтеру мен функционалдық сауаттылыққа, тұлғаны «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде тәрбиелеуге басымдық беріп отыр. Білім алушылардың алған білімін өмірде қолдана алатындай кең ауқымды дағдыларын қалыптастыру – пәнді кіріктіре оқытуда тиімді жүзеге асады.

Жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ әдебиеті» пәні мен «Музыка» пәнінің арасындағы байланысты педагогикалық тәжірибемде бірнеше тұрғыдан қарастырдым.

1) Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің түрлі музыкалық аспаптармен жырлануы;

2) Толғау-жырлардың, ән-күйлердің шығу тарихы: Қорқыттың күйлері, «Ақсақ құлан», «Нар идірген» (Т.Ахтанов), «Есіл тасып барады» (С.Мұқанов) т.б.

3) Абай Құнанбайұлының әндері;

4) Әнші-ақындар шығармашылығы;

5) Әнші, күйшілердің әдебиеттегі көркем бейнесі және музыканың құдіретін таныту. (Ж.Аймауытов «Әнші» әңгімесі, С.Жүнісов «Ақан сері» романы, І.Жансүгіров «Құлагер», «Күй», «Күйші» поэмалары).

Әуезді үнді, ырғақ пен музыка құдіретін, өнер иесінің талантын оқырман жүрегіне сөзбен жеткізу, сезіміне әсер ету ақын, жазушының шеберлігін, музыкадан терең білімін қажет етеді. Әдебиеттанушы ғалым А.Байтұрсынұлы: «Қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады», - деп сөз өнерін өнердің барлық түрінен жоғары бағалады [1].

Оқу бағдарламасына сәйкес пәндерді кіріктіре оқыту оқушылардың

берілген жаңа ақпаратты тұтастықта қабылдауға, эстетикалық талғамын арттыруға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде жаһандану дәуірінде тұлғаның санасын жаңғыртып, ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал етпек. Бұл пікіріме Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген сөзі негіз бола алады [2].

Демек, рухани құндылықтарды оқушыларға интеграциялық тұрғыдан ұғындыру ақпараттық кеңістікке жол ашып, ұлттық болмысты сақтау мен танытуға негіз болады.

Мәселен, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 8-сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәнінде ұзақ мерзімді жоспардың «Қиял мен шындық» деп аталатын 4-бөлімінде Т.Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі берілген. Соған сәйкес «Күй ойнайды қазағымның қанында..» деп аталатын сабақ тақырыбының оқу мақсаты: *Б/С. 8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.* Оқу мақсатына жету үшін тапсырмаларды белсенді әдістермен былайша ұсындым.

«Борт журналы» әдісі бойынша күй, аспапта орындау тақырыбы туралы

ақпаратты оқушылар «Bilimland» сайты арқылы танысып, жазады.

Оқушылар аудиотаспадан «Нар идірген» күйін тыңдайды. Бір-бірімен пікір алмасып, білімін толықтыру, коммуникативтік жағдаятқа түсу үшін жұптық жұмыс ұйымдастырылады.

1-жүп «Диктоглас» әдісі бойынша күйді сөзбен сөйлетеді.

2-жүп күйден алған әсерін монолог түрінде жазады.

3-жүп күй туралы ақпарат алмасу мақсатында диалог құрастырады.

«Ашық микрофон» әдісімен шығарманың идеясы, көркемдік ерекшелігі, гуманизм сөзінің мағынасы жайында ашық және жабық сұрақтар ұсынамын.

Қазақ халқында күй өнерінің алар орны ерекше. Ол замана жайын, қоғам тынысын ұғындырып, адамды түрлі сезімге бөлейді. Т.Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесінде Осындай оқу әрекеттерін орындаған оқушы күйдің көркемдік-идеялық маңызын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазуға бағдар алады. Міне, осы сабақты «Музыка» пәніндегі күй, аспапта орындау тақырыбымен кіріктіре оқыту оқушылардың көркем шығарманы бағалау, салыстыру дағдыларын дамытады [3].

Көркем шығарманы өнердің басқа салаларымен, оның ішінде, музыкамен салыстыра қарастырып, өз ойын еркін, дәлелді, салыстыра жеткізе білетін тұлға қалыптастыру – аталған пәндерді кіріктіре оқытудың прагматизмі болып табылады.

Сонымен қатар 10-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығында арнайы тарау ретінде «Әнші-ақындар поэзиясы» берілген. Өзі өмір сүрген кезеңнің әлеуметтік, адамгершілік мәселелері алға тартылып, адам жанының нәзік сезім күйлері шертілетін қазақ әдебиетіндегі ерекше сала – әнші-ақындар шығармашылығы. Бұл салаға жататын Ақан сері Қорамсаұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Сегіз сері Шақшақұлы, Мұхит Мералыұлы, Әсет найманбайұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы өнердің бірнеше түрін бір арнаға тоғыстыра білген өнер иелері. Әнмен өрілген туындылары эстетикалық сұлулық, әсерлі эмоция сыйлайды. Әнші-ақындар қазақтың халықтық музыкасын дамытуда қаншалық биікке көтерілсе, лирикалық өлеңдерімен төл әдебиетімізде де елеулі орын алады [4].

Ерекше өнер иелерінің шығармасын көркемдік-эстетикалық, танымдық тұтастықта қабылдауға бағдарлауда пәнді «Музыкамен» кіріктіре оқытуға басымдық беру білімнің тұлғаға бағытталуының нәтижелілігін танытады. Оның бірінші қыры – ғылымға бағдарлау: оқушылардың тақырып бойынша зерттеушілік қабілетін ашу, ғылыми ізденіске баулу, екінші қыры – орындаушылық өнерге бағыттау: әншілік, күйшілік, аспапта орындаушылық қабілетін шыңдау, үшінші қыры – өмірге бағдарлау: алынған ақпаратты есте сақтау, қажет кезінде қолдана білу.

Әсерлі әуен мен оның сөзін өзара әсем үндестікте жеткізетін олардың шығармаларын танытуда педагогикалық тұрғыдан инновациялық әдіс-тәсілдерді былайша қолдануға болады:

1. Әнші-ақындар шығармашылығындағы сабақ тақырыбына байланысты әнді немесе шығармаға арқау болған күйді тыңдату, тақырып бойынша пікір

алмасу үшін «Радиоға қоңырау шалу», «Автор орындығы», «Сиқырлы ұяшық», «Әуенді тап» әдістері мен рөлдік ойындар;

2.Әнді караокемен оқушылардың өздеріне айтқызу. Әннен алған әсерін немесе әннің туу тарихын жазбаша баяндау.

3.«Құнды пікірлер» әдісі бойынша оқушылар алған мәліметті интерпретациялайды, автор идеясы жөнінде өзара пікір алмасып, топта бір-бірінің пікірін тыңдауды, бағалауды үйренеді. Көркем шығарманың эстетикалық-көркемдік қуаттылығын бағалайды. Мұндай тапсырмалар шығарма мазмұнын ашып қана қоймай, оқушының белгілі бір тұжырым жасауына, адами асыл қасиеттердің рухани қажеттілігі жөнінде ойлануына түрткі болады.

4.РАФТ әдісімен авторға, ән мен күйден алған әсерін баяндап хат жазу, **екі жақты күнделікке** негізгі мәселе бойынша пікірін білдіру жеке тұлға бойына рухани құндылықтарды дарытудың тиімді жолдары деп білемін [5].

Бұдан шығар қорытынды: оқушы аудио-визуалды тәсілмен және сыныптастарымен тақырыпты ортақ талқылауы, тәжірибе жасауы барысында алған білімі оған өмірлік азық бола алады [6].



(1-сурет)

XXI ғасырда кез келген ортада табысқа қол жеткізуі үшін адам капиталының сапасын жақсарту – бүгінгі таңда мектеп мұғалімдеріне зор міндет жүктейді. Білім беру саласындағы маңызды басымдықтардың бірі – пәндерді кіріктіре оқыту. «Қазақ әдебиеті» мен «Музыка» пәндерін бір-бірімен байланыстыра оқытудың мақсаты да өнер туындыларын өзара бірлікте тұтастай тану арқылы рухани құндылықтарға баулу, жан-жақты жетілген, рухани жан дүниесі таза, сыни тұрғыдан ойлана білетін шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. -Алматы: Атамұра, 2003.- 208 бет.

2. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. ҚР Президентінің мақаласы/. 26.04.2017. www.egemen.kz
3. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. www.nao.kz
4. Қазақ әдебиеті (ХІХғ.): Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық /С.Қирабаев, Ұ.Асыл, Г.Құрманбай, т.б.- Алматы: Мектеп, 2006.- 376 б.
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы.- Алматы, 2015.- 180 бет.
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

ӘОЖ: 372.3

МҰҒАЛІМ - ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ, ДАМУШЫЛЫҚ РӨЛІ

Сабыр М.Қ.

ҚР білім беру ісінің үздігі, оқытушы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

Сәрсенбек А.

5В010600-Музыкалық білім мамандығының 3-курс студенті

E-mail: eljan_77@mail.ru

Резюме

В статье рассматривается формирующая, развивающая роль творческих способностей преподавателей. Педагог современной эпохи должен уметь не только владеть системой психиатрического образования, знаний и навыков в различных научных и культурных областях, но и быть специалистом, овладевшим системой технологий, инструментов и техник, обучающих будущее поколение квалификации и жизненным навыкам. Как показывает опыт музыкального образования, школьные учителя часто не знают педагогической теории, педагогических научных достижений.

Summary

The article considers the teacher of the modern era should be able not only to master the system of psychiatric education, knowledge and skills in various areas of scientific and cultural knowledge, but also to be an expert who has mastered a system of teaching technologies and tools and techniques aimed at mastering the skills and life skills of future generations. As the experience of music education shows, school teachers often do not know pedagogical theory, pedagogical scientific achievements.

Бүгінгі қоғамдағы мұғалім шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Қазіргі ақпаратты көздер мен техниканың дамыған заманында оқушыға берілетін білім де сол техникалармен байланысты болу керек деген ойдамын.

Жалпы бүгінгі қоғамдағы мұғалімнің ерекшеліктеріне тоқтала кетсем:

Қазіргі заман мұғалімі қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлуметтік парызына жауап беруді көздейтін, жаңалыққа сирек, өз ісіне

гуманистік сезіммен қарайтын, педагогикалық күрделі үрдістердің барысын идеялық- адамгершілік тұрғысынан шеше алатын, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген [1], балалардың талапкерлілігі мен қабілетін өздігінен еркінен дамуын ұйымдастыра алатын, және ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастықты орнатуға бейімі бар әр шығармашылықпен еңбек ете алатын маман болуға тиіс. Ол шәкірт жүрегіне жол табарлық пәнін қызықтырарлық жол іздейді, өз білімін жетілдіреді, жаңа технология пайдаланады. Өйткені шәкірттен терең білімділікті, ұстамдылықты, еңбекқорлықты, мәдениеттілікті талап ету үшін мұғалімнің өзі сол қасиеттердің үлгісі боларлық дәрежеде болуы тиіс. Сөйтіп, өмір талабының артта қалмаған, үнемі шығармашылық іздену үстіндегі ұстаз ғана шәкірттердің сеніміне ие болып, сый-құрметіне бөленбек.

Сонымен мұғалім өткен тәжірибесін жаңа мен ұштастыра алатын кәсіби қызығушылығы жоғары танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, ғылыми зерттеу жұмыстарын таңдай білетін, педагогикалық үрдістің заңдылықтарымен етене таныс, оқытудың әдістемелік жаңалықтарынан хабардар, оқыту үрдісін ізденімпаздықпен арттыратын өз ісінің шебері болуы керек.

Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігі туындап отыр. Осыған мемлекетімізде білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуде. Соның бір дәлелі - «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы» жариялануы болса, Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауында да білім беруге үлкен мән беріліп оты [2]. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып тараған күйлер мен әндер жас ұрпақты тәрбиелеудің құралы. Біздің жас ұрпақтар өнерде де жақсы мен жаман бар екенін, өтерлік пен шындықтың қатар жүретінін, бірақ әрқашан да шындық. Әділдік нағыз халық үшін жазылған музыкалық шығарма ғана мәңгі өмір суретінен білу керек. Мұндай шығарманың тәрбиелік мәні өте зор. Әрбір оқушы өз халқының мәдениеті мен әдебиетін, өнері мен әдет-ғұрпын білім біліп өсуі қажет. Сонымен қатар халық музыкасы оқушылардың ақыл-ойына сезіміне әсер етіп, эстетикалық тағылым береді және балалардың шығармашылық қабілетін арттырады. Бағдарламаға халықтың ауызекі шығармашылық кейбір сатылады алынып отыр. Олар: мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, балалар ойындары ертегі, аңыз-ертегілер, әңгімелер. Осы мұғалім оқушыларының жан-жақты тәрбиесінде орынды пайдалануы қажет. Мақал-мәтелдерді жұмбақтарды балалардың жас ерекшелігіне, сабақтардың мазмұнына байланысты талдап, тәрбиелік мәнін оқушыларға түсіндіру қажет. Мектептегі музыкалық тәрбиенің жетілдіру жолдарын белсенді іздестірумен сипатталған жаңа кезек болып саналады [3].

Сабақ жоспары мұғалімнің сабақта ұйымдастыруына жүргізуіне көкмектеседі. Әсіресе, қызметін жаңа бастаған оқытушылар сабақтың

мазмұны, оқыту әдіс-тәсілдері нақтылы белгіленген конспектті дайындағаны дұрыс. Ал сабақ жоспарын өте-мөте мәнді қағидалар ғана көрсетілген қысқаша ғана тезис түрінде дайындауға болады. Қандай сабақ жоспары болмасын, оларда сабақтың өтілуі мерзімі, міндеттері, қолданылатын қосымша жабдықтар көрсетіледі. Бұдан әрі сабақтың барысында оның кезендері оқушының оқу мотивтері, әдіс-тәсілдері мазмұны мен формалары туындайтын сұрақтар мен жауаптар, тапсырмалар, тексерулем мен түзетулер, үй тапсырмаларының мазмұны, оған берілетін нұсқаулар қарастырылады.

Қоғамдық мәдениеттің деңгейіне, өндірістік қатынастардың дамуына сәйкес, оның мақсаты мен мазмұны, сипаты, әдіс-кұралдары, тәрбие формалары белгілі бір өзгеріске ұшырап отырды.

Музыка - көркем өнер саласының бірі. Музыка өмір шындығын белгілі бір ойды, образды, идеяны әуен, ән, ырғақ арқылы бәрін бір жүйеге келтіре мазмұндайды, баяндайды. Музыка - қоғамдық сананың формасы ретінде адамдардың эмоционалдық сезіміне тікелей ықпал етуші эстетикалық тәрбие құралы. Ол эстетикалық тәрбиенің басты мақсаты болып табылатын жеке тұлғаның эстетикалық талғамын, эстетикалық идеясын қалыптастырады, болмыстағы құбылыстар мен өнер туындыларындағы әсемдікті саналы түрде қабылдай білуге үйретеді және өзіндік шығарымшылық қабілеттерін дамытады.

Музыка өнері - адамзат қауымының пайда болуымен бірге қалыптасып, қоғам дамуының барлық сатысында өмірлік мәні зор тәрбиелік қызмет атқарып, бүгінгі күнге жеткен сарқылмас рухани қазына.

Қоғамдық мәдениеттің деңгейіне, өндірістік қатынастардың дамуына сәйкес, оның мақсаты мен мазмұны, сипаты, әдіс-кұралдары, тәрбие формалары белгілі бір өзгеріске ұшырап отырды.

Сабақ жоспары мұғалімнің сабақта ұйымдастыруына жүргізуіне көкмектеседі. Әсіресе, қызметін жаңа бастаған оқытушылар сабақтың мазмұны, оқыту әдіс-тәсілдері нақтылы белгіленген конспектті дайындағаны дұрыс. Ал сабақ жоспарын өте-мөте мәнді қағидалар ғана көрсетілген қысқаша ғана тезис түрінде дайындауға болады. Қандай сабақ жоспары болмасын, оларда сабақтың өтілуі мерзімі, міндеттері, қолданылатын қосымша жабдықтар көрсетіледі. Бұдан әрі сабақтың барысында оның кезендері оқушының оқу мотивтері, әдіс-тәсілдері мазмұны мен формалары туындайтын сұрақтар мен жауаптар, тапсырмалар, тексерулем мен түзетулер, үй тапсырмаларының мазмұны, оған берілетін нұсқаулар қарастырылады.

Қоғамдық мәдениеттің деңгейіне, өндірістік қатынастардың дамуына сәйкес, оның мақсаты мен мазмұны, сипаты, әдіс-кұралдары, тәрбие формалары белгілі бір өзгеріске ұшырап отырды.

Музыкалық сабақтарды ұйымдастырудың әдістемелері қазіргі әлеуметтік тақырыптарға, балалар мен жастар образын жасауға арналған. Композитор творчествасынан лирикалық әуен басты орын алды. Айқын әуезділік, ойнақылық, юмор, жігерлілік пен өміршендік оның музыкасына тән қасиет. Балалар мен жастарға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру

проблемаларымен айналысқан өнер ретіндегі музыканы музыка оқу пәнімен табиғи байланыстарын көпшілікке музыкалық тәрбие берудің педагогикалық тұжырымдамасын жасаған. Көп кешікпей академик Д.Б. Кабалевскийдің тың көзқарастағы музыкалық-педагогикалық тұжырымдамасы өмірге келді. Аталған тұжырымдама автордың болашақ музыка пәнінің жаңа бағдарламасының жаршысы болған «Об основных принципах и методах программы по музыке для общеобразовательной школы» атты мақаласында және бірқатар кітаптарында көрініс тапты. Музыка өнері өмірдің ажырамас бөлігі ретінде эстетикалық, тәрбиелік, танымдық функциялар атқарады. Бұл туралы Д.Б.Кабалевский былай деп тұжырымдаған: «Адам жасаған өнер сол адам туралы және адам үшін жасалады, музыка мен өмірдің байланысының мәні осында жатыр. Міне, сондықтанда өнер үнемі адамдардың идеалдық дүние-сін байытып, рухтандырып, дүниетанымын бекітіп, күш-қуатын арттырып келеді».

Соңғы 10 жылдықта көптеген шетелдердегі білім беру жүйесінде өзгерістер жүріп жатқаны байқалады. Білім беру пәлсапасында дәстүрлі жалпы сауаттылықтан жоғары қызметі бар білім парадигмасы жетекші бағытына айналуға. Білім берудің бастауыш сатысы сол білімнің тәуелді негізі болуға бағдар алып, оқытуды ақпараттандыруға, соған сәйкес жаңа технологияларға баса көңіл бөлінуде. ЮНЕСКО тұжырымдамаларында көрсетілгендей, тәуелді сауатсыздық өркениет көшінде жалпы адамзаттық қатер болып отырғаны барған сайын айқындала түсуде. Ол ғылыми-практикалық ілгерілеудің жедел қарқынмен дамуымен түсіндіріледі [4].

Халықаралық білім беру жүйесіне кірігу проблемасы өзгермелі жылжымалы білім беруді күшейте отырып, тәуелді білім парадигмасына ауысуда жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық оқумен жүзеге асады. Мектептегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған. Мұнда негізінен, оқытуды ізгілендіруге сүйеніледі, ол оқытудың жеке тұлғаға бағдарлануын, жеке тұлғаның дамуы мен тиянақталуының үрдісі мен нәтижесін оның әлеуметтік тұрақтылығы мен қорғалуының құралы қызметтерін қамтамасыз етеді. Оның өзі оқытудың мақсаттары, мазмұн түрлері мен әдістерін анықтау тұрғысы болып табылады, оларға жаңа мазмұн-мағына береді.

Музыка пәнінің мұғалімі ән айту, музыка тыңдау, музыка сауатын меңгеру тәрізді сабақтың «дәстүрлі бөлімі» шеңберінің құрсауында қалмай, оны нақтылы өмір шындығымен, қоршаған орта туралы түсініктермен ұштастыра білуі тиіс. Мұғалімдер музыка пәнінің музыка өнері заңдылықтарын терең түсінумен қатар, оның өмірімен, әдет-ғұрып, салт-сана, эстетика, этика және басқа да өнер салаларымен тығыз байланысты жүргізілуіне, музыканы тыңдау, оны қабылдауда оқушылармен тепе-тең бірлікте, бір деңгейдегі өзара сенімдік ара-қатынас жағдайында өткізуіне назар аударуы тиіс [5].

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016.
2. Назарбаев, Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауы, 2012.
3. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.
4. Дуйсембінова Р.К. Қазақтың әншілік өнері: Оқу құралы. - Алматы: Өнер, 1998. - 110 б.
5. Дуйсембінова Р.К. Музыкалық білім беру педагогикасы: оқу құралы. - Талдықорған, 2006. - 216 б.
6. Ахметова М. Ән өнері және уақыт. – Алматы: Өнер, 1993. – 198 б.

ӘОЖ 372.8:78

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫН ОҚУШЫЛАР СНАСЫНА СІЦІРУ

Умирханова Ш.А.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Қазмемқызпу, Алматы, Қазақстан
Shynar.umirhanova80@mail.ru

Айнабекова Н.Т.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Қазмемқызпу, Алматы, Қазақстан
Naziko2030@mail.ru

Резюме

В настоящее время государство уделяет особое внимание развитию культуры. Президент Н. Назарбаев в своем Послании народу акцентировал внимание на работе по возрождению и распространению среди населения культурных ценностей казахского народа. В статье рассматриваются вопросы творческой организации учителя музыки на уроке, умения заранее ориентировать учебно-воспитательную задачу каждого занятия, ориентировать его цели, находить необходимые методы и приемы, осознавать на своем уроке вопросы нравственно обогащения, формирующие музыкальную творческую способность ребенка, для повышения активности учащихся. Также предусмотрены пути систематического улучшения самодеятельного и эстетического воспитания учащихся в увязке с национальным культурным наследием народа.

Summary

Currently, the state pays special attention to the development of culture. President N. Nazarbayev in his Address to the people focused on the work on the revival and dissemination of cultural values of the Kazakh people among the population. The article deals with the issues of creative organization of music teachers in the classroom, the ability to pre-Orient the educational task of each lesson, to Orient its goals, to find the necessary methods and techniques, to realize the lesson questions of moral enrichment, forming the musical creativity of the child, to increase the activity of students. There are also ways to systematically improve the Amateur and aesthetic education of students in conjunction with the national cultural heritage of the people.

Қазақстан Республикасының халыққа білім беру жөніндегі Заң

негіздерінде оқыту мен тәрбиелеудің басты принциптері: оқыту мен тәрбиенің бірлігі, балалар мен жастарды тәрбиелеудегі мектептің, отбасы мен жұртшылықтың өзара ынтымағы; жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің, өмірмен байланысы; білімнің ғылыми сипаты, ғылымның, техниканың, мәдениеттің ең жаңа жетістіктері негізінде ұдайы жетілдіріліп отырылатындығы айтылған. Бастауыш сыныптардағы тәрбие жұмысының нақты мазмұны мен әдістемесі осы принциптердің негізінде жасалады [1].

ҚР ұлттық мектебінің қалыптасу кезеңінде бүгінгі бала білімі мен тәрбиесіне жіті қараушылық орын алып отырғаны белгілі. Тәуелсіздік алғалы жыл сайын жүргізіліп отырған білім реформалары біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп қарағанымыз жөн болар. Себебі қай елдің болсын даму жолы, яғни экономикалық әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол - сол елдің білімінің дамуы болшып табылады. Яғни болашақта бәсекеге қабілетті ел қатарына ену міндетін бәсекеге қабілетті маман мойнына жүктелетін абыройлы да жауапты міндет болып отыр [2].

Қандай мамандық болсын өзіне тән ерекшеліктері бар. Музыка пәні мұғалімінің де жеке тұлға ерекшеліктері бар. Негізгі міндет: оқу, тәрбие жұмысын атқарып, оқушылардың көзқарастарын сендіруі қажеттілігін, мұратын қалыптастырады. Ол жай ғана білікті адам емес, өз пәнін жақсы меңгеріп және жоғары тұлғалы дәрежелі мұғалім болу керек. Музыка мұғалімі өз сабағында шығармашылықпен ұйымдастыра отырып, әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік міндетін, оның мақсатын алдын-ала бағдарлай біліп, қажетті әдіс-тәсілдерді таба білу, оқушының белсенділігін арттыру үшін өз сабағында баланың музыкалық музыкалық шығармашылық қабілетін қалыптастыратын рухани байытатын құрал ретінде қарау мәселесін сезіне білуге дағдылануы тиіс. Мұғалім туралы қазақтың аса көрнекті қайраткері, ақын, аудармашы-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керек білімді, әрі педагогика, әдістемеден хабардар, оқытып білетін мұғалім» - деп баға бергені бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ.

Халық тағылымы арқылы музыкалық өнер – балаларды тәрбиелеу құралы. Халық музыкасы сезімді, көңіл-күйді оятады, ал көңіл-күй психологиялық күйді тұрақтатады. Психологиялық күй адам санасында өмірге деген белгілі дәрежелі қатынасты бекітеді. Музыка өмір қозғалысында даму динамикасында шындықты бейнелейді. Музыканың мазмұны сезім, эмоцияға көңіл-күй болып табылады [3]. Рухани дүниетанымын дамыту және пән әдістемесін үйрету дегеніміз ол балалармен музыкалық тұрғыдан жұмыс жасайтын, мақсат-міндеттерден, мазмұны, нысандары мен әдіс-тәсілдерді үйрететін пән. Ол музыканың өмірі мен байланысын ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін, әдебиет пен халық ауыз әдебиетін, бейнелеу өнері мен тарихтың байланысын сол аймақтың, халықтың тұрмысы мен салт-дәстүрінің байланысын оқып үйрететін пән. Әдістеме – дидактикалық қағидалар негізінде әдіс-тәсілдер, мақсаттар мен міндеттер оқу-тәрбие үрдісін құратын педагогиканың бір саласы болып табылады [4]. Халық музыкасы, халық әуені мен әуезі –тұлғаны оның сана-сезімін, құндылық қондырғысын, мінез-

құлқын, адамгершілік қабілетін қалыптастырудағы ең күшті құрал. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті – ұлттық ерекшелік болып саналады. XX ғасырдың музыка – тануында бүкіл дүниежүзінің музыкалық мәдениеті дамуы жағынан алуан түрлі екендігі бәрімізге мәлім, әрбір мәдениеттің музыка феномені әр түрлі болады да, тарихи жағында да әр түрлі болды. Мысалы, Еуропада ортағасырлық кезеңде тек шіркеулік музыканы қаласа, жаңа дәуірде шіркеулік музыкамен қатар театрлық музыка таныла бастады. Қазақ музыкасы – ислам дүниесіне жақын болғандықтан, оның концептуалдық жанры-күй, жыр және айтыс. Жалпы қорыта келе айтқанда, оқушыларда музыка өнеріне дүниетанымын қалыптастыруда, халық қазынасын, халық тағылымын халық музыкасын тыңдатудың үлкен маңызы бар. Ал балалардың қаншалықты музыканы қабылдай алу дәрежесі мұғалімнің шеберлігіне және сабақта әдістемелерді дұрыс қолдана білуіне байланысты. Оқушылар музыканы қоршаған ортаны, өмір мен адамның сезімін бейнелейтін құралы ретінде түсінеді.

Қазақ халқының өзге халықтар сияқты өзіне тән ұлттық мәдениеті, тарихи-этнографиялық ерекшеліктері бар. Ол ерекшелік ертеден қалыптасқан аңыз әңгімелер, дастан хикаялар, т.б. Өткен ғасырлар қазақ халқының аңыз әңгімелері мен фольклорлық ән-күйлерін, жыр дастандарын зерттеп халқымыздың мәдениетіне шексіз үлесін қосқан зерттеушілер бар екені мәлім. Алғашқы зерттеушілер А.Алектров, С.Рыбаков, Г.Потанин, Ш.Уалиханов, т.б. болса, кейінірек А. Затаевич, А.Жұбанов, Б.Ерзакович, П.Аравин, т.б. ілгері дамытты [5]. Қазақстанда музыка қайраткері ел арасындағы көпшілікке таралмай, нотаға басылмай жатқан қазақтың халық әндері мен жырларын, күйлерін халық арасынан зерттеу саласында өнер зерттеушісі, ғалым, фольклорист А.Затаевичтің қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ол өз өмірінің он бестен астам жылын қазақтың халық әндері мен жырларын халық арасынан жинау ісіне арнаған. Соның нәтижесінде 2500 қазақ әндері мен күйлерін нотаға түсіріп, қазақ өнерінің іргетасын қалаушылардың бірі болды. «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 әндері мен күйлері» атты жинақ құрастырды. Сол кездегі жинап қалдырған әндері мен күйлері өңделіп, сұрыпталып бүгінгі күні халық игілігіне асып отыр. Қазақ халқының бай музыкалық мұрасын тағы басқа іздеуші ғалымдар әлі де зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді.

Музыкалық оқу орындарында, мектептерде қазақтың халық музыкасын оқушылар санасына сіңіру – мұның бәрі оқу бағдарламасына байланысты жүзеге асатын іс. Соған орай Республикада ұлттық музыканы жеткізіп, оқушыларға, студенттерге дәріс беру үшін оқу бағдарламаларымен оқу құралдарын толықтыру міндеті тұр. Осы мақсатқа орай ұлттық мәдениетімізді игерудің, зерттеп зерделеудің тиімді тәсілдерін көрсеті, оларды білім алушылар санасына жеткізудің әдістерін анықтау міндеті де туындайды. Сондықтан да бүгінгі күнге дейін қолданып келген педагогикалық, әдістемелік тәсілдерімізге айтарлықтай өзгерістер енгізуді көздейді. Оның негізгі қағидалары этнопедагогика талаптарынан туындауға

тиіс. Оқу орындағы пайдаланып келген көршілес мемлекеттердің оқу бағдарламаларын дайын күнінде қазақ мектептеріне қолданудың күні өтті. Ендігі жерде оқу бағдарламалары, атқарылатын шаралар идеологиялық тәуелсіздік ұстанымдарына негізделуі шарт.

Оқу орындары - тарихи мәдени білім берудің негізгі жолы. Оқу мен тәрбие егіз болса, оның бірін алып, бірін қалдыруға болмайды. Музыкалық білім берудің негізі – ұлттық дәстүрде. Ұрпақтың бойына қазақ халқының ғасырлар бойы дамып жетіліп келген мәдени музыкалық мұрасынбойына сіңіру қажет. Халықтың бай мұраларының көркем де тарихи үлгілерінің ел тағдырымен байланысын сезініп, оны тыңдап түсініп, бағалай білгенде ғана іс нәтижелі болмақ. Соңғы жылдары кәсіби мамандардың жарық көрген мектеп бағдарламалары мен оқулықтарында ұлттық мұрамыз туралы жазылып, кейбір жағдайларда сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асыру көзделген. Мысалы «Музыка» оқулықтарында «Дәстүрлі жыр» өнеріне үшінші сыныптың бір тоқсаны берілген. Жыраулық өнер ірі-ірі эпостық жырлармен байланысты. Эпос - эпикалық ойдың тарихи моделі. Қазақ халқының дәстүрлі эпикалық жанрлары – жыр, терме, толғау, желдірме т.б.

Оқулықта жыр, терменің бірқатар үлгілерінің ноталық мәтіні бар. Сондай шығармаларды алғаш тыңдап, келе-келе орындап игеру арқылы оқушылардың ой-өрісін танымдық қабілетін дамытуға болады. Сондай-ақ шығармаларды алғаш тыңдап, келе-келе орындап игеру арқылы оқушылардың ой-өрісін, танымдық қабілетін дамытуға болады. Сондай-ақ «Елім-ай», бағдарламасы бойыша қазақ халқының дәстүрлі көркемдік мәдениеті арқылы оқушылардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесін қалыптастырудың маңызын ерекшелеп айқындай түскен. «Мұрагер» бағдарламасының авторы А.Райымбергенов өз халқының әдет-ғұрпын, өнерін, тілін тереңірек үйренуге шақыра отырып балалар бойына отансүйгіштік сезімін тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлген. Домбыра аспабын ауызша, нотасыз ойнауға, оқушының түсінуіне тиімді әдіс тәсілдерді қолданады. Оқытудың жеңілден бастап күрделіге көшу қағидасы бойынша өзінің іс-әрекетінде оқушылардың домбырада жеңіл жаттығулар мен ән, күйлерді орындаудан, бірте-бірте күрделі шығармаларды меңгеруге көшуі елеулі жетістіктерге әкеледі. «Сыр елі – жыр елі» (құрастырушылар: Ш. Құлманова, М. Оразалиева, Б. Сүлейменова) бағдарламасының да айтарлықтай ұтымды тұстары бар. Авторлық ұжым түрлі шығармашылық тапсырмалар арқылы эпикалық жанрды, халық аңыздарын музыкалық репертуарға қосып оқушылардың қызығушылығын, ынта жігерін арттыруды көздеген [6].

Музыка өнерінің шығармашылық табиғаты мен ұлттық хор репертуары музыка мұғалімінің шығармашылығын танытуға мол мүмкіндік береді. Музыкалық бейнені елестете білу музыка мұғаліміне тән процесс. Біздің тілімізде бұл деген тыңдау, естігенімізді көре білу, бейнесін көзге елестету. Музыкалық дыбыстар үйлесімінде тұтас шығарманы өзің көргендей етіп елестетуге жетелеу орындаушылық шеберлігінің көрсеткіші. Алайда осы

бейнені басқаға жеткізу үшін, ең әуелі әрине өзің елестете білуің қажет. Біздің санамызда ішкі ассоциациялық бейненің – көру және естудің – үздіксіз тізбегі пайда болып отыруы тиіс. Бұл «ішкі көріністі елестету» және «ішкі дыбысты есту» деп аталады, ол ой-қиял қабілетіне негізделеді. Музыкалық туындының бейнелігі мен айқындылығы, педагогтың әңгіме болып тұрған мәселе жайлы бейнелі көріністі жаңғырта білуінің мәні зор. Өйткені Л.Ш.Какимова, Л.Б.Бахтигулованың ойынша, материал бейнесін «көре» білу, ұғыну қабылдаудың едәуір күрделі сатысы ретінде абстракциялық ой қалыптастыруға жәрдемдеседі. Айтылып отырған мәселені оқушыға елестету ерекше актуальды педагогикалық міндет, ал олардың қаншалықты шешілетіні көбінесе педагог-музыканттың орындаушылық, теориялық, дидактикалық біліміне, шығармашылық белсенділігіне байланысты, – дейді Э.Б.Абдуллин. Оқушыларға сөз болып отырған музыканы елестете алатындай дәрежеде сабақ ұйымдастырылса, материалды қабылдау деңгейі анағұрлым жоғары, ал оны меңгеру процесі – әсерлі бола түседі. Жалпы айтқанда, шығармашылық белсенділік ұлттық хор репертуарын оқу үдерісінде игеру жолдары арқылы музыка мұғалімінің сабақтағы шығармашылық белсенділігін педагогикалық ықпалдастығын арттыра түседі.

Сондықтан да музыка мұғалімінің музыкалық-шығармашылық қызметін бағалауда әсіресе белсенділік деңгейі ұлттық хор репертуарын оқу үдерісінде игеру жолдары арқылы ескерілетінін айта отырып, «педагог-музыкант іс-әрекеті белсенділік, сана мен шығармашылық, үш әрекеттің синтезі» екеніне назар аударамыз. Осы тұжырымды практикада дәлелдеп, педагог-музыканттың әрбір өткізген сабағы «өзгеше шығармашылық» екенін айтады Р.Р.Джердималиева, М.Х.Балтабаевтар.

Музыка мұғалімінің музыка сабағындағы өткен сабақ ерекшеліктерін еске түсіріп, жаңа жағдайын орнату және оны өткен жолығымен байланыстыру, бұрынға жоспарланған бірлесіп әрекет ету, моделімен тез арада салыстыру, алдағы әрекеттерін, әрекетте жүйесі мен ерекшеліктерін айқындау Т.Ш.Ахметова, осының барлығын бірнеше секундта ой елегінен өткізу шығармашылық белсенділігінің белгісі. Және де дәл осы кезеңдерде көбінесе қажетті сөздер, дауыс ырғағы, дене қимылы пайда болатынын айтады [7].

Әрине, «музыкалық материалды елестете білуде мұғалімнің бейнелік ой өрісі, педагогикалық қиялы, яғни, шығармашылық белсенділігі, шешуші рөл атқарады. Мұғалім сөзі оқушы сезім мен санасына әсер етуі, ойлауын, іздестіру әрекетіне деген қажеттілігін ынталандыруы тиіс» деген Р.Ш. Сыдыкова. Бұл жөнінде зерттеушілер К.Т. Гаркуша, Т.У. Оспанованың ойы: музыканы оқудағы шығармашылық белсенділік туындауы мен жүзеге асырылуымен өзгешеленеді, бұл музыкалық дыбыстарды тек есту арқылы адамның елестетуі, музыкалы ырғақты қимылдар орындау ғана емес, бұл және музыкалық интеллектуальды талдау, синтездеу әрекеттері. Автордың ойынша «студент музыка мазмұнын ести отырып түсінеді, ...ой-елегінен өткен музыкалық дыбыстар бейне, ой, қиял тудырады, өз бетінше ойланып

қорытынды шығару, саналы-қабылдау процесі орындаумен қатар жүреді. Өйткені «музыка эмоционалды таным», «эмоциялар арқылы музыкада біздер тіршілік тынысын естиміз» деген И.Н.Немыкина. Осылайша, музыка мұғалімі іс-әрекетінің күрделілігі мен көп мәнділігіне назар аударып отырып Л.Г.Арчажникова педагог-музыкант маманын шығармашылық белсенділіксіз дамыту мүмкін емесін айтады. Шығармашылық белсенділік – бұл оқушының жеке тұлғалық, музыкалық қабілеттер жиынтығы ол музыкаға қызығу, білім мен дағдылар, қажеттіліктен бөлек педагог-музыканттың музыка сабағына қажетті музыкалық материалды таңдай алу мен тиімді қолдану, музыкалық-педагогикалық іс-әрекет шарты.

Ғалым А.А. Момбектің пайымдауынша педагог-музыкант шығармашылық белсенділігін айқындайтын іс-әрекеттер: қарама-қайшылық себеп салдарын талдау, қорытынды шығарып, шешім қабылдау; музыкалық-педагогикалық жағдайда байланысты әдістемелік ізденіс жүргізу; оқушылармен өткізілетін сыныптан тыс жұмыстардың жаңа түрлері мен әдістерді іздену; музыкалық шығарманы өз орындаушылық тәсілінде орындау ептілігі. Әрине, музыкалық шығарманың өзін және оны меңгерту әдіс-тәсілін білумен қатар музыка мұғалімі өзінің практикалық тәжірибесіне сүйенеді [8].

Сонымен, жоғарыда атылған ой-пікірлердің байламы, шығармашылық белсенділік интегралды қасиет сияқты, түрленгіш әрекет жеке тұлғаның дайындығымен жанасады. Өйткені, жеке тұлға шығармашылық белсенділігі адам баласының әлеуметтік жетілуінің жоғары деңгейі және тәрбиенің нәтижесі, өзін-өзі тәрбиелеу, ол оқыту, қоғамдық қатынастарда іске асады. Шығармашылық белсенділік әлеуметтік құбылыс сияқты жеке тұлғаның мағыналы іс-әрекетінің өзіндік, жасампаздық құбылысында көрініс табады. Жас маманның шығармашылық белсенділігі қоғамдық байланыстар және қатынастар саласында тоқтаусыз дамиды, уақыт өте әлеуметтік құндылыққа ие болады. Демек, жоғарғы оқу орнының педагогикалық процесі жеке-тұлға қабілетінің жоспарлы дамуын қамтамасыз етуі тиіс, бұл процесс шығармашылық іс-әрекетті одан әрі ширақтандыруға талпыныс береді, сол себепті шығармашылық белсенділік – бұл жеке тұлғаның интегративті сапа қасиеті, әлеуметтік мәнінің көрінісі, сонымен қатар, кәсіби қалыптасуды айқындайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш музыка мұғалімінің кәсіби қалыптасуы мен музыкалық педагогикалық іс-әрекетті табысты да тиімді орындауын қамтамасыз етеді. Сонымен, жоғары және жалпы білім беру мектептерінің алдына қойылған тапсырмаларды және өзінің еңбегінің әлеуметтік мағынасын терең түсінген шығармашыл жеке тұлға ғана шеше алады. Оқытушылар өздерінің кәсіби шеберлігінің арқасында оқушылар санасына қазақтың халық музыкасын сіңіріп халықтық ұлттық дәстүрді жалғастырады. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде өз халқының тарихын, мәдениетін, дәстүр-дағдысын білуге ұмтылтуымыз керек. Сондықтан бұл бағытта айтылатын да, жазылатын да жаңа бағдарламалар мен толымды пікір ұсыныстардың болғаны абзал. Қазір еліміздің барлық білім беру жүйесінде

ұлттық мәдениет пен тарихымызды тереңдетіп оқытуда тың тақырып, жаңа идеялар, соны ізденістерді қажет етеді. Бұл – уақыт талабы.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Уразалиева М.А. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды өнерге баулуда сыныптан тыс жұмыстарының орны мен маңыздылығы // Қазмемқызпу Хабаршысы. 176 бет.
3. Берне Р. Развитие Я-концепции и воспитание. – М.: Просвещение, 1986. – С. 276.
4. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания // Собр. соч. – М.; Л.: Изд-во АПН1989
5. Турсунов Е.Д. Происхождение носителей казахского фольклора. Монография. - Алматы, 2016.
6. Кулманова Ш.Б Традиционная музыка как средство воспитания детей в исследованиях ученых и педагогов //Педагогика и психология, -2016- № 2. - стр.176-181.
7. Ахметова Т.Ш. Сборник научных статей. -Алматы, 2007.
8. Инструментальная подготовка учителя музыки: методология, теория и практика. Монография. -Алматы, 2010 – с.96.

ӘОЖ 371

XVIII ғ. Бірінші Жартысындағы Қазақ Хандығының Ішкі-Сыртқы Саяси Жағдайы және Көрші Елдермен Қарым-Қатынасы

Алдияров О.Қ.

Қ. Сәтбаев атындағы № 12 жалпы орта мектебі, тарих пәнінің мұғалімі
Түркістан, Қазақстан
N12_satbaev@mail.ru

Резюме

В научной статье проводится исследование внутренних и внешнеполитических условий Абулхайрского ханства, политика Российской Империи в Казахстане и внешняя политика Казахского ханства.

Summary

The scientific article explains the reasons for the internal and external conditions of the Abulhair Khanate. The structure of the Russian Empire in Kazakhstan. Outside the Kazakh Khanate - analysis of domestic political conditions.

Әбілқайыр ханның Ресей патшалығымен дипломатиялық келісөздері. Аңырақай шайқасынан кейін қазақ билеушілері арасында жіктеліс туды. Деректемелерде шайқасқа қатысқан сұлтандардың мінез-құлқындағы мұндай келіспеушіліктің себептері туралы айтылмайды. Одан кейін көп ұзамай сұлтан Әбілмәмбеттің қазақ хандарының ордасы - Түркістанға көшіп кеткені, ал Әбілқайырдың асыға көшіп, орыс шекараларына бет алғаны мәлім. Аңырақай шайқасынан кейін қазақ хандары мен сұлтандары арасындағы жікке бөлінушілікке жоғарғы билік үшін күрес негізгі себеп болды деп санаудың негізі бар. Тәукенің ұлы, қайтыс болған аға хан Болаттың орнына Орта жүзден - Сәмеке, Кіші жүзден Әбілқайыр

үміттенді. Көпшіліктің тандауы Әбілмәмбетке түсті. Сәмеке мен Әбілқайыр өздерін елеусіз қалдырды деп тауып, шайқас алаңынан кетіп қалды, сол арқылы қазақ жерлерін жоңғар басқыншыларынан азат етудің ортақ ісіне оңдырмай соққы берді.

Жоңғар әскерлері шапқыншылық жасаған жылдар қазақтар тарихына «Ақтабан шұбырынды» жылдары болып еніп, қазақ жүздерінің экономикалық және саяси өмірінде ұзақ уақыт бойы терең із қалдырды.

Қазақтар материалдық және адам жағынан шығындарға ұшырап қана қойған жоқ, сонымен қатар уақытша Жетісудағы бай жайылымдарынан айырылды. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшіп-қону бағыттары бұзылды, Сырдария ауданы мен Жетісудағы егіншілік мәдениетінің ошақтарын жойып жіберілді. Қазақ руларының жайылым іздеп батысқа және солтүстік-батысқа ығысуы үлкен қиыншылықтарға ұштасты. Ол Жайық пен Еділ арасындағы көшіп жүретін кеңістік туралы мәселені шиеленістірді, қалмақтармен және башқұрттармен үздіксіз қақтығыстарға әкеп соқты. Жоңғар феодалдарының Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды басып алуының қазақ қоғамының экономикалық және мәдени өмірі үшін елеулі зардаптары болды. Қазақ рулары сауда және қолөнер орталықтарынан бөлініп қалды, ірі феодалдар қала халқынан алым алу мүмкіндігінен айырылды.

Орта жүзде өз хандары болды. Олардың ішінде белгілілері — Сәмеке, Күшік. Соңғысы наймандардың едәуір бөлігінің ханы болды және орыс шекарасынан алыста көшіп жүрді. Орыс шекарасына Сәмеке ханның қоныстары жақынырақ орналасты. Олардан басқа Орта жүзде Әбілмәмбет және Барақ сұлтандардың ықпалы зор болатын [1].

Жоңғар басқыншылығы қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарында да терең із қалдырды. Елдің қаңыратылып, күйзелтілуі кедейлер — байғұстар, қоңсылар, жатақтар және басқалар санын көбейтті. Дербес шаруашылық жүргізу мүмкіндігінен айырылған олар бай мал иелерінде бақташылар, үй қызметшілері ретінде жұмыс істеуге мәжбүр болды. Олардың көбісі тіршілік көздерін іздеп, батысқа, орыс шекараларына кашты. Бірақ бұл жерде де олардың шеп өңіріндегі қазақтарға немесе шекарадағы орыс қоныс аударушыларының ауқатты шаруашылықтарында батырақ болуына тура келді. Тағдыр Орта Азия хандықтарынан баспана іздеуге мәжбүр еткендердің жағдайы да нақ сондай еді.

Қазақтардың 1730 жылғы Аңырақайдағы жеңісіне карамастан, Жоңғар хандығының жаңадан шабуыл жасауының тікелей қауіп-қатері жойылмады. Билік басына қазақ хандықтары жөнінде тым басқыншылық саясат жүргізген Галдан-Цереннің келуі, мұндай шабуыл қауіпінің күшейгенін көрсетті, оның үстіне қазақ хандарының өздері де, соның ішінде Әбілқайыр да, жоңғар феодалдары тұтқынға алған тайпаластарын қайтару ниетінен бас тартпайтын.

Қазақ хандықтарының Бұхарамен және Хиуамен қатынастары шиеленіскен күйінде қалды. Рас, 30-жылдарға қарай қазақ билеушілерінің Орта Азия хандықтарымен қайшылықтары біршама бәсеңдеуі мүмкін болды.

Қазақ хандықтарының Еділ қалмақтарымен және башқұрттармен өзара

қатынастары күрделі болып қала берді. Әбілқайырдың башқұрт ақсақалдарымен шапқыншылықты тоқтату туралы келіссөздері табысқа жетпеді. Кіші жүздің батыстағы шекарасында бейбітшілікке қол жеткізу Әбілқайыр ханның ең басты сыртқы саяси міндеттерінің біріне айналды. Басты дұшпан - Жоңғар хандығымен күресуге қолды босату үшін бұл өте қажет болатын.

Қазақ хандықтары билеушілерінің алдында маңызды да күрделі міндет – қазақ жүздерін сыртқы жаудан қауіпсіз ету және елде күшейе түскен феодалдық бытыранқылық үрдісін жою міндеті тұрды [2].

Қазақ қоғамының ішкі күрделі даму жағдайларында, жоңғарлар мен Еділ қалмақтарының, башқұрттардың, Жайық және Сібір қазақтарының коршауында, шын мәнінде экономикалық оқшаулау, ұлы империяның тұрақты қысым көрсетуі жағдайында бола отырып, қазақ жүздерінің билеушілері Ресей империясы сияқты одақтас іздеуге мәжбүр болды.

Әбілқайыр ханның отарлаушы әкімшілікпен қарым-қатынастардың шиленісуі.

Бір жағынан, ықпалды сұлтандар, ақсақалдар арасында, екінші жағынан, үш жүз бірлестіктерінің іс жүзінде тәуелсіз хандары арасында тамыр жайып алған араздық халықты топтастыру, біртұтас халықтық жасақ құрудың бұрынғы дәстүрін қайта жанғырту жөніндегі күш-жігерді жоққа шығарды.

Осындай өте қиын жағдайларда Петербург сарайына жүгінуге өзі бастамашы болудың, сол кезде-ақ ыдырап кеткен біріккен қазақ одағының сыртқы саяси бағдарында түбірлі бетбұрыс жасау жауапкершілігін өз мойнына алудың және ойрат күштерінің бейбіт ауылдарға кезекті жойқын шабуылын күтпей, орыс императрицасының кезкарасын айқындаудың күрделі миссиясы Әбілқайыр ханның еншісіне тиді.

XVIII ғасырдың 20-жылдарына дейін сұлтан болып жүрген кезінде-ақ, Әбілқайыр орыстың дипломатиялық топтарына едәуір белгілі болатын. «Ақылы жеткілікті және қулықтан да ада емес адам», – деп ол жөнінде А. И. Тевкелев осындай пікір айтқан. Ол ең алдымен қазақ мемлекеттілігінің стратегиялық мүдделерін басшылыққа алып, екінші жағынан Ресей әкімшілігіне сүйене отырып, өзінің басқа бәсекелестерінен жоғары болуға, оларды саяси аренадан ығыстырып шығаруға ұмтылды, атақты Тәуке ханның заманында болғанындай, өзі біріккен хандықтың жеке-дара басшысы болу мақсатымен, халыққа қасіретті зардабын тигізетін ойрат басқыншылығына жол бермеу үшін күш пен мүмкіндікті біріктіруге тырысты. Осы міндеттерді іс жүзіне асыруға ұмтылған ол 1730 жылдың жазында Уфа наместниктігі арқылы Петербургке өз елшілігін жіберіп, Ресей императрицасынан өзін ұлысымен бірге Орталық Азияның көптеген үлкенді-кішілі халықтары қамқорлығына кірген Ресей империясының бодандығына қабылдауды өтінеді.

Сол кезге қарай Петербургтің дипломатиялық қызметі елдің Азиядағы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын елшілік құжаттарын әзірлеу мен шығыс елдерінің өкілдерін қабылдау жөнінде едәуір көп тәжірибе

жинақтаған еді.

Аюкенін Еділ қалмақтарын, Кабарда княздігін, грузин билеушілерінің жерлерін Ресей құрамына қабылдау Сыртқы істер алқасы дипломатиялық қызметінің өрісін едәуір кеңейтті, бұл жолы да Әбілқайырдың елшілігіне барынша құрмет көрсетілді, оның Құтлымбет Коштаев бастаған 7 адамнан тұратын елшілері құрметпен қабылданып, бағалы сыйлықтар тартылды, дала өңіріне Сыртқы істер алқасының тілмашы А. И.Тевкелев бастаған үлкен комиссия косылып, әскери күзетертіліп қайтарылды, олардың ішінде «жерлерді сипаттау үшін жіберілген екі геодезист – Алексей Писарев пен Михайло Зиновьев болды. Ол дәуірдегі құжаттар А.И. Тевкелевтің мемлекеттік қызметке кірген уақытын көрсетуге мүмкіндік бермейді [3]. Оның Сыртқы істер алқасына алынуы І Петрдің 1722 жылғы парсы жорығынан біршама ертерек болғаны анық. Оның үстіне А. И. Тевкелев үшін «шығыс сөздерінің тілмашы» кәсібі әсте де жаналық болмаған, «...Әр түрлі қағаздарында» оның өзі жазғанындай, оған дейін де ата-бабалары өздерінің тамаша лингвистикалық білімін Мәскеудің елшілік приказында қолданған.

Петрдің мемлекеттік қызмет мектебінен еткен А.И.Тевкелев кейіннен оның өзі мойындағандай, жоғарылап, наградалар алуға үміттенген, бұл «ұлы мәртебелі императордың қайтыс болуы себепті» жүзеге аспай қалған. Қазақ елшілігін Кіші жүзге кері қайтаратын күні А.Тевкелевке 12 тармақтан тұратын, мазмұны қызықты «Нұсқау» табыс етілді. Төрт парақтың екі бетіне қолмен айдақтатыла жазылған бұл құжат дипломатиялық миссия үшін өзінше бір іс-қимыл бағдарламасы болған. «Нұсқау» негізінде ол арнайы «Журнал» жүргізген, соның арқасында императрицаның грамотасын қабылдау кезінде де, Кіші жуз бен Орта жүзде ішкі саяси жағдайдың одан кейінгі шиеленісу кезеңінде де хан ордасында қалыптасқан нақты жағдайдың қандай болғанын көрсетуге мүмкіндік бар.

«Шығыс тілдерінің тілмашы Мамет Тевкелевке оны қырғыз-қайсақ ордасына оларды Ресей бодандығына келтіру үшін жіберген кездегі Мемлекеттік сыртқы істер алқасынан нұсқау» - оның бұдан кейінгі мансабында және қазақ-орыс өзара қатынастарының тарихында терең із қалдырған ішкі саяси ведомство нұсқауларының толық және ресми атауы осындай.

А.И.Тевкелев сапарының негізгі мақсатын нақтылай түсу тұрғысынан алғанда «Нұсқаудың» үшінші тармағы өте бағалы, онда Ресей бодандығын қабылдау мәселесінде хан төңірегінде алауыздықтар анықталған жағдайда дипломаттың еркін нұсқалар тандау жоспарының болуы түсінігіне кілт берілді: «...хан мен ақсақалдардың және басқа да қырғыз-қайсақтардың бүкіл нанымы бойынша өз антына адалдығы көрсетіліп, оған қол қойып, оны Тевкелевке беретін болсын. Ал егер хан және басқалар одан бас тарта бастаса, оларды оған Тевкелев көндірсін».

Қазақтар мен Ресей қарым-қатынасы. Петербургте хан өкілдеріне кейбір көтермелеу белгілерін беру одан кейін Ресей императрицасының меймандостығы мен ілтипатының міндетті белгісіне айналды. Бұл жолы да

сый-сыяпатсыз болған жоқ, кейініректе оған Нұралы хан да, атақты Абылай да, Әбілқайырды өлтірген Барак сұлтан да ашықтан-ашық кол жеткізді. А.И.Тевкелевтен Анна Иоанновнаның атынан тартулар, «атап айтқанда: қылыш, бұлғын тон, қара түлкілі екі бөрік, мәуіті және «басқаларын» беріп жібере отырып, Сыртқы істер алқасы оған ханға оларды Әбілқайыр «адалдыққа ант бергеннен» кейін ғана тапсыруға қатаң өкім етті [3].

Империяның ішкі губернияларына неғұрлым жақын орналасқан Кіші жүзге дипломат жібергенде, үкіметте ол жөнінде жеткілікті ақпарат болған жоқ, тек Қазақстанның солтүстік-батыс аудандары туралы Сыртқы істер алқасының кеңсесінде жинақталғандардың бәрі алдын ала алынған, үзік-созық сипатта болғанын ғана айтуға болады, ал А. И. Тевкелев дипломатиялық тәжірибені сонда жинақтаған еді. «Нұсқауда» оған «қырғыз-қайсақтар туралы мәліметті» жазып алу, «елдің орфографиясын, халыққа бодандықтың ұнайтын-ұнамайтынын, оның көршілері кімдер екенін... өздері зеңбіректер құя білетін-білмейтінін зерттеу...» міндеті жүктелді.

Белгілі тарихшы Н.А.Маев жүз елу жыл өткен соң, өзі жинаған деректер негізінде даладағы істің жайы туралы да, халықтың салты туралы да, тіпті оның тілектері туралы да сенімді мәліметтері болмай, жорамалмен әрекет еткен үкіметтің көзқарасын сын көзбен бағалады.

5 қазанда А.Тевкелев Ырғыз өзеніндегі хан ордасы орналасқан Майтөбе сайына келді. Атақты мейманды бастап жүруді хан үлкен баласы, тәжірибелі жауынгер, әкесінің қызметін түгелдей қолдаған Нұрмұхамед-Әли Баһадүрге (Нұралыға) тапсырды. Алайда Ұлы даланың тілі де, әдет-ғұрпы да жақын, түсінікті болған бұрынғы татар мырзасының күрделі дипломатиялық мансабының алғашқы қадамдарының өзі көрнекті ақсақалдардың, сұлтандардың аса зор қарсылығына ұшырады, олардың көпшілігі «бәрі өтірік» екенін біліп алып, орысқа бодандық туралы есіткісі де келмеді, «ханды соқыр тиын сияқты да көрмеді». Ашық оппозиция қатты ренжіткен А.И.Тевкелев үнжырғасы түсіп кеткен Әбілқайырдан оның императрицаға өтініші бүкіл «қырғыз-қайсақхалқының» келісілген қадамы деп «оның елшілері Мәскеуде сөз жүзінде не үшін дұрыс ұсыныс жасамағанын», бұл өз өкілеттігін асыра көрсетудің көрінісі емес пе, «ал қазір өтірік болып шығып отыр, демек оны бір өзің істегенсің» деп мазалай бастады. Күзеттегі бір башқұрт та оған ханға қарсы топтардың келіссөзді сәтсіздікке ұшыратып, грамотаны қабылдауға жол бермеу ниетінде екенін ескерткен болатын. Башқұрттар, соның ішінде кейіннен Ресейге адалдығы үшін тархан атағы берілген Таймас Шаимов табын руының даңқты батыры Бәкенбайдың, оның күйеу баласы Есет батыр мен немере інісі Құдайменді мырзаның қолдауға уәдесін алуды ұсынды, оның пікірінше, бұлар «барлық ақсақалдардан жақсы әрі күшті адамдар және байлығы мол... солар арқылы оған, Тевкелевке пайда келеді». Тевкелев өз қалауымен әрекет жасап, «тәуелсіздікті қорғаушылардың бірнешеуін өзіне қаратып алды».

Бөкенбай тобының қолдауы жағдайды бәсеңдетті. Сатып алу, сөз байласу, ал кейде өзінің Ресей империясының сенім білдірген адамы екенін

айтып коркыту арқылы Тевкелев өзінің бұдан кейінгі әрекеттерінің негізін нығайтуға және хан ордасындағы күштердің арақатынасын езгертуге қол жеткізді. «Мен барынша томеншіктеп, жан-тәнімді салып, өз отаныма адал қызмет көрсетуге деген жалғыз-ақтілекпен, екі жылға жуық уақыт бойы үнемі өлім қаупіне бас тіге жүріп, аштыққа шыдап... оның үстіне бүкіл қабілетімді жұмсап, бүкіл орданы көндірдім, осындай бақытқа толы табыспен және осындай уақытта, дәл бодандыққа келтірдім...», – деп жазды кейініректе А.И. Тевкелев[4].

Бірінші болып бодандыққа Әбілқайыр хан ант берді, оған Бөкенбай ақсақал, содан соң Есет батыр, Құдайменде мырза қосылды. Сол арада адалдыққа 27 ақсақал ант берді. Сонымен қазіргі кейбір басылымдарда жазылып жүргеніндей, 27 емес бастапқыда антты ханнан басқа ақсақал аталатын 29 адам бекітті.

Қазақтың үш жүзіне хан бола алмаған Әбілқайырдың шекарадағы орыс жеріне бірнеше рет шапқыншылық жасауы, башқұрттарды орыс жерінен бөліп алуды көздеген мақсаты Кіші жүз халқының Ресеймен келісімі тұрақты болмағандығын көрсетеді. Сөйтіп тұрақты саясат жүргізе алмаған хан кешегі досы Ресей отаршыларының келісімі лен Барақ сұлтанның қолымен өлтірілді. Ал, Әбілқайырды қолдап, Ресейдің бодандығына қол қойған рубасылар патша тарапынан алған сый-сияпат, шекпен кигеніне мәз болды. Өз басының дәрежесін ойлаған Әбілқайыр да, болмашы сыйлыққа мәз болған ру басылары да болашақ ұрпағының қамын ойламағандықтарын өз істерімен дәлелдеді. Сондай-ақ қарапайым халық өкілдері Бөгенбай, Жәнібек батырлар бұл келісімді бодан емес, әскери одақ деп ұққаны анық. Өйткені, шындығында, қазақ халқы өз еркімен басқа ұлтқа құл болуға келіседі. Бодан болу деген сөз құл болумен пара-пар.

Күрделі де мазасыз жағдайда басталған бұл тарихи үрдіс ХІХ ғасырдың 50-60-жылдарында әскери-мәжбүрлеу құралдарымен аяқталды, дегенмен алдын ала атап өтейік -Маңғыстаудың баруға қиын аудандарында көшіп жүрген адайлар мен басқа да кейбір ру бөлімшелері ХІХ ғасырдың 80-жылдарына дейін Ресей империясының билігін мойындамады[6].

Әбілқайыр хан дегеніне жетті, сөйтіп императрицаның грамотасы заңды күшіне енді. А.Тевкелев те хан төңірегіндегілер ризашылығына бөленіп, көшпелілердің көпшілік бөлігіне жеккөрінішті болып, өзіне жүктелген миссияны орындады, бұл туралы мәліметтер даланың алыс түкпірлеріне едәуір кешігіп, «ұзынкұлақ» арқылы ауызекі айтылуда орасан өсіріліп жетіп жатты. Жасалған фактіге Орта Азияның түрік иеліктері, әсіресе Хиуа хандығы қатты аландады, мұны Орталық Азияның мұсылман елдері шептерінің әлсіреуі деп санады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Очерктер. Көне заманнан бүгінге дейін. -Алматы, 1994.
2. Қазақ ССР тарихы 5-томдық. 4-5 томдар. - Алматы, 1981.
3. Маданов Х. Қазақ халқының арғы-бергі тарихы. -А., 1995.
4. Әбдіәкімұлы Ә.Қазақстан тарихы. -А., 1997.
5. Мамырұлы К. Қазақ тарихы. - А.,1995.
6. Кузембайұлы А., Абил Е. История Республики Казахстан. - А.,1998.

САН ҒАСЫРЛАРДАН БЕРІ СЫРЫН САҚТАҒАН АСПАП – ДОМБЫРА

Елжанова Р. Н.

Магистр, аға оқытушы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

E-mail: Raushan74@mail.ru

Резюме

В этой статье предоставлены исторические данные происхождения казахского национального инструмента - домбра.

Summary

This article presents the historical data of the origin of the Kazakh national instrument - dombra.

Домбыра – қазақ халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Көне Шумер тілінен аударғанда «кішкене садақ» деген мағына береді. Алматы облысы, Жамбыл ауданы аумағынан шамамен 2,5 ғасыр бұрын табылған таста қашалған суреті мен 16 ғасыр бұрын Мысыр еліндегі Нахт қабіріне салынған пішінінен еш өзгермеген. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады. Аспап әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалады. Тоғыз, он бір, он төрт, жиырма төрт пернесі болады. Күй арнайы құлақтарымен келтіріледі. Аспап үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді.

Домбыра – сан ғасырлардан бері сырын сақтап, қазақ даласында кеңінен танымал аспап. Дегенмен домбыра әр аймақта әр түрлі болып келеді. Солтүстік, орталық, оңтүстік аймақтарда домбыра көлемі шағын, жеті-тоғыз пернелі болса, Батыс Қазақстан аумағында кездесетін домбыра шанағы жұмыр, мойны ұзын, он екі, он төрт пернелі болып келеді.

Домбыра аспабының негізгі екі түріне байланысты аспапта күй орындаудың екі түрі «төкпе» мен «шертпе» қағыстары қалыптасқан. Сазды күйлер Арқа өңірінде, ал төкпе күйлер батыс аймақтарда кең таралған.

Домбыра шертудің «сұқпа» (сұқ және орта саусақпен шертіп ойнау), «жап тақымта» (ішекті бос күйінде қағып, пернені басып отыру), «іліп-қақпай» (ішекті іліп қағу), «теріс қақпай» (жоғары-төмен) деп аталатын түрлері бар.

Домбыра аспабының екі ішекті түрінен басқа үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, шіңкілдек немесе «Балақай домбыра» деген түрлері бар.

Домбыра аспабында халық күйлерін ғана емес, батыс және шығыс классикалық шығармаларын, танымал туындыларын орындауға болады.

XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың

қатарына қосылды.

Әр түрлі ескерткіштерге, сондай-ақ этнографтардың жазып қалдырған еңбектеріне жүгінсек, домбыра және өзге халықтардың осы тектес аспаптары тіпті сонау орта ғасырларда белгілі болған екен. Мысалы, Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінен тамбур аспабы жайында оқимыз. Өзбектердің домбыраға өте ұқсас екі ішекті дутары алғаш рет әл-Хусейнидің «Музыкалық канон» деген трактатында ауызға алынды. Қазақтың халық аспабы домбыра XIV ғасыр жазбаларында кездеседі. Оның бастағы түрі мен құрылысы қазақтың домбырасынан аумайды, осындай аспап аттарының ұқсастығы да олардың түпкі шығу тегі бір екекін көрсетсе керек [1].

Өткен жүз жылдықта ұлы халық композиторы Құрманғазымен бірге Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Байсерке, Қазанғап секілді саңлақ күйшілер дүйім жұртты аузына қаратқан еді. Бұлар бармағынан бал тамған майталман домбырашы болуымен бірге нелер бір ғажап күй де шығарған шын мәніндегі өнер иелері. Солардың арқасында домбырада тартылатын күйлердің музыкалық формасы үздіксіз жетілдіріле түскенді. Домбыраның техникалық мүмкіндіктері артқан сайын домбыра тарту өнері де едәуір өрге басып, байи түсті.

Қазақстанның батыс аудандарында домбыра тартудың өзгелерге ұқсамайтын бөлек дәстүрі қалыптасқанын айту керек. Батыс аудандардағы домбыраның негізгі өзгешелігі, көлемі үлкен болып келеді, сондай-ақ шанағы сопақ, мойны жіңішке, перне саны көбірек. Сондықтан мұндай домбыраны тартқанда қолданылатын техникалық, тәсілдерді шанағы жалпақ домбыраға қолдану қиын, өйткені бұл соңғы домбыраның мойны едәуір енді және ондағы перне де аз.

Шанағы жалпақ домбыраның бірнеше нұсқасы кең тараған. Егер батыс аудандардағы домбыраларға 12-14 перне тағылса, ал шанағы жалпақ домбыраға не бары 7-8 ғана перне байланған. Перне санын арттыру процесі өте баяу жүрді және оның өзі орындалатын репертуарға тікелей байланысты еді. Әдетте, жаңа перне онымен алғаш орындалатын күйдің атымен аталынды. Пернелердің бірі домбырада «Түрікпен күйін» орындағанда байланды да, «Түрікпен пернесі» деп аталды. Бейтарап терция интервалын беретін басқа бір перне Қазақстанның батыс аудандарында «Сарыарқа пернесі» деп аталады [2].

Қазақ даласының әр өңірінде кездесетін домбыралар жергілікті жер жағдайына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен әр өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспапшы шеберлердің ісмерлігіне байланысты әртүрлі пішімде дамытылып, өзгеріп отырған.

Ән, жыр айтуға арналған домбыраның пернелері 8 – 9, әрі кеткенде 14 – 15-ке жетсе, күй домбырасына 20-дан астам перне тағылады. Олардың құлақ бұрауы да қажетіне қарай (кварта, квинта) өзгертіледі. Домбыра, негізінен, екі ішекті және кейде үш ішекті болып келеді. Домбыра тартуда қағыстардың түрлері өте көп. Мысалы, «сермеп ойнау», «іліп қағу», «шертіп ойнау», т.б.[2].

Қазіргі кезде домбыраның 20-дан астам түрлері бар. Олардың ішінде:

- эн мен күй домбырасы;
- торсық;
- тұмар;
- кең шанақты (екі нұсқасы);
- балдырған;
- балашық;
- шіңкілдек;
- аша;
- үш ішекті;
- қуыс мойын;
- шертер;

Оркестр домбыралары:

- қоңыр дауысты (альт);
- жіңішке дауысты (прима);
- ащы дауысты (секунда);
- бас домбыралар (екі нұсқасы).

Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Сондай-ақ, оның көптеген қосымша бөлшектері бар (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік). Домбыра тиегі үш түрлі болады (шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек).

Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді киелі ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен – құралып немесе ойылып (шауып) жасалады. Құрама домбыралардың шанағы жұқа тілшелерден құралып жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады.

Домбыра аспабы халықтық кәсіби өнердің туып – қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған. Байжігіт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, т.б. даңқты күйшілердің төкпе, шертпе күй дәстүрлерінің тууы, дамуы осы Домбыра аспабымен тікелей байланысты. Олардың дәстүрін, мұрасын бүгінгі күнге жеткізген Дина Нұрпейісова, Ә. Хасенов, Науша, Махамбет Бөкейхановтар, Т. Момбеков, М. Хамзин, Қ. Жантілеуов, С. Балмағамбетов, Л. Мұхитов, т.б. сияқты домбырашылар болса, қазіргі майталман орындаушылар – Қ. Ахмедияров, У. Бекенов, Р. Ғабдиев, С. Шәкіратов, Б. Ысқақов, Б. Тілеуханов, А. Үлкенбаева, А. Райымбергенов, т.б. [3].

Домбыра – тек күй тартуға ғана емес, эн айтқанда сүйемел үшін де қолданылатын аспап. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Мәди, Кенен, Әміре Қашаубаев, М. Ержанов, Ж. Елебеков, Ғ. Құрманғалиев, Қ. Байбосынов т.б. белгілі әншілер домбыраның энге әр беріп, әншіге демеу болатынын дәлелдеді [4].

«Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» - деп Ж. Молдағалиев ақын айтқандай, домбыра десе «қазақ халқы» деп айтып тұрғандай естіледі

[5].

Ерте кездерде домбыраны бітеу ағаштан жасайтын болған. Мұны «бітеу домбыра» деп атаған. Кейін келе құрама ағаштан басын, мойнын, кеудесін, шанақ, тиек бәрін де желімдеп жасайтын әдістер шыққан. Қазіргі кезде бітеу домбыраны жасайтын шеберлер аз. Домбыраның түрлері көп. Олар бір-бірінен ішек, перне санына қарай және сыртқы фигураларымен ерекшеленеді. Күй домбырасы «шертпе күй домбырасы», «төкпе күй домбырасы» болып екі түрге бөлінеді. Жырау, термеші сал-серілердің домбырасы төрт бұрышты шағын қалақшаға ұқсас болады. Домалақ шанақты «Абай домбыра», төртбұрышты қалақ сияқты «Жамбыл домбыра» деп аталады. Екі домбыраны қатар қойып жасаған домбыраны «қоссаз» деп атайды. Ал дауысы «таза» шығатын домбыраларды халық «шешен домбыра» деп атаған. Домбыраны қазақ киелі аспап деп үкілеп, биік таза жерге, не төріне іліп құрметтеп ұстаған. Домбырамен ісі жоқ, бір күй шертіп, ән сала алмайтын қазақтарды іштей «шала қазақ» деп жақтырмаған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аравин П., Жұбанов А. - Алматы, 1966.
2. Бексенбекұлы О. «Сазды аспаптар сыры». - Алматы, «Ана тілі» 1994.
3. Борисова И. «Книга об оркестре».
4. Санаққали Байжұманов «Қазақ аспаптар оркестрі». – Алматы, 1993.
5. Балтабаев М.Х. «Фольклор және вокалды аспаптық ансамбльдер» (музыкалық құрал) 1989.

ӘОЖ 378.02

ҚАЗАҚ БИИНДЕ ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ МҰРАНЫҢ ӨСПІ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛДАРЫ

Уразбаева Ж.А.

Магистр, оқытушы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Түркістан, Қазақстан

E-mail: muminka-0190@mail.ru

Резюме

В этой статье художественный принцип нового направления в искусстве хореографии состоит в том, чтобы исследовать содержание высокопрофессионального произведения и использовать хрупкий пластический язык открытия поведения персонажа.

Summary

In this article, the artistic principle of a new trend in the art of choreography is to explore the content of a highly professional work and use the fragile plastic language of the opening behavior of the character.

XX ғасырдың екінші жартысында қазақ би өнерінде айтарлықтар өзгерістер болғандығын жоғарыда атап көрсеттік. Ол өзгерістер кәсіби тұрғыдағы «Қазақ ССР-нің Мемлекеттік ән би ансамблінің» одан кейін

мемлекеттік «Салтанат» би ансамбльдерінің құрылуы. Бұл өнер ұжымдары халықтың ұлттық биін негізге ала отырып, заманауи тұрғыдан вокалды-хореографиялық және драмалық қалыпта дамытты. Әсіресе, бұл өзгерістерді мемлекеттік «Салтанат» би ансамблінің шығармашылық жұмыстарынан көруге болады.

Аталмыш өнер ұжымының табысты еңбектері жайлы профессор Т.О. Ізім өз еңбегінде «Міне, ансамбльдің біз саралаған жылдарында еңбек еткен өнерпаздардың барлығы да дерлік ұлттық өнеріміздің төрінде өзіндік орнын алған ірі шығармашылық ұжымдардың бірі болып танылуына ықпал жасады және соның жолында еңбек етті», - деп көрсетті. Бүгінде іргесі бекіп, Қазақстанның кәсіби би өнерінің дамуына өз улесін қосып келе жатқан «Салтанат» би ансамблінің бастауы болған, би өнерінің қара шаңырағына айналған «Мемлекеттік ән-би ансамблі» бүгінде тамырын терең жайып, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ансамбліне айналды.

Көрермен қауымның жоғарғы эстетикалық талап-талғамынан шығып жүрген ансамбльдер өзінің көркемдік-идеялық мазмұнының байлығымен бірге сан жағынан да өсіп көбейіп келе жатқаны белгілі. Мемлекеттік «Салтанат» би ансамблі қазақ би өнерінің кәсіби келбетінің қалыптасып, сахналық мәдениетінің өсуіне, елімізде би өнерінің шыңдала тусу кезеңіне мол улес қосты.

50 жылдан астам шығармашылық жолы бар мемлекеттік «Салтанат» би ансамблі қазақ музыка мәдениетінің ірі ошағы бола отырып, ұлттық хореография өнерінің талай майталман орындаушыларын тәрбиелегеніне көз жеткіздік. Билерді сахналауда халық көркемөнерінің ықпалы ансамбльдің шығармашылық бағыт-бағдарын анықтайды. Қазақстан хореография өнерін соның ішінде ұлттық биді насихаттау ансамбль мақсаттарының негізі болды. «Салтанат» би ансамблінің шығармашылығы халық биінің дамуындағы кезеңдерінің біріне айналды.

Ал, 1969 жылы құрылған Мемлекеттік «Гулдер» атты жастар эстрада ансамблі республикада би өнерінің дамуында жаңа леп әкелген ұжым болды. «Гулдер» ансамблі туралы ғалым Т.О. Ізім «Өркені өскен би өнері» атты еңбегінде «...ансамбль қазақ эстрадасының негізін қалап, жол бастаушы өнер ұжымы болды. Ансамбль құрамына енген бишілер тобы жаңа би қойылымдарын жастық жалынды толық жігерлілікпен орындау арқылы көрерменін тәнті қылған бірден-бір өнер ұжымы», - деп бағалайды.

Бишілерді басқарған Д.Б. Қиякованың осы орайда жаңа жол тауып, би өнеріне жаңа урдіс енгізгенін бүгінде біреу білсе, біреу біле бермейді. Оның осы ансамбльге арнап қойған «Домбра», «Кесте» тағы басқа билері көрермендер көңілінің төрінен орын алған шығармалар. Жастығымен сахнаның көркіне айналған алғашқы орындаушылар өз шеберліктерімен таңдай қақтырған. Қазақ биінің эстрадалық үлгісін қалыптастырған Д.Б. Қияқова бидің рухани қажеттілігін дәлелдеген балетмейстрлердің бірі болды.

Ал, 1985 жылы Алматы облыстық филармониясы жанынан «Алтынай» фольклорлық би ансамблінің құрылуы осы кезеңнің бір жаңалығы болды.

Ансамбль қазақтың ежелгі билерін қалпына келтіріп, сахналауды шығармашылық бағыты ретінде жұмыс жүргізген ұжым.

Би ансамблінің болмысы, оның шығармашылық жұмысы балетмейстер өнерінің деңгейіне тікелей байланысты екені белгілі. Осыны тусінген филармония басшылығы еліміздің белгілі өнер қайраткерлері Ш. Жиенкұлованы, Д. Әбіровті шақырып ел мұрасына айналған билерін ансамбль репертуарына енгізу арқылы жас өнер ұжымының сахналық шеберлігінің өсуіне ерекше ықпал етті. Бұл ансамбльдің үлкен өнер ұжымы санатына қосылуына аянбай еңбек еткен жанның бірі Мәскеу қаласындағы МХАТ-тың жанындағы К.С. Станиславский және В.И. Нимирович-Данченко атындағы театр училищесінің оқытушы-балетмейстері О.В. Всеволодская-Голушкевич. Ендеше бүгінде іргесі бекіп, Қазақстанның кәсіби би өнерінің дамуына өз улесін қосып келе жатқан «Салтанат», «Алтынай», «Гулдер» Мемлекеттік ансамбльдерінен осы өнердің ғажап үлгісін көріп, одан нәр алған би ұжымдары бүгінде тамырын терең жайып, көп салалы, кең өрісті өнер ошақтарына айналып отыр. Көрермен қауымның жоғарғы эстетикалық талап-талғамына жауап беретін ансамбльдер өзінің көркемдік-идеялық мазмұнының байлығы мен бірге сан жағынан да өсіп, көбейіп келе жатқаны белгілі.

«Фольклорлық және халықтық-сахналық билердің хореографиялық негізін әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан би тілі құрайды. Хореографиялық өнердің әлемдік дамуының жоғарғы баспалдағы болып табылатын классикалық бидің өзі халықтың пластикалық би тілі негізінде туған, эстетикалық жағынан өңделген, мамандарды оқыту үшін жүйеге тусірілген билердің мазмұны мен бейнелерін ашып көрсету үшін балет өнері қайраткерлерінің шығармашылық қиялы мен қанықтырылып, техникалық жағынан байытылған.

Жалпыға белгілі осы шындықты ескере келе, бірінші қазақ сахналық билерінің қимылдарын байыту үшін, оларды ары қарай дамыту үшін, ұлттық ерекшеліктерін баса көрсету үшін халықтың хореография тарихынан қарапайым білімінің болуы, халық билерінің мазмұны мен аттарын және оларды орындаушылардың аты-жөнін білу жеткіліксіз болды. Дегенмен, бағалы этнографиялық сипаттамалар және ертеден келе жатқан қазақ халық билерін орындаушыларды көрген адамдардың әсерлі әңгімелері көркем ойға қозғау салып, қажетті хореографиялық құралдарды іздестіруде мол мәліметтер береді. Мұның өзі халықтық билердегі қимылдарды және оның орындалу сипатын оқып уйренуді қажет етті» - деген қазақ би өнерін зерттеуші Д.Әбіров «Қазақ би тарихы» атты еңбегінде. Яғни, ғалым өзі жасаған жұмыстарының нәтижесінде қазақ халық билерінің көптеген қимылдарын анықтаған. Олардың кейбір қимылдарына тоқтала кетсек:

Ырғақты қадам - иықты көтеру және тусіру, тізені шұғыл бугу;

Тепең жорға - жорға аттың селкідетпесіз жай жүрісі;

Шоқаң жорға - жорға аттың шоқырағы;

Шабыс - шабу;

Ытқыма - секіру (әр турлі формада);
Айдаһарша иірілу - оралған жылан;
Тебінгі - атты тебіну;
Суйіртпе - аяғын суйрету.

Осы аталып отырған би элементтерінің барлығы да қазақ биінің өзгелерден айырмашылығы мен ерекшеліктерін айқындай тусетін элементтер екендігі даусыз. Оған дәлел ретінде мыналарды айтуымызға болады, Москвадағы Үлкен театрда өткен Бірінші бүкілодақтық халық билерінің фестивалінде «Насыбайшы» биін билеген қазақ халық бишілерінің бірі Ысқақ Быжыбаевтың шеберлігі жайында атақты балет тарихшысы, театртанушы Ю. Сломинский таңдана: «...мимикасы бай аса дарынды өз сезімін әзілмен суреттейтін керемет орындаушы. Міне, ол рахат сезімге ұйи отырып, насыбайдың бір шөкімін алып иіскейді, міне, ол тушкіргісі келеді: денесі ширатылып, көздері сығыраяды, бет-әлпеті тыжыраяды. Әйтеуір ол рахаттанған куйде тушкіреді, бір, екі уш рет - әр тушкіргенде секіріп және алға қарай ұшып туседі. Ешқандай натурализмсіз, бәрі көркем де нәзік, шеберлігіне таң қаласың», - деп жазды.

Ғалым Ю. Сломинскийдің айтып отырған бидегі бұл қимылдар қазақ халқының тұрмыстық өмір салтын бейнелейтін қимылдар болып табылады. Биде көрініс тауып отырған фольклорлық қимылдарды кәсіби хореография тіліне аудару бұрынғы сахна билеріне ерекше ұлттық сипат беретінін көрсетті. Мұны тәжірибеде тексеріп көру үшін, біріншіден, Алматы хореографиялық училищесінде және көркемөнерпаздар ұжымдарының қойылымдарында билердің өңделген фольклорлық қимылдарын сынақтан өткізді. Сол тәжірибеден кейін кәсіби сахна үшін өңделген және турленген қазақ би фольклорының материалдары және бұрын шығарылған билердің ең жақсы үлгілері қазақ халықтың сахналық билерінің көркемдік негізін құрады.

50-жылдары облыстарда көркемөнерпаздар ұжымдарында қазақ билерін қою сирек кездесетін құбылыс болатын. Өңделген би фольклорының материалдары жылдан-жылға көбейіп келе жатқаны көркемөнерпаздар ұжымы жетекшілері үшін пайдалы құрал болды. Қажымайтын, шаршамайтын энтузиаст-балетмейстерлер, халық мәдениетінің осы ошақтарының педагогтары оларды көркемөнерпаздар әртістерінің орындаушылық мүмкіндіктеріне сәйкестендіріп, өздері де керемет қазақ билерін шығара бастады.

Олардың көбі өздерінің жеке қойылымдарынан басқа, қазақ биін зерттеуші Д.Әбіров пен Ә.Ысмайловтың «Қазақтың халық билері» кітабындағы би жазбаларын пайдаланып, оларды өздері жетекшілік жасайтын би ұжымдарының, мысалы, Зыряновск қаласындағы (Шығыс Қазақстан облысы) халық би ансамблі, «Балхашские Зори» (Жезқазған облысы), «Строитель» (Теміртау қаласы), «Қаламқас» (Семей облысы), «Қарлығаш» (Орал облысы) ансамбльдері репертуарларына ұқыптылықпен енгізе бастады.

Бұл фактілер қазақтың халық би хореографиясы көркемөнерпаздар

ұжымдарының көңілінен шыққандығының дәлелі бола алады.

Демек, 50-60-шы жылдардағы қазақ би өнерінің жетістіктері алғашқы кезеңдегі сахналық билеріге жаңа өң, нәр берген қазақтың халық билерінің материалдарын меңгерудің нәтижесі болып табылды.

Қазақтың халықтық-сахналық билерінің бекуіне осы жылдары Абай атындағы Мемлекеттік академикалық опера және балет театр сахнасында көптеген жас талантты орындаушылар, әсіресе балет солистері З. Райбаев, А. Ақжанов, Б. Аюханов, сондай-ақ театр ардагерлері Н.Тапалова, А. Бекбосынов және басқалар көп ықпал етті.

Халық хореографиялық би ансамблінің стиліндегі курделі техникалық «трюктерді» республиканың эн және би ансамблінің солистері М.Ақажанов, К. Байғабатов, А. Исмаилов, Р. Мұхамбетғалиева, С. Ходжаева, А. Сарыбаева және көптеген тағы басқа орындаушылары табысты меңгерді. Кейіннен бұл жаңа дуниелер республиканың көркемөнерпаздар ұжымдарында кең қолдана басталды. 60-шы жылдарда қазақтың халықтық-сахналық билерінің жетістікке жетуі өзінің ары қарай шығармашылық дамуына кең жол ашты. Бұл қазақ хореография өнерінің классикалық балет үлгілерін жақсы қабылдауына, жаңа жетістіктерге қол жеткізуіне мүмкіндік тудырды.

Хореография өнеріндегі жаңа бағыттағы көркемдік принцип жоғары кәсіптік спектакльдің мазмұнын және кейіпкерлердің мінез-құлқын ашуда бидің пластикалық тілінің бейнелі құралдарын кеңінен пайдалануға бет бұрды.

Балет өнеріне қойылатын бұл жаңа талаптар тек балет спектакльдеріне, классикалық хореография нөмірлеріне ғана емес, сонымен бірге халықтық-сахналық билердің қойылымдарында да талап етілді.

60-жылдардан бастап Қазақстанда, көркемөнерпаздар өнері қарқындап дамыды. Барлық республика бойынша ірі-ірі көркемөнерпаздар эн-би ансамбльдері, би, хор, драмалық және балет ұжымдары құрылды. Бұл іске жұмысшылар, ауыл еңбеккерлері, интеллигенция, жастар мен оқушылар кең түрде қатысты.

Өзінің көркемдік бағыты бойынша қазіргі көркемөнерпаздар ұжымдары енді фольклорлық-этнографиялық емес, халықтық-сахналық сипатқа ие болуда, оларға кәсіби мамандар жетекшілік етеді. Олардың репертуарларында тек халық шығармалары ғана емес, сондай-ақ классикалық ариялар, симфониялық музыкалар бар. Олар үлкен театрландырылған бағдарламаларды да қоюда.

Халық көркемөнерпаздар ұжымы кәсіптік өнермен бірге қазіргі кезде еңбекшілерге саяси-эстетикалық тәрбие беруде де үлкен күш болып табылады.

Барлық көркемөнерпаздар ұжымдарының репертуарында қазақтың сахналық биі үлкен орын алады. Көптеген көркемөнерпаздар ұжымдарында жұмыс істейтін хореография өнерінің керемет шеберлері жаңа қазақ билерін сахнаға шығаруда.

Жергілікті тақырыптарға арналған билер, олардың ішінде «Қазақ

рапсодиясы», «Курішшілер», «Мақта», «Шопандар», «Тың игерушілер», «Балықшылар», «Құрылысшылар», «Кен қорытушылар», «Жез», «Амангелді сарбаздары», «Теміртау оттары», «Шахтерлар», «Қазақ жастарының биі», «Алатау», «Қарлығаш», «Қыз қуу» (ұлттық ойын), «Гулдер» және тағы басқа халық билері туындап би ансамбльдерінің репертуарына енді.

Бұрынғы кезде көп таралмаған қазақтың халық биі кәсіби өнердің өркендеуі арқасында, алғашқы сахналық билердің дайындалуына, оны ары қарай жетілдіріле тусуіне, барлық жерде көркемөнерпаздар ұжымдарының пайда болуына, кәсіби хореография балет өнерінің жетістіктерін пайдалануға байланысты жаңа байытылған түрінде халыққа қайта оралды және олардың қазіргі өмірінде кеңінен орын алды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жиенқұлова Ш. Танцы. - Алма-ата, 1980.
2. Қазақ театрының тарихы. – Алматы. Ғылым, 1975.
3. Абиров Д. Казахские народные танцы издание. - Алма-ата, Өнер, 1984.
4. Қазақ биінің тарихы. – Алматы. Санах, 1997.
5. Сұлтанбекұлы Т. Би туралы негізгі білімдер. Шыжаң халық баспасы, 2004.

ӘОЖ 378.02

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕ БОЛАШАҚ МУЗЫКА ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗЫ

Якуб А.А.

Магистр, аға оқытушы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Түркістан, Қазақстан

E-mail: Ayagoz2408@mail.ru

Резюме

В этой статье рассматривается формирование профессиональной компетентности будущих учителей музыки.

Summary

In it to article formations of professional competence of future music teachers in vocational training in Higher education institution are considered various factors and offers on which quality of training of future music teachers depends are described.

Білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген осындай мемлекеттік құжаттар аясында мәдени, рухани жаңару мәселесі ерекше маңызға ие бола бастады. Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруде олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңғырту қажеттілігі айқындалып отыр. Осы орайда, кәсіби құзыреттілігінің проблемаларын зерттеу көтеріліп отырған өзекті мәселелердің бірі екені белгілі.

Жалпы, болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі «кәсіби құзыреттілігі» ұғымының бірлігі мен

ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық үдерісте кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде қайнар көздерін, негізгі тұғырларын анықтау қажет екені байқалды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруының негізгі жолы – тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыруда оның қоршаған дүниені қабылдауы, меңгеруі және табиғи, әрекеттік, әлеуметтік қатынасы.

Оқу үдерісін мүмкіндігінше сапалы жетілдіру білім беру мен оқыту үдерісінде арнайы әдіс-тәсілдерді тиімді ұйымдастыруға байланысты. Тұлғаның бәсекеге қабілетті моделін құраушылардың маңыздысының бірі кәсіпқой маманға табысты бағдарлануға мүмкіндік беретін, іскерлік және мәдениетаралық байланысты орнату іскерлігін меңгеру болып табылады. Білім беру стандарттарында көрсетілген құзырлылықтарды қалыптастыру талаптарында білім берудің жаңа парадигмасына көшу, кәсіби құзыреттілігінің қарым-қатынасқа дайындықты қалыптастыру талап етіледі.

Бүгінгі оқу орнын бітіргелі отырған жас маман мемлекетіміздің кадр саясатындағы мақсаттарына сайма-сай болып шығуы қажет, яғни олар еліміздің әлеуметтік экономикалық жоғарғы қарқынмен дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, интеллектуалдық ойлау белсенділігі жоғары тұлға тәрбиелейтіндей кадр болып шығуы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде мамандықтар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты - мамандықты игерту ғана болған болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат болып отырғаны баршамызға аян.

Қазіргі кезде құзырлар/құзырлылықтар негізінде жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары мен оқытушыларды аттестациялау процедураларының мазмұнын өзгерту бойынша жұмыстар кең тұрғыда жалғастырылуда. Осы бағытта жоғары білім берудің музыка мамандығына арналған мемлекеттік стандартының мәтінінде білім беру құзырлары болатын негізгі жағдайлар белгіленген [1].

Білім беру құзырлары - бұл болашақ мұғалімнің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы.

«Құзырлылық» ұғымы жайлы авторлар былай дейді: «Құзырлылық ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» десе [2], бұл жайлы Б.А.Тұрғынбаева «Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту» еңбегінде «...өзінің

практикалық әрекет арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, ресей ғалымы Н.В. Кузминаның көзқарасы бойынша «Құзырлылық дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы деді» [3, б-98].

Қазіргі жағдайда еңбек нарығында экономиканы қайта құруда, жастардың кәсіптік дайындығының сапасы мен кәсіптік шеберлігінің деңгейі сәттіліктің кепілі бола алады. Кәсіптік оқу орындарының міндеті мамандарды дайындауда кәсіптік оқытуды жақсарту және оны іске асыруда әдістердің тиімділігін арттыруды көздейді. Кәсіптік оқу орнында оқыту процесін іске асыру, педагогтың саналы іс-әрекет жасай алу қабілетіне байланысты.

Педагог іс-әрекеті білім саласында кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Шешім мақсатты айқындаудан, іс-әрекет мотивіне түрткі болудан басталады. Мақсаттылық – іс-әрекеттің алғашқы кезеңі, екінші кезең іс-әрекет бағдарламасын жоспарлау, жобалау. Іс-әрекет бағдарламасын құру үшін, қандай әрекеттер және қандай оқыту процесінің афференттік синтезінен өткізу қажет. Нәтижесінде әрекет бағдарламасы – педагог іс-әрекетінің моделі пайда болады. Іс-әрекетін бағдарлау педагогтың интеллектуалдық қабілетіне байланысты, қандай білім мен іскерліктерді игерген, педагогтың кәсіби міндеттерін эвристикалық жолмен шеше алуы, оқыту технологияларын қаншалықты меңгергендігіне байланысты айқындалады. Іс-әрекеттің бұл кезеңі педагог құзырлылығымен шешіледі.

Құзырлылық – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Біліктілік – адамның қандай да бір кәсіби- еңбек қызметін орындауға деген дайындық деңгейі немесе біліктілік – кәсіпті меңгеру деңгейі. Біліктілік мінездемесі – қандай да бір біліктілік деңгейі бар нақты бір кәсіп маманы оны игеруге қажет білім, білік және дағдыларға қойылған талаптар тізімі белгіленген мемлекеттік құжат.

Мұғалім құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен рөл атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, білімгерлердің психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (болашақ мұғалімдерге) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының мақсаты - ғылыми-

педагогикалық тапсырмаларды орындауға және кәсіби оқыту педагогы мен еңбек технологиялары мұғалімінің кәсіптік қызметінің қажетті функциялары мен түрлерін орындауға бейім маманды қалыптастыру болып табылады. Маман оқыту үдерісінің білім беру саласы, мәні, мағынасы және құрылымы туралы білім жүйесін білуі керек, сондықтан осы бағытта педагогтың субъективтілік қасиеттерін құрылымдық көрсетілуімен тұлғалық сапалары қарастырылады.

О.П. Молчанова құзырлылыққа келесі жолмен түсінік береді: «Құзырлылық – адамның, шындықты дұрыс және терең түсінуі, жағдайды дұрыс бағалауы және өз білімін дұрыс қолдануы сияқты қабілеттері». Шындығында, «құзырлылық – бұл адамның қиындықтарды шеше алу қабілеті». Адамның міндеттерді тиімді шеше алу қабілеті, оның құзырлылығына байланысты екені анық. Құзырлылық тек қана біліммен емес, сонымен қатар тұлғаның табиғат, қоғам және адам сияқты жалпы түсініктерімен, оның дүниетанымдық ұстанымдарымен анықталады.

Құзырлылық түсінігі, бір жағынан адамның танымы мен тәжірибесімен байланысты жаңа жобаларды және жаңалықтарды ассимиляциялай алатындай, екінші жағынан білім жүйесінің әрбір баспалдағы, саласы, типінің білім талаптарын анықтауға мүмкіндік бере алатындай құрылуы тиіс.

Құзырлылықтың келесі аспектілері қарастырылады:

- мағыналық – жалпы мәдени контекстте жағдайды дұрыс саралау;
- мәселелі – тәжірибелі – жағдайды дұрыс тану, нақты құру және берілген жағдайда нормаларды, міндеттерді, мақсаттарды тиімді орындау;
- коммуникативті – осы сияқты жағдайда дұрыс қатынас жасау және өзара қарым-қатынас жасауда дұрыс мәдениет түрін ұстану [4].

Адам, өз мамандығынан тыс жағдайларда құзырлы бола алмаса (жоғарыда айтылған үш аспектіде), онда ол жалпы кәсіби құзырлы болып саналмайды. Сонымен қатар, егер кәсіби құзырлылықта, мәселелі – тәжірибелі аспект маңызды орын алса, жалпы кәсіби құзырлылықта мағыналық және коммуникативтік құзырлылықтар маңызды рөл атқарады.

Білім берудің соңғы мақсатын, маман тұлғасының нарықтық қатынас талаптарында еңбек ете алу қабілетін, қоғамдық және ғылыми – техникалық прогресс талаптарында нақты жетістіктерге жете алатындығын анықтайтын, бір жағынан кәсіби дайындықты, екінші жағынан әлеуметтік – психологиялық және рухани – шығармашылық қасиеттерді қамтыған маманның жобаланған моделі ретінде елестетуге болады.

Педагогикалық білімнің мақсаттарын білім, қабілет және машықтарын педагогикалық іс-әрекетте тиімді қолдануға қабілеттілікті қалыптастыру ретінде қабылдайтын болсақ мүмкін болар. Бірақ әлеуметтік-мәдени бағыттың құрамдасы ретінде мінез-құлық аспектісі болашақ музыка мұғалімдерін дайындау үрдісінің гуманистік бағдарымен әрқашан сәйкес бола бермейді. Сондықтан болашақ музыка мұғалімдерді дайындауда толыққанды тұлға аралық әрекеттестікке, қоғамда көп мәдениетті ортада өмір сүру қабілетіне дайындық ретінде кәсіби құзыреттілігіне үлкен көңіл

бөлініп жүр.

Кәсіби құзыреттілігі қалыптастыру оқу орнының барлық кафедраларының қатынасы арқылы ғана мүмкін болады. Әсіресе, педагогикалық және психологиялық циклдық пәндерді, оқыту әдістемесін, технологиясын жүргізетін оқытушылар және факультеттердің педагогикалық практика жетекшілерінің әрекеттестігі маңызды.

Өзгермелі кәсіби жағдайда мамандарға қойылатын басты талап – білімділік емес, алған білімді тәжірибеде қолдана білу қабілеті. Білімділік және құзыреттілік ұғымдарына түсінік берген ғалымдар құзыретті - білім беру жүйесіне берілетін тапсырыстарды құрайтын жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында нәтижелі іс-әрекеттерге қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді жұмылдыруға дайындық, ал құзыреттілікті - оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі ретінде игеріледі. Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби міндеттерін талапқа сай орындауы мен білім, білік және жеке тұлғалық сапаларын дамыта отырып, меңгеруін кәсіби құзыреттілігі ретінде қарастырамыз.

Қорыта келе, педагогикалық үдерісте болашақ музыка мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі негізінде терең психологиялық-педагогикалық танымдар, әр бағыттағы білімділік, үнемі педагогикалық ойды жетілдіру, жұмыс нәтижесіне іштей қанағаттанушылық, өзіндік сыншылдық, жүйелі кәсіптік әрекетке ұмтылыс (оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға), мәжбүрлеусіз оқу-тәрбие ісіне толық берілу жатады да, ал ішкі қажеттіліктерге көңіл аударсақ, өзіндік еркіндік; рухани байлық, ұнамды тазалық, педагогикалық этика, шығармашылық, жаңашылдық, ізденімпаздық жатады. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі кезеңдегі педагогтардың кәсіби құзыреттілігі: проблемалары және даму болашағы. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 16 қазан 2009ж. Б. 403-420.
2. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174 б.
3. Кузьмина Н.В. Акмеологическая теория повышения качества подготовки специалистов образования / - М.: Наука, 2001. - 210 с.
4. Молчанова О.П. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты Халықаралық ғылыми- практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30-32б.

РЕНЕСАНС ДӘУІРІНДЕГІ ДРАМАТУРГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Кулетова Ұ.А.

Аға оқытушы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

E-mail: saltarai@mail.ru

Түйіндеме

Бұл мақалада ренессанс дәуіріндегі драматургияның негізгі принциптерін ашу, негізгі бағыттарын көрсету жолдарын көрсеткен. Ренессанс дәуіріндегі драматургияның ұлы тұлғалары мен драмалық шығармалары келтірілген.

Summary

